

# ҚҰДАЙҒА ТӘУБЕШІЛІК

## АЛҒЫ СӨЗ

Діни кітаптардың көптеген авторлары өз шығармаларында өздері секілді жазушылар мен дін ілімі адамдарының кітаптарын арқау етеді. Діни кітаптар қатардағы қалың оқырмандарға сирек арналады. Ал, мына кітап басқа ешкімге емес, тек сіздерге, қарапайым «көше адамдарына» арналған. Мен бұл кітабымда атақты галилеяндықтың бұдан екі мың жыл бұрын жаңа өмір салты, өмір жолы туралы айтып кеткендерін қаз қалпында әрі түсінікті етіп жеткізуге тырыстым. Мен оны қарапайым адам оңай түсінетін тілмен жазуға талпындым. Және оны оқып отырғандар айдалада «адасып қалмай» айқын түсінік алуын қатты қадағаладым.

Бұл кітабымда Мәсіх жолын қуушылардың шіркеуін жиі-жиі жікке бөліп тұратын даулы тақырыптарға бармауға тырыстым. Сонымен қатар, өзімнің Мәсіх жолын қуушылардың сенімін дәлелдеу үшін ешқандай келісімге, немесе райдан қайтуға жол берген жоқпын.

Қарапайым адамдардың жаны мен зердесі аштыққа ұшырап, Құдаймен тәубені зарыға іздеп жүргендіктерін жақсы білемін.

Бұл кітапты біреулер шын қолдап, тағы біреулер сынап қабылдай тындықтарын да білемін. Қиімдерін өзгертіп киіп жүрген бүгінгінің фарисейлеріне бұл кітап мүлдем ұнамайды. Біздің дініміздің негізін жоққа шығарып жүрген саддукейлерге де бұл кітап атылған оқтай тиеді... Сутегі бомбасы мен дайынға жақын

кобальт бомбасы біздің өзекті мәселелерімізді тезірек шешуімізді қатты талап етіп тұр. Шындықты айбынбай айтатын айбарлы кезең қазір келді.

Өздеріне жаңа дін, жаңа сенім іздеушілерге бұл кітаптың еш көмегі жоқ. Ол үшін басқа нәрсені оқыңдар. Мендегі мақсат-біздің Тәңіріміз-Иса Мәсіхтің құтқарымпаздық құдіретін білдіре түсіп, Мәсіх жолын қуушылардың нағыз қасиетті сенімін нығайта беру болды.

Мен бұл кітапты ұзақ жылдар жаздым. Тағы бір жағынан оны бірнеше аптада асығып, шапшаң жазып біттім десем де болады.

Бұл кітаптағы көптеген ой-пікірлер өзімдікі емес. Мен оларды осы жылдар ішінде талай жерлерден іздеп таптым. Егер дерекке сілтемесіз үзінділер кездесе, бұл деректің баяғыда ұмытылып қалғандығынан емес, ол тек есте-жазудың қызулы, сенімді күші сақталуына байланысты.

«Құдайға тәубешілдік» — менің тізерлеп отырып, жазып шықтым деуге болатын кітабым. Шын мәнінде мен Құдайдың қатысуын үнемі сезінумен болдым. Осынау әбігер мен күйзеліске толы уақытта осы кітаптың сіздерге Құдайға келулеріңізге көмектесуіне мен күн сайын дұға бағыштайтын боламын.

Б. Г.

## МАЗМҰНЫ

### Бірінші бөлім: Күрделі мәселе

1. Іздену үстінде .....	9
2. Киелі кітап .....	24
3. Құдай .....	36
4. Күнә .....	49
5. Шайтан .....	66
6. Өлгеннен кейін бізді не күтеді .....	79

### Екінші бөлім: Күрделі мәселенің шешілуі

7. Мәсіх не үшін келді .....	99
8. Қалай және неден бастау керек .....	122
9. Құдай жолына түсу .....	133
10. Сенім .....	143
11. Қайта туылу .....	158
12. Құтқарылуға деген сенімділік .....	170

### Үшінші бөлім: Нәтиже

13. Мәсіхтің жолын қуушылардың дұшпандары .....	181
14. Мәсіхтің жолын қуушылардың өмір ережелері .....	195
15. Мәсіхтің жолын қуушы және шіркеу .....	208
16. Мәсіхтің жолын қуушының қоғамдық міндеттері .....	224
17. Мәсіхтің жолын қуушының болашағы .....	245
18. Тыныштық .....	262

## Киелі кітаптағы қысқартылған атаулар

## Көне Келісім кітаптары

Бастау	— Мұсаның бірінші кітабы
Мысырдан көшу	— Мұсаның екінші кітабы
Руларды санау	— Мұсаның төртінші кітабы
Пат. 1	— Патшалықтың бірінші кітабы
Нех.	— Нехемияның кітабы
Әйүп	— Әйүптің кітабы
Жырл.	— Забурдағы жырлар мен дұғалар жинағы
Мақ.	— Сүлейменнің мақалдары
Ишая	— Ишая Пайғамбардың кітабы
Ерем.	— Еремия Пайғамбардың кітабы
Қесек.	— Қесекиел Пайғамбардың кітабы
Дан.	— Даниел Пайғамбардың кітабы
Мик.	— Мика Пайғамбардың кітабы
Соф.	— Софания Пайғамбардың кітабы
Мал.	— Малахи Пайғамбардың кітабы

## Жаңа Келісім кітаптары

Мат.	— Матай жазған ізгі хабар
Мар.	— Марқа жазған ізгі хабар
Лұқ.	— Лұқа жазған ізгі хабар
Жох.	— Жохан жазған ізгі хабар
Елшіл.	— Елшілердің істері
Жақ.	— Жақыптың арнау хаты
Пет.1	— Петірдің бірінші арнау хаты
Пет.2	— Петірдің екінші арнау хаты
Жох.1	— Жоханның бірінші арнау хаты
Жох.2	— Жоханның екінші арнау хаты
Жох.3	— Жоханның үшінші арнау хаты
Иуда	— Иуданың хаты
Рум.	— Румдіктерге арнау хат
Қор.1	— Қорынтықтарға арналған бірінші хат
Қор.2	— Қорынтықтарға арналған екінші хат
Гал.	— Галаттықтарға арналған хат
Ефес.	— Ефестіктерге арналған хат
Піліп.	— Піліптіктергетерге арналған хат
Қол.	— Қолостықтарға арналған хат
Тес.1	— Тессалониктерге арналған бірінші хат
Тес.2	— Тессалониктерге арналған екінші хат
Тим.1	— Тимотеге арналған бірінші хат
Тим.2	— Тимотеге арналған екінші хат
Тит.	— Титке арналған хат
Филим.	— Филимонға арналған хат
Евр.	— Еврейлерге арналған хат
Аян.	— Жохан көрген Аян

БІРІНШІ БӨЛІМ

КҮРДЕЛІ МӘСЕЛЕ



## БІРІНШІ ТАРАУ

### ІЗДЕНУ

«Егер Мені бар жүректеріңмен іздейтін болсаңдар, онда Мені іздейсіңдер де табасыңдар».

Ерем. 29,13

Сіздің бұл ғұмырдағы ұлы ізденісіңіз шыр етіп дүниеге келген күні басталған болатын. Бірақ сіз өз бойыңызға дарымаған әлденендей нәрсені үздіксіз іздейтініңізді, өз табиғатыңызға ең қажетті ардақтыны, тыйымсыз аңсайтыныңызды араға көп жылдар салып түсінген боларсыз. Сіз кей кездері ол жайлы ұмытқыңыз да келді. Қүнделікті тұрмысыңызға ең қажетті нәрселерді ойлап, бас қатырғыңыз да келмеді. Кейде тіпті сол аты жоқ нәрсені іздеу қажеттілігінен азат болғаныңызды да сезінген шығарсыз, бәлкім. Сол аты да, заты да белгісіз нәрсені іздеуден алаңсыз қол үзгендей сәттеріңіз де болғаны рас. Әйтсе де сіз ол сезімнен бәрібір арыла алмадыңыз, сөйттіңіз де сол нәрсені іздеуді қайтадан бастадыңыз.

Басыңызға жалғыздық түскен шақтары сіз өзіңіздей әйелдер мен еркектерге қарап: «апырай, өздері атын білмейтін нәрсені бұлар да іздей ме екен, аңсай ма екен, таба ма екен?» — деген сұрақты өзіңізге-өзіңіз талай қойған едіңіз. Солардың кейбіреулері сізге қара-

ғанда әлдеқайда бақыттырақ көрінетін, арқалаған жүктері де жеңілірек сияқтанатын. Бағзы біреулері үйліжайлы болып түтін түтеткендеріне шүкіршілік еткендей болатын. Тағы біреулері байлық пен бақыт іздеп, бөтен елге қаңғып кететін. Ал, үшінші біреулері жылы орындарын суытпай, үйлерінде қалып, күнделікті күйкі тіршіліктеріне ризашылықпен күн кешетін. Солардың бұл тіршілігіне қарап, мүмкін, сізге де:

«Ұлы ізденісі жоқ адамдар нағыз осылар ғой. Аспаннан іздегенін бұлар жерден тауыпты. Өздеріне не қажет екенін бұлар әу бастан-ақ біледі екен, сол мақсаттарына жетіпті. Қайда барары белгісіз тұйық жолға тірелген жалғыз мен екенмін. Өзіме-өзім тынымсыз сұрақтар қоямын, әйтеуір бір нәрсені іздеймін, қараңғы жолда сүрініп-қабынып, өмірден күдер үземін, өйткені мұнда жол сілтейтін белгі жоқ», — деген ой келуі мүмкін.

Бірақ, сіз жалғыз емессіз. Адам атаулының бәрі сізге жолсерік, өйткені бүкіл адамзат үнемі ізденіс үстінде. Адамдар қазір үлкен дағдарысқа, рухани ашаршылыққа ұшырады, абыржыған әлемнің ортасында қалды. Мұндай халге олар неге душар болғанына жауап іздейді. Қазір бүкіл адамзат басшылыққа мұқтаж, қамқорлыққа, бейбіт өмірге зәру.

Біздерді: «сіздер үрейлі заманда өмір сүріп отырсыздар», — деп сендіргісі келетіндер де бар. Мұндай қорқыныш пен сенімсіздікті адамзат бүкіл әлем тарихында тек бірнеше рет бастан кешті, — дейді тарихшылар. Қоғамдағы үйреншікті дағдылар (бастаулар) жолдан шықты. Біздің көкейімізде — бейбітшілік, ал соғыс қаупі төніп тұр. Біздер қауіпсіздіктің нақты жоспарын ойластырудамыз, ал ол жоспар күні бүгінге дейін жоқ. Біз қазір «суға кеткен тал қармайдының» қалпында



тұрмыз. Бірақ олай-бұлай бола кетсе, қарманатын ондай тал да жоқ.

Біздің талай ұрпақ үрейлері ұшқан балалар секілді олай да дүркіреді, бұлай да дүркіреді, талай тығырыққа тірелді. Біз әрдайым: «Осы алған бағытымыз дұрыс, біздің мұратымызға осы жол жеткізеді», — деп ойлаушы едік. Ал шынтуайттап келгенде біз әрдайым қателеседі екенбіз.

Біздің әу баста таңдап алған жолдарымыздың бірі — «саяси бостандық» деп аталатын. «Бар адамға саяси бостандық беріңдер, бақыт құсы әлемге сонда қонады», — дейтінбіз. Бізді басқаратын әкімдерді өзіміз сайлап алсақ, күнделікті ғұмырымызға қолайлы үкімет сонда ғана болады деп ойлайтынбыз. Саяси бостандықты біз осылайша алдық та, бірақ одан дүние жақсарған жоқ. Билікке қолы жеткендердің параға сатылатындықтары, тамыр-таныстық түбірі тереңге кеткені, әкімшілік қанаушылдыққа айналып, екіжүзділік мейлінше етек жайғаны жайлы газеттер күнбе-күн хабарлап отыр. Бажайлап қарасаңыз, бұл кесел ежелгі корольдер заманындағыдан да асқынып барады. Саяси бостандық, әрине, ең қымбат, асыл зат. Бірақ ол бостандықтың жалғыз өзі біз көксеген өмірді бере алмайды.

Біздің тағы бір үміттенген жолымыз «ілім, білім» деп аталады және оған көбіміз сенетінбіз. Саяси бостандық һәм білім-емнің үлкені осылар-дейтін бізге. Сорлы басымыз бұл сөзге сеніп қалдық та, тайлы-таяғымыз қалмай жаппай білім-дарлыққа ұмтылдық. Ол бізге ұзақ жылдар жарқыраған күндей, саналылық салған сүрлеудей болып көрінді, сондықтан да үмітімізге қанат бітіп, сол жолға бар сеніммен бой ұсындық. Бірақ, одан не шықты? Ол жол қай тұйыққа әкеп тіреді? Оның жауабы бәріңізге белгілі. Біз қазір қоғам

дамуының бар тарихындағы ең білімдісіміз әрі мүсәпіріміз. Біздің студенттер әлемнің физикалық заңдарын Аристотель заманының ең данагөй ғұламаларынан әдеқайда артық біледі. Әйтсе де, біздің басымыз білімге толы болғанымен, жүрегіміз бос қуыс.

«Өмірдің озық үлгісі» деп аталатын жол біздерге басқа сүрлеуден гөрі ең жақыны, ең қызығарлығы болып көрінді. Біздің бәріміз дерлік ол сүрлеу бізді шат-шадыман жақсы өмірге өз-өзінен әкеледі деп ойладық. Ол бізге ең даңғыл, ең дұрыс жол боп көрінді. «Қнопканы бассқа болды, бәрі де үйіліп-төгіліп алдымызға өздері келеді», — деп ойладық біздер. Ол жолдың өне бойынан суреттерін журналдарға жалт-жұлт еткізіп, құлпырта басқан небір ғажап автомобильдерді, мұнтаздай мұздатқыштар мен автоматты кір жуғыш машиналарды сәнді кострюльдерде шыжғырта қуырылып жатқан семіз тауықтарды көрдік. Осы жолы дәп бастық деген сенімде болдық бәріміз. Басқа жолдар, мүмкін, басқа жаққа әктер, бірақ біздің жөнімізді тауып беретін осы жол екен, — деген ойда болдық.

Ал, енді жан-жағыңызға байыптап көз салыңызшы. Саяси бостандықтың Америкадағы сияқты биік сатысына жетуі-дүние жүзіндегі бірде-бір елдің түсіне де кірмейді. Халыққа жалпы білім берудің алысты көздеген аса ұлы жүйесінің негізі Америкада каланған. Біздің тұрмысымыздың озық үлгісін өз елімізде де, шет елдерде де шын пейілдерімен мақтайды. Бәрі-бәрісі толық электрлендірілген, қол еңбегінен түгел арылтқан, хром және никельмен жалт-жұлт еткен экономикамызды (шаруашылығымызды) «өмірдің американдық өрнегі», — деп мақтанышпен атаймыз. Бірақ солардың бірі де біздерді бақытты ете алды ма? Ең болмаса шөкімдей де қуаныш, берді ме? Өмірдің біз

аңсаған мағнасына жеткізді ме Жоқ, жеткізе алған жоқ. Біздерге дейінгі талай ұрпақ арман еткен нәрселерге қолымыз жеткенге мәз болып, масайраған шақтарда, шетсіз-шексіз мұхиттарды бұрынғыдай бірнеше айлап емес, бірнеше сағатта кесіп өткен кездерде, ең ауыр кеселдерден оп-оңай айықтырып жіберетін ғажайып дәрілер жасаған сәттерде, бірімен-бірін салыстырған кезде, Вавилон мұнарасының өзі құмырсқаның илеуіндей бейшара болып көрінетін небір салтанатты зәулім ғимараттар салған кезде, мұхиттардың түпсіз терең шыңырауында біздің ұғымымыздан тыс, түсініксіз жатқан небір сырларды ашқан сәттерімізде, аспан әлеміндегі сайындар арасындағы ақылға сыйыспайтын кеңістіктерге бойлаған үстіне бойлай түскен кездерімізде — жан дүниеміздің, бос екенін титімдей де болса да ұмыта алдық па! Заманымыздың осы ғажайыптары біздерге бәріне қол жеткендік, бәрі-бәрісін түп-түгел аяқтап шыққандық сезім бере ме? Біздердің не үшін өмір сүріп жүргенімізді түсіндіре ала ма? Пешенеңе не жазылғанын болжап, нұсқай ала ма?

Зәреңді ұшырған бос қуыстық, жалғыздық сезім одан әрі де жалғаса бере ме? Төрткүл дүниенің әр қырын ашқан сайын сіздің жүрегіңізге тыныштық сезімі орнай ма, өзіңіздің әрі жалғыз, әрі әлсіз екеніңізді сезінуіңіз бұрынғыдан гөрі әлсірей ме? Адамдарға тән үрей мен өшпенділік, азғындықтың уытын қайтаратын дәріні лабораториялық пробиркада немесе телескоп дүрбісінен табуға бола ма?

Адамға қажетті деген көп нәрсені өз пікіріне үйлестіріп, ғылымның бергенін біз, әрине, жоққа шығара алмаймыз. Адам баласының қолына бұрын-соңды тимеген жан түршігерлік нәрсені дәл қазір сол ғылым ұстатып отыр. Жер бетіндегі өмір мен болашақтағы

тіршілік ғылым берген сол сыйлыққа көп байланысты. Біздің ояна бастаған ойымыздың төбесіне сол қатер қаһарлы көлеңке болып төніп тұр. Балалардың тыныш ұйқысын зәрулерін ұшыра, тілгілеп өтуде. Біз сөйте тұра, ондай нәрсе жоқ деген сыңай көрсетеміз. Біз ондай сыйлықты алған жоқпыз, оның бәрі қалжың деп дәлелдеуге тырысамыз, сонан соң күндердің күнінде ұйқыдан тұрғанда сутегі бомбасының шынында да ешқашан ойлап табылмағанын және атом бомбасының жасалып шығармағанын көреміз, ал дәл сол күнгі таңертеңгі газеттер, керісінше, мұның бәрі шіп-шикі өтірік екенін бүкіл дүние жүзіне хабарлап жатады.

Әрине, мұнан басқа жолдар бар. Дәл осы минуттарда көпшілік сол жолмен жүруде. Оның аты даңқ пен жолы болғыштық, өктемдік пен ләззат. Алайда олардың құрдымнан басқа апаратын жері жоқ. Біз өз ойымыздың шырмауына өзіміз оралдық, біз қазір барынша ептілікпен құрылған тұзақта отырмыз, сондықтан да жанымызды өлімші еткен кеселден құтқаратын ешбір ем-домымыз жоқ.

«Әр науқастың өзіне лайық емі бар», — деген сөз рас болса, онда біз сол дәріні тезірек табуға тырысайық. Ғұмырдың сағаты құм түйіршігіндей төмен қарай суылдап ағып, уақыт тынымсыз өтіп барады. Егер біздерді жарыққа бастайтын, егер артта қалған рухани саушылыққа апаратын сүрлеу жолдың әлі де бары рас болса — біз онда бір түйір уақытымызды жоғалтпай, тезірек іске кірісуіміз керек!

Көп адамдар осындай дағдарыс кезінде болмашыға сүрініп, өздерінің бұл талпынысы балшықтан бері шығару орнына әрі қарай итере түсетінін аңғарады. Американдықтар өткен жылы бал ашушылардың болжам айтқанына жүз жиырма бес миллион доллар ақша төлеп-

ті! Үрейден үрейлері қалмай әбден абдыраған адамдардың өздері сияқты алжасып жүргендерден жан қиналған сұрақтарына жалған жауап күтіп, жүз жиырма бес миллион долларды желге шашуы деген неткен обал!

Балшылардан ең болмаса бір сәт жан тыншытарлық жалған жауап ала аламаған он алты мыңнан астам американдықтар өткен жылы өздерін-өздері өлімге қиыпты, өркениет деп ат қойып, өз қолдарымен жасаған дүлей орманның ішінде адасып жүргеннен гөрі ажалдың тұзағына өздері мойынсұнуды артығырақ көріпті.

Бұдан соң сіздер, әрине: «біз қазір қайдамыз?», «қайда тұрып, қайда бет алудамыз?» — деген сұрақтар қоясыздар. Сіздердің кім екендеріңізді және қайда тұрғандарыңызды айтуға рұқсат етіңіздер. Біздер азған елдің жұртында қалған жетім адамдармыз. Басымыз толған — білімдарлық, ал жан дүниемізде — ашаршылық. Қазіргі жастар албырттықтан айрылды, ынталарын жоғалтты, еңбекке деген құштарлықтары жоқ, ілгері қарай құлшынбайды, — деген сөздерді жиі айтамыз. Мен талай ата-ананың өз балаларын өздері түсінбейтіндігін зарлап айтқан сөздерін естідім. Оларда ешқандай талпыныс жоқ. Тек дайын асқа тік қасық болғысы келген талап бар. Ата-аналар, меніңше, өздерінің жақсы тәлім-тәрбие көріп, тәп-тәуір білім алған балалары шындығына келгенде бос кеуде болып өскен бойкүйез біреулер екенін өздері де сезбейтін болулары керек. Ол жастар адал еңбекті үлкен қуанышқа ұластыратын рухпен қаруланбаған, ондай миларына қонбаған, ілгері талпыныс адамдарға ләззат әкеледі деген байлам оларда мүлдем жоқ. Олар неліктен бұлайша бос кеуде? Себебі, қазіргі жастар өздерінің қайдан пайда болғандарынан да, қайда тұрғандарынан да және қайда баратындарынан да мүлдем бейхабар.

Оларға қарап тұрсаңыз, бөлшектері мұнтаздай дайын болғанымен, бактарында түк бензині жоқ әдемі автомобильдер көз алдыңызға келеді. Сыртынан қарасаңыз дырдай да, ал іштері — жұрдай. Қуат атаулыдан құр алақан. Сондықтан да олар үздіксіз жүйткү орнына, бір орнында тұрып-ақ босқа шіріп тұр... Зерігуден-ақ шіріп тұр. Әр адамның басына келетін зерігуліктен бүкіл дүние жүзінде Америка бірінші орында деген әңгіме бар. Біз оны білеміз, өйткені басқа елдермен салыстырғанда әсерліліктің әр түрі бізде сан алуан, көңіл көтеру жөнінде алдымызға жан салмаймыз. Сөйте тұра, рухы түсушілер бізде тым көбейіп кетті. Себебі, олар өздерін-өздері немен алдандыруды, нені жұбаныш етуді мүлдем білмейді. Өздеріне ойын-сауық көрсетіп, бір сәт қуаныш әкелген, жүректеріне жылылық егіп, күндіз-түні ойларынан шықпайтын осы бір ғаламат қорқыныштық жалғыздықтың сары уайымы мен өзін-өзі жоғалтқандықтың қара қайғысынан бір сәтке болса да арылтқан адамдарға олар ақша төлеуге мәжбүр.

Сіздер, мүмкін, зерігу деген сөзге мән бермей отырған боларсыздар. Қай адамның болмасын жабырқамайтын кезі жоқ — бұл табиғі құбылыс. Бірақ мен сіздерге бүкіл елдің басына түскен, бар адамның бойы мен ойын билеп алған өте қатерлі енжарлық пен жабырқаушылық жайлы бір әңгіме айтайын. Құдай жаратқандар ішінен жалығу деген сезімге тек адам ғана беріле алады. Адамнан басқа бірде-бір тірі нәрсе өзін-өзі зеріктіре алмайды. Немесе оны қоршаған орта ешқашан оның ішін пыстырмайды. Бұл өте көрнекті нәрсе, өйткені біздің Жаратушымыз еш нәрсені мақсатсыз жасамайды: егер Ол адамға жалыға білу қасиетін дарытса, онда Ол оны белгілі бір мақсатпен істегені. Жабырқай білу дегеніміз-өзіңіздің жан дүниеніздегі сары уайымды

сынаудың өте сенімді құралы. Ол термометр секілді өте дәл және жаныңыздың жалаңаштығын айнақатесіз көрсетеді. Үнемі зерігуге салынған адамның істеген ісінде де еш мән жоқ. Оның ішкі дүниесі де қуыстық, ал табиғат қуыс кеудешілікті ешқашан кешірмейді. Дүние ғаламның бұлжымас заңдарының біріне-рухы түскендік, қуыс кеудешілік сезімнен міндетті түрде асығыс арылу туралы заң жатады.

Адамдары азып-тозған халықтың не халге душар болғанын білу үшін ежелгі тарихқа қайтып оралудың еш қажеті жоқ. Кейбір европалық елдердің бұдан сәлақ бұрынғы халдеріне қарап, азып-тозған адам жанын табиғаттың өзі-ақ асығыс-үсігіс толтыра түскенін көрер едік. Құдай Рухынан қуат алған адамның жанына да, тәніне де ешқандай «изм» деген сөз қонбайды. Бірақ ол-өз жүрегі мен ақыл-ойы жүдеулікке ұшырап, рухы босаңсыған адамды ә дегеннен билеп-төстеп кетеді. Табиғат қуыс кеуделікті ешқашан кешірмейді. Сондықтан да одан арылу — әрқайсысымыз бір-бірімізге ұқсамай ерекше, бөлекше жаратылған өздерімізге байланысты.

Адамдары азып-тозған халықтың жағдайы: — біздердің бүгінгі жағдайымыз. Жалаңаштана бастаған жанымызды ғылым-білім, жақсы тұрмыс, алуан түрлі ермекпен алдап, қуыстанған кеудемізді өзге де заттармен өздігімізше көтергіміз келеді, бірақ біздер сонда болса да жалаңашпыз, жүрегімізде бәрібір жалын жоқ. Неге олай? Оның себебі, Жаратушы біздерді тек Өзіне арнап жаратты. Сондықтан да Оған жүгінбейінше, біздерге бүтіндік те, толықтық та келмейді.

Иса Мәсіх бізге: «Адам тек азықпен ғана тіршілік етпейді», — деп әлдеқашан айтқан болатын (Лұқ. 4,4). Бірақ біздер ол сөзге мән бермедік. Тамағымыздан не

өтсе, соның бәрін қылғыта бердік. Қылғыта бердік те, ақыр соңы ауруға шалықтық.

Жан дүниеміздегі жан түршігерлік жалаңаштыққа біздер енді төтеп бере алмаймыз. Үміті үзілгендіктің алдымызда жатқан азапты оқшау жолына біздер енді тітіркене қараймыз. Өшпенділік, сараңдық, құмарлық дегендер жанымызды жегідей жегенімен, жанымызды жайландырар басқа нәрсе тауып, олардан құтыларлық дәрмен бізде жоқ.

Біздер үшін уақыттың үлкен мәні бар. Адамзатты түгел жоқ қылудың құралы қазір біздің қолымызда. Сондықтан біздердің бұдан былай жалған жолмен ілбуге де, ешқандай беймәлім сүрлеуді зерттеп жатуға да мүмкіндігіміз жоқ. Бұдан былай тұйыққа тірелуден мүлдем аулақ болуға тиістіміз. Енді біздің бұрынғыдай уақытымыз жоқ. Себебі, бізден бұрынғы ұрпақтар қолдарында билік тұрған ақылсыз сәттерінде істеуге тырысқанын, немесе істейміз деп арман еткенін олар емес, біздер іске асырдық! Тірі жанды түгел жоюдың құралын біз жасадық! Адамзат есалаңдығының шырқау шыңы: атомның бөлшектенгенінің біз куәсі болдық!

Жер басып жүрген небір ғажап ақылгөйлер осы сұмдықты ойлап таппақ болып, жылдар бойы тер төккендерін көрген эзәзілдер олардың бұл бейнетіне қалай ішек-сілелері қата күлді екен десеңізші! Атом бөлшектенді! Бөліп ал да, билей бер! Сындыр, уат, қират, жұл, үркіт, қорқыт! «Тұяғы» барлардың тепкілеп істегеніне, адамдар көмегін аямады. Біз қазір шайтанның осы көрнекті туындысын көріп отырмыз. Қасиетті оттың лапылдаған жалынынан оның есті кескіні бізге елес бергендей болды. Өйткені, шайтанның оты да, қасиетті жалын да біздерге жоғарыдан лапылдады, ол от дүрілдеп жанды, жарығын жалтылдатты, сәулесі түскеннің



бәрін сол сәтте өзгертіп жіберді, мәселе бірақ, қалай өзгертуінде! Өзгертудің арасындағы айырмашылықта! Аспан мен тозақтың арасында болатын өзгешелікте!

Біз қазір бәрі астаң-кестең заманда күн кешудеміз. Жұрттың бәрі абыржулы. Бұл абыржу да шайтанның ісі екенін ұмытпаңыздар. Ібілістің барып тұрған алдамшы екені Қиелі кітапта айтылған. Шайтанның бар ойы — біздер өзімізді-өзіміз алдап, адамдар мен адамдар екіұдай боп бөлініп кетуі. Ол бізді ғұмыр неғұрлым ауырлаған сайын, күн кешу соғұрлым жеңілдейді деген жалған сөзге сендіреді.

Ағылшынның тамаша ғалымы Ганри Битт былай деді: «Дүние өздігінен-ақ кемелденуге бет қойды деп саналған тоқсаныншы жылдардың сол тұсқа қолайлы өзімшілдігі қазір бос сөз боп қалды. Білімдарлық пен адамгершілік және «прогресс» біртіндеп және міндетті түрде утопияға әкеледі деген әлсіз үмітті сөңғы жиырма бес жылдың оқиғалары мүлдем жоққа шығарды. Мұның бәрі жай нәрсе емес. Ібіліс әлі өлген жоқ. Өктемдік пен дүлей күш әлі тірі. Бар әлем осы уақытқа дейін жауыздық құшағында».

Осы ғасырдың басынан бері дүние біртіндеп өзгеріп келе жатқанын біздер мойындаймыз. Бұған дейін қалтыптасқан шекаралар мен дағдылы ғұрыптарды өзгерткен революция рухындағы белсенді қарқын біздің тілімізді де, сөзімізді де, салтымызды да, тұрағымызды да, тіпті, өміріміз бен ойымызды да қайта жаңғыртып, мүлдем өзгертіп жіберді. Балалар осыдан бірнеше жыл бұрын ғана пристаньға барып, шеттен келген үлкен пароходтарға таң-тамаша болып қараушы еді. Ал бүгін сол балалар геликоптар мен турбинді самолеттерді де көздеріне ілмейді. Бізге бұрын телеграфтың өзі ғажайып болып көрінсе, бүгінде теледи-

дарниені бұйым деп санамаймыз. Осыдан сәл-ақ бұрын талай науқасты ем қонбайтын, шипасыз деп санаушы едік. Ал қазір қарттардың өзін шұнтыңдатып жіберетін небір күшті дәрілер жасадық. Біздер көп нәрсеге қол жеткіздік, оған ешқандай күмән болмаса керек. Алайда, осындай алып адым жасай отырып, адамдар өз ұрпағының негізгі проблемасын шеше алмай отыр. Біздердің қолымыздан бәрі келеді, біздер ғажап ғимараттар да сала аламыз, өте жылдам жүзетін пароходтар да жасаймыз, ең, ұзын көпір салу да біз үшін түк емес — сөйте тұра, осы уақытқа дейін өзімізді-өзіміз басқара алмаймыз, өзара теңдік құратын бейбіт өмірдің бағасын білмейміз.

Біздер өнер мен музыканың зәулім мектептерін де аша аламыз, витаминдердің небір жаңа, жақсы түрлерін жасай білеміз, сөйте тұра, біздің шаруа қимылымыз сол баяғы қаз қалпында. Сол қалпында қалғанымен, бұрынғыдан гөрі көбейді де кеңейді. Олар біздің алдымызда жаңа кейіпте көлбеңдеуі мүмкін. Олар бізге бұрынғыдан да ауыр азап, бұрынғыдан да күшті күйзеліс әкелуі мүмкін. Бірақ, біздер қай жағдайға кезіккенімізбен, бізден бұрынғылар секілді біздің алдымызда да сол арбау, сол сот, сол сынақ тұр.

Өйткені, адам әлем бақшасында Құдай ықтиярын емес, өз ықтиярын таңдап алған сәттен бастап, оларды осы бір келелі мәселе қинаумен келеді. Олардың себебі Бастаудың бірінші кітабында толық жазылған. Ал, оның жан түршігерлік ақыры Румдіктерге жазылған Арнау хаттың бірінші тарауында түгел сипатталған. Иса Мәсіхтің ізгі хабары бәрімізді содан айықтырады.

Адамның бұзылғандық, күнәарлық табиғаты оның жан дүниесіне өшпенділіктің, қызғаныштың, сараңдықтың және көре алмаушылықтың уын егеді. Оның тәнін-

де күнәнің қарғысы бар, сол қарғыс оның ажал кейпінде қорқыныш болып, күні бүгінге дейін қыр соңынан қалмай жүр. Адамның ойлап тапқан ауқымды ақылы оны өзінен басқаның бәрін өзгерте алатындай дәрежеге жеткізді. Өйткені бұл күндері жұрттың бәрі кеңірдектерін жырта дабыра қылып жүрген біздің заманымыздың «Прогрессінің» өзі ешкімді өзгерте алған жоқ: адамдар бұрын қандай болса, қазір де сондай.

Адамдар оны да өзгертпек болып талай мәрте талпынғанмен, күнә дәл сол күйі өзгеріссіз қалды. Тіпті болмаған соң біз оның атын өзгертуді ойластырдық. Бәз-баяғы шыныдағы уға басқа жапсырма жапсырдық. Тозған ағаш қораның бетін жонып, оны жаңадан салынған құрылыс етіп көрсетуге тырыстық. Күнәні «қателік», «адасу», «ұғымы кемдік» деп те атадық, бірақ, одан түк шыққан жоқ: күнә — күнә күйінде қалды. Біздер ұятымызды аршуға қанша талпынғанымызбен, адамдар бәрібір күнәкар күйінде қалатынын әрдайым білетінбіз. Және де күнәкәрлықтың салдары науқасқа, түңілуге, киялдан айрылуға, ашынуға, сонан соң өлімге әкеліп тірейтінін де білетінбіз.

Азап шегуде де еш өзгеріс жоқ. Өлтірілген баласы Әблдің жансыз денесіне төнгенде Адам-Ата мен Хауа-Ананың жүректеріне түскен жара, адамзат шегетін азаптың ең алды болатын. Сол азап бүгінге дейін ұласып келеді. Және ол адамзаттың дүниежүзілік ортақ тіліне айналды. Қайғы-қасіреттен ешкім қашып құтыла алмайды, ол бәріміздің де басымызға келеді. Әйүпқа көңіл айтқандардың біреуіне, қайғы-қасірет шегудің өзі — өмірдің заңы, — деген ой келсе керек. Сонысын ол: «Оттың жалыны тек жоғарыға қарай лапылдауға тиісті екені секілді, адам да азап шегу үшін туады», — деген екен (Әйүп 5,7).

Өлім де өзгерген жоқ, сол бәз-баяғы қалпында қалды. Адамдар оның да сыртқы бейнесін өзгертуге тырысты. «Табытшы» деген сөздің орнына «жерлеу бюросы» деген ат енгізілді. Біздер жерлеу салтының тым қаталдығын жұмсартқымыз келеді. Алайда, әлгі сөзді қалай деп өзгерткеніңмен, қалай деп әшекейлеп, неше түрлі бояу жаққаныңмен, өлімнің азынаған суығы, оның қатал шындығы бүкіл адамзат тарихында ешқашан өзгерген емес.

Адамзат тарихының мына бір үш шындығы бар: оның өткен шағындағы — күнәкәрлығы, қазіргі — тартып жүрген азабы, болашағы — алдында тұрған ажалы.

Қиелі кітап былай дейді:

— «Адамдар күндердің күнінде өлуге тиісті болса, сонан соң сот алдына баруға да міндетті» (Евр. 9,27).

Қатардағы адамдар мұны, әрине, қатыгездік пен үмітсіздік деп қабылдайды. Жүздеген фәлсафалық қағидалар мен әр қилы діндер Құдай Сөзін мың құбылтқысы келген адамдардың ойлап шығарған нәрсесі. Қазіргі фәлсафашылар мен психологтардың өздері де Мәсіх нұсқаған жолдан баска да сүреулер бар деуден аулақ емес. Бірақ, адамдар олардың бәрімен жүріп өтіп сынады, сөйте тұра, олардың ешқайсысы адамдарды ешқайда жеткізген жоқ.

Күнә, азап, ажал жайлы мәңгі бақилық мәселеге түсінік беру үшін Иса Мәсіх жер бетіне келген болатын. Тек Иса Мәсіх, жалғыз Сол — мәңгілік және тұрақты. «Кешегі және бүгінгі Иса Мәсіх — мәңгілік Соның Өзі (Евр. 13,8).

Бұл өмірдегі басқаның бәрі өзгеруі мүмкін. Бірақ Мәсіх мәңгілік қалпында қалады. Адамдардың түбі жоқ мұхит секілді ынтызарлығының ортасында, өзіне тәу еткендерге бас игісі келіп және де оларға қауіпсіздік

пен тыныштық тілегісі келіп, әрі мықты, әрі сұсты Мәсіх тұр. Өйткені біздер аспаннан нұр жауған берекелі дәуірде күн кешудеміз. Және Құдай-ниет еткендердің бәрі Өзіне келіп, Оның Ұлын қабылдай алатындығына уағда берген болатын (Жохан 1,12). Бірақ бұл берекелі дәуір шетсіз-шексіз бола бермек емес. Біз қазір Құдайдың ұзағынан сүйіндірген шыдамдылығының арқасында ғұмыр сүрудеміз (2 Петір 3,9).

## ЕҚІНШІ ТАРАУ

### КИЕЛІ КІТАП

«Аспан мен жер жойылады, бірақ Менің сөздерім жойылмайды»

Мат. 24,35

Уақыт зымырап өтіп барады. Тынымсыз соққан сағатқа қарасаңыз, мезгіл түн ортасына тақалып қалыпты. Адамзат тұйыққа тірелді. Одан шығарлық қандай жол табылар екен? Біздерде ең болмаса бір түйір бедел қалды ма? Біз жүрерліктей соқпақ жол табыла ма. Осы бір қара түнекті бозартуға жарарлық сәуле бар ма? Біздерді дағдартқан көкейтесті мәселелерді шешерліктей кілт қайда? Алдына барып мұңымызды шағатын ел бастарлықтай кісі бар ма? Біздің мұнда неге келгенімізді, қайда келгенімізді, қайда баратынымызды білмейтін әлдебір белгісіз жаратушы немесе құдірет біздерді бұл дүниеге әкелді де, топ еткізіп тастай салып жөніне кетті ме?

Бұл сұрақтардың бәріне берілетін бірақ жауап бар: шешімнің кілті өз қолымызда. Беделіне бедер түспеген қайнар бұлақ бізбен бірге. Ол бұлақтың сарқылмайтын көзі — біздер Киелі кітап деп атайын ежелгі және тарихи кітап. Ол кітап бізге ғасырлардың қалың қырын асып, талай дәуірді артқа салып жетті. Ол кітап сансыз қолдардан өтті, әр қилы келбет алды, небір

шабуылдарға төтеп берді. Бірақ өған ешбір тағылық, ешқандай өркениетті оқымыстылық жанаса алмады. Ол отқа да жанбады, ащы мысқыл да кәперіне кірмеді, оны еш нәрсе жоя алмады. Оның жарқыраған сәулесі адамзаттың небір аласапыран кезеңдерінде де күңгірт тартқан жоқ.

Бүкіләлемдік тарихтың ақырғы жаңғырған сәтіне тоқталған шақта, даналық пен сәуегейліктің осы бір табанды Кітабына қайтадан бас бұрдық. Кітаптың енді адамдар үшін сенімнің бұлтартпайтын бұлағы мен рухани күші болып, небір қиындыққа төтеп бергенін түсіндіруге тырысайық.

Киелі кітапті негізінен Израиль халқының тарихы деп есептеушілер де бар. Бұл кітап бұрын-соңды үлгі болып келген этикалардың ішінен ең көрнектісін насихаттайды дейтіндер де табылады. Мұның бәрі де қомақты нәрсе боп көрінгенімен, Иса Мәсіх арқылы Тәңірлік құтқарудың тарихы болып табылатын Киелі кітаптің негізгі тақырыбына тек қосымша. Көне Өсиеттің адамзатты құтқарудың тарихы екенін аңғармай, Оны әдебиеттің ғажап үлгісі, — қызықты дастан немесе тардымды тарих, — деп оқушылар Киелі кітаптің негізгі мағынасы мен ізгі хабарынан аулақ кетеді.

Киелі кітап Құдайтағаланың құптауын арқаланып, құтқарудың Құдай ойластырған жолдарын адамдарға ұғындыру мақсатымен жазылған. Киелі кітапті жазудағы негізгі ой — Құдайтағаланың мызғымас заңы Оның балаларына айдан анық болып, олар Оның ұлы даналығын өздеріне арқау етулері және Оның терең сүйіспеншілігі олардың өмір жолдарындағы жұбанышы болуы. Өйткені, Киелі кітап болмаса, бұл дүние бір жарқ еткен сәулесі жоқ, жан түршігерлік түн-түнекке айналар еді.

Киелі кітап Құдай сырын жеткізетін бірден бір кітап екенін аңғару оңай. Әр түрлі діннің өз кітаптары бар. Солардың бірегейлері — Мұхаммед жазған Құран, буддалардың қасиетті кітаптары, Заратустраның Зендавестасы мен браминдердің Ведасы. Біздер олардың бәрін нанымды аударулар арқылы оқыдық, сондықтанда олардың құндылығы жайлы өз пікірімізді айта аламыз! Байыптап қарасаңыз, жоғарыда аталған Мәсіх жолын қуушылардікіндей емес Киелі кітаптар жалған бағытта дамиды. Олардың бәрі де жарқын шындықтың сәулесімен басталған секілденгенімен, барар жері түн-түнекке тіреледі. Тіпті, үстірт оқығандардың өзі Киелі кітаптың ол кітаптардан түбірімен өзгеше екенін аңғарар еді, адамдарға азаттық беріп, оларға түйінді мәселені шешуге жол нұсқайтын жалғыз кітап — Киелі кітап екеніне көздері жетер еді.

Киелі кітапті құрастыру үшін он алты ғасыр уақыт кетті. Оны жазуға отыздан астам автор қатысты және олардың бәрі Құдайдың шежірешісі болды. Әрқайсысының арасында бірнеше ұрпақ өткен олар тек өз ойлары мен үміттерін жазып қана қойған жоқ. Олар Құдай иландырған нәрсені шиыршық қағазға түсірген құрал болды. Жазған олар болғанымен, оларды басқарушы Құдай болатын. Тәңір дарытқан шабыттың арқасында олар айқын да айбынды шындықты көре алды және оларды келер ұрпақтың үрметі үшін қағазға түсіріп кетті.

Осы он алты ғасырдың ішінде әр елде, әр дәуірде өмір сүрген адамдар Киелі кітаптың алпыс алты кітабын әр тілде жазып кетті. Бірақ олардың бәрінің айтатыны бір-ақ хикая болатын. Құдай оларға өз сөзін олардың өз тілінде және сол тұста айтқанымен, білдіретін әңгімесінің негізі әрдайым біреу-ақ болатын.



Еврей, арамей, грек тілдерінде жазылған сол ежелгі, ескі жазбаларды ұлы ғалымдар кейіннен бір жерге жинақтап, оны қазіргі тілге аударғанда адамдарға арналған Құдай сөзі мен ізгі хабардың ешқашан өзгермегенін анықтады. Сол мәңгілік сөздерді біз бүгін оқысақ, ежелгі шежірешілер негіздеп кеткен өмір заңы біздің ұрпақ үшін де сол Иса Мәсіхтың тірі кезінгідей мағыналы екенін және өзгермегенін көреміз.

Сондықтанда Киелі кітаптың жер жүзіне ең көп тараған кітап екендігінде еш таңданыс жоқ! Басқа кітаптардың ешқайсысы өзінің даналық тереңдігі, сөзінің сұлулығы, тарихы мен болжамының дәлдігі жөнінде Киелі кітаппен бой теңестіре алмайды. Киелі кітапты дұрыс түсінбей, оның болмысында боямалық, жасандылық, қиялы қисын, орындалмаған арман бар, — деп жазған сыншылардың қателігі Киелі кітапта емес, олардың өздерінде. Киелі кітапты құптап зерттегенде ондағы кейбір қарама-қайшы боп көрінетін нәрселер Болжамдықтың дәрменсіздігінен емес, аударманың терістігінен пайда болғанын көрсетті. Сондықтанда Киелі кітапты емес, адамдардың өзін түзету қажет.

Сөз арасында айта кетейін, көптерген үйлерде және өздерін білімдармыз деп санайтын адамдардың арасында Киелі кітапты келеке қылу және оны Құдайдың тіршілік Сөзі емес, сөренің үстінде шаң басып жатқан кітап деп қарау әдетке айналды. Діни қызметкер бір кішкентай қыздан, — Киелі кітапта не барын білесің бе, — деп сұрағанда, анау оған тақ етіп «білемін» деді де, сонан соң оның ішінде әпкесінің досының суреті, мамасының қолға жағатын сүйікті кремнің рецептісі, інісінің шашы және әкесінің сағатының квитанциясы барлығын тізбектеп айтып берді. Ұй ішілік Киелі кітаптың мазмұны жөнінде оның бар білетіні осы екен.

Көптеген адамдар Киелі кітапты ескі хаттар мен кепкен гүлдерді сақтайтын сенімді орын деп санап, Тәңірдің түпкі ойы бойынша бұл кітаптың адамдарға көмек пен сенім бергісі келетіндігін естерінен шығарған.

Біздің тұсымызда Киелі кітапқа деген бұл көзқарас өзгере бастады. Тіпті ол шапшаң өзгеруде десе де болады. Қолдан жасалған жасандылық пен мағынасыздықты өмірдің өзі-ақ лақтырып тастауда. Адамдардың біріне-бірі беретін жалған уағдасы, — нағыз теріс кету, — деп әшкерелене бастады. Біздер мызғымайтын шындық іздеп, жан-жағымызға үрейлене жалтақтай бастағанымызда, өткен ғасырларда миллиондаған адамдарға сабырлылық беріп, оларды құтқаруға уәде еткен осы ежелгі Кітапқа қайтадан бұрыламыз.

Иә, адамдар Киелі кітапты қайтадан «ашуда»! Олар өздерінің ескі кітаптарын шаңнан тазартып, жаңадан сатып алуда. Адамдар ол кітаптан өздеріне көптен таныс, бірақ ұмыт бола бастаған сөздерді табуда. Ол сөздер оған тура кеше жазылғандай әсер етеді, өйткені Киелі кітапта адамдардың жан-дүниесін байытып, барлық қажетін шеше білетін терең білім бар. Киелі кітап — Қасиетті Құрылысшының жоспары. Біз тек Соның басшылығы арқасында өзіміз іздеген өмірді тұрғыза аламыз.

Біздің Америкада баршамыз шын сыйлайтын әрі қатты құрметтейтін тағы бір ұлы құжат бар. Оны осыдан жүз елу жыл бұрын ол құжаттың негізі жайлы көп айтысып, көп ізденіп, сонан соң он үш федералды штатқа бекітуге ұсынған бірнеше адам жазған болатын. Біздің конституциямызды жазып шыққан сол кісілер азат адамдарды басқарудың құжаттық негізін қалағандықтарын білетін. Адамдар заңды жақсы біліп, оны түгел түсініп және өздерінің хұқықтары, оның шекте-

рін ақырына дейін меңгергенде ғана еркін және тәуелсіз өмір сүре алатындықтарына олар кәміл сенетін. Сот алдында адамдардың бәрі тең болуға тиісті, өйткені соттың өзі сол заңды іске асырады және әрбір даулы істі сол жағдайдың әділ шешілуіне бағыттап қарайды.

Адамгершіліктің осы бір экспериментін бүкіл әлем: «Мұның ақыры не болар екен?» — деп ынтыға бақылап отырғанда, адамдардың өздері-ақ егер олар заңды жақсы біліп және оны берік ұстанса, сонда олар шын мәнінде бостандық алатындарын түсінген болатын. Адамдар ақыр соңы бұл өмірдегі орындарын тапты. Оның енді конституциялық құқылары мен конституциялық міндеттері бар. Егер ол бұлардың біреуін дұрыстап елемесе, онда одан екіншісі зардап шегеді. Сайлау кезінде өздерінің азаматтық міндеттеріне ат үсті қараған да сайлаушылар болған-еді. Олардың немқұрайды сайлай салған үкіметі соңынан баршамызға белгілі ауырлықтар түсірді, тұрмыстарын дәмсіз етіп жіберді.

Америка өз конституциясының шеңберінде осылайша өскені, өркендегені секілді Киелі кітап белгілеген заңдардың негізінде Мәсіх жолын қуушылардың діні де гүлдене бастады. Конституция өз ықпалындағы адамдарға бірдей арналып және ол ешкімге де ерекшелік бермей теңдей орындалып отырғаны секілді, Киелі кітап та бүкіл адамзат үшін ең жоғарғы конституция болып табылады. Және оның заңдары да барша жұртқа қалтқысыз бірдей, ақаусыз теңдей.

Еліміздің ең жоғарғы заңы — конституция болғаны секілді, Киелі кітап та ең жоғарғы Құдай заңы, себебі, Тәңір Киелі кітапта өз құжатын белгіледі. Киелі кітапта Құдай Өзінің мәңгілік сертін білдірді және Ол адамзатты құтқару жолдарын нұсқады.

Біздер табиғаттың ғажайыптылығынан Тәңір заң-

дылығының әрекетін көреміз. Бұлтсыз түнгі аспанда жымың қаққан мың сан жұлдыздарға кімдер сүйсіне қарамады. Тәңірдің қолымен жасалған осы кереметке кімдер бас имеді? Көктем шыға бар дала жаңа өмірге толып гүл жайнап, көркейіп кеткенін көрген кім өз жүрегінің екпіндей соққанын естімеді? Бізді қоршаған дүниенің сұлулығы мен молшылығынан Тәңірдің күші толассыз екенін, Жаратушы Иемнің ойының ұшықиырсыздығын көреміз. Бірақ табиғат бізге Құдайдың сүйіспеншілігі мен мейірі жайлы ештеңе айтпады. Біздің жеке басымызды құтқаратын сертті табиғат бізге берген емес.

Бұл жалғанда Құдай барын, жақсылық пен жамандықта күн мен түн секілді айырмашылық барын біздің жан дүниеміздің түкпірінде бұғып жатқан ар-ұятымыз білдіреді. Бірақ бұл ізгі хабардың тек жаңғырығы ғана. Сондықтанда ол Киелі кітап білдіретіндей айқын да түсінікті емес. Біз тек Киелі кітаптың беттерінен ғана нағыз Мәсіх жолын қуушының не нәрсеге негізделгеніне айна-қатесіз жауап табамыз.

Мәсіх жолын қуушының барлық жүйесі (доктринасы) Киелі кітапта айқындалған, шын Мәсіх жолын қуушы олардың ешқайсысын жоққа шығармайды. Және де Құдай Сөзін толықтыруға тырыспайды да. Құрама Штаттардың конституциясы ауық-ауық өзгертіліп, толықтырылып тұрғанымен, Киелі кітап ешқандай толықтыруды қажет етпейді. Біз Киелі кітапты жазған адамдардың қолдарын Қасиетті Рух жетектегеніне кәміл сенеміз және Оның кенет білдіруін арқалана отырып, өз ойларын айтқандарын және әр сөзді таңдап алғандарын сеземіз. Елші Петір былай деген: «Сәуегейлік ешқашан адамның ырқымен айтылмаған, оны Қасиетті Рухпен арқаланған Құдайдың әулие

адамдары ғана айтқан» (2 Петір 1,21). Пауыл елші былай деді: «Жазбалардың бәрінде Құдай Рухы бар. Сондықтан да ол тәлім алу, әйгілеу, жөнге салу, игілікті уағыздау үшін өте пайдалы. Тәңірдің пендесіне қуат берсін, жақсы іске әрдайым дайын тұрсын» (2 Тим. 3,16-17).

Киелі кітапты құрастырғандар өздерінің арнауларын қалдыра отырып, өмір шындығын бояп көрсетуге тырысқан жоқ. Олар адам табиғатындағы әлсіздікті ескере отырып, күнәнің ұлы-кішісін еркін мойындады, Киелі кітап заманында күн кешкен адамдардың өмірін жырлады. Бір ғажабы сол, әлімсақта өмір сүрген сол адамдар өз болмыстарына басшылық еткен түрткі себептерді біз де дәл бүгінгідей қабылдаймыз. Киелі кітапты оқып отырғанда оның әр бетінен ақылымыз бен жүрегімізді, тәкаппарлығымыз бен ескі ұғымға сенуімізді, сәтсіздіктеріміз бен қорланған шақтарымызды, күнәларымыз бен қамқорлығымызды көргендей боламыз.

Шындықта мезгіл жоқ. Бір ғасырдағы шындықтың келесі ғасырдағы шындықтан айырмашылығы аз. Ол халыққа да, жағырапиялық жағдайға да бағынышты емес. Адамдарда тек ой өзгешелігі болуы мүмкін, олардың салты мен өнеге үлгілері өзгеруі ықтимал, бірақ бәрінен де биік тұратын ұлы шындық уақыттардан да озып, мәңгілікке кетеді.

Біздің Құтқарушымыз-Иса Мәсіхтің келуі Киелі кітаптағы басты әңгіме, құтқару нышаны. Киелі кітапты терең зерттеген адамдар Иса Мәсіх туралы сәуегейлікті Көне Әсиеттен бастап бақылап отырған, өйткені Ол туралы тарих — Көне Әсиеттің де Жаңа Әсиеттің де нағыз шыншыл тақырыбы

Бастау Кітабында Ол — Әйелдің құты.

Мысырдан көшу Кітабында Ол — Құтқарылу мейрамының Құрбандығы.

Ләуліктер Кітабында — Өтелу Құрбандығы.

Руларды санау Кітабында Ол — су атқылаған Жартаc.

Екінші заңдылықта Ол — Пайғамбар.

Ешуа Кітабында Ол — Тәңірі әскерлерінің Қөсемі.

Израиль Билерінің Кітабында Ол — Құтқарушы.

Рут Кітабында Ол — аспан Қамқоршысы.

Патшалықтың төрт Кітабы мен Шежіренің екі Кітабында Ол — уағда Патшасы.

Нехемия Кітабында Ол — Израиль халқын қайта Жаңғыртушы.

Естер Кітабында Ол — Қорғаушы.

Әйүп Кітабына — Ол менің Өтеушім.

Забурде(Псалтирьде) — Ол мен үшін Барлығы және Бәрі.

Сүлейменнің Нақыл Кітабында — Ол мен үшін Үлгі.

Уағыздаушы Кітабында — Ол менің Мақсатым (Нысанам).

Әндердің Әні Кітабында — Ол менің Қуанышым.

Пайғамбарлар Кітабында — Ол Бар Әлемнің болашақ Патшасы.

Інжілдерде — Ол қаза тапқандарды тауып алып, құтқарушы Мәсіх.

Елшілердің істерінде — Ол Қайта Тірілген Мәсіх.

Арнау Хаттарда — Ол Құдай Әкенің жанында отырған Мәсіх.

Аянда — Ол Болашақ және Таққа Отырған Мәсіх.

Бұл — Киелі кітаптың мәңгілік жолдамасы. Бұл — өмір, әлем, мәңгілік және аспан туралы хикая, Киелі кітапта астыртын мақсат жоқ. Ол айырықша түсінік беруді де қажет етпейді. Онда барлық тірі жанға деген

айқын да батыл арнау — Мәсіх туралы ізгі хабар мен Құдайға тәуба етуге шақыру бар.

Бір күні Иса Капернауымың қасындағы тау басында шәкірттерімен бірге отырса керек. Петір, мүмкін, бір жағында, ал Жохан екінші жағында жайғасқан болар. Иса Өзіне шын берілген шәкірттеріне әкелері секілді сүйсіне де, еркелете қарап, олардың әрқайсысына деген ерекше сезімін тек олардың өздеріне ғана жеке сездіріп, бәрінің де ойын таба біліп отырған еді. Өз шәкірттерін тек Иса ғана осылайша сүйетін еді.

Оның осы бір айбынды да жалынды қарауы шәкірттердің шағын тобын неше түрлі ойға түсіруге тиісті еді. Ұстаздың аузынан дәл қазір олардың есінде мәңгілік қалатын және оны бұл әңгіменің ішінде болмаған басқаларға дәл сол қалпында жеткізуге тиісті ұлағатты сөз шығатынын сезіп, шәкірттер тым-тырыс отырып қалатын.

Өйткені, күміс түсті, сұрғылт-жасыл жапарақты зейтун ағашының көлеңкесінде тұрып, Иса өзінің бір кездері адамзат құлағына жететін Мәсіх жолын қуушылар болмысы жайлы түсінік берген ұлы уағызын айтқан еді. Ол өз сөзін бітірген кезде оны тыңдағандарды қасиетті қалшыл билеп, «олар іліміне таң қалды, өйткені Ол парызшылар мен кітапшылар сияқты емес, Өз билігі бар адамдай оқытты» (Мат. 7,29).

Шынында да Ол қолында билігі барларша, ол билікті Құдайдың Өзінен алған адамша оқытты. Ол белгілеген заң — өз жүрегінде құтқарылуға деген үміті бар әрбір Мәсіх жолын қуушы мүлтіксіз орындауға тиісті Құдай Заңы болатын.

Егер сіздің үйіңізде Киелі кітап жоқ болса, барыңыз да өзіңізге ұнағанын, оқылуға қолайлы әріппен басылғанын жылдамырақ алыңыз. Сонан соң отыра

қалып оқып, бұл жалғыз Кітаптың неліктен талай ғасыр өтіп, ұзақ ғұмыр кешкенін өзіңіз анықтауға тырысыңыз. Бұл кітап неліктен адамдардың мұқтажын тауып, адамзатты тек ілгері бастайтын сенім мен күшті қайдан алатынын анықтаңыз.

Егер сіз Киелі кітапты көптен бері қолыңызға алмаған болсаңыз, таныстықты жаңарту үшін сізге Жохан жазған Інжілді қайтадан оқып шығу пайдалы болар еді. Ол Інжіл Киелі кітаптағы терең ойлы кітаптардың біріне саналыумен қатар, әрі айқын, әрі ұғымға қолайлы етіп жазылған. Ол кітаптың жазылу мақсаты — адамды қалайша және неліктен құтқару керектігін көрсету болғандықтан, ол бәріміздің ақылымыз бен жүрек үмітіміздің тілегіне қолайлы шыққан.

Жохан жазған Інжілді оқумен қатар сіздер Марқа, Лұқа, Матайдың жазу тәсілдері ерекше бұл адамдар, Мәсіх арқылы құтқарылуды өздері жазып кеткен Ізгі хабармен жалғастырады. Олардан сіз Інжілдік ілімнің негізі болып табылатын қуатты, бүкіләлемдік шындыққа көзіңізді жеткізетін және де елші Пауылдың: «Иса Мәсіх кеше де, бүгін де бар және ғасырлар бойы Сол қалпы қалады» (Евр. 13,8) деген сөзінің мағынасын түсінесіз.

Сіз әр Інжілді бөлек-бөлек оқып болған соң жаңа Өсиетті басынан бастаңыз да, оны түгел оқып шығыңыз. Осы айтқанымызды бұлжытпай орындасаңыз, Киелі кітапты ынталана оқып жүргеніңізді сонда барып байқайсыз да, сіз одан шабыттың шалқар айдынын тапқаныңызды, өзіңізге тәжірибелі көмекші әрі басшы тапқаныңызды, парасатты кеңестің бай қазынасына жолыққаныңызды сезесіз де, Киелі кітапты оқу сіздің күнделікті өміріңіздің ең бір қажетті бөлшегіне айналады.



Киелі кітапты білу — бай қазыналы алуан мағыналы өмір сүру үшін де қажет. Өйткені, бұл Кітап өмірдің кем-кетігін толықтырады, түпсіз аңғарлардан алып өтетін көпір салады, біздің өміріміздің түрі қашқан ескі бояуын жалт-жұлт еткен қымбат тастарға айналдырады. Білгіңіз келген нәрсенің бәрін Киелі кітаптан іздеп табуға жаттығыңыз. Оның беттерінен сіз солардың бәріне дұрыс жауап табасыз.

Бәрінен бұрын Киелі кітап сізге Құдайдың мәнін терең ашып береді. Фәлсафашылар ғасырлар бойы Жоғары Дерезелі Жан туралы таласып келді. Ол кім? Не Ол? Қайда Ол? Егер ондай Жанның бары рас болса, Ол мені білгісі келе ме?

Бұл жағдайда мен де Оны қалай танымақпын? Құдай туралы осы секілді мыңдаған сұраққа Киелі кітап деп аталатын қасиетті Кітаптан толық мәнді жауап ала аласыз.

## ҮШІНШІ ТАРАУ

### ҚҰДАЙ

«Сен зерттеу арқылы Құдайды таба аласың ба?»

Әйүп 11,7

Құдай деген кім? Оның түрі қандай? Құдайдың бар екендігіне біз қалай сенімді бола аламыз? Ол қашаннан бері бар? Біз Оны біле аламыз ба?

Әркім осы сауалдарды өзінен іштей де, сырттай да сұрағандарымен, өзі өмір сүрген дүниенің жаратылысына таңданбай тұра алмайды. Біз өмірдің кереметі мен өлімнің құпиясына, жапырағы жайқалған ағаштардың мақтаныш әніне, жұлдыздары жарқыраған аспанның асқан әдемілігіне, теңіздер мен таулардың айбындылығына күнбе-күн кезігіп жүреміз. Осылардың бәрін кім жаратты? Еш нәрсені тапжылтпай орнында ұстаған тартылыс заңына бастау салған кім? Күн мен түн кезектесіп, жыл мезгілдері ауысып тұрсын деп өмір берген кім?

Бұл секілді қисапсыз сұрақтардың жалғыз жауабы — мұның бәрі Биік Жаратушының туғызған ғажабы. Қай сағат болмасын ойлап тапқыштың алдын ала ойластырған жоспары бойынша жасалатыны секілді, біздің әлемнің дәл болмысы да Ұлы Ойлап табушы — Жаратушының жоспары бойынша жасалған. Біз Оны

Құдай деп атаймыз. Оның атын адам атаулылар түгел біледі. Оның аты біздің ұғымымызға сонау сәби кезіміздегі ішке тартқан алғашқы демімізбен бірге кірді. Біздің үнемі аузымыздан түспейтін, біздер ылғи басымызға көтеретін, «Одан тек жақсылық сый келетін және бізге қалыптасқан қабілет беретін» Құдай (Жақ. 1,17) — бұл дүниені жаратып, оған бізді орналастырған сол Құдай, — деп үйретеді Киелі кітап.

Сонда да болса «Ол кім?» — деп сұрайсыздар сіздер. «Ол қайда?» — дейсіздер. Оның атын бәріміз де білеміз. Басымызға іс түсіп, қиындыққа ұшырасақ, біз Оны көмекке шақырамыз. Біздің көпшілігіміз өзінің әрбір сергек сәттерінде бар ойы Құдай туралы болуын қалайды. Ал, кей біреулер Оған сенбейтіндігін, Оның жоқ екендігін де айтады. Ал, тағы біреулер: «Маған Оның кім екенін түсіндіріңдерші, сонда Құдайды, мүмкін, мойындармын», — дейді.

Егер бұл сөздердің сіздерге де қатысы болып, егер сіздер де өмір бойы Құдай туралы естіп те, айтып та жүрсеңіз, сөйте тұра, Ол туралы түсінік беріп, сізді Оған, тек Оған сендіре алатын басқа біреуді күтіп жүрсеңіз, Киелі кітаптың Оны қалай дәл суреттейтінін өзіңіз-ақ көресіз.

Бүкіләлемдік тарихтың дәл осындай сын сәтінде «Құдай қандай?» — деген сұраққа әркім-ақ жауап іздеуге тиісті еді, Бұл сұрақты әркімдер-ақ беріп, оның жауабына сенуге міндетті болу керек еді. Құдайдың кім екеніне және Оның не істей алатындығына ешқайсымыз күдіктенбей сенуге тиісті едік.

Бірақ, Құдайды айқын білмеу және Оған бойсұнудан бас тарту біздерді қиналтатын келелі мәселелер мен мұқтаждықтың нағыз себепшісі болып табылады. Құдайдың қалауы алдында адамның санасыздығы мен

берекесіздігі дүниенің астан-кестенін шығаруға дейін барды. Біздің жүрегімізде зіл қара тастың болуы — Құдайға құлдық ұрып, Онын заңына бағынғымыз келмеуінің салдары. Сондықтанда Оны білуге боларлықтың бәрін де үйренейік, зерттейік!

Бірақ ондай мағлұмат алу үшін қайда барсақ, не істесек болады? Біздің қайсымыз ол шындықты аша аламыз? Бәріміздің де барар жеріміз о дүние емес пе? Құдайтағала Өзі жайлы әңгіме айту үшін біздің ортамыздан кімді таңдап алды? Және оған биік бедел берді ме? Жоқ! Ондай нәрсе қолынан келетін Жалғыз Адам бұдан екі мың жыл бұрын өмір сүрген болатын. Оны біздің өзіміз айқыш ағашқа керіп өлтірдік. Сондықтан да шындықтың түбіне қалайша жетеміз?

Бұл жөнінде ғалымдардан сұрасақ, олар бізге табиғат пен өмірдегі нәрсенің барлығы да-Құдайдың ісі, тірі жанның барлығы да Құдаймен бір тұтас, тіршіліктің өзі Оның Құдайлық Болмысы, — деген болар еді. Олар сізге тағы: Құдайды бір тамшы судан да, асқар биік аспан күмбезінен де көре аласыз, — дер еді.

Бұл жөнінде фәлсафашыдан сұраңызшы, ол сізге: Құдай дегеніңіз жаратылған заттың негізінде тұрған өзгеруді білмейтін бастапқы күш, Ол — бар дүниені қозғалысқа келтіретін жігердің (энергияның) қайнар бұлағы, Ол — басталуы да, таусылар кезі де жоқ ғаламат күш, — деген болар еді. Өмір мен сұлулықтың біз көріп жүрген көрінісі, қайнардан бұрқылдап шығып, оған қайта құйылған сол күштің көрінісі, — дер еді сізге фәлсафашы.

Әрі қарай сұрастырсаңыз, Құдай дегеніңіз — Бәрінің Бәрісі және ешкім Ол жөнінде бұдан басқа ештеңені білуі мүмкін емес, — деген сөзді естір едіңіз. Құдай туралы сан қилы анықтамалар бар. Әр ел, әр

нәсіл немесе халық, әр үй іші, әр адам дүниені жыл-жытқан Ең Жоғарғы Жанды анықтауға талпынды. Адамдар жаратылған Затын көргенмен, Өзін білмейтін Жаратушыны танығысы келіп әр заманда-ақ талпынды. Осы сан түрлі түсініктің қайсысы дұрыс? Осы көптеген теорияның қайсысын қабылдасақ болады? Жалғандықты жамылған осы беделдердің қайсысына табынғанмыз жөн?

Біз бастапқы тарауларда көргеніміздей, Құдай біз Киелі кітап деп атайтын Кітапта Өзін-Өзі ашты. Егер біз Киелі кітаптың Құдай жөнінде сыр ашқанына сенсек, онда біз жүрекке де, санаға да толық қанағат табамыз. Онда біз дұрыс жауап алғанымызға толық сенімді болып, Құдайдың шын болмысын түсінетін де, танитын жолға түскенімізге илансақ та болады.

Құдай Киелі кітапта Өзі жөнінде сыр ашады. Егер біз Киелі кітапты күнделікті газеттер сияқты тұрақты да, зер сала оқып тұрсақ, саясат пен сүйікті спортшыларымыз туралы қаншалықты білсек, Құдай туралы да соншалықты білген болар едік.

Гауоар таста көптеген қырлар бар. Құдайдың Өзі туралы сыр ашуының сан қырлығы соншалық, оларды сипаттап жазу үшін том-том кітаптар керек. Бізде орын аз болғандықтан, солардың басты-басты төртеуіне тоқталсақ та жеткілікті, олардың мағынасы тереңірек болғандықтан, біз соларды еске тұтайық.

Бірінші: Киелі кітап Құдайды Рух деп атайды. Иса-Сихар құдығының басында бір әйелмен сөйлесіп тұрғанда: «Құдай дегеніміз Рух», — деп Құдай туралы дәл анықтама берген (Жох. 4,24).

Рух деген сөзді естігенде сіздің ойыңызға не келеді? Сіздің рухани назарыңызға не түседі? Аспандағы тұманды бұлт көз алдыңызға елестей ме? Әлде сіз

рухты балаларды қорқытатын елес деп есептейсіз бе? Әлде рух сіз үшін түрі де, түсі де жоқ әйтеуір бір нәрсе ме? Мәсіх: «Құдай дегеніміз Рух» дегенде осыны тұспалдап тұр деп ойлайсыз ба?

«Рух» дегеннің шынында да не екенін ашу үшін және де Мәсіх нақты бұл сөзді айтқанда нені жобалағанын білу үшін біз тағы да Киелі кітапқа жүгінейік. Мәсіх қайта тірілгенде: «Мені сезініңдер де Маған анықтап қараңдар, өйткені Меннен көріп тұрғандарыңдай, рухта тән мен сүйек болмайды» (Лұқ. 24,39) деген жерін қайта оқиық. Сондықтанда біз рухта дене жоқ екеніне толық сенеміз, ол денеге қарама-қайшы нәрсе, бірақ онда болмыс та, құдірет те бар. Бізге оны түсіну қиын, өйткені біз оны шек қойылған тәндік болмысымыз және ұғымымызбен түсінуге тырысамыз.

Құдайтағала ең баста Өзі жаратқан адам баласы тәңір берген шексіз көрегендіктен айырылып қалғандықтан, біздің ұғымымыздан тым шет жайғасқан сол Рухтың даңқы мен жарқылын түсіне алмаймыз. Біздер «рух» деген сөзді естісек болды, оның мәнісін төмендетіп, өзіміздің кембағыл парасатымыздың ауқымына сыйғызуға дайын тұрамыз. Мұның өзі шалқыған мұхиттың сұсты айбынын жауыннан кейінгі шалшық сумен салыстырғанмен тең. Оны көрмеген адам шетсіз, шексіз мұхитты көз алдына қалай елестетеді? Лай шалшықтың балшығын ғана білетін адам мұхиттың ұлылығынан оның түпсіз тереңдігін, сыры түсініксіз өмірін, жойқын күшін, тынымсыз толқуын, жан түршіктірген дауылын немесе мұхит айдынының айтуға тіл жетпейтін сұлулығын қалайша көре алады?

Бар білетіні шалшық болған адам біздің де айтып отырғанымызды түсіне ме? Құдіретті мұхиттың айбынын қандай сөзбен ұтымды етіп жеткізуге болады?

Ондай кереметтің шынында да бар екеніне қалай сендіреміз?

Мәсіх Өзінің: «Құдай дегеніміз Рух» деген сөзімен нені жобалағанын түсіну бізге қиын. Иса Мәсіх оны білген! Оның парасаты біздікіндей кемшін емес еді. Ол өмірдің тек шалшығына қараған жоқ. Рухтың шексіз аймағына Ол еркін бойлай алатын, сондықтан да Ол бізге рухтың кереметі, игілігі, дүниесі жайлы аз-кем ұғым беру үшін келді.

Рух дегеніміз денеге қатынасы жоқ, әйтеуір бір нәрсе екенін біз білеміз. Рух дене секілді тозбайды. Киелі кітап бізді Құдай дегеніміз денемен шектелмеген Рух деп үйретеді. Оның түріне де шек қойылмаған, онда шекара да жоқ. Ол ешнәрсеге тәуелді емес, оның өлшемі де жоқ, ол денені ғана ажырата алатын көзге де көрінбейді. Рухта шекара болмағандықтан, ол барлық жерде бір мезетте бола алады деп үйретеді Киелі кітап бізді. Ол бәрін де көре алады, ести алады, біле алады.

Мұның бәрі біздің қолымыздан келмейді, сондықтан да өзіміздің шектелген үлгімізге сәйкестендіріп, Құдайды да шектегіміз келеді. Өзіміздің қолымыздан келмейтін нәрсені істейтін күш Құдайда барын жоққа шығаруға тырысамыз. Өзіміз бәріне үлгеруші бола алмағаннан кейін, Құдай да барлық жерде бола алмайды, — деп делелдегіміз келеді. Біз жер үстінде мұхит барын естіп, оның жағасына зордың күшімен барып, алақанымен бірнеше тамшы су алған адамға ұқсаймыз.

«О», — дейді ол, — «ақыры, мұхит та менікі болды! Мен оны қолымда ұстап тұрмын. Ол өзімдікі!» Шынында да, мұхиттың бір бөлігі сонікі болды. Бірақ, сол сәтте басқа да мыңдаған адамдар басқа бір жағаға келіп, олар да мұхиттың бірнеше тамшы суын алулары

мүмкін. Тіпті, миллиондаған адамдар жағаларға жиналып, алақандарын суға толтыруы да ғажап емес. Мейлі, олар қанша аламын десе, соншасын алсын, қанша керек болса, соншасын әкетсін — бірақ, мұхит бәрібір сол күйінде қалады. Оның құдіреті мен қуаты одан еш азаймайды, оның түпсіз шыңырауындағы өмір бұрыңғысынша жалғаса береді. Оның жағалауларына келген бар адамның қажетін өтегенімен, мұхит — мұхит боп қала береді.

Құдай да солай. Ол барлық жерде бір мезетте бола алады. Мәсіхтің атымен Өзіне таупық етіп, мінәжат қылғандардың дұғасын қабылдап, бар дүниені кереметке толтырып, аспандағы жұлдыздарды орнында ұстап, тұқымдағы ұрықтарды жарып шығарып және де теңіздегі балықтардың жүзуіне дұрыс бағыт берумен болады. Құдай үшін шекара жоқ. Оның құдіреті де шексіз. Оның данышпандығында да шек жоқ. Оның сүйіспеншілігінде де шек жоқ. Оның мейірімі де солай — шетсіз, шексіз.

Егер сіз Құдайдың қалауына шек қоймақ болсаңыз, — тоқтаңыз! Оның назарын тек бір жерге, не бір аймаққа ғана аударуға тырыспаңыз. Сіз мұхитты шектеуге талпынбайсыз ғой. Аспанда қалқыған айды, шыр айналған жерді тоқтатуға сіздің батылдығыңыз жетпейді ғой! Осы кереметтің бәрін бір Өзі жасаған Құдайды шектеймін деу де сол секілді кем ақылдық болар еді.

Мен анама маған жасаған көп жақсылықтары үшін мәңгілік ризамын. Менің он жасымда оның мені Құдай дегеніміз Мәңгілік, Өзгермейтін, Шегі жоқ Рух екендігін ұғындыруы менің жадымда өмір бақи қалған қайырлы іс болды. Құдайды осылай табуым менің өміріме серік болды, ал егер әр адам өз жүрегінде



Құдайды Мәңгілік, Шексіз, Өзгермейтін Рух деген ұғымда ұстаса, ол Құдайды шектегісі келген еліктіруді жеңуге көмектеседі, адамның өз қолынан келетін нәрсеге күдіктене қарауын ыдыратады.

Киелі кітаптың анық Құдай Сөзі екендігіне күдіктенетіндер, өздерінің бір нәрсеге қолдары жете алмайтын әлсіз боп жаратылулары да Құдайдың ісі екеніне күмәнданады. Егер сізге Киелі кітаптың шабыттылығына деген сенбеушілік енсе — онда оны қайта оқып шығыңыз. Сіз оған өмір бойы лай шалшықтың маңында жүріп, мұхиттың, айбынды айдынын кенеттен көрген адамның көзімен қараңыз! Мүмкін, сіз де Құдайдың шексіз күдіретінің жарқылын тұнғыш рет тек сонда ғана көрерсіз. Мүмкін, тек сонда ғана Оны дәл Өз күйінде түсіне бастарсыз. Өйткені, Құдай дегеніміз, Мәсіх айтқан Рух екені рас болса, адам тіршілігіндегі Құдайдың күдіреті, Киелі кітапты жазғандарға Ол берген шабыт жайлы ешқандай күдік болуы мүмкін емес. Құдайдың Кім және Не екенін түсінген кезіңізде бәрі де қаз қалпына келеді.

Екінші: Киелі кітап Оны Бейне ретінде ашады. Киелі кітаптың өне бойында: «Құдай сүйеді», «Құдай айтты», «Құдай істеді» деген сөздер айтылады. Адамға тән нәрсенің бәрі Құдайға да тән болып бейнеленеді. Біз бұл жерде Бейне деп сезе де, ойлай да, тілей де білетін, өзінің даралығын дәлелдей алатын жанды айтып отырмыз.

Біз жер үстінде бейнені денемен шектейміз. Біздің келте жаратылған парасатымыз бейне дегенді сүйек пен тән арқылы ғана қабылдайды. Біздің өз бейнеміз қазіргі денесінде мәңгілік болмайтынын білеміз. Біз өлген сәтте біздің бейнеміз өз денесін тастап, алдын ала арналған жолмен аттанып кететінін де білеміз.

Соның бәрін біле тұрып, — бұл шындықты мойындауымыз өте қиын.

Егер біз бейнені денемен теңестіруге болмайтынын түсінсек, бұл онда үлкен сыр ашқандық болар еді. Құдайда тән жоқ, сөйте тұра, Ол — Бейне. Ол да сезеді, ойлайды, сүйеді, кешіреді, қиындыққа кездесек, бізге жаны ашиды.

Үшінші: Киелі кітап Құдайды тек Рух пен Бейне деп танымайды, Ол Оны Қасиетті және Әділ Жан деп біледі. Бастау Кітабынан Аян Кітабына дейін Құдай Өзін Киелі Құдаймын деп танытады. Әрбір бөлек жаратылған жанда Ол толығымен жетілген. Күнәһар адаммен жұғысу үшін Ол тым киелі, күнәлі өмірге шыдау үшін де Ол тым киелі. Ол Қасиетті және Шын мәніндегі Құдай.

Егер біз Оның шыншылдығын ақырына дейін ұға білгенімізде біздің жеке адамдардың тұрмысы мен бүкіл халықтың өмірі мүлдем басқаша болар еді! Егер біздер өз өмірімізде ең болмаса бір рет, харам адамдар мен Құдайтағаланың әділдігінің арасын ажыратқан жан түршігерлік шыңырау жайлы өзімізге есеп бергенімізде, бар дүние басқаша болар еді. Қасиетті Жазба Оны ешқандай күңгірттігі жоқ жарқыраған жарық деп атап, көлеңкесіз, кінаратсыз жалғыз Жоғары Жан деп біледі.

Бұл, бірақ, ұғымсыз адамның ақылына қона бермейтін түсінік. Қателіктеріміз бен әлсіздіктеріміз әр жерде-ақ бой көрсете беретін біздер Құдайтағаланың бар жағынан басым киелілігін көз алдымызға зордың күшімен елестетеміз, бірақ біз Киелі кітапты түсініп, одан өзімізге қайырлы пайда алғымыз келсе мұны мойындауға міндеттіміз.

Толысқан Құдай мен қалысқан адамның арасын-

дағы түпсіз шыңрау Қасиетті Жазбаның өне бойында атап өтіліп отырады. Біз мұны скиния мен храмды Қасиетті және Қасиеттінің Қасиетгісі деп бөлуден-ақ көреміз. Оны Құдаймен жақындағысы келген күнәһар адамның алдын ала белгілеп әкелген құрбандығынан да көреміз. Адамдар мен Құдайдың арасында жүретін ерекше діни қызметкерлердің керектігі де атап көрсетіледі. Леуліктер кітабындағы арамзалық жайлы жоба да бұл мәселеге көп тақталады. Біз мұны Израиль халқының көптеген мейрамдарынан, Израильдың Палестинадан бөлектенгенінен көреміз. Құдайдың киелігі Оның басқа да негіздерінің бетін ашады.

Қасиетті Жазбада Оның Тағының мықтылығы Оның Әулиелігінде екені де айтылған. Құдайдың Әулиелігі мен адамдардың қасиетсіздігінің нәтижесінде Құдай мен тәубаға келмеген күнәһардың ортасында түпсіз терең шыңырау пайда болды. Киелі кітап біздегі әділетсіздіктер бізді Құдайдан ажыратып жібергенін және мұның айқындылығы соншалық, Құдайдың жүзі көзімізден бұл-бұл ұшып, біз Оған арыз айтқанмен, Ол бізді естуден қалды, - дегенді айтады.

Харамдықты елей бермейтін Құдайтағала періштеден де таза. Күнәмен жақын болу үшін де ол тым киелі. Адамдарға харамдық енбестен бұрын, Құдай мен Адам қатынасып тұратын. Қазір ол қатынас бұзылды, Иса Мәсіх арқылы болмаса, адам мен Құдайдың арасындағы байланыс та үзілді. Адамдар Құдаймен байланысын күндердің күнінде тек Мәсіх арқылы ғана қайта орнына келтіреді.

Адамдардың қай-қайсысы болмасын күнәдан пәк емес. Бұл жағдайын өздіктерінен өзгертуге оларда күш жоқ. Өзінің күнәлі тілімен Құдайдың құлағына таза

жететін сөз табуға да шамасы аз. Егер Құдайтағала өзінің шексіз мейірімділігін тежемей, осы шыңырауға көпір салу үшін Өз Ұлын жібермегенде адамдар мәңгілік қаза табатын еді.

Мәсіхтің өлу себебін сондықтанда Құдайдың Киелілігінен табамыз. Күнәһарлық үшін қатаң жазалауды Оның Киелілігі талап етті. Адамдардың сол күнәсін Иса Мәсіх жуып, құтқаруды Оның сүйіспеншілігі қолайлады. Біз құлдық ұрған Құдай — игілікті Құдай, Киелі, Құдай, әділ Құдай. Өзіне жол ашу үшін Ол бізге Өзінің Жалғыз Ұлын да жіберді. Егер біз Ол жіберген көмекке көңіл аудармасақ, Ол нұсқаған жолды қабыл алмасақ, біздің басымызға өзіміз тілеп алған күн түскенде біз Одан қайырымдылық тілей алмаймыз.

Төртінші: Құдай дегеніміз сүйіспеншілік. Киелі кітапті оқымайтындар Құдай Мәнінің басқа да жағын түсінбегендері секілді, «Құдай дегеніміз сүйіспеншілік», — деген сөзді де (1 Жох. 4,8) ұқпайды.

Сүйіспеншілік деген сөзді пайдалана тұрып, ол сөзбен не айтқымыз келетінін кейде өзіміз де білмейміз. Бұл сөз көп жағдайда біздің тілімізде теріс пайдаланатын сөзге айналып кетті. Сүйіспеншілік, махаббат деген сөздерді біз адам арасындағы қатынаста опасыздыққа да, асқақтыққа да бұра саламыз. Біз саяхаттауды «сүйеміз», тәтті нанды «сүйеміз», жаңа автомашинамызды «сүйеміз», бөлмедегі жаңа суреттерді «сүйеміз», жақын туысқандарымызды «сүйеміз» деген сөзді жиі пайдаланамыз да, көпшілігіміз оған еш мән бермей, әншейін айта саламыз. Киелі кітаптағы «Құдай дегеніміз-сүйіспеншілік» деген сөздің мағынасын білмейтіндігіміз де сондықтан.

Құдай дегеніміз-сүйіспеншілік болғандықтан біз не істесек те жарасады, бәрі де жөн екен, бақыт екен, өз

күнәсі үшін ешкім жазаланбайды екен, — деп қателікке ұрына көрмеңіздер. Әрбір күнә тиісті жазасын алуы керектігін бізден Құдайдың Киелілігі де талап етеді. Бірақ, Құдайдың сүйіспеншілігі күнәһар адамды құтқарудың жобасын да нұсқады, жолын да тапты. Иса Мәсіхтің айқышқа керілуіне Құдайдың адамға деген сүйіспеншілігі әкелді, адамдар сол арқылы өздеріне тазару мен кешірімділік алды, Иса Мәсіхті айқыш ағашқа апарған — Оның Құдайға деген сүйіспеншілігі.

Құдайдың ұлы сүйіспеншілігіне күдіктенбеңіздер, өйткені ол Құдайдың Киелілігі секілді тек Құдайға тән нәрсе. Сіздің күнәңіз қаншалықты қара болғанымен, Құдай сізді бәрібір сүйеді. Егер осы сүйіспеншілік болмаса, сіздің ешқайсыңызда болашақ өмірге үміттеріңіз болмас еді. Құдай дегеніміз сүйіспеншілік! Оның бізге деген сүйіспеншілігі мәңгілік. «Біздер әлі күнәһар кездерімізде Құдай Өзінің бізге деген сүйіспеншілігін Мәсіхтің біз үшін жан беруімен дәлелдеді» (Рум. 5,8).

Сүйіспеншілік пен кешірім жөнінде Құдай берген уағданың беріктігі, шындығы және сенімді екендігі соншалық, оны тек адам сөзінің құдіреті ғана біздерге жеткізе алады. Шалқыған шалқар мұхитты өз көзіңмен көрмейінше, оның сұлулығын ешқандай суреттеумен толық сезіне алмайсың. Құдайдың сүйіспеншілігі де дәл солай. Сіз оны шын ниетіңізбен қабылдап, қатал да адал сыннан өткізбей тұрып, Құдайға құлдық ұрмайынша, ол Сүйіспеншіліктің кереметін сипаттауға ешкімнің құдіреті жетпейді.

Ол нәрсеге өз санаңызбен жете алмайсыз. Сіздегі шектелген парасат Құдай Сүйіспеншілігі секілді биік ұлылықтың шоқысына шыға алмайды. Қара сиыр көк жеп, неліктен ақ сүт беретінін сіз ұғына алмасаңыз да, сол сүтті бәрібір ішесіз, тамақ қыласыз. Сіз жерге

сіңірген кішкентай дән көп ұзамай ұзын пәлек жайып, сонан соң одан сырты жасыл, іші қызыл қарбыз өсіп шығатын процесті бастан-аяқ білуге сіздегі парасатта дәрмен жоқ — сөйте тұра, сіз ол қарбызды жейсіз, оған қуанасыз. Дәл қазір осы жолдарды оқып отырғанда сізге жарық беретін электрдің не екенін сіздің парасатыңыз түсіндіре алмайды, сөйте тұра, сіз электр жарығы бар екенін және ол сізге кітап оқуға мүмкіндік беретінін білесіз.

Сіз Құдайды наныммен, Оның Ұлына, біздің Құтқарушымыз-Иса Мәсіхке деген сеніммен мойындауыңыз керек. Тек сонда ғана сіз бар күдіктен арыласыз. Сіздің жүрегіңізден: Құдай бар ма, жоқ па? — деген сұрақ тек сонда ғана мүлдем кетіп, Оның бар екендігі сүйегіңізге сіңеді.

Егер әлдекімдер мен үшін Құдайдың шын мағынасында Кім және Не екенін сұрай қалса, менің есіме аспанға пәтперек ұшырған бір жас баланың тарихы түседі. Пәтперек ұшыруға ауа райы қолайлы күшті жел болатын, аспанда түйдек-түйдек бұлттар жөңкіп жүрді.

— Сен не істеп тұрсың? — деп сұрады біреу әлгі баладан.

— Пәтперек ұшырдым, — деді бала.

— Солай ма? Сен оны көзіңмен көріп тұрған жоқсың, ұшып жүргенін қайдан білесің?

— Мен оны көре алмасам да, әр минут сайын жіптің тартылғанынан оның ұшып жүргенін сеземін. Соңдықтан да оның аспанда екеніне сенімдімін, — деді бала.

Адам аузынан шыққан сөзді Құдай Сөзі деп қабылдамаңыздар. Оны өзіңіз үшін іздеңіз. Сіздің жүрегіңіз сонда лапылдайды, Оның бар екеніне кәміл сенесіз.

## ТӨРТІНШІ ТАРАУ

### КҮНӘ

«Өйткені бәрі де күнәға батты және  
Құдайдың даңқынан айырылды»

Рум. 3,23

Егер Құдайдың әділ және сүйе білетіндігі рас болса, мұнша ашу, азап, қайғы қайдан шықты? Мына өшпенділік қайдан пайда болды? Бізге біреулерге табынатын жалғандық кімнен жұқты? Біздер неге соғыс мезбағының (Мезбақ — алтарь), сараңдықтың және бас пайдамыздың алдында құлдық ұрамыз? Құдай Өз кейпіне ұқсатып жаратқан адамдар неліктен мұншалықты азғындап кетті? Сондықтан да, Құдайға Өзінің он өсиетін «орындаңдар» деп белгілеуге тура келді. Бізді құтқару үшін Құдай неге Өз Ұлын жіберуге мәжбүр болды? Құдай жаратқан жандар неліктен бұлайша бұзылды жәнә кекке толды? Халық пен халық неге өш, ерлі-зайыптылар неге ажырасады, әр газет неліктен күштеу, зорлау, ақылсыздық, қаталдық және өшпенділік туралы хабарларға толы, — міне, осылардың бәрін түсіну үшін, біз әңгімені басынан бастайық. Адам-атаның ұжмақта болу тарихына, Бастау Кітабының бірінші тарауына қайта оралайық.

Пенденің жаратылуы жайлы баршаға белгілі әңгімені кейбіреулер қиял ертегі деп жүр. Балалар қойған

сұраққа жауап берудің оңайлатқан тәсілі деушілер де бар. Бірақ бұл олай емес. Киелі кітап бізге әу баста не болғанын дәл баяндайды және адамдар содан бері не-ліктен өзін жоюдың жолымен келе жатқанына түсінік береді.

Құдай дүниені біртұтас етіп, жетілдіріп жаратты. Ол оны ғажап сұлу етіп, үндестіре жаратты. Толық жетілген, бірақ адамдар қабыл алмаған дүниені біз қазір сағынамыз, оны қайта табуға талаптана-мыз.

Сол жетілген, толысқан дүниені Құдайғатала то-лысқан пендеге берді. Адам-Ата (Адам-ата — тұңғыш адамның өз аты) жақты да толысқан болатын, өйткені, Құдай жаратқанның бәрі жетілмеген болуы мүмкін емес. Сол толысқан пендеге Құдайтағала ең қымбат сыйлық — бостандық берді. Және оған таңдау бостандығын қоса берді.

Алғашқы адам үңгірді паналаған жоқ. Ол ну тоғай-дың қатері мен жабайы аңдарын өзіне бағындырғысы келіп, өкіріп, ақырған орман пендесі де емес. Ал, Адам-Ата дене құрылысы және рухани жағынан да толық жетілген болатын. Ол Құдаймен бірге болды және Онымен араласып тұрды. Ол Құдайдың қалауы-мен бар әлемнің патшасы болуға тиіс еді.

Адам-Атаның пейіштегі бақшада тұрғандағы жағ-дайы осылай болатын. Құдай өзіне баға жетпейтін бостандық берген тұңғыш адам, жер үстіндегі жалғыз жанды зат осындай еді. Адам-Атада толық еркіндік бар болатын. Ол нені қабылдамаймын десе де, Құдай-дың бұйрығына бағынамын десе де, қарсы шығамын десе де, өзін бақытты етемін десе де, бейшара етемін десе де азат болған еді. Өйткені, біздің өмірімізге тек қанағаттанушылық бостандық бермейді, бірақ тыныш-



тықты өзіміз аламыз ба, әлде Құдаймен бірлесе отырып аламыз ба, — соны бағдарлайды.

Келелі мәселенің шын мағынасы осында, өйткені Адам-Атаға азаттық берген сәтте оның алдында екі жол жатты. Қисыны келетін жалғыз жолы бар бостандық өз мәнісін жоғалтып алды. Азаттық дегеніміз таңдау, іріктеу хұқы мен жеке басының әрекетін анықтау.

Біз талай-талай адал әйелдер мен еркектерді білеміз. Бірақ олар адалықты өздері таңдап алған жоқ, оларды харамдыққа апаратын қисын болған жоқ. Өздерін жақсымыз деп мақтанатын талай адамды көріп жүрміз. Бірақ оларды зұлымдықтан сақтаған — олардың жақсы тұрмысы мен жақсы жағдайлары. Егер біз ешқандай арбауға түспеген болсақ, өзімізді еліктіруге еруден аулақпыз деп санай алмаймыз.

Құдай Адам-Атаның алдына мұндай тосқауылдар қойған жоқ. Ол оған өз қалауыңды біл деді де, еркіндікті пайдаланудың барлық мүмкіндіктерін жасады. Құдайтағала Адам-Ата үшін оны жан-жақты етіп жетілдіруден басқа ештеңе істей алмағандықтан, ол Құдайға қызмет ете ме, әлде етпей ме дегенді сынайтындай жағдайға тіреді.

Адам-Ата пейіште жүргенде онда еш күнә жоқ болатын, оның аңқаулығы ақаусыз болатын. Бар әлем оның алдында жатты. Адамзаттың әлі жазылмаған тарихының таза парақтары ол қашан бірінші тарауды жаза бастар екен деп оның алдында үйіліп, күтіп жатты. Болашақ ұрпақ қай жолмен жүретіндігі осы бірінші тарауға байланысты болатын.

Құдайтағала Өз жұмысын бітірді. Ол Адам-Атаға жер үстінде қажеттінің бәрі бар мәуелі бақша өсіріп берді, Өз кейпіне ұқсайтын жан-жақты толысқан пендені де жасады. Адам-Атаға Ол ақыл мен ой сыйлады,

ақылын айдалаға жұмсамай, ойын жүдетіп алмауына толық еркіндік пен мүмкіндік берді. Сонан соң дана Әкелерге ұқсап, баласы не істер екен деп ақырын күтті.

Бұл сынақ болатын! Бұл — Адам-Ата алдында жатқан талай жолдың арасынан өз ықтиярымен, еш зорлықсыз, не дұрысын, не бұрысын таңдап алатын жауапты сәт еді.

Таңдауды Адам-Ата осылайша істеді. Оның зардабын өзі шекті, қалай қателесудің үлгісін көрсетті, адамзат соған ілесті. «Сол үшін бір адамның қылмысына бар адамның кінәлауы болсын...» (Рум. 5,18).

Өйткені Адам-Ата бүкіл адамзаттың түп-дерегі болатын. Мөлдіреген таза суы тынымсыз бұрқыраған бұлақ жер астынан атқылап жатты. Ол көк майсалы жайылымдардың, көк егіні теңіздей толқыған құнарлы егістіктің арасымен ағатын үлкен өзен бола ма, әлде күн түспейтін шатқалдың ішімен лайлана жұлқынып, үнемі жартасты соққылайтын тасқын су бола ма, немесе мұздай сулы бақытсыз күйінде қала ма, әлде өзін қоршаған құнарлы жерге қуаныш әкеле ме, — ол тек өзіне байланысты болатын.

Адамзаттың басынан осы уақытқа дейін кетпей отырған аянышты жағдай үшін Құдайтағаланы кінәлауға болмайды. Бар күнә Адам-Атада, не таңдаймын десе еркі бола тұрып, Құдай шындығына емес, күнә, арбаушының алдамшы сөзіне ерген Адам-Атаның өзінде. Адамзат тарихының сол күннен бастап, бүгінге дейінгі созылған тарихы, бұл — әу баста Адам-Ата айрылып қалған беделді кері қайтуының бос әурешілігі.

— Бұл әділетсіздік қой! — дерсіз сіз. — Зымыраған уақыттың таң шапағында алғашқы Адам-Ата жасаған күнә үшін біз неліктен бүгін жапа шегуіміз керек? Адамзат содан бергі жерде неліктен сауыға алмады?

Сол күнә үшін біз неліктен бұдан былай да кінәлі бола бермекпіз?

Жалаңаш, терең шатқалдың түбінде ағып жатқан мұздай сулы, түнек өзеннің тарихына қайта оралайықшы. Ол өзен-өзінің басталар жеріндегі көк майсасы құлпырған көрікті даласына неліктен қайта бұрылмайды? Ол неге өзінің қапас жолын тастап, жер астынан тұңғыш шыққан кездегі көз ұялта жалтыраған қуанышты тасқынға неге айналмайды?

Ол мұны істей алмайды, өйткені ол қолынан келмейді. Бір заманда бір істелген нәрсені қайта жөндерлік құдірет онда жоқ. Егер ол құмды жағалаудан қараңғы шатқалға бір рет бұрылған болса, күн сәулесі жарқыраған жарық елге қайта көтеріле алмайды. Ал, көтерерлік амал әлі бар, жол дәл қасында жатыр, бірақ, өзен, амал не, оны қалай пайдалануды білмейді де, қолынан келмейді.

Бұл өмірде адамзат өзенін ауыр халден жасыл, жылы алқапқа бұрып жіберерліктей керемет бола береді. Бірақ адамдар оны не көріп отырған жоқ, не құлқылары жоқ. Ол өзінің азапты жолын әрі қарай жалғастырып, теңізге сіңгенге дейін тоқталмастан жүре беруден басқа қолдан келер шара жоқ деп есептейді.

Өзен тарихы — Адам-Ата заманынан бергі бұралаңдаған, бұтақтанған, қатерлі қапасқа тереңірек құлай түскен пенделер тарихы. Біз бар даусымызбен айқалап, көмек шақырсақ та, біздер бәрібір Адам-Ата секілді жалған жол таңдаймыз. Біз қажыған кездері Құдайға қол жайып, басымызға түскен жағдайға Оны жазғырамыз. Біз Оның даналығы мен үкімінің әділдігіне күмән келтіреміз. Біз Оның сүйіспеншілігі мен қайырымдылығынан ақау табамыз.

Қазіргі кезде президент біздің еліміздің басшысы

екендігі секілді Адам-Ата адамзаттың басшысы болғанын біздер есімізден шығардық. Президент ел мүддесі үшін бір нәрсе істесе, бүкіл американдықтар соның істегенін істейді. Егер президент бір шешім қабылдаса, ол шешім бүкіл халықтың шешімімен бірдей.

Адам-Ата бүкіл адамзаттың басы. Ол арбауға елігіп, биіктен құлағанда, онымен бірге әлі дүниеге келмеген ұрпақ та құлады. Киелі кітапта айтылғандай, Адам-Атаның әр күнәсі үшін Оның ұрпақтары жауап береді. Адам-Атаның қылығы үшін бәрімізді жазалаған жантүршігерлік азапты сипаттаған Бастау Кітабындағы әр ащы жолдарды бәріміз де білеміз. «Сен үшін жер қарғысқа ұшырады. Өз ғұмырыңның бар күндерінде сен одан қасірет шеге қоректенесің. Ол саған терние мен волццы (терние мен волццы — адамды оңайлықпен өткізбейтін тікенді бұталар) өсіріп шығарады. Сонан соң даладағы шөпті жейсің. Өзің жаратылған жерге қайтып барғаныңа дейін қинала терге шомылып, тамақ жейсің, өйткені сен тозаңсың, сол тозаңға қайтып ораласың (Бастау 3,17-19).

Хауа-Анаға Құдай былай деді: «Сенің жүкті кезінде қасіретіңді көбейткен үстіне көбейте түсемін. Балаларыңды ауру үстінде табасың. Тек күйеуіңе ғана құштар боласың, әкімдікті тек сол жүргізеді» (Бастау 3,16).

Екінші сөзбен айтқанда, Адам-Атаның алғашқы жасаған күнәсынан кейін, бұрын тек әдемі әрі пайдалы өсімдіктер өсіретін жер, бұдан кейін оның жақсысын да, жаманын да өсіріп шығаратын болды. Бұрын бақшада жүрген пенде қол созса болды, тамақ өз-өзінен келіп, киімнен де, баспанадан да жоқшылық көрмеген ол, енді өзін де, бала-шағасын да асырау үшін өмір бақи еңбек етуге мәжбүр болды. Бұрын қайғы-мұңнан мүлдем бейқам әйелдерге қазір қасірет пен сырқаттың

ауыр жүгі түсті. Еркектер сияқты қазір әйелдердің тәні де, жаны да өлімге бұйырылды.

Күнә адамзатқа Адам-Ата арқылы енген еді, пенделер содан бері онан құтыла алмай жүр. Адам-Ата күнәға батпай тұрғанда Құдай оған таным ағашының жемісін жесе өлетінін ескерткені жөнінде Киелі кітапта жазылған. Киелі кітапта және де Құдайтағала Адам-Ата мен Хауа-Анаға құнарлы болып, көбейе берулерін, сөйтіп, жер үстін адамға толтыруларын тапсырғаны жазылды. Бірақ, олар Құдай кейпіне ұксас болып жаратылғандарымен, Адам-Ата мен Хауа-Ана күнәға батқаннан кейін өз балаларына да өз өмірлерінің үлгісін үйретті. Соның салдарынан Қабыл мен Әбілге күнәнің ажалды ауруы жұққан болатын, олар оны өз ұрпақтарына да жұқтырып кетті. Күнә біздің қанымызда бар. Сондықтан да біз қаншама талпынғанмен, өз күнәмізден бәрібір қашып құтыла алмаймыз.

Адам-Ата жоғалтқан жағдайды қайта оралтамыз деп, біздің істемеген нәрсеміз жоқ. Күнә мен бұзылғандықтың езгісінен арыламыз деп, білімнің де, фелсифаның да, діннің де, үкімет шараларының да көмегіне жүгіндік. Құдай тек ақылы айқын, есі бүтін пенделерге істететін істерді біздер күнәмен шектелген парасатымызбен атқарғымыз келді. Біздің бұл ойымызға игілікті себептер басшылық етті, кейбір талаптарымыз мақтарлықтай да еді, бірақ олардың бәрі-бәрісі көздеген нысанаға тиген жоқ. Біздер өз жолымызды бастаған нүктеге қайта оралмайынша, бізді алға жетелейтін біліміміз, ойлап тапқандарымыз бен атақ құмарлық мақсаттарымыз әлде де болса жеткіліксіз. Өйткені, біздер әлде де болса Адам-Атаның жасаған қателіктерін қайталап жүрміз, біздер Құдай заңына бағыну орнына өз күшіміз бен хұқымызға сеніп, патшалыққа жеткіміз келеді.

Дүниенің билігін күнәнің қолына бергені үшін Құдайтағаланы әділетсіз немесе парасатсыз деместен бұрын бар жағдайға зер сала қарап көрейік. Қайырымы шексіз Құдайтағала тығырыққа тірелген біздерге жол тауып берсін деп Өзінің Ұлын жіберді. Ол бұрын Адам-Атаны қандай сыннан өткізсе, ол бұл жолы Өз Ұлын да дәл солай сынамақ болды, сөйтіп, оларға үстемдік етуді ойластырды. Адам-Атаны эзезіл қалай арбаса, Иса Мәсіхті да дәл солай еліктіруге тырысты. Адам-Атаға Хауа-Ана арқылы ықпал еткені секілді, егер Иса Мәсіх Құдайдан бас тартса, шайтан Оны билік пен даңққа бөлеуге уағда берді.

Иса Мәсіхтің бұл арбауға қалай қарсы тұрғанында үлкен ерекшелік бар. Эзезіл бар әлемнің патшалығын Исаға көлденең тартып, егер Ол Құдайға ермей оған ерсе, сол патшалықтың барлық даңқын қолына ұстататындығын айтқанда, біздің Құтқарушымыз былай депті: «Меннен аулақ жүр, ібіліс. Өйткені, тек Тәңір Құдайға табын, Соған ғана қызмет қыл! — деген жазу бар!» (Мат. 4,10). Ол арбаушыны осылай жеңіп, бар халыққа және адамзаттың келер ұрпаағына Өзінің пәктігін дәлелдеп кетті.

Өзіміздің әлсіз де, бұзылған табиғатымыз арқылы біз Адам-Атаның шын ұлдары екендігімізді және оның артынан бойсұнып ергенімізді дәлелдедік. Біз Адам-Атаны қарғасақ та жарасады, сөйте тұра, біз оған еліктейміз.

Адам-Ата бастан кешкен сынақ біздің де басымызға түспейтін бірде бір күн жоқ. Құдайдың шын Сөзі мен жын-перінің мекерсуінің қайсысын таңдауды білмей дағдармайтын да күніміз жоқ. Адам-Ата менсінбеген жұмаққа өзіміз де, өзгелер де бір табан жақындай аларлықтай мүмкіндіктер күн сайын болып тұрады.

Біздер ауру, өлім, түңілулер жоғалатын күнді аңсаймыз. Бірақ біздің бұл арманымыз біздер Адам-Атаның қайта жаңармаған ұлы боп тұрғанымызда ешқашан орындалмайды. Біз өз күнәмізді қайткенде жеңе білуіміз керек. Біз келесі тараулардан Құдайтағала адамдардың келелі мәселелерін шешу үшін не істегенін біле аламыз.

Адам баласының әлмисақтан осы күнге дейін билікке жармасып келуі, өзіне берілген еркін таңдау мүмкіндігін тек өз бас пайдасына пайдалануға тырысуы — оны жар жиегіне әкелді. Бір замандарда өркендеген өмірдің жермен жексен болған қалдықтары — адам баласының бұл дүниеде Құдайдың көмегінсіз ештеңені мәңгілік етіп жасай алмайтындығының тілсіз куәсі. Күн сайын жаңа сынықтар, жаңа бақытсыздықтар пайда болуда, сөйте тұра адамдар пәлелі жолдан бұрылмастан келеді.

Құдайтағала осының бәрін Өзінің шексіз даналығы мен мейірімділігінің арқасында көре білді, ақылға сиыспайтын шыдамдылық, аяушылық жасап, мұндайды күтті де. Құдайтағала Өзінен рахым тілегендерге құтқару мен тыныштық ұсынғысы келіп отыр. Оның Адам-Атаның алдынан ашқан сол екі жолы осы күнге дейін біздің де алдымызда жатыр. Таңдау жасауға біз әлі еріктіміз. Біздер Құдайтағала бізге лайық жазаны тежеген шапағаттылық заманда өмір сүріп отырмыз.

Пенденің күнәһарлығы оның бақытты болуына мүмкіндік бермей отыр. Өзі аңсаған құрғақ қиялға өмір бойы жете алмауы да осы күнәһарлықтың кесірі. Адамдар жасап жатқан өркениет ақыр соңы қирайды да, ұмыт болады, өйткені адамның әрекеті әділдіктен тыс жатыр. Қазіргі кезде бізді қоршаған қоқыстар бар әлемді белшесінен батырған күнәнің айдан анық белгісі.

Бұл бар әлемнің түкпір-түкпірінде үстемдік еткен себеп пен салдардың мәңгілік заңы туралы ұғымды адамдардың ұмыта бастағандығының белгісі. Салдар-жеткілікті айқын. Ал бәр-бәрісіне айтқанын істеткен себеп біз үшін әлі де болса күңгірт. «Прогресс» деп аталатын қазіргі фәлсафаның жарқылы адамдарды мүмкін, соқыр еткен де болар. Адамдар, мүмкін, өздерінің қолдан жасалған зердесіз пайымдарына көзсіз ғашық болғандықтары соншалық, адамзат өзінің жан-жақты және ақырғы толысуына ақырындап болса да айқын бара жатыр деген нанымнан үзілді-кесілді айырылғысы келмейтін де болар.

Көптеген фәлсафашылар әлемнің бүгінгі аянышты халі жетілу, толысу жолындағы кездейсоқ нәрсе деп қарсылысып жүр. Сонан соң болашақтың көрінісі адамзат тарихында бұдан бұрын да талай мәрте осылайша күңгірт боп көрініп, алдағы үміттің де жоғалған кездері болғандығын айтар. Сонсын олар біздің басымыздағы қазіргі мұңлы жағдай ол да емес, бұл да емес, келе жатқан күннің азаппен тууы дейтін де болар. Адамдар әлі балабақшадағы әр нәрсеге сүрінген бала, сияқты, сондықтан олар мұнан жүздеген жылдар өткен соң кемеліне келіп, ақылдары толығатын, өздеріне дәл қазір титімдей де ұқсамайтын жандар, — деуі де мүмкін.

Бірақ, Киелі кітап жаратылыс ғылымдары күмілжіп, кібіртіктеп айтатындарына ашық дауыспен айқын анықтама береді. Мысалы, бұл дүниеде жаратушының да, еліктірушінің де бар екеніне табиғаттың өзі куәлік етіп отыр. Адамдар еліктірушінің әрекетіне Жаратушыны кінәлайды. Бірақ, ол бұл әлем Жаратушы жаратқан кездегідей емес, көп бұрмаланып кеткенін ұмытып отыр. Құдайтағала әлемді ғажап етіп жаратты,



бірақ оны күнә бұзды. Құдайтағала пендені де пәк етіп жаратты, бірақ оны да күнә баурап, мүкіс қылды. Жауыздықтың қай түрі болмасын күнәһарлықтың нәтижесі, адамдарды о баста бұзып, содан бері оның болмысынан кетпей жүрген күнәнің салдары. Ол әр түрлі жолдармен бой көрсетсе де, сол күнә африкалық жабайы адамның қолына садақ ұстатып, орман кездіріп, құрбандық іздеткені секілді, білімді, мәдениетті, тәжірибелі ұшқышты ракеталық самолетпен дәл сол орманның үстімен ұшырып, еш қаперсіз бейбіт жатқан деревняға бомба тастатады.

Осы екі адамның арасында мәдениеттің талай ғасыры жатыр. Оның біреуі екіншісіне қарағанда әлдеқайда «прогресшіл» де, оның қолында өркендеген заманның ең жетілген құралы, ал екіншісі жаратылысынан жабайы, дөрекі. Сөйте тұра, олардың арасында көзге ұрарлықтай қандай айырмашылық бар? Олардың екеуін де өз замандастарына деген сенімсіздік пен қорқыныш билеп тұрған жоқ па? Олардың екеуін де өз мақсаттарына жету үшін өз ағайындарын оққа байлаған менменшіл сезім басым келіп тұрған жоқ па? Екеуі де Адам өлтіруге арналған соң, садақ пен бомбаның арасында қандай айырмашылық бар? Біздің арамыздағы «жабайылар» мен «прогресшілдер» өз жақындарын қадірлегеннен гөрі көбірек өлтіргісі келіп тұрғанда біздер келелі мәселерімізді шеше аламыз ба?

Біздегі барлық қасірет, бар күйініш, бар зорлық-зомбылық, бар трагедия, адамзат тарихындағы жан ауыру мен ұят атаулының бар мәні бір-ақ сөзге тіреледі, оның аты — күнә. Бұл — жалпы жұртқа көп тараған, сәнді де сөз емес. Сөйте тұра, дене түршіктіретін неткен дәл сөз!

Өз туысқандары түгіл ата-бабаларының да күнәһар

болғандығына қарамастан, адамдар өздерін «күнәһарсың» дегенді жақтырмайды. Бірақ, Киелі кітап былай дейді: «Яғни айырмашылық жоқ; өйткені бәрі де күнәға батты және Құдайдың даңқынан айырылды» (Рум. 3,22-23). Құдайдың көзінде жер үстіндегі бар адам — күнәһар, — дейді Киелі кітап. Егер мен бұл сөзді шайып-жуғысы келген біреулерді көре қалсам, менің есіме бір күні пасторға келген біреу түседі.

— Құрметті Пастор, — деген еді ол, — сіз шіркеуде күнә жайлы айқын да көп айтпауыңызды қалар едік. Біздің жігіттер мен қыздар күнә жайлы естіген сайын күнәға батуға ынтыға түседі деп ойлаймыз. Сіз неге «қателік» деп сөйлемейсіз? Немесе, «біздің жастар дұрыстап байымдай алмаудан көп зардап шегіп жүр» демейсіз? Күнә жөнінде ашық айта көрмеңізші бұдан былай.

Мұны естіген Пастор орнынан тұрды да, сөредегі шөлмекте құюлы тұрған уды алып, әлгі кісіге көрсетеді. Шөлмектің сыртында үлкен қызыл әріппен «У! Қол тигізбеңдер!» — деген жазу бар екен.

— Сіздерге менен не керек? — деп сұрайды Пастор. — Егер мен мына жапсырманы алып тастап, оның орнына: «Шие тұнбасы» деген жазуды жапсырсам, менің бұл ісім естілік болар ма еді? Сыртындағы жазу неғурлым тәтті болса, ішіндегісі соғурлым ащы, әрі қауіпті болатынын өзіңіз көріп тұрған жоқсыз ба?

Күнә — ашық күнә, тіпті, Адам-Атаны да жолдан тайдырған күнә, бүгіндері біздерді де қасіретке ұшыратқан, залалға батырған, зияны тиген күнә, егер біз оны әдемі, тартымды атпен атайтын болсақ, оның біздің өмірімізге қатері бұрынғыдан бетер күшеймей ме? Бізге жаңа атаудың еш қажеті жоқ. Біздерге сол бұрыннан бар сөздің шын мағынасын аша түссек, —

сол да жеткілікті! Өйткені, бұл дүниеде күнәһарлық басым тұрса да, «күнә» деген сөздің шын мәнінен мүлдем бейхабар адамдар да аз емес. Күнәға деген осы жалған, жеңілтек көзқарас көптеген еркектер мен әйелдерді дұрыс жолға салуға бөгет болып отыр. Күнәһарлықты шын түсінудің жетіспеушілігі көптеген Мәсіх жолын қуушыларға Мәсіхке тәу етіп, өмір сүруге тосалқы болуда.

Бір ескі рухани әнде: «Аспан жайлы айтқандардың бәрі, ол жаққа бара бермес» делінген. Бұл сөздің күнәға тікелей байланысы бар. Күнәні сөз еткеннің бәрі бірдей оның не екенін анық білмейді. Сондықтан да күнә туралы Киелі кітаптың не айтатынымен танысуымыз керек.

Біз күнәға жеңіл-желпі қарап, оны «адамдардың әлсіздігі» дей салуымыз да ғажап емес. Біз оны түкке тұрмайтын нәрсе дегенімізбен, Құдай оны трагедия деп атайды. Біз күнәһарлықтың қасынан кездейсоқ оқиғаның қасынан өткендей болып, оншама мән бермеуіміз мүмкін. Ал, Құдай оны жексұрындық деп біледі. Адам өз күнәсынан ақталғысы келеді. Ал, Құдай күнәсін мойындатып, одан құтқарғысы келеді. Күнә — ермек қылатын ойыншық емес. Ол — жан түршігетін қорқыныш. Оған жолықпаған жөн. Құдайдың көзіне күнә не боп көрінетінін білуге тырысыңдар!

Доктор Ричард Биль күнә туралы бес анықтама береді.

Бірінші: Күнә дегеніміз заңсыздық, ол Құдай заңын бұзушылық (Жохан 3,4). Құдай жақсылық пен жаманшылықты шекарамен бөлді. Егер біз сол шекараны аттап өтсек, онда біз тиым салынған өлкеге баса көктеп кіргендігіміз үшін кінәліміз де, заңды бұзған боп саналамыз. Егер біз он өсиетке сәйкес өмір сүрме-

сек, егер біз тау уағызына құлақ аспасақ, біздің мұнымыз Құдай заңын бұзғандығымыз және күнәға батқанмыз. Біз сол үшін айыптымыз.

Елші Жақыптың да дәл тауып айтқан мына бір сөздері бар: «Әркім өзінің құймырлығына (Құймырлық — орысша «похоть») әйелжандылық, еркекжандылық) қарай құмарланады да арбауға түсіп қалады. Ұрықтанған құймырлықтан күнә туады да, күнәдан қылмыс туады» (Жақ. 1,14-15). Міне, сондықтан да біздер Құдай заңын бұзамыз. Оның өсиеттерін жер қыламыз, күнәһарлыққа солайша барамыз.

Екінші: Киелі кітап күнәні шыншыл еместік деп суреттейді. Шыншыл еместік — әділдіктен бұлтару деген сөз. Жалғандық — ол біздің тыс көзден және Құдайдың назарынан жасырғымыз келген ішкі ниетіміз. Бұл, негізінен, біздің құймырлық табиғатымыз бен кейбір жағдайлар еріксіз істететін теріс қылық.

Иса Мәсіх ішкі құймырлықты сипаттай келіп, былай деді: «Өйткені, жауыздық ой да, зинақорлық та, кісі өлтіру де, ұрлық та, парақорлық та, ашу да, тек те, зұлымдық та, қажетсіздік те, күншілдік те, Құдайға тіл тигізу де, тәкаппарлық та, ақылсыздық та адамның ішінен, жүрегінен шығады» (Мар. 7,21-23).

Үшінші: Киелі кітап күнәні нысанаға тигізе алмау, мүлт кету, — деп түсіндіреді. Құдайдың мақсаты — Мәсіх. Оның бар өмірінің мақсаты мен түпкі бағдары Құдай кейпіне енген үстіне ене түсіп, күн кешу болатын. Ол бізге адам жер үстінде не нәрсеге қолы жете алатынын көрсету үшін келген болатын. Оның үлгісіне ілескіміз келмесе, біздер мүлт кетеміз де Тәңірдің үлгісінен тайқып шығамыз

Төртінші: күнә дегеніміз — қылмыс. Бұл — Құдай билеген өлкеге өздігімізбен баса көктеп кіру. Күнә —

бұл тек теріс қылық та емес, Құдайға деген сүйіспеншіліктің жоқтығы да емес. Күнә дегеніміз-болымды таңдау, Құдайдан өзін жоғары бағалау, жүрегіңнің бар сезімталдығы мен қайратын Құдайға бағдарлау орнына өзінің «мен» деген ұғымын биікке көтеру. Менмендік пен намысқойшылық та, ұрлық пен адам өлтіру секілді зор күнә. Мүмкін, ол шыныдағы уды аңғармаудың оңайлығы секілді, күнәнің оңтайлы, бүлдіргіш түрі болар. Кімде-кім өз құлқы үшін жанталаса жармасса, кімде-кім бар назарын тек өзіне аударса, кімде-кім тек бас пайдасын ойлап, тек өз хұқы үшін күрессе — онда олар да маскүнемдер мен нәпсіқұмарлар секілді барып тұрған күнәһарлар.

Иса Мәсіх былай деді: «Бар әлемді иемденгенімен, жанына залал келтірсе, одан адамға не пайда? (Мар. 8,36). Бұл сөздерді бүгінгі тілмен былай деуге болады: «Адамға бүкіл бір өндірістік өлкенің патшасы болғанымен, егер оны қатерлі ісік жеп, бұл өмірдің еш қызығын көре алмаса, оған одан не пайда? Бар әлемнің жартысын өзіне бағындырған өмірші кекшілдің оғы мен кісі өлтіргіштің қанжарынан күндіз-түні қорқып күн кешсе, ондай өмірдің не қызығы бар? Балалары әкесін қартайған шағында жалғыз тастаса, оларды қатал тәрбиелегеннен не пайда?»

Расында да менмендіктің күнәсі — өлім күнәсі.

Бесінші: күнә дегеніміз-сенбеушілік. Сенбеушілікті күнә дейтініміз — ол Құдай шындығын қорлау. «Құдай Ұлына сенушінің куәнамасы — өзі. Құдайға сенбейтіндер Оны өтірік деп біледі, өйткені, Өз Ұлына куәлік еткен куәнамаға сенбейді» (1 Жох. 5,10).

Аспанның қақпасын жауып, тозақтың дарбазасын ашатын да — сенімсіздік. Құдай Сөзін қабылдамай, Мәсіхтен Құтқарушы ретінде де бас тартқызатын —

сенімсіздік. Адамдарды Інжілді тыңдауға саңырау етіп, Мәсіхтің кереметтерін жоққа шығартушы осы сенімсіздіктің салдары.

Күнәнің артынан өлім жазасы келеді. Еш адамда күнәнің жазасынан құтылып кетерліктей, немесе өз жүрегін оның кеселінен тазартарлықтай қабілет жоқ. Адам да, періште де өз күнәсін өтей алмайды. Тек Мәсіхке тәу етуден ғана күнәнің емін табуға болады. Күнәһарды күтіп тұрған тағдырдан тек Мәсіх қана құтқара алады. «Өйткені, күнәнің жазасы — өлім» (Рум. 6,23). «Құнәға барған жан да өледі» (Қесек. 18,4). «Адам өз ағайынын құтқара алмайды және Құдайға ол үшін құн да төлей алмайды» (Жырл. 48,8). «Құдай қаһарланған күні оларды алтыны да, күмісі де ешқайсысын құтқара алмайды» (Соф. 1,18).

Адамды құтқарудың жалғыз орны Голгофта, бұл — «Маңдай орын» деген сөз. Дәл ортадағы айқыш ағашқа тікенек шөптен тәж кигізілген Адам керілгенде, оның екі жағына кісі өлтіргіштер дәл солай керілген. Оның аяғы мен қолынан да, түйрелген бүйірінен де қан ағып тұрды, көзіне де қан тамшылады, ал Оның алдында тұрғандар сақылдап күліп, қорлаумен болды.

Қинауға түскен бұл қандай Жан, басқалар Оны кемсітіп, сонан соң өлтіргісі келіп тұрған бұл қай Адам? Бұл күнәға белшесінен батқан жерге келуге тиісті Құдай Ұлы, әлемнің Қнязі, аспан Өкілі. Оны көргенде періштелер де беттерін жауып, алдына жығылатын. Сөйте тұра, қабыл алынбаған және қаңға боялған Ол айқыштың жан түршігерлік ағашында керулі тұр.

Адамның зәре-құты ұшатын осы бір жерге Оны нендей жағдай әкелді? Бізді сүйіспеншілікке баулуға келген осы Адамды мұншалықты қинаған кім? Оны істегендер — сіздер мен мен, өйткені, Иса Мәсіх сіздер

мен менің күнәларымыз үшін айқышқа керілді. Осы бір естен кетпес сәтте адам баласы күнәнің көз түрткісіз қараңғылығына сүңгітілді, түпсіз шыңраудың, ең түбіне түсті, ең ақтық шегіне жетті. Сондықтан да күн де шыдай алмай, бетін жапқанына несін таң қаламыз?

Қап! Құтқарушым қанға боялды  
Тәңірім өлуге айналды.  
Өзін құрбандыққа беріп,  
Мен үшін азап шеккен Ол — Кім?

Күнә осы айқышта өзін де басып озды. Бірақ, Мәсіхті айқышта керген күркүр адамдарға азаттықтың қақпасын ашқан күркүр болды. Ұят пен өшпенділіктің күнәлік шоқтығы Құдайдың қайырымдылығы мен кешірімділігінің де шоқтығы болды. Құдайдың Құрбан Қозысының айқышта өлуі арқылы Мәсіхке сенушілердің бәрінің де күнәлары айқышқа бірге шегеленді. Оның өлімі біздің болашақтан үмітімізге — негіз, жеңісімізге — ант болды. Мәсіх біздің күнәмізді Өз Денесімен айқышқа Өзі апарды. Ол біз үшін өлді де, қайта тірілді. Құдайдың адамға берген уағдасының шын екенін дәлелдеді. Егер сіз бүгін Мәсіхті сеніммен қабылдайтын болсаңыз, онда сіз күнәнің кісенін шешесіз де азаттық алып, Иса Мәсіхтің сүйіспеншілігі арқасында сіздің жаныңыз күнәдан тазарып, өлімнен құтылғанына илана берсеңіз де болады.

## БЕСІНШІ ТАРАУ

### ШАЙТАН

«Өйткені бұл қан мен тэнге қарсы арпалыс емес, бастықтарға, өкіметке, осы заман түнегінің әлем басқарушыларына, аспан астындағы жауыздықтың рухына қарсылық»

Ефес. 6,12.

Өмірде, бүгінгі болып жатқанның бәріне шайтанның араласуы басты себеп болып отыр. Киелі кітап бұл ежелгі дұшпанды сипаттай келіп, былай дейді: «Бар әлемді азғырып еріксіз еліктіруші, шайтан мен ібіліс деп аталатын алып аждаһа мен ежелгі жылан» (Аян. 12,9) және олар барша жұрт пен халықтарды абыржуға түсіреді. Және оның не істегені қадам басқан сайын көрініп тұрады.

Біздің күнделікті өмірімізге тыныштық келе жатқаны білінсе болды, түсініспестік, күдік пен сезіктенушілік бірден бұрк ете қалады да, көптен бергі шыдамдылықпен атқарып келе жатқан ісіміз зая кетеді. Өйткені, шайтанның бар мақсаты-адамзаттың еш қуанышы жоқ қара өзені мерзімі біткенге дейін азапты жолмен аға беруі. Адам-Атаны Әдемде жолдан тайдырған ол, оның ұрпақтарының да жан дүниесін уысымда ұстаймын деген сенімде.



Шайтанның бар екендігі жайлы ойланбайтын бірде бір зерделі адам бұл дүниеде жоқ. Оның барлығына ешқандай күдік болмаса керек. Біз аттап басқан сайын оның өктемдігі мен әсеріне кезігіп отырамыз. Шынтауайттап келгенде, мәселе шайтанның бар екендігінде емес, оның неліктен пайда болуында.

Құдайтағала алғашқы адамды жаратқанға дейін-ақ шайтанның болғандығын Адам-Ата мен Хауа-Ананың тарихынан білеміз. Ол кезде жауыздық та болған, әйтпесе Құдайтағала жемісі жақсылық пен жамандықты білдіретін ағашты да жаратпас еді. Егерде жауыздықты жолатпайтын қорған керек болмаса, ондай ағаштың да қажеті болмас еді, тіпті, оның өзінің болуы да нағайбыл нәрсе.

Біз бұл жерде еш түсіндіруге көнбейтін құпиялықтың ішіндегі ең маңыздысы — ұлы құпияның алдында тұрмыз. Ең Құдіретті, ең Киелі, бәрімізге деген Сүйіспеншілігі ең биік Құдайтағала қалайша жауыздықты жаратты, жын-перілердің жауыз болуына қалайша жол берді? Адам-Ата неліктен алдауға түсуге тиіс болды? Хауа-Анаға күнәһарлық ой кіргізу үшін, шайтан жыланның тәніне кіргенде Құдай оған неліктен өлім жібермеді?

Киелі кітап бізге бұл сұрақтарға жауап боларлықтай бірнеше тұспал білдіреді. Бірақ, Ол Құдайтағала өз мақсатына жетуге дәнекер болатын шайтан мен оның айналасына жол беріп тұрғанда, адам ол сұраққа тиянақты жауап ала алмайтынын айқын сездіреді.

Адам-Ата жолдан таймастан бұрын, тіпті, одан да көп бұрын Құдайтағала жаратқан әлем тек Құдай алдында жауапты періште немесе жебірейіл бақылаған және олар ықпалдарын жүргізген жеке аймақтарға бөлінген болуы ықтимал. Елші Пауыл бізге былай дейді:

«Аспандағы болсын, жердегі болсын, көзге көрінетіні де, көрінбейтіні де, тақ па, тақсырлық па, бастық па, әлде әкімдік пе, бәрібір, барлығы Онікі және Ол үшін жаратылған» (Қол. 1,16). Киелі кітап араларында тәртіп орнаған және кейбірінің қуаты басқаларынан мықты болған періштелер мен жәбірейілдерді нұсқай отырып, олар жайлы жиі айтады.

Шайтан да, мүмкін жер үстінде дәл өз өлкесіндегідей патшалық еткен құдіретті аспан әміршісі болған болар. «Жарық шығаратын» Люцифер сияқты белгілі ол, Құдайға өте жақын тұруға тиіс-еді, — жақындығы соншалық, оның жүрегін атаққұмарлық пиғыл меңдеп, ол бұдан былай Тәңірдің құлы болмай, Құдайдың Өзімен теңескісі келді!

Құдайдың қалауымен бұған дейін ғажап та, үндес болып келген әлем дәл осы сәтте қақ айрылып, оның бір бөлігі Құдайға қарсы шықты. Шайтан осылайша Құдайға қыр көрсетіп, өз әкімдігін жүргізуге талпынды. Ол Құдай басқармасындағы өз жай-күйінен бас тартып, аспан әлемінің төменгі жағына түсті де, өзінің жоғарыдағы Құдаймен тең екендігін жариялады. Құдай оны бір кездері осы әлемнің князі еткен болатын. Мәсіхтің өлімі оны қуу үшін заңды негіз болғанымен, Құдай оны бұл орнынан кетірген жоқ. Осылайша бөлектеніп кеткен шайтан содан бері Құдаймен үздіксіз жағаласып келеді. Ол құдіретті патша секілденіп, өз қол астындағы түнек періштелерімен бірге жер үстінде өз патшалығын орнатты.

Иса Мәсіх пен Оның шәкірттері жер үстінде жын-перілер бар екенін жақсы білетін. Матай жазған ізгі хабарда Иса Мәсіх пен шайтанның арасында болған әңгіме сол күйінде келтіріледі (Мат. 4,1-10). Парызшылар (фарисейлер) үшін де шайтанның бар екендігі

нағыз шындық болатын. Олардың бұған сенетіндіктері соншалық, парызшылар Иса Мәсіхті — жын-перілерден күш алып жүрсің-деп айыптады! (Мат. 12,24). Иса Мәсіхтің Өзі де шайтанның бар екендігіне және олардың жер үстінде жүргізетін әкімшілігіне де еш күмәнданбайтын.

Шайтанның құдіреті елші Иуданың арнау хатында да айқын сипатталады: «Михаил Жәбірейіл Мұсаның денесі жайлы шайтанмен талас әңгіме үстінде мінеу сөз айта алмағанымен: «Тәңір саған тиым салсын!» — деген еді» (Иуда 1,9).

Қазіргі кезде шайтанның күшін өз дәрежесінде түсінбеушілік бар. Бұл — ортағасырлық дәуірде шайтанды әжуалап суреттеудің кең етек жаюының салдары. Шайтаннан қорыққан адамдар сол үрейлерінен аздап та болса арылу үшін, оны басында — мүйізі, артында — құйрығы бар құбыжық етіп келемеждеді. Сол суреттерде оның қолына айыр ұстатып, бетіне есалаңның ыржағын салғандықтан оны көрген жұрт: «Мынадай сұмпайыдан қорқатын кім бар?» — деген ойға қалатын болды.

Бірақ, шындық мынада: шайтан — ұшқыр ақылы, шексіз тапқырлығы бар әрі рухы дарынды әм қуатты нәрсе. Ол Құдайдың ең ұлы, ең ойлы періштесі болғандығы да ықтимал екендігін естен шығарамыз. Ол-өзіне Құдай берген қабілетті Тәңірдің игілігі орнына, өз мақсатына жұмсағысы келген жан-жақты жетілген рух. Оның дәлелдері — жарқын, мақсаттары — айқын, қисындары — жойқын, Ол мүйізі мен құйрығы бар секектеген жәндік емес, Құдайдың ең қуатты дұшпаны, және де, өзін өзі көрсету үшін бар мүмкіндікті пайдалана алатын, көз келген жағдайды өз пайдасына бұра білетін, шексіз күші, тамаша ақылы бар айбынды князь.

Шайтанның жалған пайғамбарды да қолдан жасай алатындығы жайлы Киелі кітап қатты ескертеді. Шайтан қазіргі жайлаған сенімсіздік пен күдіктің қираған қонысына Мәсіхке қарсы жалған патша да отырғыза алады. Құтқарушысы жоқ дін жасау да оның қолынан келеді. Ол Мәсіх жоқ шіркеу де салдыра алады. Ол өзіне Құдай Сөзінсіз-ақ құлшылық етуге шақыра береді.

Елші Пауыл осылар жайлы күні бұрын ескертіп, былай деді: «Хауа-Ананы жылан құлықпен жолдан тайдырғаны секілді, Мәсіхке тәу етудегі қарапайымдылықтан ауытқыған сіздің зерделеріңізге де нұқсан келе ме деп қорқамын. Өйткені, әлдекімдер келіп, біз уағыздамаған басқа бір Исаны уағыздай бастаса, немесе сіздер білмейтін басқа бір Рухты алатын болсаңыздар, немесе сіздер қабылдамаған басқа бір ізгі хабарға жолығатын болсаңыздар, онда сіздер оған кешірімділікпен қарар едіңіздер... Өйткені, мұндай жалған елшілер мен айлакер іскерлер Мәсіхтің Елшілері кейпіне енеді» (2 Қор. 11,3-4.13).

Біздер Мәсіхке қарсылар пайда болып, адамдардың жүректері мен зерделерін еліктіріп әкетуге тырысатындықтарын білеміз. Сол нәрсе жақындап келеді, сахна дайын: бар әлемге абдырау, қорқыныш, дүрлігу келді. Жалған пайғамбардың белгісі, аттап басқан сайын кездеседі, енді талайлар осы мәңгі бақи драманың соңғы актісінің басталу сәтінің куәсі бола алады. Мұндай нәрсе қазіргі кезде де болуы мүмкін, өйткені қарқын өсе түсуде, оқиға асығыс басталуда, сондай кезде оны біліп істесін, не білмей істесін, бәрібір, шайтан мен Құдайдың біреуін таңдап алып, соның жағына шығып кететін талай еркек пен әйелдерді көріп жүрміз.

Бұл өмір мен өлімнің бетпе-бет кездесіп, бел шеш-

кен айқасы болады. Бұл айқаста кешірім деген атымен болмайды, көмек те, немесе ерекшелік те ауызға алынбайды. Адам болмысындағы бұл күрес сонау бағзы заманда, жұмақтағы бақшада шайтан адамзатты арбап, оны Құдайдан азғырып алып кеткенде, әр адамда әр қилы қалау болатынын пайдаланып, олардын әрқайсысын өз беттерімен кетулеріне мәжбүр еткен шақта басталған болатын. «Біз бәріміз қой секілді шарладық, әркім өз жолына елікті. Тәңір сонсын біздің бәріміздің күнәмізді Оның мойнына жүктеді» (Ишая 53,6). Бұл күрес уақыты ада болып, мейірімділіктің күші үстемдік алып, таққа Шын Патшаны отырғызғанға дейін жалғаса бермек.

Дәл қазіргі тарихи кезеңде қуатты екі үшбірлік бетпе-бет кездесіп тұр: Әулие Үштік (Пресвятая трицца-Әкесі, Ұлы және Киелі Рух) және шайтанның адамзатты табындыруды көздеген жалған үшбірлігі — шайтанның үшбірлігі (шайтан, Мәсікке қарсылық, жалған пайғамбар) әулие Жоханның Аян Кітабында былай суреттеледі: «Мен аждаһаның аузынан шығып келе жатқан құрбақа секілді сұмпайы үш рухты көрдім» (Аян 16,13)

Бұл күштер ұйықтап жатсаңыз да, ояу болсаңыз да, бір секундқа да сіздің қасыңыздан кетпейді. Бұлардың қайсысын жақтап шығатыныңызды өз еркіңізбен шешетін бір сәтті де таба алмайсыз. Бір жағыңызда сізді арбап, азғырып, қорқытып, еліктіріп шайтан тұрады. Екінші жағыңызда әрдайым бәріне кешірімді, бәріне сүйіспеншілікті, сізді Өзінен көмек сұрайды деп күтіп, сізге жауыздықты жеңетін күдіретті күш беруге дайын Иса Мәсіх тұрады.

Сізді алапат қайғы мен қорқыныш билеп, оқиганың езгісі алдында сізге жеңілдік бермейтін дәрменсіздік

басып, торығу мен түңілу қабат келген шақта, шайтан сіздің осал жеріңізді дөп басып, Адам-Атаның жолына салуға тырысады.

Осындай опатты сәтте Иса Мәсіх сізді тастап кетпегенін есіңізге түсіріңіз. Ол сізді қорғансыз тастаған жоқ. Арбау мен сынау сәтінде Ол қалай әзәзілге үстемдік етсе, сіздерде арбаушыны дәл солай етіп күн сайын жеңесіңдер деп уәде берді. «Құдай Ұлы сондықтан да шайтанның ісін қирату үшін келді» (1 Жох. 3,8).

Киелі кітап бізге Тәңірдің сүйіспеншілігі жайлы қайта-қайта айтады. Құдай мен біздің ортамызға килігіп, адам жанын өз қармағына түсірудің сәтін күткен шайттаннан бізді қайта-қайта сақтандырады. «Айығыңдар, қалғымандар, өйткені сіздің жауларыңыз шайтан-жұтатын біреулерді іздеп арыстан секілді арқырап жүр» (1 Петір 5,8). Киелі кітап шайтанды бейне ретінде сипаттайды, ол адам әрекетінің билігін өз қолына алып, бағдарлап отыруға талпынған түн-түнек перісін басқарады. «Ауада билік қылған княздің, онымен қарсыласқан ұлдардың әрекетіндегі рухтың ықтияры бұл» (Ефес. 2,2).

Жын-перінің, шайтанның бар екендігіне бір сәтке де күмәнданбаңыз! Ол — бейне, нағыз шын бейне! Ол өте ақылды! Егер сіз шайтанның бар екендігіне аз да болса күмәндансаңыз, бүгінгі газетіңіздің бірінші бетіне қараңызшы! Сізге бұлтартпайтын дәлел керек болса, радионы қосыңызшы немесе телевизормен берілетін күнделікті жаңалықты тыңдаңызшы!

Жауыздықтың тырнағында болмаса, есі бүтін әйелдер мен еркектер өздерін-өздері осылай ұстай ма? Жүректеріне Құдайдың сүйіспеншілігі мен нұры түскен адамдар біздер күнде естіп жүрген бұл секілді озбырлық пен жауыздыққа қалайша барады? Білімді, мәде-

ниетті, адал адамдардың ой-түйсіктері бұзылған және әдейі перделенген болмаса, конференцияға жиналған кездері басқа адамдардың қажеті мен мақсаттарын түк түсінбегендік сыңай көрсетер ме еді?

Мен зұлым рухтың түнегін басқарған шайтанның бар екендігін әжуалаған «көзі ашық» адамның пікірін естіген кезде, Альфред Гугтың (Гугтың өлеңіне мағыналық аударма жасалды) мына бір өлеңі есіме түседі:

«Жын-шайтанға» әкелеріміз сенгендей  
сенбейміз біз,

Оларды ілгері жібердік те, есікті тарс  
жауып алдық біз,

Шайтанның тұяғының ізі жоқ қазір жерде,  
Шайтанның күлкісін де естімейміз қазір.

Бірақ, бізге ор қазған кім, қорқытқан кім?  
Құдайдың ізімен жүріп, егістікке үрбидайық  
(Үрбидайық — плевел «арамшөп») сепкен кім?  
Ие, «жын-шайтан» жоқ, сенеміз оған!  
Бірақ, оның ісін істейтін кім, әлемге  
түнек егетін кім?

Ол жер бетінен кетті, — дегенді айтты бізге,  
Бірақ, жақыннан да, алыстан да естілген  
дауыс кімдікті?

Әр елде әрдайым көрінетін  
қорқынышты кейіп кімдікі?  
Ортамызда «жын-шайтан» жоқ деп шешкен соң.

Бірақ, жер үстінде осынша қылмыс  
қайдан шықты?

Бұл сұраққа айқын жауап кім береді?  
 Жын-шайтанды қойдық біз және бұған сенеміз,  
 Олай болса, оның ісін кім істеп жүр?  
 Айтыңыз.

Шындығында да солай: Қазір қай жерде болмасын қаптап кеткен ұждансыздық, жанталасқа кім жауапты? Егер зұлымдықта күш қалмаса, барлығымыздың басымызға түскен қайғы-қасіретке кім кінәлі? Біздерге шынымен-ақ «оқу өтіп кетті», миымыз ауысты, өйткені ғылыми жолмен дәлелденді дегенге иланып, шайтанның табиғаттан тыс күшіне сенуден қалдық.

Джордж Гелловэй қазіргі тәрбиенің күдікті табысын сипаттап, былай деді: «Әлемде Құдаймен қарсыласқан, ол жеке бастан немесе басқадан шықсын, әйтеуір бір күш немесе бір негіз бар деген теорияны қазіргі ақыл-парасат жоққа шығарды».

Қазіргі парасат шайтанды, мейлі, жоқ дей берсін, бірақ одан зұлымдықтың түп тамыры жойылған жоқ.

Ұлы методистік уағыздаушы доктор Кловис Чепель өзінің «Нақылдар туралы уағызында» былай деп жазады: «Иса Мәсіх Жаңа Әсиеттегі әулиелермен бірге шайтан деп аталатын зұлым бейне барына сенетін сияқты. Бұл күндері ол ілім лақтырып тасталды». Соған соң ол қосымша былай дейді: «Бірақ, біз оны шайтанның ісіне жорып, зұлымдықты бар дей алмасақ та, зұлымдық барлығының фактісін (ақиқатын) бәрібір жоя алмаймыз. Ал, күнә дегеніміз, оны қалай түсіндірсең, олай түсіндір, ол бәрібір қарау оқиға (факт)».

Күнә шынында да қарау оқиға! Ол адамдар жасағысы келген мейірбандықтың бәріне алапат күшпен аспанды кернеп қарсы тұрады. Ол қара көлеңке болып көтеріліп, бізге жоғарыдан түсетін жарықты көлегей-



леуге әрдайым дайын тұрады. Біздің бәріміз мұны білеміз. Бәрін де көріп жүрміз. Жанымыз бен жүрегіміздің әр қимылынан біз мұны сеземіз. Біз оны қалай атағымыз келсе солай атаймыз, бірақ оның бар екендігінің шындығын түсінеміз. «Өйткені, бұл қан мен тәнге қарсы арпалыс емес, бастықтарға, өкіметке, осы заман түнегінің әлем басқарушыларына, аспан астындағы жауыздықтың рухына қарсылық» (Ефес. 6,12).

Шайтанды жоққа шығарушылар жауыздықтың бұлайша шапшаң таралуын немен түсіндіреді? Әділдік іздеушілердің жолдары неліктен кесіле беретініне олар не дер екен? Қирату мен опат болу найзағайдың зуылындай шапшаң тарағанда, жасампаз еңбек пен қалпына келтіру жұмыстары сұмдық сылбыр жүретінін олар қалай түсіндіріп, қандай негіз келтіер екен?

Өтірік сөз бен өсек аузыңыздан шығуы мұң екен, ол түкпір-түкпірге атылған оқтай әп-сәтте жетеді. Ал, шындықты айтып, қайырымды, адал іс істеп көріңізші, — белгісіз бір күштер лап қояды да, үміт пен жарықтың осы бір кішкентай сәулесін сөндіріп, баршамыздан жасырып қалуға тырысады.

Шайтанның құрметіне ешкім өз еркімен ғибадатхана соқпайды, оның өсиеттері айтылатын кафедраны ешкім салмайды. Сөйте тұра, шайтанның сөздері бар жерден естіледі де, әлем оны көбінесе ашынған қылыққа балайды. Адамның жүрегіне жара салып, оның ойын бұрмалағысы келген белгісіз бір күштер жоқ болса, адамдар неге харамдықты, оңбағандықты, әдепсіздікті тыңдауға дайын тұрады да, мейрімді, таза, жарқын нәрсеге құлақ түрмейді?

Егер бізді осы бір түйсіксіз таңдауға алапат, қапас күш итермесе, тамаша піскен, тәтті жемістің орнына, құрттаған, жаман иісі сонадайдан мұңкіген, шіріген

жемісті алар ма едік? Ал, біздің істейтініміз-ылғи осы. Біздер көзге ұратын сәулетті, ғажап нәрселерге үнемі теріс қараймыз да, арзанқол, дәмсіз, кембағал нәрсе болса, соған қарай тұра ұмтыламыз. Бізді бұған шайтан түртеді және оны бар жерден ұшыратымыз.

Біздің мұнда, жер үстінде көріп жүргеніміз, жамандық пен жақсылықтың назарымыздан тыс жердегі алапат айқасының әлсіз сәулеті. Біз жерді әлем дүниесінің орталығы деп санаймыз да, сөйтіп ондағы болып жатқан оқиғаларға үлкен мән береміз. Біздің кем ақыл тәкаппарлығымыз адамның назарына оңай шалынатын нәрселерді ғана мойындап, солармен ғана санасуға дейін барады. Бірақ, көзге көрінбейтін әлемде болып жатқан үлкен күресті көре алмаймыз.

Ежелдегі даналар бұл туралы білетін. Адамның көзіне көріне бермейтін, құлағына естіле қоймайтын көп нәрселер бар екенін олар түсінген. Қазіргі адамдар радио мен телевидениені «ойлап таптық», дыбыс пен бейнені алыс жерлерге де жібере аламыз, — деп мәз болады. Бірақ, шындыққа жүгінсек, адамдар бұрын білмеген ауа толқындары қашаннан-ақ бар және де осы бір шексіз дүние ғаламда адамның әзірше қаперінде жоқ небір ғаламат кереметтер де баршылық. Бұл кереметтердің бар екендігін көне заманның пайғамбарлары да білген, — бірақ, оның көптігі жайлы олар да анық білмей, тек аңғарған және де алыстағы өрісте (сферада) жүріп жатқан алапат айқастың әлсіреп жеткен жаңғырығын ғана сезген.

Шайтанның азғыруына ерген Адам-Атаның сол күнәсі үшін төлеген айыптың бір бөлігі — рухани байланысты көру мүмкіндігінен айрылып калуы. Өзі үшін де және бүкіл адамзат үшін де ол материя емес нәрселерді көру, есту және түсіну қабілетін жоғалтып алды.

Адам-Ата білетін кереметтердің ішіне көзге көрінбейтін әлемнің асқан әдемілігі де кірмей қалды. Ол өзінің сәуегейлік күшін, болашақты болжап білу қабілетін жоғалтып алды да, бүгінгі күннің жұмысын да жақсы түсініп, дұрыс орындай алмайтындай дәрежеге жетті. Ол үздіксіздік, бүкіл әлемнен және ондағы тірі жандармен бірлік сезімін жоғалтып алды. Ол өзін Құдайдан бөліп әкетті де, Құдай әлеміндегі қырын қараушылардың бірі болды.

Адам-Ата осыны істеген кезде тек бір толқыны ғана жұмыс істейтін, оның өзінде де бейнелерді дұрыс көрсете алмайтын бұзылған теледидарға ұқсап қалды!

Теледидардың экранында дірілдеген, бұралаңдаған бейнелерді көріп, біз ол үшін станцияны айыптамаймыз. Біз өзіміз қалаған бағдарламаны ала алмасақ та, теледидардың лампочкаларын ойлап тапқан ғалымдарды да қарғамаймыз. Бар кінә өзіміз пайдаланып отырған аппаратта екенін бірден мойындаймыз. Біз бүкіл телевизия — сәтсіз нәрсе, оның антенналары дұрыс қойылмапты немесе біз тұрған жерден оның хабарын ұстау қиын екен демейміз.

Егер біз тағдырдың талқысына ұшырап немесе қатты ауырып, азап шексек, яки болмаса өз күнәміздің жазасын тартсақ, біз бұған тікелей кінәлі Құдай дейміз! Біз қалаған нәрсені көрсете алмаған теледидарды аспай-саспай жөндей бастаймыз. Ал, егер дүние-әлемге өз көзімізбен дұрыс қарай алмасақ, біз бірден Құдайды айыптауға кірісеміз.

Біз көздеп жүрген мансапты өзімізден көп төмен санайтын басқа біреу алып, ол жоғарылап кетсе немесе өзіміз сәтсіздікке ұшыраған нәрседен бізге теңесе алмайды деген біреулер табысқа жетсе, — біз бірден Құдайдың әділетсіздігі жайлы байбалам сала бастай-

мыз. Құдай неліктен осындай теңсіздікке жол бергенін білгіміз келеді! Біз бұл жерде Тәңір телевизия станциясының бас инженері секілденіп, біздерге үнемі Өзінің сүйіспеншілігі мен әділдігін көрсететін толық жетілген бейнесін жіберетінін, бірақ оны қисық қабылдаудың күнесі өзімізде екенін мүлдем естен шығарамыз!

Біздің жан дүниеміздегі жауыздық пен бұрмалаушылық Құдай әлемін дұрыс сезінуге және көруге бөгет жасайды. Біздің күнәміз суретті көмескі тартқызады да, біздерді жауыздықтың құлы емес, Құдайдың пәк ұлы болуымызға кесірін тигізеді. Елші Пауыл бәріміздің атымыздан былай деген еді: «Өзім тілейтін жақсылықты істемеймін де, ал өзім қаламайтын жамандықты істеймін» (Рум. 7,9). Елші Пауыл бүкіл адамзаттың оған қатер төндірген нағыз қаскөй дұшпаны кім екенін танып, ол жөнінде былай деді: «Нағыз бишара менмін! Кім мені ажалдың аузынан алып қалады? Біздің Тәңіріміз Иса Мәсіх үшін Құдайтағалаға мың да бір алғыс! Сонымен, бәз-баяғы өзім, Құдай заңына бар ақылыммен, күнә заңына бар тәніммен қызмет етемін» (Рум. 7,24-25).

Елші Пауылға екі ғаламат жау бар екені айқын болатын және адамдардың осы екі жаққа тартатын құдіреттің арасында дал боп жүргендерін де жақсы білетін. Мейірімділіктің күші ақыл мен жүректі Құдай жағына тартса, онымен қабаттасып, зұлымдықтың күші денені өлім мен қирату жағына сүйрейді. Сіздер де осы екі құдіреттің-өмір мен өлімнің ортасында тұрсыздар. Тәңір жолын таңдасаңыздар, өмір табасыздар! Шайтанға ерсеңіздер, өлімге жолығасыздар!

## АЛТЫНШЫ ТАРАУ

# БІЗДІ ӨЛГЕННЕН КЕЙІН НЕ КҮТЕДІ

«Мені мен ажалдың арасы бір-ақ қадам»

1 Пат. 20,3.

Бар өмір, бұл — өлімге дайындалу, — деген сөз бар. — Жыр оқушы былай депті: «Өмір сүріп, өлім көрмеген адамдардың ішінде кім бар?» (Жыр. 88,49).

Біздің заманымызды ой еркіндігінің дәуірі деп атайды. Біз әлемді және оны басқаратын заңдарды білім, ғылым, ойлап тапқыштық, жаңалық ашқыштық, фелсафа мен материалистік ойлау арқылы өзгертуге талпынудамыз. Біздер таққа жалған құдайларды: ақшаны, даңқты, адам ойын отырғызып та көрдік. Бірақ, біздер не істесек те, бәрінің де тірелер жері біреу-ақ: «Адам күндердің күнінде өлуге тиісті» (Евр. 9,27).

Біз құлпырып тұрған шағымызда да қадам басқан сайын өлімді көреміз. Жедел жәрдем машинасының сигналы, жерлеу бюросының хабарлары, қасынан жиі өтіп жүрген зираттар, көшенің ортасымен жайлап жылжыған катафалк — осының бәрі өлім бізді өзінің шалғысымен қалаған уақытында қырқып түсетіндігінің белгісі. Бірақ, ондай сәттің қашан келетінін ешкім біл-

мейді, сөйте тұра, ол сәттің әр минут сайын келіп қалуы мүмкін екені бәрімізге аян.

Доктор Джон С. Вимбиш бұл жөнінде жақсы айтты: «Біздің өміріміз жіңішке жіпке ілініп тұр. Біз өмір жолымыздың әр қадамында қабір аузын көреміз. Өлім — бар дүние ғаламның дұшпаны. Тіпті, патшалардың өзі де оның ұстарасының жүзіне мойнын тосуға міндетті. Ғалымдар мен дәрігерлер бұл аждаһаны патша сарайының қақпасынан қуып тастағысы келгенімен, үрей-құттың осы бір айлакер әміршісі күзетшілердің қасынан сумаң етіп кетіп, дәлізбен корольдардың жатқын жайына жылмаң етіп жетіп барады да, құдіретті әкімдердің үстіне өзінің қара жамылғысын жабады.»

Әр жыл сайын қырық мың американдық-бұл өзінің ақтық сапары болатындығы қаперлеріне де кірмей автомобильдеріне отырады. Алдын ала сақтық шараларын жасағанымен, өлім жайлы ойдан мүлдем аулақ тағы отыз мың американдық өз үйлерінде бақытсыз оқиғадан қаза табады. Ажал әй-шәйға қарамай, алады да кетеді. Және де медицина ғылымы мен «қауіпсіздік инженерлерінің» өзіне қарсы үздіксіз күрес жүргізгеніне қарамастан өлім, бәрібір, жеңіп шығады.

Ғылымның осы талайдан бергі күресінің арқасында бірнеше жыл артық өмір сүре аламыз, бірақ өлім біздің жолымыз бітер жерде бәрібір күтіп тұр. Қарапайым адамның өмірі Киелі кітапта көрсетілген жетпіс жылдан сәл-ақ асты.

Біздің азаматтарымыздың нағыз толысқан шағында оларды әсіресе жүрек ауруы көптеп әкетіп жатыр. Мыңдаған адамдардың денесіне қатерлі ісік жан ауырта жармасты. Құрт ауруы, қан ауруы, балалар жарыместігі, өкпе қабынуы дәрігерлік тексерудің нәтижесінде айтарлықтай азайғанымен, тиісті алашақтарын бәрібір

алып жатыр. Статистикалық ақпараттар қаншалықты тояттарлық болғанымен, біздің ғасырымыздың басынан бері адам өмірінің ұзақтығы біршама ұлғайғанымен, адам өлтіру саны қаншаға жеткенімен, өзін-өзі өлімге қию мен зорлап өлтірудің басқа да түрлері болғанымен, — бір өлім бары анық және ол біздің жер үстіндегі ең үлкен қасіретіміз!

Нәрестенің шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, өлімге қарсы күрес те бірге басталады. Ана өзінің көп жылдарын баласының өмірін қорғауға арнайды. Ол оның дұрыс тамақтануын, жақсы киінуін, дәрігерлік кеңесті, дәрі екпесін қатты бақылайды, бірақ оның осы сүйіспеншілік қамқорлығына қарамастан бала өлімге қарай қадам басады.

Арада көп жыл өтпестен-ақ әлсіздіктің алғашқы белгілері байқала бастайды. Тіс дәігері біздің тісіміздің бұзыла бастағанын көреді. Нашарлаған көру мүшесін күшейту үшін көзілдірік керек болады. Бетке әжім түседі, иық еңкіш тартады, жүрісіңіз өзгеріп, бұрынғыдай нық басудан қаласыз. Бойдан қуат кеткен сайын сүйектің болбырауы да ұлғая береді. Осының бәрін біздер аңғара қоймаймыз да, өлімге қарай жақындай түсеміз.

Ауырған кездеріңді қамсыздандыру мен ауруханада емделуіңіз сізге тиетін соққыны кәдімгідей жұмсарттады. Өміріңізді қауіпсіздендіру сізге жұмсалған шығын мен қарыздарыңызды өтеуге кетеді. Сіз ақтық сәтте ғана өзіңіздің бар өміріңіз ажалмен ұзақ әрі бітпейтін арпалыста өткенін кенеттен ұғасыз. Бар ұтарымыз, бірнеше жыл қосымша өмірге деген үміт болатын жарыспен күн кешкенімізді сонан соң көреміз. Және де дұшпанымыздан айланы қаншалықты асырамыз, — деп қара тер болғанымызбен, әрдайым өлім жеңетініне ақыр соңы көзіміз жетеді.

Біздің дұшпанымыз неткен құпия! Өмірдің өзі секілді құпия! Өйткені өз төңірегімізде күнбе-күн көріп жүрген өсімдіктері, жануарлары мен адамдары мол өмірді біз ешқашан жарата алмаймыз, ол жайлы түсіндіре де алмаймыз. Өмірдің де, өлімнің де анық бар екендігін айқын білгенімізбен, өлім түсініктеме беруге еш көнбейді. Өлім жайлы сөз етуді де, оған мән беруді де біз көбіне қаламаймыз. Дүниеге жаңа өмір келсе, бала туса, біз оған қуанамыз. Өмір өшіп, адам өлсе, ол туралы ойдан құтылуға асығамыз.

Дүниеге өмір келтіру үшін қаншама күш жұмсай тұрып, сол өмірдің жер үстінен кетіп бара жатқанына немқұрайды қарайтынымыз оғаштық емес пе?

Қазір жер үстінде екі миллиардқа жуық адамдар тұрады. Жүз жылдан кейін солардың бәрі өліп бітеді. Олардың денесі бір нәрсені сезінуден қалады. Өмірдің ең мәңгілік бөлшегі, әрі ең негізгісі болып табылатын олардың жаны не күйде болады?: Құпиялық, міне, осында. Адам өлген кезде одан не кетеді? Сол жоғалған бірдеме қайда кетеді?

Осыдан екі жыл бұрын Колорадо штатының Денвер қаласында тұратын бір журналист қайтыс болды. Оны жерлеу үшін зиратқа барғандар әлгінің магнитофон таспасына жазылып алған даусын тындайды: «Бұл мені көмулерің. Мен көп жылдан бері атеистпін. Мен дін ілімінің шатпағынан қатты жиренемін. Діни қызметкерлер — саналы қорқақтар. Керемет дегеніміз — қияли елестің жемісі... Егер төрт репортерді айқышқа керуді бақылауға жіберсе, олар оны елшілердің Киелі кітапқа жазғандарындай етіп, бұрмалаушылықпен жазса, олар бірден редакциядан қуылатын еді. Маған ешқандай діни ән айтудың қажеті жоқ. Мені жерлеу — жай қажетті тәртіпті сақтау».



Құдайға деген өшпенділік үстінде шіркеуді, Қасиетті Жазуды, Иса Мәсіхті қорлауға талаптанғандар әр заманда-ақ болған. Олар ешқандай дәлел келтірместен, Құдай даусынан да асыра байбалам салады. Джордж Бернанд Шоу, Роберт Ингерсоли және басқа да фәлсафашылар негіздеу жолымен өлімнен қорқуды жоюға тырысқандарын тарих қуәландырады.

Джунглидегі өлім жайлы бір антропологтың әңгімесін тыңдайықшы. Ол жақта ешқандай «дін ілімінің шатпағы» жоқ, өйткені ондағы жұрт Иса Мәсіх жайлы түк естімеген. Оларға сонда өлім қалай болып көрінеді? Кейбір тайпаларда-қарттарды жабайы аңдар талап, жеп қойсын, олардың өлімін жастар көрмесін, — деп, джунглиге қуып жібереді. Басқа халықтарда өлгендердің жақын туыстары азалау ретінде тырдай жалаңаш шешініп, денелерін ақ бояумен бояйды. Әйелдердің бірнеше сағатқа созылатын ыңырсулары мен өкіріп жылаулары жанның денені тастап кетуге дайындалып жатқанын білдіреді. Мәсіх жолын қуушылардың ықпалы жоқ жердегі өлім — жан түршігерлік қорқынышқа толы.

Біздің жоғарыдағы айтқандарымызды Мәсіх жолын қуушының өлімімен салыстырыңызшы. Иса Мәсіх келген кезде, Ол өлімге жаңа бап берді. Адамдар өлімге әрдайым дұшпан деп қарайтын. Бірақ, Иса Мәсіх Өзінің өлімді жеңіп, оның шанышқысын тартып алғандығын айтты. Иса Мәсіх шындықпен санасып, ешкім қашып құтыла алмайтын ажалға алдын ала дайындала беруге ниеттендірді. Тәңір былай деді: «Денеңді өлтіргенмен, жаныңды өлтіре алмайтындардан қорықпаңдар, жаныңды да, денеңді де жоқ қылатындардан қорқыңдар» (Мат. 10,28).

Киелі кітапта өлімнің екі түрі барлығы айтылған: біріншісі — дененің өлуі, екіншісі — мәңгілік өлім. Иса

Мәсіх дененің өлгенінен гөрі мәңгілік өлімнен көбірек қорқу керектігін ескертеді. Ол өлімнің екінші түрін — мәңгілік өлімді Құдайтағаладан алаңсыз қол үздіретін тозақ ретінде сипаттайды... Ол дененің өлуін жанның зерделі және мәңгілік өлуімен салыстырғанда түк еместігін нұсқады.

Өлгелі жатқан адамдардың соңғы сөздері ажал алдындағы шындықты іздеушілердің зерттеулеріне күшті дерек береді. Доктор Вильур Смит өзінің «Сондықтанда тоқта!» деген тамаша кітабында Мәсіх жолын қуушы емес бірнеше атақты адамдардың өлім халінде жатқан бірнеше сағатын сипаттайды.

Осы сипат пен өз күнәсі үшін опық жеп, Иса Мәсіхті өзінің Құтқарушысы деп таныған Мәсіх жолын қуушының өлімі жайлы сипаттың арасында зор айырмашылық бар.

Доктор Эффи Вилер мен оқыған колледжде ұзақ жылдар бойы ағылшын тілі мен әдебиетінен сабақ берді. Оның құдайшылдығы жөніндегі атағы өзі сабақ беретін пәндерді бес саусағындай білетіндігі жөніндегі атағынан бірде бір кем емес еді. 1949 жылдың мамыр айында доктор Вилер колледж директоры доктор Эрдман мен өз әріптестеріне және бұрынғы студенттеріне былай деп хат жазды:

«Менің осы хатымды оқуға арнаған минуттарыңыз үшін мен шексіз ризамын, өйткені сіздер жазғы каникулға кетпей тұрып, менің өзім де осыдан бір апта ғана бұрын хабардар болған өзім жайлы шындықты біле кетулеріңізді тілеймін. Менің дәрігерім менің узаққа созылған науқасыма ақыр соңы операцияға да көнбейтін қатерлі ісік деген диагноз қойды. Егер ол Мәсіх жолын қуушы болғанда бұл жөнінде маған әлдеқашан хабарлар еді, өйткені біздер Тәңірдің қатысумен

және Оның ықтиярымен өмір сүрген болсақ, өмір мен өлімді бірдей құттықтау керектігін біздер секілді ол да білген болар еді. Егер Тәңір менің Оған тезірек келуімді қалаған болса, мен оны қуана-қуана орындаймын. Мен жөнінде бір сәтке де мұңаймаңыздар. Мен сіздерге «хош болыңыздар» деген сөзді салқын білдіріп емес, «көріскенше күн жақсы» деген қуанышты қоштасуды айтып, сіздермен о дүниеде қауышып, рахым етсеңіздер, сіздерге есік ашар едім. Менің жүрегімде сіздердің әрқайсыңызға деген бөлек-бөлек сүйіспеншілік бар. Эффа Джен Вилер, — деп қол қойылған».

Осы хат жазылғаннан кейін түп-тура екі апта өткен соң доктор Вилер өз Тәңірі мен Құтқарушысының алдына, уағдасында тұрып, өлімнің шанышқысын тартып алғанның алдына барды (1 Қор. 15,55,57).

Киелі кітап сіздің жаныңыз мәңгілік, — деп оқытады. Сіздің жаныңыз мәңгілік және ол мәңгі өмір сүреді. Екінші сөзбен айтқанда, — сіздің болмысыңыздың ойланатын, сезетін, армандайтын, үміттенетін бөлшегі, сіздің бейнеңіз ешқашан да өлмейді. Киелі кітап-сіздің жаныңыз не жұмақта, не тозақта мәңгілік өмір сүреді, — деп оқытады. Егер сіз Мәсіх жолын қуушы болмасаңыз және де жаңармасаңыз, онда сіздің жаныңыз Мәсіх тозақ деп атайтын жерге барады да, сонда Құдай сотын күтеді, — дейді Киелі кітап.

Тозақ туралы әңгіменің онша ұнамды еместігін мойындаймын. Ол тақырыптағы әңгіме көп жағдайда түсініксіз әрі талас туғызады және кикілжіңге апарады. Сөйте тұра, өзімнің ел ішіндегі інжілдік сапарларымда бұл тақырыпты талқылауға бір кешті әрдайым арнаймын. Осындай дискуссиядан кейін газеттерде оны жақтайтындар мен даттайтындардың көптеген хаттары жарияланады, өйткені Киелі кітап тақырыбына басқа

да мәселелер секілді көптеген орын беріледі. Американың әр жеріндегі студенттік үйірмелердің мүшелері: «Тозақ деген не?», «Тозақ оты бары рас па?» — деген сұрақтарды көп қояды. Мен пастор ретінде осы мәселелермен көп айналыстым. Бұл әңгімелер жұртқа ұнамсыз және оларды қобалжытарлықтай әсер еткенімен, ол туралы үнсіз қала алмаймын. Бұл мәселе-Мәсіх жолын қуушы шындығындағы ең ауырларының бірі, — деп ойлаймын.

Құдайтағала дегеніміз-сүйіспеншілік Құдайы және Ол ешкімді ешқашан тозаққа жібермейді, адамдар ақыр соңы құтқарылады, — деп уағыздаушылар да баршылық. Олар «мәңгілік» және «мәңгілікке кету» деген сөздер, шындығында, «шексіз мәңгілік» деген ұғым емес дегенге сенеді. Алайда, Құдайдан мәңгілік аластатуды білдіретін сөз, аспан әлеміндегі мәңгілікті ұғындыруға да пайдаланылады. Біреулер былай депті: «Шыншылдардың шаттануы мен кертартпалардың жазалануының ұзақтығын тең деп санауызды бізден әділдік талап етіп отыр, өйткені осы мерзімді нұсқау үшін грек тілінде де сол сөз пайдаланылады».

Ал, тағы біреулер — құтқарылудың Құдай нұсқаған жоспарын орындаудан бас тартқандар өлген соң жойылады да жоқ болады, — дейді. Бірақ, мен Киелі кітапты басынан аяғына дейін түгел қарап шығып, бұл пікірді қолдаған тұспалдың көлеңкесін де таппадым. Біз құтқарылып та, құрып та кете аламыз, бірақ біздің жанымыз бен бейнеміз саналы түрде және мәңгілік бола бермекші, — деп оқытады Киелі кітап.

Өлгеннен соң құтқарылудың мүмкіндіктері әлі де бар және Құдай ондай мүмкіндікті береді де, — дейді кейбіреулер. Бірақ, Киелі кітап бұл жөнінде тағы да еш нәрсе айтпайды, өйткені ол: «қолайлы уақыт, міне,

туды, құтқарылатын күн, міне, келді», — деп алдын ала ескертеді (2 Қор. 6,2).

Киелі кітап оқытқан сол фактіге дәлел ретінде Киелі кітаптың өзінде жазылған біраз жерін келтіруге болады: Мәсіхті Тәңір және Құтқарушы ретінде саналы түрде мойындамаушылар мына отта азап шегеді (Лұк. 16,24).

«Адам Ұлы Өзінің Періштелерін жібереді де, Оның Патшалығындағы барлық арбағыштар мен заңсыздық істеушілерді жинап алып, оты лапылдаған пешке тастайды, онда ойбай мен бармақ тістеу болады (Мат. 13,41-42).

«Сонан соң сол жағында отырғандарға да былай дейді: «Менің қасымнан, «шайтан мен оның періштелеріне әзірлеп қойған мәңгілік отқа барыңдар, қарғыс атқандар» (Мат. 25,41).

«Ал, сабаны сөнбейтін отпен өртейді» (Мат. 3,12)

«Лапылдаған отпен кек алынады, Құдайды түсінбей, біздің Тәңіріміз Иса Мәсіхтың ізгі хабарына бой сұнбағандар Тәңірдің және Оның құдіретінің айыбы атынан жазаға тартылады, мәңгілік өлімге кетеді» (2 Фесс. 1,8-9).

«Қімде-кім «ақылсыз» (Құдайсыз) десе, тозақ отына түсуге тиісті (Мат. 5,22).

«Ақыр заманда да солай болады: періштелер келіп, жамандарды, әділдерден айырып алып, отты пешке тастайды; онда жылау мен бармақ тістеу болады» (Мат. 13,49-50).

«Ол сонсын Құдайдың ашу кернеген шарабын, Оның қаһарлы тостағанында ашытылған еш қоспасы жоқ шарабын ішеді және де әулие Періштелер мен Құдайдың Құрбандық Қозысының алдында от пен күкірт жалынының ортасында азап көреді. Азап оты

ғасырлар бойы лаулайды, оның ныспысының тұрпатын алып, хайуанмен оның сүлдесіне табынғандар күндіз де, түнде де тыншудан айрылады» (Аян. 14,10-11).

«Ажал мен тозақ отты көлде тоғысады. Бұл — екінші өлім. Қімде-кім өмір кітабында жазылмаған болса, отты көлге сол тасталады (Аян. 20,14-15).

«Қорқақтар мен дінсіздер, сұрқиялар мен кісі өлтірушілер, нәпсіқұмарлар мен сыйқыршылар, пұтқа табынушылар мен суайттар — бәрінің барар жері от пен күкірт жанған көл. Бұл — екінші өлім» (Аян 21,8).

«Мен тозаққа сенбеймін», «Мен Тау өсиетіне мойынсұнамын», — дейтіндер де табылады.

Олай болса, Тау өсиетін қайта оқиық. Біз одан мына сөздерді табамыз: «Егер сенің оң көзің сені азғырса, оны ойып ал да, лақтырып таста. Өйткені, сенің бар денеңнің тозаққа түскенінен гөрі бір мүшеңнің жоқ болғаны саған жақсырақ болар. Егер сенің оң қолың сені азғырса, оны кесіп алып, лақтырып таста. Өйткені, бүкіл денеңнің тозаққа түскенінен гөрі бір мүшеңнің жоқ болғаны жақсырақ болар» (Мат. 5,29-30).

Біз бұл жерде Иса Мәсіхтің тозақ жайлы өте айқын ұқтыруын көріп тұрмыз. Иса Мәсіх бұл жайында көп айтты, мысалдар келтірді, жер үстінде құнарлық пен сатқындық күн кешу нағыз ақылсыздық екенін талай мәрте ескертті.

Ойы бұзық адамдар көп жағдайда осы жер үстінде-ақ тозақ азабын тартып жүреді. Киелі кітап былай дейді: «Өздеріңнің күнәларың үшін өздеріңе келген жазаны өздерің сынап көріңдер» (Руларды санау 32,23). Сонсын, Киелі кітап тағы былай дейді: «Тәніне тәннен себуші шірігенді орады, рухынан рухқа себуші мәңгілік өмір табады» (Гал. 6,8).

Алайда, кейбір ойы бұзық адамдардың тасы өрге

домалап, ал әділ адамдар сол әділдігі үшін жарға жығылғанын көріп жүрміз. Күндердің күнінде әділдік соты болып, біздің әрқайсымыз өзімізге лайық жаза тартатынымызды Киелі кітап айтады.

Сүйіспеншілігі бар Құдайтағала адамды тозаққа жібере ме? Жауап мынау: жібереді! Бірақ, Ол оны Өз ықтиярымен жібермейді. Құдай жолынан тайған адам тозаққа өзі-ақ барады. Сүйіспеншілігі мен мейірімділігі мол Тәңір өз пенделеріне құтқарылу мен арылудың, үміт пен аспан игілігін дәмеленудің жолын нұсқайды. Бірақ, адам өзінің соқырлығы, кем ақылдығы, қыңырлығы, менмендігі және күнәһарлыққа бір табан жақын жүретіндігінің кесірінен мәңгілік қарғыстың азабына ұшырамаудың Құдайтағала нұсқаған қарапайым жолынан бас тартады.

Сіз ауырып қалдыңыз да, дәрігер шақырып, ол сізге дәрі жазып берді, — делік. Сіз біраз ойланып, ол берген кеңесті де тыңдамауды, дәріні де ішпеуді ұйғардыңыз. Осыдан біраз күн өткен соң, сіз оны қайта шақырсаңыз, халыңыздың нашарлап кеткені анықталады. Бұл үшін дәрігерді кінәлай аласыз ба, немесе оны жауапқа тарта аласыз ба? Ол сізге тапсырма да берді, дәрі де бергізді. Оларды орындамаған өзіңіз ғой!

Құдай да дәл солай, адам баласының барлық ауруынан айықтыратын құрал қарастырады. Ол құрал-біздің Иса Мәсіхке деген шексіз сеніміміз бен оның алдындағы парызымыз. Біз бұл тақырыпқа келесі тарауда қайта ораламыз. Егер біз дәріден өз еркімізбен бас тартсақ, оның жазасын да өзіміз тартуға тистіміз. Ол үшін Құдайды айыптай алмаймыз. Берген дәрісін қабылдамағанымыз үшін Тәңірді неге кінәлаймыз?

Қазіргі кезде: «Тозақ деген не?» — деп сұрайтындар да көп. Гректердің Киелі кітабында тозақты білдіретін

төрт сөз бар. Соның біреуі — «Шеол». Көне Өсиетте бұл сөз отыз бір рет тозақ деп аударылған. Бұл өліктер тасталатын тамұқ. Және ол «Көзге көрінбейтін күй» деген ұғым береді. Қасірет ауру және күйзелту деген сөздер де осы мағынада айтылады.

Грек тілінен аударылған «Хадес» деген екінші сөз Жаңа Өсиетте он рет пайдаланылған. Ол да Көне Өсиеттегі «Шеолдың» мағынасын береді. Сот пен азап жайлы сөздер де онымен тығыз байланысты.

«Тартарус» деген үшінші сөз Елші Петірдің екінші арнау хатында (2,4) бір-ақ рет айтылады. Онда: «Күнәға батқан періштелер «Тартарусқа» қамалады, — делінген. Бұл сөз тозақтың түнек басқан түрмесі мен зынданын және сот болатын орынды көрсетеді.

Төртінші сөз «Геенна» он бір рет пайдаланылып, Жаңа Өсиетте «тозақ» деп аударылады. Иерусалимнің қабырғасының сыртында күндіз-түні от жағылып, онда қоқым-соқым, былғаныш өртелетін Енон алқабын да, Иса Мәсіх осылай деп атаған.

Кейбіреулер: «Тозақта жанатын оттың шын от екенін Киелі кітап анықтай ма?» — деп сұрайды. Киелі кітапта көп айтылатын «от» бейнелеп айтылған сөз екені ақиқат. Құдайтағаланың-лапылдап жанғанымен, өртемейтін оты бар екені де рас.

Бір тікінек бұтаның отқа жанғанымен, күл боп өртенбегенін көрген Мұса таң-тамаша қалды... Үш еврей баласы от жанған пешке тасталғанымен, оларға от дарымады да, бастарындағы бірде-бір шаш отқа күймеді.

Киелі кітап, тағы бірде, жақын адамдарымызды ғайбаттасақ, «гееннада өртенетін» біздің тіліміз жайлы да айтады (Жақ. 3,6)... Бұл, әрине, біз жаман сөз айтқан сайын тіліміз күйеді деген емес. Туралып та, қиғаштап та айтылатын ұғымда шындық бола бермей-



ді. Егер тозақта шын от болмаса, Құдай онда бұдан да сорақы, азап барын білдіріп, бейнелеп тұспалдайды.

Шындығына келгенде Құдайдан аластаудың белгісі — тозақ. Бұл — нұр, қуаныш, мейірім, ігілік және бақыт дегеннің бәрінен саналы түрде мәңгілікке бөліп тастайтын екінші өлім болып сипатталады. Киелі кітапта адам жан тәсілім еткеннен кейін, бір минуттан соң қандай жан түршігерлік халде болатыны да айтылған.

Адамдардың өлімнен басқаның бәріне дайын тұратыны таңқаларлық нәрсе. Біз өзімізді өмірге білім арқылы бейімдейміз. Және де өзімізді саудалыққа да, мансапқа да дайындаймыз, үйленуге де әзірленіп, қартаятынымызды да мойындаймыз. Ақтық дем үзілетін сәттен басқаның бәріне дайындаламыз. Ал, Киелі кітап біз тек бір-ақ рет өлетінімізді айтады.

Өлімге әркімдер өзіне емес, тек өзгелерге байланысты табиғи нәрсе деп қарайды. Ажал адамдардың бәрін теңейді. Өлім келгенде байлар — малынан, шоқытынан айырылады. Өлім келгенде сараңдық сарқылады, құмарлық тартылады. Ешкімнің де ажал жайлы ойлағысы жоқ, сөйте тұра, князь да, шаруа да, есті де, ессіз де, қанішер де, әулие де онымен бетпе-бет кездеседі. Өлім жасты да, кәріні де аямайды. Өлімнен қорықпайтын еш пенде жоқ.

Даниил Вебстер өлер шағында өзінің бір кішкентай деревняда болып, Құдайға құлшылық етуге қатысқанын еске алады. Діни қызметкер аңқылдаған ақ көңіл, құдай жанды шал екен. Дұға мен Інжіл сөздері оқылып болған соң, ол өз ойын еш қалтықсыз ақтарып салып: «Уа, достарым, біздің тек бір-ақ рет өлуге мұршамыз бар» — деді. Даниил Вебстерге діни қызметкердің осы сөзі өмірбақи естен кетпестей әсер қалдырды. «Бұл сөз үстірт қарасаңыз, әлсіз де, мәнсіз секілді

естілуі мүмкін, бірақ ол менің бар жанымды селт еткізіп, өзім сирек сезінетін ғажап әсер етті», — деді ол.

Өлімге жолыққан өзгелер жайлы ойлау-оңай, ал сондай кездесу өзіміздің де алдымызда тұрғанын үнемі есте ұстау — қиын. Майданға аттанған солдаттарды көргенде, немесе өлім жазасына кесілгендер жайлы оқығанда, яки болмаса өлім халінде жатқан досыңа барғанда, олардың үстінен бір түрлі ерекше сарын есіп тұрғандай сезінеміз. Өлімге бәріміз де жолығамыз, бірақ қашан жолығатынымызды уақыт біледі. Бұл өмірдегі жұмыс бабымен, не басқа бір себептермен болатын кездесулерді біз көбіне қаперімізге ілмей, оларға бармай да қаламыз, әр түрлі сылтау айтып жалтарып та кетеміз. Бірақ, өліммен кездесуді ешкім кейінге қалдыра алмайды, оған сылтау да жүрмейді. Ондай кездесу өмірде бір-ақ болады, сондықтан да сен оған міндетті түрде барасың!

Егер денеміздің өлімі Құдайдан алыста өткен өміріміздің ақыры болса, одан қорықпауға да болар еді, бірақ, Киелі кітап бізді Құдайдан мәңгілік бөліп алатын екінші өлім барын ескертеді.

Алайда мұның жарқын жағы да бар. Киелі кітап күнәһарлар тозаққа баратынын болжаса, игілерді жұмақ күтіп тұрғанын да айтады. Біздер жұмақ жайлы ұғымды тозақтан гөрі жеңіл қабылдаймыз. Киелі кітапта бұлардың екеуі туралы да айтылады.

Егер сіз жаңа үйге көшсеңіз, ондағы көршілеріңіз жайлы хабардар болғыңыз келеді. Егер сіз басқа қалаға қоныс аударсаңыз, ондағы өндірістер, парктер, көлдер, мектептер, жолдар туралы толық мағлұмат алуды ойластырасыз. Сондықтан да, егер біз әйтеуір бір жерде мәңгілік қалғымыз келсе, ол қонысымыз туралы да көп нәрселерді білуге тиістіміз. Жұмақ жайлы мәліметті

біздер Киелі кітаптан табамыз. Ол жайлы дұрыс ойланып, тек дұрыстығын айтуымыз керек. Егер біз жұмақ жайлы сөз етсек, онымен салыстырғанда жер бізге бейшара боп көрінеді. Егер біз өзіміздің болашағымызды болжасақ, жер үстіндегі тіршілігіміз әншейін бір әурешілік екенін байқаймыз. Мәсіх жолын қуушыға жұмақтың есігі белгілі бір деңгейде осы жер үстінде ашылады. Ол арына сәйкес өмір сүреді, Құдайды да тәубе қылады, жанында да жай тапқандық бар. Қиындық пен қатер ортасында жүріп-ақ ол қуана біледі. Оның қадамы жеңіл, жүрегінде қуаныш, кескінінде алау.

Әйтсе де, ең бастысы, Киелі кітап оған о дүниеде жұмаққа баратындығын айтады. Тоқсан төрт жастағы Джон Қвинс Адамстан әлде кімдер оның халін сұрапты. «Кәдімгідей тәп-тәуір, — депті анау, бірақ қазіргі тұрған үйім бұрынғыдай жайлы емес». Біздің қазіргі тұрған мекеніміз әлсіз де әрсіз болуы ықтимал. Бірақ біздің Мәсіх жолын қуушы екеніміз рас болса, өзімізді әрі күшті, әрі сенімді сезінсек те жарасады. Иса Мәсіх бізді жұмақ барлығына сендірген болатын.

Көп жағдайлардың ішінен бізге әсіресе Жохан жазған Інжілдің (14, 2-3) мына бір жері қатты әсер етеді: «Менің әкемнің үйінде мекен орын көп; егер солай болмаса, Мен сендерге былай дер едім: Мен сендерге тұрақ дайындауға бара жатырмын. Тұрақты дайындап болған соң, сендерге қайтып келемін де, Мен қайда болсам, сендер де сонда болуларың үшін, сендерді бірге ертіп кетемін» (Жох. 14, 2-3). Елші Пауыл жұмақ барына сенгендігі соншалық, былай деді: «Біздің пейіліміз кең, сондықтан да, денемізден кетіп, Тәңірімізге жеткенді тілейміз» (2 Қор. 5,8).

Мәсіх жолын қуушы мен агностик (Агностицизм —

дүние тану мүмкіншілігін бекерге шығаратын идеалистік фәлсафа) Боб Ингерсолдың мүдделерінің өзгелігі соншалық, ол ағасының моласында тұрып былай деді: «Өмір — екі мәңгілік суық шоқылардың арасындағы тар шымылдық. Оның ар жағында не барын көргіміз келіп, босқа әуреленеміз. Біз айқай саламыз, бірақ біздің бұл ойбайымызға тіл қататын тек жаңғырық.»

Елші Пауыл тағы да былай дейді: «Біз білеміз», «біз сенімдіміз», «бізде зор үміт бар». Ибраһимның күткені ірге тасының сәндеушісі де, құрылысшысы да Құдай болған қала еді, — дейді Киелі кітап (Евр. 11,10).

Қөп адамдар: «Жұмақтың бары шын екеніне сенеміз бе?» — дейді. Сенеміз! Иса Мәсіх былай дейді: «Мен сіңдерге тұрақ дайындауға бара жатырмын». Енох пен Илияның өз тәндерімен аспанға кеткені, ондағы белгіленген орынға жеткені Лос-Анжелос пен Лондонның немесе Алжирдің бар екендігіндей ақиқат, — дейді Киелі кітап.

Біраз адамдар: «Жұмақ қайда?» — деп сұрастырады. Қасиетті Жазуда жұмақтың қайда екені айтылмаған. Киелі кітапта ол ел ең ғажап мекен делінген. Киелі кітапта жұмақ «Құдайдың үйі», «шаһар», «ең жақсы ел», «мұра», «даңқ», — деп сипатталады.

Мүмкін, сіз: «бейішке барғанда бір-бірімізді танырма едік?» — деп сұрайтын боларсыз. Киелі кітапта бізден бұрын кеткендермен ұлағатты кездесу сәттері болатындығы айтылған.

Тағы біреулер: «Балалардың құтқарылатынына сенесіз бе?» — деп сұрайды. Әрине, сенемін!

Балалар өз істеріне жауап беретін жасқа жеткенге дейін олардың кінәлары күнә ретінде есепке алынбайтындығы Киелі кітапта айтылған. Балалар өздері істеген дұрыс та, бұрыс та істері үшін тек балиғатқа

толғаннан кейін ғана жауапты болады да, оған дейінгі күнәлары өтелу арқылы ақталып кететіндігі Киелі кітаптың көп жерінде нұсқалған.

Киелі кітап сонымен қабат, біздер жер үстінде жүріп үйрене алмаған көп нәрселерді танып та түсініп алатын жер — жұмақ болатындығын айтады.

Исаак Ньютон қартайған кезінде өзін мақтаған біреуге былай депті: «Мен теңіз жағасында жүрген баламын. Мына жерден уақ тас теремін, ана жерден қабыршақ жинаймын, бірақ шындықтың ұлы мұхиты менің алдымда әлі де болса шалқып жатыр».

Томас Эдисон бір күні былай депті: «Менің бәрі жөнінде білетінім бір проценттің миллиондай бөлшегі де бола алмайды».

Көптеген Құдайдың құпиялары, жан азабы, күйіну мен түңілу секілді, және адамдардың азабына Құдайдың неліктен селт етпеуі,- бәрі жұмаққа барған соң анықталады.

Көп адамдар: «Біз бейішке барған соң не істейміз? Ол жақтағы өмірдің қуанышына кенеліп отыра береміз бе?» — деп сұрайды. Жоқ, өйтпейміз! Біз онда Құдайға қызмет ететіндігіміз туралы Киелі кітапта айтылған. Біз Құдай үшін жұмыс істейміз. Біз көп уақытымызды Оны мадақтауға жұмсаймыз. Киелі кітап былай дейді: «Қарғысқа ұшырағаннан ештеңе болмайды. Бірақ, Құдайдың тағы мен Құрбандық Қозысы сонда болады да, Оның құлдары Оған қызмет етеді» (Аян 22,3). Бұл бір қуаныш кернеген Тәңірге қызмет қылып, Оны мадақтаған кезең болады.

Адам өз денесінен аласталған соң Тәңірдің алдына баратыны да Киелі кітапта айтылған. Адам жан тапсырған сәтте ол Мәсіхтің дәл өзімен кезігеді. Оның жаны қайта тіріліп, денесімен қайта табысар сәтін күдеті.

Көп адамдар: «Жерге көмілген немесе отқа жағылғандар қалайша тіріліп кетеді?» — деп сұрайды. Ғалымдар еш қандай химиялық заттардың жер бетінен жоғалмайтынын әлдеқашан дәлелдеді. Ең алдымен, денені жаратқан Құдай оның химиялық бөлшектерін қайта құрастырса, дене қайта тіріліп, жанға қосылады. Бірақ, біздің жаңа денеміз Иса Мәсіхтің Денесі секілді өзгеріп кетеді. Біз бұдан соң жылауды да, азапты да, ауру мен өлімді де білмейтін боламыз.

Кеңістікті тұрақ еткен екі мәңгілік дүниенің келбеті-осы. Адам-Атаның әр баласы осы екі дүниенің әрқайсында тіршілік етеді. Бұл екі әлемнің орасан зор құпиясы бар; бірақ Киелі кітапта бұл екі дүниенің бірінде — азап пен қасірет, екіншісінде — нұр мен даңқ болатыны тұспалдап көрсетілген.

Біз қазір адамзат мәселелеріне шолу жасадық. Үстірт қарағанда, олар күрделі болып көрінгендерімен, шынтуайттап келгенде, барлығы да жай нәрсе. Сол мәселелерді түп-түгел күнә деген бір-ақ сөзге жинақтауға болатынын көріп отырмыз. Адамның Құдайсыз өмірінде болашақ жоғын да көріп отырмыз. Бірақ, біздің келелі мәселелерімізді тек талқыға салып, Құдай жобасын нобайлап қою аздық етеді. Егер адам Құдайдан көмек күтсе, ол онда белгілі шарттарды мүлтіксіз орындауға міндетті. Кітабымыздың келесі тараулары сол шарттарды талқылауға арналады.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

КҮРДЕЛІ МӘСЕЛЕНІҢ  
ШЕШІЛУІ

## ЖЕТІНШІ ТАРАУ

### ИСА МӘСІХ НЕ ҮШІН КЕЛДІ?

«Себебі, мен ең басында сіздерді өзім де қабыл алғанымға үйреттім, яғни Мәсіх Қасиетті Жазу бойынша біздің күнәміз үшін өлді, Жазу бойынша көмілді де, үшінші күні қайта тірілді»

Қор. 15,3-4

Дүние ғаламдағы ең қорқынышты, ең бүлдіруші құбылыс-күнә екенін көріп отырмыз. Барлық қамқорлық пен жауыздықтың түп тамыры, әр адамдағы үрейдің басты себебі-күнә деген кішкентай ғана бір-ақ сөзге жинақталған. Адам болмысының кескінін бұзған — сол. Адамның өміріндегі ішкі үндестікті бүлдірген де — сол. Адамды бекзаттықтан да айырған — сол. Оларды сайтанның қақпанына түсірген де — сол.

Рухани бұзылу да, барлық ауру да, бүліншілік пен қырғын да — бәрі бәрі күнәдан туындайды. Ақылдан алжасу мен жүректің улануына да себепкер — күнә. Киелі кітапта күнә тиянақты емді тілейтін, әрі қатерлі, әрі жойқын науқас ретінде сипатталады. Күнә — кұтырынған дауылға, от шашқан жанар тауға, жындыханадан қашып шыққан жындыға, қанды шеңгел қарақшыға, жемтік іздеп арқыраған арыстанға тең. Ол жерге



жайдың оғындай шаншылады, бас алатын қылыштай шүйлігеді. Ол-адам жанын жегідей жеген қатерлі ісікпен пара-пар. Ол-жолында тұрғанның бәрін жоқ қылатын сел.

Күнәнің кесірінен тасқын суға адамның қылмысы тоғытылды, ескен желге есірік пайда болды, жарқын күннің жарығы күңгірт тартты, өмір жолдарына ор қазылды, саяхат түбі тайызға тіреліп, тығырыққа ұрынды. Күнә — бақытты бұзады, миды шатастырады, арды аздырады, бәрін жояды, қайғыдан қан құстырып, шыбын жанды мұрынның ұшына келтіреді, мамық деп тамұққа тақайды, бостандықтың орнына құлдық, тәттінің орнына ащыны береді.

Күнәнің кесірінен адамдар ғасырлар бойы рухани түнекте салпылдап, шығар тесік таппай, табан жолын тіміскілеп іздеді. Адамды рухани абдыраудан арылта-тын, шайтанның зынданынан шығаратын, абақтының есігін ашатын әйтеуір біреу керек болды. Ашыққан жүрегі, аңсаған ақылы, рәсуа болған рухы бар адамдар дәрмендерінен айырылып, қараңғы қапасқа жан ұшыра құлақ түрді, үрейлене көз тікті. Ал, эзәзіл бұл кезде Әдем бақшасында оларды табалап, өз жеңісін тойлап жатты.

Дүлей жунглидің жабайы тұрғындарынан бастап, Мысыр, Грекия, Румдегі дамыған өркениеттің абдыраған адамдары алас ұрып, мына сұрақтарға жауап іздеді: «Бұл тұйықтан шығаратын жол қайда? Мен қалай жақсарамын? Қай жолға түссем болады? Жан қиналтқан бұл аурудан қалай құтыламын? Мына жөңкіген тасқынды қалай тоқтатамын? Мына жығылған ордан қалай шығамын? Ондай жол бар болса, оны қалай табамын?»

Құдай дегеніміз, сүйіспеншілік екенін сіздер Киелі

кітаптан білезіздер. Құдайтағала адамдар үшін тырысып бақты. Ол оны құтқарғысы келді. Ол адамдарды күнәнің қарғысынан арылтпак болды. Бірақ, Ол мұны қалай істемек? Егер адамдар Құдайдың қалауымен жүрмей шайтанның азғыруына көнетін болса, оның жаны да, тәні де өлетінін Ол әу баста ескерткен болатын. Бірақ, адам Құдайдың ырқына өз еркімен көнбеді. Сондықтан да ол өлуге тиісті болды, өйткені Құдай оларды осылай жазғырмаса, онда Оның Өзі өтірікші атанар еді. Құдайдың бар болмысы да Оны жалғандыққа жібермейді. Оның сөзі міндетті түрде орындалуға тиісті. Сондықтан да, адам Құдай жолынан ауытқыса, Оның жебеуінен де айрылатын. Адамдар шайтан жолын өз ықтиярымен таңдап алды. Құдай олардың бұл күнәсін кешкен жоқ, өйткені олай етсе, Оның Өзі жалғандықтың шырмауында қалар еді. Сондықтан да Ол былай деді: «Қайырымдылық пен жауыздықты тану ағашынан дәм татпа. Өйткені, оны жеген күні өлімге душар боласың» (Бастау 2,17).

Адамдар қайырсыз өлімге ұшырамау үшін, басқа бір жол қарастыру керек болды. Адамның табиғатында кесел бар. Ол Құдайдың өзіне айбат қылды. Олардың бұл науқасының асқынғаны соншалық, олардың көпшілігі Құдай барлығын да мойындамады.

Бірақ, Құдай оларға бірдемені істейтінін Әдем бақшасында-ақ тұспалдап айтқан болатын. Бұл сөзде шайтанға деген ескерту, адамға деген уағда бар еді: «Сені мен әйеліңнің арасында және сенің ұрпағың мен оның ұрпағының арасында жауыздық пиғал туғызамын: ол сенің басыңды зақымдаса, ал сен оның бақайшағына дейін шағатын боласың» (Бастау 3,15). Бұл сөзден аспан оты жарқ еткендей болды. Бұл — ант еді. Адам бұл сөздерден өзіне қуат алғандай болды. Құдай

бізге Өтелуші мен Құтқарушы келетін күн туады, — деген болатын. Құдай адамға үміт отын жақты. Ол үміт сан ғасырлар, мыңдаған жылдар бойы оның алдынан жарқырай жанды.

Әйтсе де, мұнымен іс біткен жоқ. Адамзаттың сан ғасырлық тарихында аспан сәулесі жерге түскен кездері де болды. Көне Өсиеттің өн бойында адам егер болашақтағы Өтелушіге сенетін болса, онда оның құтқарылатындығы жайлы уағда бар. Сондықтан да Құдай Өз халқын басқа біреу жан-пида етсе ғана құтқарылатындығын айтты. Адамдарды құтқарудың құнын басқа біреу өтеуіге тиісті болды.

Біз жұмаққа бір сәтке ойша оралайықшы. Құдай былай деген еді: «Сен одан дәм татқан күні өлім келіп, өлесің» (Бастау 2,17). Адам жұмақтағы ағаштың жемісін жеді. Сонымен өлді.

Айталық, Құдай былай десін: «Ей, Адам-Ата, сен қателік жасадың, сен аздап адастың. Мен сені бір жолға кешіремін. Сен бұдан былай мұндайды қайталама». Құдай бұлай етсе, онда Оның өтірікші болғаны. Ол бұдан соң Киелі де, Әділқазы да болмас еді. Құдайдың бар болмысы Өз сөзінде тұруын талап етті. Мұндай кездері Тәңірдің әділдігі таразыға түседі. Сондықтан да адамның денесі де, жаны да өлуге тиісті. Күнә оны Құдайдан айырды. Соның салдарынан адам азапка да түсті, сол күнәсі үшін құн да төледі. Адам-Ата адамзаттың түпкі атасы екенін білеміз. Адам-Ата күнәға барған кезде, онымен бірге біз де барғанбыз. «Күнә бар әлемге бір адам арқылы еніп, күнәнің соңынан өлім келгені секілді, өлім барлық адамға ортақ болды, себебі, бұл әлемде олардың бәрі күнәға батты» (Рум. 5,12).

Сонда: «Құдайтағала әділ болса, күнәкарды неліктен ақтайды?» - деген жан ышқындырған сұрақ өз-өзі-

нен туады. Бұл жерде «ақтайды» деген сөз «адам жанын кінәдан арылту» деген ұғым беріп тұрғанын ұмытпауымыз керек. Ақтау дегеніміз жай ғана кешіруден әлдеқайда жоғары. Біз күнәні болмаған секілдендіріп, түп тамырымен жоюымыз керек. Адамда бір түйір таңба да, ақау да қалмай, өз қалпына келтірілуі керек. Екінші сөзбен айтқанда, әр пенде басынан бағы тайған шағына дейінгі дәрежесіне қайта оралуы керек.

Көздерін шел басқан адамдар мыңдаған жылдар бойы Әдемге қайта барғысы келіп, қара терге түсті, бірақ одан түк шықпады. Оған баратын талай жолды байқап көрді, бірақ оның барлығы бос әурешілік болды. Әрине, білім де қажет, бірақ бір ғана білім адамды Құдайға әкеле алмайды. Жалған дін бұл — адамның қайыршылық халін уақытша білдірмейтін есірткі апиын, бірақ ол мақсатына жеткізбейді. Егер соғыс қауіпі туа қалса, Біріккен Ұлттар Ұйымы қажет-ақ. Халықаралық жағдайды жақсартудағы оның еңбегіне разымыз, кейбір қиын шиырды қан төгіссіз-ақ шешкеніне тәнтіміз. Бірақ та Біріккен Ұлттар Ұйымы мәңгілік бейбітшілік орнатса, біз онда Құдайға: «Бұдан былай бізге Сенің қажетің жоқ. Жер үстіндегі әділдік пен бейбітшілікті өзіміз-ақ орнаттық» — дер едік. Бірақ, мұның бәрі Ұлы Дәрігерді күткен әлемнің уақытша пайдаланатын бақсы-балгерлік шипасы. Біз өткен тарихымызға көз салсақ, адамдарды біріктірудің алғашқы талабы Вавилон мұнарасын құру кезінде тіл мен тілді араластырумен біткенін көреміз. Ал басқа кездері: «Құдайсыз-ақ таңымыз атып, күніміз шығады-деген адамдардың ойлары ешқашан жүзеге асқан емес. Басқаша болуы мүмкін де емес.

Сондықтан да: «Құдайтағала берекелі, яғни Өз болмысы мен киелілігіне адал бола тұра, күнәкарларды

қалайша ақтайды?» — деген сұрақ қайтадан туады. Өйткені, адамзат түгел күнәкар болды, сол күнәсін өз мойындарымен көтеріп келе жатыр.

Осыдан барып, сол мәселені шешудің жалғыз-ақ жолы қалды. Ол — бір пәк жан Құдайдың алдына барып, бар адамның күнәларын түгел мойнына алып, денесі мен жанын өз ықтиярымен өлімге беру болды. Ол пәк адам үкімді де, жазаны да, өлімді де өз мойнына алуға тиісті. Бірақ, ондай адам қайдан табылады? Жер үстінде күнәсіз адам жоқ екені белгілі. Киелі кітап былай дейді: «Өйткені, барлығы да күнәға батқан және де Құдайдың жарылқауынан айрылған» (Рум. 3,23). Әйтсе де, бір мүмкіндік бар еді. Бар әлемдегі күнәні бір Өзінің мойнына тек Құдайдың Жалғыз Ұлы ғана ала алатын.

Киелі кітап Құдайды бізге үш ұғымда танытады. Біз оны ешқашан аша алмайтын құпия сыр-бұл. Киелі кітап үш Тәңір бар демейді, бір Құдай бар екендігін айтады. Бірақ, сол Жалғыз Құдай бізге үш түрде көрінеді: Құдай Әке, Құдай Ұлы және Қасиетті Рух Құдай.

Қасиетті Үштіктегі (Троица) екінші Құдай, Ол — Құдай Ұлы, яғни Иса Мәсіх. Ол Құдайдың Өзімен тең. Ол Құдайдың көп баласының бірі емес, Ол Оның Жалғыз Ұлы. Ол — Құдайдың Мәңгілік Ұлы, — Қасиетті Үштіктегі Екінші бейне. Тәнімен келген тірі Құтқарушы.

Иса Мәсіх бастаусыз, — дейді Киелі кітап. Ол ешқашан жаратылған емес. Киелі кітап миллиондаған жұлдыздардың, жарқыраған ай мен күннің және де өзіміз тіршілік еткен жердің жаратылғанын айтады. Біздер Иса Мәсіхтің туған күні деп тойлайтын күн (Рождество), Оның бастауы емес. Бізге Құдайдың пайда

болуы, бастауы біз тірелетін құпия болса, Иса Мәсіхтің де бастауы, тегі сол құпияның ішінде. Киелі кітап былай дейді: «Ең басында Сөз болды, Сөз Құдайда болды және Сөздің Өзі Құдай болды» (Жох. 1,1).

Киелі кітап бізді былай деп оқытады: «Ол-барлық тірі жандылардан бұрын туған, көзге көрінбейтін Құдай бейнесі. Өйткені, аспан мен жердегінің, көзге көрінетін мен көрінбейтіннің бәрін: тақты да, қожалықты да, бастықтықты да, әкімдікті де — бәрін Өзі және Өзіне жаратқан. Бәрінен бұрын Оның Өзі бар және бәрі Сол арқылы тұр» (Қол. 1,15-17).

Соңғы сөйлемде Ол бәрін Өз қолында ұстап тұрғаны айтылған. Екінші сөзбен айтқанда, Иса Мәсіхтің құдіреті ұстап тұрмаса, бар әлем быт-шыт болып, миллиардтаған атомға бөлшектеніп кетер еді. Киелі кітап тағы да былай дейді: «Сен, Тәңір, алдымен жер мен аспанды жараттың — бәрі Өз қолыңнан шықты. Олар опат болады, ал Сен қаласың. Және бәрі шапан секілді тозады және оларды киім сияқты бүктейсің сонан соң бәрі өзгереді. Ал, сен бәз-баяғы қалпыңда-сың, тіршілігің де таусылмайды» (Евр. 1,10-12)

Өзі туралы Мәсіх былай деген: «Мен Альфа және Омегамын, алғашқы да ақырғымын, бірінші және соңғымын» (Аян 1,8). Адамды Құдайға қайтаруға тек Оның ғана күші мен билігі жететін. Бірақ, Ол оны істеді ме? Ол оны істегісі келсе, жерге келуі керек болды. Қызметшінің кейпіне еруге де, адам секілді болуға да тиіс болды. Ол Өзін қорлыққа беріп, өлгенге дейін бағынышты болуы керек еді. Ол күнәмен айқасып, адам жанының дұшпаны — шайтанмен бетпе-бет кездесіп, оны жеңуге тиісті болды. Ол бар түйінді шешіп, тұтқындарды босатып, сол үшін ғаламат құн — Өз қанын төтуге тура келді. Ол адамдарға жексұрын көрініп,

олардан аласталып, аурудың азабын тартып, күйініштің құрбаны болуға дейін жетті. Ол Құдайдың да есінен шығып, тастанды болып, адамдардың қысастығы үшін жаралануға да, олардың күнәсі үшін сойылға жығылуға да тиісті. Ол Құдай мен адамды бітімге келтіріп, адамзат тарихындағы Ұлы Делдар болды. Ол Орынбасар болып, күнәкарлардың орнына жан беруге тиіс болды. Ол мұның бәрін Өз ықтиярымен істеуі керек болды.

Құдайға шүкір, осының бәрі орындалды! Ол жеті қат аспан үстінде тұрып, кеңістікте зымыраған жерді, — қарғыспен таңбаланған, күнәмен айғыздалған, тозаққа бет алған тұнжыр жерді көрді. Ол күнәнің ауырлығынан жерге бүгілген, күнәнің шынжырынан мықтап байланған мені де, сені де көрді. Өзінің аспан ұясында Ол Өз шешімін қабылдады. Өзінің құдіретті Сөзімен бар ғаламды жаңарта алатын патшалардың Патшасы, тәңірлердің Тәңірі ән салған жұлдыздар мен мадақтау айтқан жолсерік періштелермен бірге Өзінің жалт-жұлт еткен арбасына мініп, аспан түбіндегі маржан қақпасынан өтіп, Иудеяның үстінен арбасынан түсіп, үстіндегі жалтылдаған киімдерін шешіп тастап, адам кейпіне енген кезде періштелер Оған құрмет көрсетіп, бойұсынып, бас иді!

Менің жол үстінде келе жатып, құмырсқалар илеуін қалай басып кеткенімді бір сәтке көз алдарыңа келтіріңдерші. Мен төмен қарап, құмырсқаларға былай дер едім: «Сендердің илеулеріңді басып кеткеніме өкенемін. Мен сендердің үйлеріңді қираттым. Сендер қатты абыржулысыңдар. Мен сендерді өте-мөте сүйетіндігімді білдіріп, мен мұны кездейсоқ істегенімді және сендерге қолқабыс ететінімді айтқым келеді».

Сіздер маған: «Ол мүмкін емес, құмырсқалар сіздің сөзіңізді түсінбейді», — дейсіздер. Мәселе осында!

Егер мен бір сәтке құмырсқаға айналып, олардың тілінде өз сүйіспеншілігімді айта алсам, бұл неткен керемет болар еді!

Мәсіх дәл осыны істеді. Ол адамдарға Құдайды ұғындыру үшін келді. Құдайдың бізді сүйетінін, біздің өмірімізді жаңартуға ынтызар екендігін де айтты. Ол. Құдайдың қайырымдылығы, шыдамдылығы, рахаты жайында да айтты. Бізге мәңгілік өмір беруге уағда етті.

Соның үстіне, Иса Мәсіх тән мен қанға Өзінің өлімі үшін жамылды. «Ол біздің күнәмізді Өз мойнына алу үшін келді» (1 Жох. 3,5). Мәсіх бұл дүниеге «көп адамдардың бостандық төлемін төлеуге өз жанын беруге келді» (Мат. 20,28). Иса Мәсіхтің бұл әлемге келу себебі, адамдардың күнәсі үшін Өз өмірін құрбандыққа беру болатын. Ол өлмек болып келді. Оның жер үстіндегі отыз үш жыл өмірінің үстінде ажал бұлтты қалқып тұрды.

Иса Мәсіх туған түні шайтан селк етті. Ол туған сәтте-ақ шайтан Оны өлтіргісі келді. Иродтың сәбилерді жою жөнінде құжат шығарудағы жалғыз мақсаты — Мәсіхті өлтіру болатын.

Жер үстіндегі бар өмірінің ішінде Ол бірде-бір рет күнәға бармады. Күнәсі жоқ жалғыз пенде — Мәсіх болатын. Ол халық алдына шығып: «Менің өтірігімді әшкерелейтін қайсың барсыңдар?» — деп мәлімдеді (Жох. 8,46). Дұшпан Оны күндіз-түні аңдығанымен, Оның бір күнәсін да ұстай алмады. Ол мінсіз де таза еді.

Иса Мәсіх қарапайым күн кешті. Ол құрмет те қуаламады, даңқ та іздемеді. Ол мал сарайында туды. Назарет деген шағын шаһарда тұрды. Ол ағаш ұстасы еді. Ол Өзіне ерген балықшыларды төңірегіне топтастарды. Ол адамдардың ортасында адам секілді өмір сүрді. Ол Өзінің артықшылығын көрсеткен жоқ, жұрт



алдындағы беделді де іздемеді. Ол Өзін жер үстінде жүргендердің бәрінен де кемсінді.

Бірақ, Оның адамдарға уағыз айтқан кездегі екпінінің күштілігі соншалық, Оның сөзін тыңдағандар: «Мынау сияқтанып, еш адам сөйлеген емес» (Жох. 7,46) — деп таң қалатын. Ол айтқан әрбір сөз тарихи, әрі ғылыми-этикалық жағынан нағыз ақиқат еді. Иса Мәсіхтің құлықтық көзқарасы мен пайымдаулары өте айқын. Оның фибраттарының тазалығы соншалық, оны Өзі өмір сүрген кезде де пайдаланды және келешекте де қолдануға болады.

Оның Құдайлық тұлғасынан шыққан сөз пайғамбар сөзіндей ақиқат еді. Болашақта бізді не күтіп тұрғаны жайлы да Ол көп болжау айтты. Заңшылдар Оған шытырман сұрақтар беріп, шатастырмақ та болды. Бірақ, Оны ешқашан жаңылдыра алмады. Өзінің қарсыластарына берген Оның жауаптары айқын да, нақты болатын. Ол түсіндірген нәрсені қайталап сұрарлықтай қисын қалмайтын, Оның пікірінде дүдәмалдық, сөздерінде қорғалақтаулық деген атымен болмайтын. Ол білгір еді, сондықтан да бұлтартпай сөйлейтін. Оның сөздерінің қарапайымдылығы соншалық, қарапайым халық Оны қуана-қуана тыңдайтын. Оның айтқандарында терең мағына болса да, жұрттың көкейіне оңай қонатын. Сөздерінде үлкен салмақ болғанымен, ұғым үшін өте жеңіл-тін. Оның сөздерінен жарқындық пен қарапайымдылық қатар ескендіктен, Оның дұшпандарының ашуын қоздыратын. Күнделікті өмірдің келелі мәселелерін шешкен кезде, кездейсоқ жолаушы Оның артынан қалай ергенін өзі де байқамай қалатын.

Иса Мәсіх ауруларды, ақсақ-тоқсақтарды, сал болғандар мен соқырларды айықтырып жіберетін. Ол алапестерді де сауықтырып, өлгендерге де жан бітіретін.

Ол жын-перілерді де айдап шығатын, сапырған дауылды да басатын. Ол Өзі уағыз айтқан адамдарға тыныштық пен қуаныш, үміт әкелетін.

Оның кескінінен қорқыныш белгісі ешқашан білінбеуші еді. Ол асықпайтын да, абдырамайтын. Ол қайғылы оқиғаға да ұшырамайтын. Оның әр қимылынан жайбарақаттық пен ойлылық сезілетін. Ол Өзін әрдайым байсалды ұстайтын, әр істе абыржушылық пен екіұштылық білдірмейтін.

Ол Пилатқа да байсалды қарап, былай деді: «Егер саған жоғарыдан билік берілмегенде, Маған сенің ешқандай әкімдігің жүрмес еді» (Жох. 19,11). Ол үрейлері қалмаған адамдарға Өзінің қол астында бір жасақ періштелер бар екенін айтқан болатын.

Ол айқыш ағашқа маңғаз қалпымен, асықпай, байсалды келді. Және де Өзі туралы осыдан сегіз жүз жыл бұрын сәуегейлікпен айтылған сөздердің іске асатынына сенімді екенін сездірді: «Бауыздайтын қой секілді сүйреп келді Оны, жүнін жұлқылап қырыққандағы құрбандық қозы секілді үнсіз қалды Ол, әйтеуір жақ ашпады Ол» (Ишая 58,7).

Ол еш қайыспастан және Өзінің артықтығын бекем сезініп, алдағы биік борышын адал орындауға барынша бекініп келе жатты. Ол күнәкарларды құтқару үшін келді. Ол Құдай қаһарының бетін қайыру үшін келді. Ол шайтанның саудасына түскендерді сатып алу үшін келді. Ол эзәзілді мәңгілік жеңу үшін келді. Ол тозақ пен моланың үстіне үстемдік орнату үшін келді. Ол мұның бәрін тек бір ғана құралмен істей алатын. Оның алдында жалғыз-ақ жол жатты.

Оның өлімі бұдан мың жыл бұрын болжанған болатын. Ол алдымен, біз білетіндей, Әдем бақшасында опат болды. Сонан бері Иса Мәсіхтің өмірі мен өлімі

жайлы сәуегейлік уағыз ғасырлар бойы айтылып келеді. Ибраһим Оның өлімін құрбандық қозысын шалу үстінде болжап білді. Израиль халқы Оның өлімін құрбандық қозыны шалумен теңестірді. Иудейлер мезбағында құрбандық қан төгілген сайын, ол қан өздерін күнәдан арылтатын Құдайдың Құрбандық Қозысының қаны болып саналатын. Дәуіт Оның өлімі жайлы өзінің болжау псалмаларында айтты. Ишая пайғамбар өз кітабында Оның өліміне болжау айтқан және оны тәптіштеп баяндаған тараулар арнады.

Иса Мәсіх: «Мен кең пейіл бақташымын. Ал, кең пейіл бақташы өз өмірін қойға құрбан етеді» (Жох. 10,11) деген кезде, Өз өмірін киноға күші жететіндігін айтқан еді. Сонан соң Ол былай деді: «Адамзат Ұлы осылай мадақталуы керек; Оған сенгендер өлімге ұшырамай, мәңгілік өмір сүруі керек» (Жох. 3,14-15). Иса Мәсіх мәңгілікке қойылған айқыш ағашты көрді. Өзі тумастан бұрынғы ғасырлар өрінде-ақ Өзінің өлер шағы жақындап қалғанын Ол білетін. Ол Қыз-Анадан туған кезде айқыш ағаш Оның жолында көлбеңдеп тұрған болатын. Ол өлу үшін адам тәніне оранды. Бесіктен айқыш ағашқа дейінгі өмірінің бар мақсаты — жан пида ету еді.

Ол бұған дейін еш адам тартпаған азапты шекті: лапылдаған шырақ сәулесі түскен Гефсиман бақшасындағы түн, сатқынның сүюі, қамалу, бас діндарлар алдындағы сот, сарыла күту сағаттары, Рум губернаторының сарайы, Иродтың сарайына өтуі, Иродтың қаныпезер әскерлерінің дөрекі қылықтары, діндарлар мен тобырлар Оның қаны төгілуін жер тепкілеп талап еткенде Иродтың Оны құтқармақ болған кездегі жантүршігерлік сәті, соққыға жығу, дуылдаған тобыр, Иерусалимнен Голгофқа дейінгі жол, аяқ-қолына қа-

ғылған шегелер, басына кігізген тікенек тәж, екі жағында керулі тұрған екі қарақшының: «Бұл басқаларды құтқарыпты, бірақ Өзін-Өзі құтқара алмай тұр!» (Мат. 27,42) деген қорлауы мен келемежі.

Басқалар айқыш ағашта жаны шықпай екі-үш күн қиналғанда Мәсіх неғып алты сағатта оп-оңай өле қалды, — деп сұраушылар да бар. Олай болатыны, Ол Голгофқа әкелінгенде әбден әлсіреген, қалжыраған болатын. Оған дүре соғылды, денесінің құр сүлдері қалды. Бірақ, Мәсіх өлер сәтінде Өз ықтиярымен жан берді. Жан тәсілім ететін мезетті Ол дәл болжады.

Ол аспан мен жердің ортасында осылайша жалаңаш асылып тұрды. Бетін қан жуып кеткенге дейін Оны соққылай берді. Құтырынған адамдар Оның жүзі сілекейімен әбден айғыздалғанға дейін бетіне түкіру мен болды. Ол ешкімге бір түйір жалбарынған жоқ, Ол Өзі шеккен жан түршігерлік азапты: «аңсаймын», — деген бір-ақ сөзбен білдірді. Қан судай ақты. Құдай күнәкардың немесе орнына жан беретін орынбасарының өлімін талап етті. Сол Орынбасар осы Мәсіх болды. Архангел Жебірейіл бастаған періштелердің сансыз тобы қолдарына жалаң қылыш ұстап, жер шетінде ұшып жүрді. Ол Өзінің жарылқайтын көздерімен бір қараса болды, періштелер мына дуылдаған, қаһарлы тобырды тозаққа қуып тығатын еді. Бірақ, Мәсіх олай еткен жоқ. Оны ұстаған шеге емес, адам қолымен иірілген жіптен гөрі қаттырақ матайтын сүйіспеншілік түйіні еді. «Бірақ Құдай Өзінің бізге деген сүйіспеншілігін, біз күнәкар болған кезімізде, Мәсіхтің біздер үшін өлуімен дәлелдеді» (Рум. 5,8).

Сіздер үшін! Мен үшін! Ол біздің күнәларымызды айқыш ағашқа Өз Денесімен апарды. Біреулер былай депті: «Сіз Оның айқыш ағашта басын салбыратып,

жойқын жалғыздықты сезініп, әлемдегі барлық күнәні Құдайдан алыста бір жүрегіне сиғызып тұрғанын көз алдыңызға келтіріңізші, сіз сонда әлемдегі бар күнәні мойнына алудан жасалған нәрсені, бірақ, оны Өзі үшін емес, айқыш ағашта солардың орнына Өзі керілген, өзгелерге бергісі келгенін көрер едіңіз. Біздер осы азапты толық сезіп, бірақ оны түсіндіре алмайтынымызды мойындаймыз. Бірақ, біз Оның: «Орындалды!» деген сөзін естіген кезде, Оның күші мен құдіретіне деген қастерлі сезім бізді қалай баурап алғанын түсіне бастаймыз.

Бірақ, Иса Мәсіх шеккен дене азабы шын азап емес еді. Оған дейін де көптеген адамдар өлді. Талайлар қиямет азап шекті. Иса Мәсіхтің рухани өлімі Ол үшін жан түршігетін азап болды. Ол түпсіз күнәнің еденіне жетті, терең қайғыны түбіне дейін өлшеді, Құдай Одан теріс айналып, Өз Түрін жасырған кезде, Мәсіх:

«О, Құдайым! О, Құдайым! Сен неге Мені тастап кеттің?» — деп зар иледі. Мәсіх бұл сөзді адамзат тарихының ұлы сәтінде жападан жалғыз тұрып айтты. Бұл сөзден жарқ етіп, жарық жанды. Мәсіх тартқан азап сол жарықтың сәулесіндей боп жетті. Ол сәуленің өткірлігі соншалық, көз шағылысып, Қемпбелль айтқандай: «Бұл сәулеге тура қарауға бірде-бір көз шыдамас еді». Бұл сөзді ол, доктор Морганның пікірінше, «әлі де болса өзі түсініп, жетілмеген көп нәрсе барын адамдар білсін деп айтты».

Күнә дегеннің не екенін білмейтін Иса біздер үшін күнәға айналып, Құдай бізді Өзі арқылы ақтауын тіледі. Ол айқыш ағашта күнә болды. Құдай Оған теріс айналды. Ол күнә дегеннің не екенін білмегендіктен, Ол тартқан жаза біздің ұғымымыздан да биік қазына болып табылады, өйткені Ол ондай жазаға

кіріптар емес еді. Егер Ол Өз денесіне күнә жинап, сол арқылы Өзіне қажетсіз қазына жасаса, Ол сонда мұның бәрін кім үшін істеді?

Ғасырлар тұңғиығында мұның бәрі қалай істелгенін еш пенде ешқашан білмек емес. Менің білетінім мынау: Ол менің күнәмді айқыш ағаштағы Өз денесімен бірге әкетті. Мен тұруға тиісті орынға Ол тұрды. Мен тартуға тиісті ғаламат азапты Ол тартты. Сондықтан да мен аспанға барып, Оған тиісті нәрсені мен алсам да болады. Көне Өсиетте айтылған барлық сәуегейлік, барлық арман осылайша орындалды. Діндарлар мұнан соң Әулиелердің Әулиесіне жылына бір рет бармай-ақ қойса да болады. Оның құрбандығында шын жаза да, шын күнәкарлардың орнын басу да, араша түсіп, келісімге келу де бар. Және де «Адамдар бір күндері өліп, сонан соң сотқа баруға тиісті екендігі секілді, Мәсіх та басқалардың күнәсін арқалау үшін құрбандыққа барды» (Евр. 9,27-28).

Құтқарылудың негізі осылайша қаланғандықтан күнәкар істейтін бір-ақ нәрсе қалды, ол — Құдай Ұлына сену! Сонда ол Құдаймен тәубаға келеді. «Өйткені, Құдай дүниені сүйгендігі сонша, әрбір Оған сенуші өлмей, мәңгілік өмір сүресін, — деп, Өзінің жалғыз Ұлын берді» (Жох. 3,16).

Мен Мәсіхтің айқышқа керілуінен үш мағына көріп тұрмын. Біріншіден, сол арқылы адам күнәсінің тереңдігі суреттелген. Мәсіхті айқышқа кергіздіңдер, — деп сол заманның адамдарын кінәламаңдар. Оған айыпты — өзіміз. Оны айқышқа шегелеген Рум солдаттары емес, бұл өлімге Оның Өз ықтиярымен баруына мені мен сіздердің күнәларыңыз себепкер болды.

Екіншіден, айқышқа керуден Құдайдың бәрімізге ортақ сүйіспеншілігін көріп тұрмын. Егер сіз сол сүй-

іспеншілікке күндердің күнінде күдіктене қалсаңыз, Голгофтағы Айқыш ағашқа ұзақ та терең көз тігіңіз, — сізге сонда Құдай сүйіспеншілігі түсінікті болады.

Үшіншіден, керу — құтқарылудың жалғыз жолы. Иса былай деген: «Мен — жолмын, шындықпын, өмірімін, Әкеме Мен арқылы болмаса, ешкім де келе алмайды» (Жох. 14,6).

Айқыш ағаштағы орын Мәсіхтікі емес, өзіңдікі екенін түсінбейінше, күнә мен тозақтан құтылатын ешқандай мүмкіндігің жоқ. Егер бізді құтқарудың бұдан басқа да жолы болса, онда оны Мәсіх міндетті түрде табар еді. Егер өмірді жақсартудың жағдайлары немесе рухани жақсы өмір біздерді құтқара алатын болса, онда Иса Мәсіхке өліп те қажеті жоқ еді. Бірақ, біздің орнымызға басқа біреудің баруы қажет еді. Адамдар бұл туралы сөйлегісі де, тыңдағысы да келмейді, өйткені мұндай әңгіме олардың паңдығын төмендетеді, менмендігіне нұқсан келтіреді.

Біраз адамдар былай дейді: «Егер мен дұрыс өмір сүрсем, онда өзім-ақ құтқарылмаймын ба? Егер Мәсіхтің өсиетін берік ұстансам ше? Немесе Ол үйреткен өмірге бой ұрсам ше?» Бірақ, сіз Мәсіх үйреткен өмірге талпынсаңыз да, бәрібір күнәкар күйіңізде қаласыз. Сіз күнәға одан әрі батасыз, өйткені ешкім туғаннан бастап, өлгенге дейін Мәсіх үйреткен жолмен өмір сүре алған емес. Сізге қателесуге де тура келді, заңды да бұзған кездеріңіз болды, сөзге де құлақ аспадыңыз, күнәға да бардыңыз. Сол күнәларыңызға не істесеңіз жарасады? Оған жалғыз-ақ жол бар, — барлық күнәңізді айқыш ағаштың алдына жығып, сол жерден кешірім табуыңыз керек.

Осыдан көп жыл бұрын король Карл Бесінші бір саудагерден көп ақша қарыз алыпты. Қарызын қайта-

ратын уақыты тақалғанда король кедейленіп қалады да, берешегін қайтарардай халдан айырылады. Сонда саудагер кісі корольдің құрметіне той істеді. Қонақтар түгел жиналып, оларға табақ тартатын уақыт келгенде, саудагер корольдың алдына да ыдыс қойылып, оның қасына шырақ жағуды бұйырды. Шырақ тұтанған кезде саудагер қалтасынан корольдың тілхатын алыпты да, оны отқа өрттеді. Мұны көрген корольдің көзіне жас келіп, ол саудагерді құшақтап алды.

Біздің бәріміз де Құдайдың алдында дәл осылай қарыздармыз. Біздің де қарызды қайыратын уақытымыз келді, бірақ оны өтерліктей түгіміз жоқ. Осыдан екі мың жыл бұрын айқыш ағашта жан тапсырар алдында кірпігі әрең қимылдаған Мәсіхтің бойындағы Құдай сенің де, менің де күнәмді жойып, біздің кінәмізді із-түзсіз жоқ қылды.

Киелі кітап былай дейді: «Бәрі де заң бойынша қанмен тазаланады және де қан төгілмейінше кешірім болмайды» (Евр. 9,22). Қөп адмдар маған: «Бұл не деген қаныпезерлік! Сіз мені қанды қырғынның дініне сенемін деп нандыра алмайсыз!» — дейтін. Басқалар да таң қалып: «Құдай неліктен қан тілейді, түсінбеймін», — деген еді. Ал, тағы біреулер: «Мәсіх неліктен мен үшін өлуге тиісті, түсінсем бұйырмасын», — деді. Біздің заманымызда Мәсіхтен төгілген қан жайлы ойлану дәуір тынысына сай емес, ол тозған дәстүр деп есептеледі. Уағыздарда ол туралы айтылмайды. Сөйте тұра, ол шындық. Ол ой бізде әлі бар. Ол туралы Киелі кітапта да айтылған. Мәсіх жолын қуушылардың сенімінің түп тамыры сонда және ол сенімнің өзгешелігі Мәсіх Өз қанын құрбандыққа бергенінде. Олай етпейінше, бізге құтқарылу деген атымен жоқ. Қан — Мәсіхтің өлімінің символы.



Мәсіхтің қанымен біз өтелдік,— деп оқытады Киелі кітап: «Сіздер бұл әуре — сарсаң өмірден шіріген алтын және күміспен өтелмегендеріңді білесіздер. Еш ақауы жоқ, мөлдір таза құрбандық қозы Мәсіхтің асыл Қанымен өтелдіңдер» (1 Пет. 1,18-19). Біз тек шайтанның емес, заңның да құрсауынан құтылдық. Мәсіхтің айқыш ағашта өлуі мені заңның өктемдігінен құтқарды. Заң маған үкім шығарды, ал Мәсіх құн төледі. Жердегі бар алтын, күміс, асыл тастар менің өтелуіме жарамас еді. Олар істей алмағанды, Мәсіхтің өлімі атқарды. Өтелу деген — «сатып алу» деген ұғым береді. Біз шайтанға болмашыға сатылған едік, бірақ Мәсіх өтелді де, бізді құтқарып алды.

Екіншіден: қан бізді Құдайға жақындатты. «Иса Мәсіхке тәу еткен сіздер бір кезде одан қашықта болсаңыздар, енді Мәсіхтің Қаны арқылы бері жақындадыңдар» (Ефес. 2,13). Біздер Израиль қоғамынан шеттетілген кезде, ант берген уағыздан да алыс кетіп, үмітті де үздік, әлемде Құдайсыз тұрдық. Иса Мәсіх бізді Құдайға жуықтады.»Сонымен Иса Мәсіхке тәу еткендерге қазір еш айыптаушылық жоқ» (Рум. 8,1). Өтелген күнәкар бұдан былай Құдіретті Құдай сотының алдына бармайды.

Үшіншіден: қан — әлемді жаратады. «Және де Ол арқылы барлығын- жердегі мен аспандағыны, Оның айқыштағы Қаны арқылы Өзіммен татуластырамын» (Қол. 1,20). Иса Мәсіх шегеленген айқыш алдында дүниеге ие болмайынша, бұл әлем ол әлемді ешқашан танымайды. Сіз айқыш ағаштың алдына барып, Мәсіхке сеніммен сүйенбейінше, сіз ешқашан Құдай тәубесін, ар тәубесін, жан тәубесін, ақыл тәубесін танып білмейсіз. Құдайға тәубе қылудың сыры сол жақта.

Төртіншіден: қан ақтайды. «Оның Қанымен ақтал-

ған қазіргі тұста, Ол арқылы қаһардан да құтыламыз» (Рум. 5,9). Осыдан барып, адамның Құдай алдындағы жағдайы өзгереді. Бұл- кінә мен қарғыстан өтіп, ақталу мен естен шығаруға жетті деген сөз. Күнәден ақталу мен түрмеден босаудың арасында біраз айырмашылық бар, өз мерзімін өтеп, түрмеден босаған адамның азаматтық құқы болмайды. Өз істегеніне опық жеп, Иса Мәсіхтің қанымен ақталған күнәкар өзінің барлық хұқын айтып алады. «Құдайдың таңдаулыларын кім айыптай алады, Құдай оларды ақтайды. Кім кінәлайды? Мәсіх өлді де, сонан соң қайта тірілді; Ол Құдайдың оң жағында, сондықтан да Ол бізге араша түседі» (Рум. 8, 33-34).

Бесіншіден: қан тазартады. «Егер біз жер үстінде Ол жүргендей жүреді екенбіз, онда біз бір бірімізбен араласып тұрамыз, сондықтан да Құдай Ұлы-Иса Мәсіхтің Қаны біздерді бар күнәдан тазартады» (1 Жох. 1,7). Ол күнәлардың бір бөлігінен ғана емес, «бәрінен» тазартады. Сіз бірде болмаса, бірде айтып қалған өтірік, тағы бірде істеген опасыздық пен былғаныш ісіңіз, сіздің екіжүзділігіңіз, барлық арам ниетіңіз, — бәрі, Иса Мәсіхтің өлімімен жуылып кетеді.

Осыдан бірнеше жыл бұрын Лондонда өткен бір қабылдауда сол тұстағы беделді уағыздаушы Малан болыпты. Солардың ішіндегі бір сүйкімді әйел рояльді өзі тартып, аған қосылып тәп-тәуір ән салып, жұрт оған қатты риза болып қалды. Ән біткен соң әлгі уағыздаушы оған жақындайды да, сыпайы болса да, батыл сөйлеп былай дейді: «Сіздің әніңізді тыңдай тұрып, сіз егер өз дарыныңызды Мәсіхтің ісін уағыздауға арнаңыз, ол өте нәтижелі болар еді, — деген ой келді маған. Сіз Құдайдың көзіне арықта құлап жатқан маскүнем де, денесін сатқан жезөкше әйел де болып көрінесіз.

Бірақ, мен сізге Құдай Ұлы-Иса Мәсіхтің Қаны сізді бар күнәдан тазартатынын айтқанымға қуаныштымын».

Әлгі әйел, аты-жөні Шарлотта Әллиот екен, бұл сөзге ренжіп қалды. Сонда Малан: «Бибі, мен Сізді өкпелетейін деген жоқпын. Құдайдың Рухы сізге аян беруін Құдайдан мың сан тілеймін», - деді.

Қабылдау бітіп, жұрт үйді-үйіне тарады. Шарлотта да үйіне келіп, төсекке жатса, тіпті ұйықтай алмады. Қөз алдынан уағыздаушының бейнесі, құлағынан оның сөздері кетпеді. Түнгі сағат екіде, әбден болмаған соң, Шарлотта төсегінен ұшып тұрып қолына қалам алып, ебіл-дебіл жылап отырып, өзінің мына бір атақты өлеңін жазады:

\* Дәл солай, қаныңыздың атынан,  
Біз үшін айқышта төгілген,  
Құдай үшін шақырған үндер бар,  
Мәсіх, мен Саған келемін!

Дәл солай, соқырмын, кедеймін,  
Өзімнен игілік таппаймын,  
Дін үшін, назар үшін, кешірім үшін,  
Мәсіх, мен Саған келемін!

Әңгімеміз әлі біткен жоқ. Қолынан да, аяғынан да, бүйірінен де қан аққан Мәсіхті айқыш ағашта тастап кете алмаймыз. Ол айқыш ағаштан алынып, табытқа салынды. Ол жатқан мазардың кіре берісі үлкен таспен бекітілді, оны күзету үшін қарауыл қойылды. Оның шәкірттері сенбіде, күні бойы Мәсіхті қайғырды. Ал екі шәкірті Эммауcқа қарай жолға шықты.

---

\* (Өлеңнің мағынасы)

Барлығы да үрейлі. Таң алдында, бұл Пасха күні, Мария Магдалина мен Саломия Мәсіхтің өлі денесіне жұпар май жағу үшін мазарға келді. Қараса қабір бос екен. Мұны көрген әйелдер қорқып кетті. Табыттың бас жағында Періште тұр екен. Ол «Кімді іздедіңдер?» — деп сұрады. «Біз назареттік Исаны іздеп келдік», — деді әйелдер. Періште сол кезде адамзат бұрын-соңды естімеген бір ғаламат қуаныш айтты: «Ол мұнда жоқ. Ол тіріліп кетті!» — деді.

Осы ғаламат оқиғада Құдайдың құтқару жөніндегі бар жоспары жинақталған. Қайта тірілу болмаса, өтелу де болмайтыны ақиқат. Иса Мәсіх Өзінің қайта тірілетіні туралы талай мәрте айтқан болатын. Бір күні Ол былай деді: «Жүніс зор балықтың ішінде үш күн, үш түн болғандай, Адам Ұлы да жер қойнында үш күн, үш түн болады» (Мат. 12,40). Ол, сөйтіп, Өзі болжандай, Қайта тірілді!

Тарихи оқиғалардың растығын дәлелдейтін белгілі заңдардың болуы заңды нәрсе. Әрбір оқиғаны сол заманның сенімді куәлары нақтылай дәлелдеуі керек. Мысалы Иса Мәсіхтің өліп тірілгендігі туралы куәнамалар Юлий Цезарьдің өмірде шын болғандығы немесе Ұлы Александрдың отыз үш жасында қайтыс болғандығы жайлы деректерден әлдеқайда көп. Тарихшылардың біразы бір нәрсенің растығын дәлелдейтін әлсіз тұспалы бар екеніне қарамастан, мыңдаған фактілерге сенетіні таңқаларлық нәрсе. Бірақ, олар Иса Мәсіхтің қайта тірілуі жайлы керемет куәнамаға ат үсті қарап, әр түрлі күдік айтады. Олардың сенгісі келмейтіндіктері өздері үшін қасрет. Олардың рухани көзқарастарының соқырланып, теріс ұғымда жүргендіктері соншалық, Мәсіхтің қайта тірілуі жөнінде, тіпті, Киелі кітаптың куәнамасын да қажет қылмайды.

Мәсіхтің қайта тірілуі, ең алдымен, Оның Құдай екендігінің белгісі. Ол Өзін Кіммін деп атаса, Соның Өзі-болатын. Мәсіх-тәні бар Құдайдың Өзі.

Екіншіден: сондықтан да Құдай біздің құтқарушымызға қажет болған, Оның айқыш ағаштағы өтелуін қабылдады. «Ол біздің күнәларымыз үшін тұтылды да, біздің құтқарылуымыз үшін қайта тірілді» (Рум. 4,25).

Үшіншіден: бұл қайта тірілу, адам баласына әділ сот бар екендігіне сендірді.

Төртіншіден: бұл біздің денеміздің қайта тірілетінін көрсетеді.» Мәсіх өлгендердің алғашқысы болып қайта тірілді» (I Қор. 15,20). Қасиетті Жазу біздер Мәсіх жолын қуушы ретінде жерге көмілгенімізбен, қайта тірілудің ұлағатты күні жатқан жерімізден тұрып кететінімізді айтады. Өлімді сонда жеңіс жұтып қояды. Мәсіхтің қайта тірілуінің нәтижесінде өлімнің шаңышқысы тартып алынды да, Мәсіхтің қолына берілді. Ол былай деді:»Мен қайта тірілушілердің алғашқысы да, соңғысымын. Мен өлген болдым, бірақ мәңгілік тірімін, әумин! Тозақ пен ажалдың кілті қолымда» (Аян. 1,17-18). Мәсіх: «Өйткені, Мен тірімін, сондықтан сендер де тірі боласыздар» (Жох. 14,19) — деп уәде берген-еді.

Бесіншіден: Мұның бәрі-өлім жеңілгендігінің белгісі. Ажалдың өктемдігі өшті, өлімнің қорқынышы жоғалды. Біз енді жырлар айтушының сөзін қайталасақта болады: «Егер мен ажал көлеңкесі түскен алқаппен жүрсем де, жауыздықтан қорықпаймын, өйткені Сен қасымдасың.Сенің безелген таяғың мен аса таяғың маған тыныштық береді» (Жырл. 22,4).

Мәсіх қайта тірілгеннен кейін Елші Пауыл қуана-қуана ажал күтті. Ол былай деді: «Өйткені, Мәсіх — менің өмірім, ажал менің — иемденетін нәрсем» (Піліп. 1,21).

Мәсіхтің қайта тірілуінсіз болашақтан үміт болуы мүмкін емес. Қайта тірілген Мәсіхпен бетпе-бет жолығатын күн туып, біздің денеміз де Мәсіхтің денесіндей болатынына Киелі кітап уағда береді.

\*Менің Құтқарушым Мәсіхпен  
Бетпе-бет жолыққанда маған не болар екен?  
Мен шаң-тозаңға айналмастан бұрын,  
Күнәға батқан әлем үшін Кім өлді?  
Бірақ, Онымен, Құтқарушыммен аспанда  
жолығамын,  
Оның даңқты да, ғаламат кескінін көремін.

---

\* (Өлеңнің болжамды мағынасы)

## СЕГІЗІНШІ ТАРАУ

**ҚАЛАЙ ЖӘНЕ НЕДЕН  
БАСТАУ КЕРЕК**

«Сонсын айтты: сендер теріс жолдарыңнан қайтып, балалар сияқты болмасаңдар, Аспан Патшалығына кіре алмайсыңдар».

Мат. 18,3

Адам табиғатындағы біздерді кері кетіріп, мал қылатын, ақылдан ақсатып, ұяттан жұрдай қылатын, жігерімізге құм құятын бір заңдылық бар. Ол бізді тығырыққа тіреп, біздер өз ісімізге өзіміз күнәлі болып қаламыз.

Құдай киелі және әділ. Күнәға Оның жаны қас. Күнә бізді Құдайдан ажыратып, Оның қаһарына ұшырады. Адамдар Құдайды өнегелі, зерделі, рухани жағынан сезінуден қалды, себебі, ол Оны әлдеқашан жоғалтып алған. Ол құдайға баратын жолды таппайынша, Онымен табыса алмайды.

Сабырлылық пен парасаттылық жолы Құдайға апаратын жол емес. Құдайға баратын жолды сіз ойлап таппайсыз, өйткені, адамның ой-өрісі мен Құдайдың парасаты сәйкес келе бермейді, адамның сүйегіне сіңген, ниет-Құдайға дұшпан. Сіз Құдайға бас игенмен, Оған баратын сұрлеуді таппайсыз, өйткені адам

Құдай алдыңда рухани бүлікші. Сіз ол сүрлеуді өнегеліңізді өсірсеңіз де таппайсыз, себебі, адамның бар ойлағаны күнәкарлық.

Осылайша қаптаған кедергілерді көргеннен кейін, бізге әрине: енді не істейміз? — деген заңды сұрақ келеді. Неден бастаймыз? Құдайға қайтадан апара тын жол қайда? Біз соған келейік. Құдайға қайта алып бар. Ол жөнінде Иса Мәсіх былай деді: «Сендер теріс жолдарыңнан қайтып, балалар сияқты пәк болмасаңдар, Аспан Патшалығына кіре алмайсыңдар» (Мат. 18,3). Сайып келгенде, Иса Мәсіх жүгінуді талап етіп тұр. Бәрін де , міне, осыдан бастау керек!

Көп адамдар кек сақтамау мен жүгінуді заңды жақтаумен шатастырады. Мұса заңы Киелі кітапта ерекше ұғыммен берілген және оның мақсаты да айқын. Ол бізге күнделікті қырсықтан құтылудың таңқаларлық амал-айласы ретінде ұсынылмайды. Ол біздегі бәле-жаланың себебін нұсқағанымен, оның емін айтпайды. Киелі кітап былай деді: «Егер заң бір нәрсені нұсқайтын болса, ол оны заңға тәуелділерге ғана айтады да, барлық ауызға қақпақ қойылып, бар әлем Құдайдың алдында кінәлі болып қалатынын біз білеміз» (Рум. 3,19). Заң адамның әділетсіздігін әшкерелемейді. Киелі кітап былай дейді: «Өйткені, Оның алдында заң жолымен еш тән ақтала алмайды» (Рум. 3,20). Заңды бұлжытпай сақтау арқылы жүгіне алмайсыз. Киелі кітап былай дейді: «өйткені күнә заң арқылы танылады» (Рум. 3,20) Заң — өнегелі өмірдің айнасы. Ол айыптайды, бірақ, жүгіндіре алмайды. Ол талап етеді, бірақ өзгерте алмайды. Ол саусағымен нұсқайды, бірақ мейірім ұсына алмайды. Заңда өмір жоқ. Онда тек өлім бар, өйткені заң: «Сен өлуге тиістісің!» — дегенді ұран ғып көтереді.

Біздің дініміз — Тау өсиеті дейтіндер де баршылық.



Бірақ, Тау өсиетін басшылыққа алып, өмір сүрушілер әлі туған жоқ. Киелі кітап былай дейді: «Бәрі де күнәға батқан, сондықтан да Құдайдың даңқынан айырылған» (Рум. 3,23)

Мен мінсізбін, сондықтан да жүгінудің маған қажеті жоқ деместен бұрын сіз өзіңізді-өзіңіз барлап көріңіз. Діни жүгіну басқаларға қажет болса да, маған одан келер пайда жоқ деместен бұрын, өз жүрегіңізге адал көзбен тереңірек үңіліңіз.

Мен Холливудта уағыз айтып жүрген кезімізде, бір топ кино артистері менің оларға келіп әңгіме айтуымды, діни жолдағы алған әсерлерімді айтып беруімді өтінді. Біраз мәжілістен соң, олардың қойған алғашқы сұрағы: «Жүгіну деген не? — деп сұрады.

Осыдан соң мен Вашингтонда бір топ саяси қайраткерлермен сұхбаттастым. Олардың да пікір таласы кезіндегі алғашқы сұрағы: «жүгіну дегеніміз не?» — болды.

Қай университет, қай колледжге барсам да, анталаған студенттердің де ең алдымен сұрайтындары сол сұрақ.

Жұрттың бұлай ынталануы бұл сұраққа берілетін жауаптың басқа діни сұрақтарға қарағанда көп қисыны, біраз айырмашылықтары барлығында болса керек. Сонымен жүгіну деген не? Оның мағынасына не кіреді? Ол қалай жүзеге асады? Оның салдары қандай? Аспан Патшалығына кіру үшін біз неге жүгінуіміз керек?

Біздің қоғамда жүгіну туралы ұғымда әдеттен тыс ештеңе жоқ. Әрбір жақсы саудагер сатуға қойған затына жұрт назарын аударып отыруы керек. Жарнама меңгерушісі бір сорттан екінші сорттың артықшылығын дәлелдеу үшін сатушының назарын аударуы тиіс. Біздер басқа саяси ілімге жүгініп, өзінің бұрынғы көзқарастарынан бас тартқан саяси қайраткерлер тура-

лы айтамыз. Өткен соғыс кезінде бейбіт бағытта істейтін кәсіпорындарының соғыстық өндіріске көшкендіктерін, орталық жылыту орындары мұнайдың орнына көмір жаға бастағандықтарын білеміз.

Осыдан барып «жүгіну» деген ұғымды «бұрылу», «көзқарасты өзгерту», «кері бұрылу» немесе «қайтіп оралу» деп түсінсек те болады. Ал, дінде ол көбіне «өкіну», «тәубеге келу», «жаңару», «қайта туылу», «мейірім алу», «сенімділік алу», «кек сақтамау» деген ұғым береді.

Әбден шаруасы тынған бір маскүнем әлі есімде. Бір уағыздан кейін ол маған келіп, былай деді: «Сіздің сөздеріңізде шындық барлығына күмәнданамын. Сөйте тұра, сіздің Мәсіхтіңді сынағым келеді. Егер Ол сіздің Ол туралы айтқандарыңыздың титімдей бөлігін істейтін болса, онда мен сізге қайтып келемін де, Мәсіхті мәңгілік тәу етемін».

Арада бірнеше апта өткеннен кейін әлгі маскүнем тағы келді. Сөйтті де өзінің бір түрлі қолайсыз күйге түсіп жүргенін, арақ ішейін десе әлдекім келіп ұстай алатындығын айтты. Бұл маскүнем өзінің жаман әдетінен Мәсіхтің арқасында осылайша құтылды. Екінші сөзбен айтқанда, оның өмірі түгелдей өзгерді, ол бұрынғы сау қалпына қайта оралды. Бұл да болса жүгінудің бір түрі.

Жүгінудің әр алуан түрі бар. Олай өзгеру, көбінесе адамның өзіне, оның мінез-құлқына, рухани күшіне, қоршаған ортасына және бұған дейінгі тұрмыс жағдайына көп байланысты. Адамның өмірде жапа шегуі, басқаларға деген сенімінің күрт түсуі, ең жақын адамынан немесе жиған-тергенінен бір күнде түгел айырлуы да сол. Әйел немесе еркек байлық, биік мансап қуалап, бар махаббаттарын тек бір адамға арнап, тек соған ғана

құлдық ұрып жүргенде — бар өмірлерінің мағынасы деп жүргеннің бәрі бір күнде ғайып болса, одан өтерлік қасірет бар ма?

Осыдан қиын сәтте адам өзінің әлемдегі орнын жоғалтқандай болады. Немесе жалғандағы жалғызындай болған махаббатын із-түзсіз жоғалтса, жапандағы жалғыздық дегеннің не екенін сонда ғана біледі. Қасиетті Рух сол кезде оның көзінен күйбең тіршіліктің шөлін түсірсе, оның көзі өмірінде тұңғыш рет шырақтай жанып, әлемдегі алапат күштің жалғыз иесі — Құдай екенін көреді, сүйіспеншілік пен қолдаудың қайнар көзі де сол екенін түсінеді.

Немесе жүгіну тасың өрге домалап, түкірігің жерге түспей тұрған нағыз болған, толған шағыңда да келуі мүмкін. Қағанағыңды — қарқ, сағанағыңды — сарқ еткен осы бір шалқыған өмір — осының бәрі, — Құдайтағаланың шексіз жомарттығының арқасы, — деген ұғымға келтіруі мүмкін. Осыдан барып, Құдайдың қайырымдылығы сізді жүгінуге әкеледі.

Мұндай сәттегі жүгіну күтпеген жерден күрт келуі мүмкін және оның шиырлы жағы да бар. Мысалы, мәжусилер жүгінуге келгенде ағаштан немесе тастан жасалған пұтқа табынуларын бір сәтте қая салып, бірден Иса Мәсіхке ауып кетеді.

Алайда, жүгінудің бәрі бірдей жаныңа от жағып, жарқыратып жіберетін жарық сәуледей бола бермейді. Адамның ішкі сезімінің оянуы мен ұзақ, ауыр айқастан кейін келетін жүгіну де бар. Көп адамдарға мұндай өзгеріс күнделікті күйбең тірліктен, Құдайдың құтқарылу заңын тануға біртіндеп келуден кейін болады. Бұлайша біртіндеп келу Иса Мәсіхті өзінің Құтқарушысы деп саналы түрде танып, Оның өміріне сәйкес күн кешумен аяқталады.

Сондықтан да біз жүгінуді көзді ашып жұмғанша болатын оқиға, адамның ұғымында Құдайдың сүйіспеншілігі ашылатын дағдарыс уақыты деп айта аламыз. Немесе ол ақырындап дамып, күн мен түннің, өлім мен мәңгілік өмірдің арасын бөлетін сызықтан аттаған кезде келетін нәрсе.

Бірақ олардың бәрі дәл біз айтқандай болып келе бермейді. Мысалы, менің әйелім қай күні, қай сағатта Мәсіх жолын қуушы болғанын өзі де анық білмейді, сөйте тұра, өз өмірінде ондай сәтті бастан өткізгеніне сенімі мол. Мәсіх жолын қуушылар семьясында өскен жастар да семьядағы тәрбиені ала тұра, қай күні Мәсіхке шын ниеттерімен қол бергендерін өздері де білмейді... Ал, кей біреулері, керісінше, өз діндерін қай күні ашық уағыздай бастағандарын жақсы біледі. Жаңа Әсиетте жүгінудің кенеттен және үзілді-кесілді келетіндігі айтылған.

Ұзақ жылдар бойы жүгіну мен діни тәжірибе сарапталған емес. Тек соңғы ширек ғасыр ішінде психологтар жүгінудің қалай өрбитіндігін біршама зерттеді. Олар ондай сезім тек Мәсіх жолын қуушыларға емес, басқа діндегі адамдарда да болатынын анықтады. Және оның діни құбылыс болуы шарт еместігін де, ондай нәрсе діннен тыс ортада да кездесе беретіндігін айтты. Зерттеуші психологтар жүгінудің үш сатысы болатындығын құптады. Біріншісі — абдырау мен солқылдақтық, екіншісі — біртіндеп даму, үшіншісі — тыныштық пен қуаныш әкелетін жеңіл сезім.

Старсек жүгінудің екі түрі болатынын айтады. Оның айтуынша, біріншісі: өз күнәнді мықты сезінгенде қатты өрбиді, екіншісі: қанағаттанбаушылықты сезініп және таза өмір үшін күрескен кезде рухани дамиды.

Осы психологиялық зерттеудің маңызы өз дәреже-

сінде бағаланған жоқ. Сондықтан да біз бұл мәселені айналып өте алмаймыз. Ол зерттеулер көп нәрсені айқындағанымен, тек кейбір психологтар ғана Киелі кітапта айтылған жүгінуді табиғаттан тыс әсерленушілік деп санайды.

Шынында да Киелі кітапта айтылған жүгіну сезім үш сатыда дамиды- оның екеуі белсенді де, үшіншісі — енжар. Белсенді жүгінуге опық жеу, тәубеге келу және сенімділік кіреді. Опық жеу дегеніміз жүгінудің алды, бұрынғы өмірден бұрылу. Сенушілік дегеніміз — Құдайға жүгіну, Құдайға қайтып оралу. Үшінші — енжар сатыны жаңару мен қайта туылу деп айтуға болады.

Аспан Патшалығына кіру үшін сіздер жүгінулеріңіз керек, — деген болатын Мәсіх. Сеніңдер, бұл менің сөзім емес, Мәсіхтің сөзі! Бұл адамның пікірі емес, Құдай пікірі! Мәсіх былай деді: «Сендер жүгінбесеңдер және бала сияқты пәк болмасаңдар Аспан Патшалығына кіре алмайсыңдар!» (Мат. 18,3).

Шын жүгіну бар ақылыңа, бар сезіміңе, бар ырқыңа тарайды. Мыңдаған адамдар Құдайға саналы түрде жүгінген олар Киелі кітапқа да сенеді. Олар Мәсіх жөніндегінің бәріне де сенеді. Сөйте тұра Оған шын мәнінде жүгінген жоқ.

Жохан жазған Інжілдің екінші тарауында Иса Мәсіхке тәу еткен жүздеген адамдар жайлы сөз бар. Онда көпшілік Мәсіхке сенгенімен, Мәсіх Өзін оларға сеніп тапсырмағаны, өйткені адамдардың жүрегінде не барын Ол білетіндігі айтылған. Ол неге оларға сенбеді? Өйткені, олар Оған жүрегімен емес, парасатымен сенетінін білетін.

Жанын құтқарушылардың парасат арқылы жүгінуімен түтелдей жүгінуінің арасында үлкен айырма-

шылық бар. Сіздің Мәсіхті саналы түрде тәу етуіңіз арқылы ойыңыз түтел өзгеруі керек.

Жаны қиналып жүрген мыңдаған адамдар өздерінің бұл жағдайын жүгіну деп санағандарымен, олардың бұл ісі Мәсіхке шын мәнінде жүгіну болмайды. Иса Мәсіх өмірімізді түтел өзгертуді талап етеді — егер сіздің өміріңіз алған тәжірибеңізге сәйкес келмесе, сіздің өз тәжірибеңізге күдіктенуге толық негіз бар. Демек, Мәсіхке келгенде сіздің сезіміңізде түтелдей өзгеріс болуы керек, — өйткені махаббат пен өшпенділік сезімге байланысты. Сіз сонда ғана күнәға өшігіп, шындықты сүйетін боласыз. Сіздің бар сезіміңіз түгелдей өзгеріске ұшырайды. Сіздің Мәсіхке адалдығыңыз шексіз болады. Сіздің Оған деген сүйіспеншілігіңізді сипаттауға тіл жетпейтін болады.

Егер біз Мәсіхті зердемен қабылдап, ол жөнінде сөзіміздің ырқына жүгінсек — ол аздық етеді. Сіздің ырқыңыз жүгінетін болуға тиісті! Сіздің қайратыңыз Құдайдың қайратына бас июі керек! Сіздің менмендігіңіз айқыш ағашқа шегеленуі керек! Сіздегі жалғыз мақсат- Құдайға жағу болуға тиісті!

Егер сіз Құдайға жүгіну кезінде айқыш ағаштың қасында тұрсаңыз, Қасиетті Рух сізге күнәңізді ұғындырады. Ол сіздің сеніміңізді сіз үшін жан берген Мәсіхке бағдарлайды. Сіз сонан соң Ол кіре алатындай етіп жүрегіңізді ашуыңыз керек, міне, осы сәтте Қасиетті Рух қайта туудың кереметін жасайды да, сіз шынында құлықты жаңа адам солып шығасыз. Мұнын өзі Құдай мәнін сізге кешіргендей болады да, сіз Құдай өміріне қатыса бастайсыз. Ал, Иса Мәсіх Қасиетті Рух арқылы сіздің жүрегіңізге орнығады.

Жүгінудің қарапайымдылығы соншалық, сәбиді де жүгінуге жеткізу оп-оңай. Бірақ баланың жүгуінің

тереңдігін діндарлар ғасырлар бойы мағына жағынан өзгерте алмай келеді. Құдай бізге құтқарылудың жолын оңайлатқаны соншалық, «ол жолмен тіпті тәжірибесіздер жүрсе де адаспайды» (Ишая 35,8) Осы жолды түсінбедің деген сылтаумен ешкім Аспан Патшалығына жіберілмей тұрмайды. Мейлің бай бол, кедей бол, мейлің ақылды немесе дөрекі бол — жүгінуге жол ашық.

Қысқасын айтқанда, жүгіну дегеніміз: «өзгеріс». Егер адам жүгінетін болса, ол бір сүйген нәрсесін одан әрі сүйе береді, бірақ оны сүюінде айтарлықтай өзгеріс болады. Жүгінген адам бұрынғы махаббатынан бас тартуы да, бұрынғы достарынан кетіп қалуы да мүмкін. Ол бас тартқан адамдар құрметтеуге лайықты жақсы кісілер болуы да ықтимал. Бірақ, оның бұлай етуінің себебі, енді оған түсініп, онымен пікірлесе алатын, оның дүниетанымын түгелдей қолдайтын діни адамдардың қажет болғандығы.

Жүгінген адам бұрынғы жек көргенін ұнатып, бұрынғы ұнатқандарын жек көріп кетуі мүмкін. Оның жүрегінде Құдай туралы өзгеріс болады. Егер ол бұрын Құдайдан қауіптеніп жүрген болса, бұдан соң, Оған деген тұрақты алғыс әрі кіріштарлық және өзгеше, берілгендік үстінде күн кешеді. Адам жүгінгенге дейін тәндік өмір сүреді. Оның жатса-тұрса ойлайтыны баю болса, жүгінгеннен кейін әділдігі мен әулиелігі, Мәсіхтің жолын қуушылардай өмір сүру қажеттігі бәрінен де басым келеді, өйткені ондағы басты мақсат — Мәсікке жағу болады. Екінші сөзбен айтқанда, жүгіну жеке адамның өмірін түбірімен өзгертеді.

Менің есіме Нью-Йоркта тамаша мансапқа жетіп, тұрмысқа шығу үшін Лос Анжелеске келген бір қыз түседі. Ол мұнда бұрын өзімен қызметтес болған бір

жігітке жолығып, екеуі түнгі клуб секілді көңілді жерлерде сауық-сайран құра бастайды. Алайда мансаптың құлы болған әлгі жігіт «жарты жылда қайтіп ораламын» дейді де дәреже қуалап, Қолифорнияға ауысады да, содан із-түзсіз кетеді. Лос Анжелеске келгеннен кейін бір аптадан соң, бұрынғы көңілді өмір тағы да басталады, — деп күткен қыз, ол жігіттің бір кино артисткасын сүйетінін, бірақ бұл Нью-Йоркте жүргенде оның мұны айтуға батылдығы жетпегенін аңғарады.

Бірде-бір танысы жоқ бөтен қалада жалғыз қалған, бар жоспары бұзылып, намысы жараланған әлгі қыз алғашқыда шын абыржып, болашағы маңызсыз және күңгірт соп көрінді. Оның ата-анасы діни адамдар емес екен. Қызға мұндай кезде олар да сүйеніш бола алмады.

Осылайша қайғы басып, жапа шеккен қыз бейтаныс көшемен жападан жалғыз келе жатып, біздер уағыз айтқан «шіркеу үйіне» жолығады. Ол кейін бізге жүрексініп кіре алмай, сонан соң ішке еніп, уағызды бастапқыда енжар тыңдағанын, сонан соң біртіндеп бойсұнып, келесі күні де, онан соң да қайта оралып, төбесіндегі тұман серпілгенше, Құдай дауысы құлағына жеткенше келіп жүргендігін, содан соң құтқарылу жөнінде өтініш айтқанын баяндады.

Содан соң Иса Мәсіхтің өн бойына сену арқылы, кінәлілік пен мойындамау жүгі иығынан түскеннен кейін, өзінің бұған дейін махаббат деп жүргені, ол тек шын махаббатқа апаратын жол екенін түсінді. Өзінің Нью-Йорктегі бұрынғы жұмысына қайтіп баруға жүрексінетіндігі де әншейін нәрсе екен. Ол үшін өмір басқа мағына алып, ол енді бұрынғыдай жеңіл жүріске салынбай, Тәңір үшін ерекше белсенділікпен қызмет етуге кірісті. Өзінің мол қиялын ол бұрын өз беделін



биіктетуге жұмсаса, оны ол енді жастарға Киелі кітап әңгімелерін қызғылықты әрі түсінікті етіп жеткізуге арнайды. Оның қызметтегі қаражат жағдайы да бұдан былай Тәңірдің игілігіне арналып, пасторға жақсы-жақсы ойлар бергендіктен, шіркеуге дұға оқуға келушілер саны кәдімгідей ұлғайды. Ол енді жалғыздық, торыққандық, ешкімге керексіздік сезімнен мүлдем арылды. Өйткені, оның шіркеуінің мүшелері ол бір күн жоқ болса, оны іздеп, шарқ ұратынды шығарды. Бірақ, бәрінен де негізгісі, Иса Мәсіхтің ылығы өзімен бірге екенін және Ол оны қорғауға, рухын көтеруге әрдайым дайын екенін сезініп, жалғыздықтан құтылғандығы болды.

Осының бәрі жүгінудің нәтижесі. Жүгінген адамда кек болмайды, оның жүрегіне қақ тұрмайды. Қыз да өзінің қуыс секілді мұңылы өмірінен бұрылып, Тәңірі мен Құтқарушысы- Иса Мәсіхтің жолына түсті! Ол Құдаймен тәубеге келді!

## ТОҒЫЗЫШЫ ТАРАУ

### ҚҰДАЙ ЖОЛЫНА ТҮСҮ

«Сендерге айтамын, тәубе етуге мұқтаждығы жоқ тоқсан тоғыз әділеттілерден гөрі, тәубе қылған бір күнәкар үшін аспанда қуаныш көбірек болады».

Лұқ. 15,7

Иса Мәсіх жүгінуді талап ететіндігін көріп отырмыз. Жүгінудің үш сатысы бар екенін, олар-тәубеге келу, сенім, жаңару екенін тағы көріп отырмыз. Бұлардың қайсысы бұрын, қайсысы кейін келетіндігі жөнінде, әрине, таласуға болады, әйтсе де, шамамен бәрінің бір мезгілде келетіндігімен келісеміз. Біз оны саналы түрде істедік пе, жоқ па, оны біле алмайсыз, бірақ, әйтеуір, жүгіну сәтінде осы үш әсердің бірдей келеріні ақиқат.

Егер тәубеге келуді бір сөзбен айтыңыз дейтіндер болса, мен онда «бас тарту» деген сөзді таңдап алар едім. Бас тарту деген не? — деп сұрайсыз сіз. Оның жауабын да, «күнәдан», — деп бір-ақ сөзбен айтуға болады. Киелі кітап бізді күнә-заңды бұзушылық деп оқытады. Күнә дегеніміз-барып тұрған беделсіздік және Құдайға байланысты міндеттемені жоққа шығару. Күнә — Әдем бақшасында Адам-ата мен Хауа-

ананы арбауға түсіріп, жолдан тайдырған зұлымдық. Содан бері күнәнің уы талай адамға жайылды, талай адам жерден тайды, қала берді, күнәға батпаған бірде-бір пенде қалмады. Күнәнің кесірінен Құдаймен қатынасымыз бұзылды, адам мен адам сыйласудан қалды, тіпті, өзімізді-өзіміз бағалауды қойдық.

Құдай жек көретін жексұрын нәрселерді аластамай тұрып, біздер Құдаймен де өзді-өзімізбен де, қала берді, өз қылығымызбен де ешқашан тәубеге келе алмаймыз. Күнәнін негізінен емес, бізге күнәнің өзінен бас тартуымыз керектігі айтылған. Біз әлемнен де, тәннен де, шайтаннан да бас тартуымыз керек. Бұл мәселе сылтауды да, саудаға салғанды да, келісімге келгенді де, жалтақты да көтермейді. Мәсіх үзілі-кесілді бас тартуды талап етеді.

Бірақ, бұл жерде тағы да сүйіспеншілік араласып тұр, өйткені сіз Мәсіхті жан-тәніңізбен сүйген болсаңыз, Ол жек көрген, немесе қабыл алмаған нәрседен сіз де аулақ боласыз. Егер оған имандылықпен тәубе етсеңіз, сіз өз өміріңіздегі барлық күнәдан өзіңіз-ақ бас тартасыз. Сондықтан да опық жеу мен сену қолтықтасып қатар жүреді. Құтқарылуға сеніміңіз болмаса, сізде өкініш сезімі де болмайды.

Опық жеу мен тәубеге келу деген сөздер бұл күндері, өкінішке орай, шіркеу албарынан айтылмайтын болды. Ол сөздерде еш бедел қалмады. Алайда, Иса Мәсіх айтқан бірінші уағыз мынау еді: «Теріс жолдарыңнан қайтып, Құдайдың жолына түсіңдер! Енді Аспан Патшалығы жақындады» (Мат. 4,17). Құдай Әке Өзінің Ұлы арқылы осыны білдірді. Мәсіх бізге шын жүректен тілектестік білдіре келді де, кінә мен күнә жайлы ашықтан ашық айтты. Ол адамдарды кінәларын мойындап, құдайсыздықтан аулақ болуға

шақырды. Ол Өзінің сүйіспеншілігі, мейірімі мен кешірімін көлденең тартпастан бұрын адамдар тәубеге келуі керектігін айтты. Мәсіх кемістікті бүркенуден бас тартты. Адамдар күнәдан арылуға бет қойғанда, өздеріне тиісті үкім шығаруларын талап етті. Ол Құдай сүйіспеншілігін ашпастан бұрын, Құдаймен қарым-қатынасты жаңартуды талап етті.

Бір күні Мәсіхке біраз адамдар келіп, галилейліктердің халі мүшкіл екендігін айтты, Рум әскерлері Иудеядағы көтерілісті басқан кезде Пилат олардың қанын олар шалған құрбандықтардың қанымен араластырып жібергенін баяндады. Көп адам қырылған Силоам мұнарасы туралы да айтты. Бірақ Иса бұл үшін оларға: «Ол галилеялықтар сондай қиналғандықтан, сендер оларды басқа галилеялықтардың бәрінен күнәлірек деп ойлайсыңдар ма? Мен сендерге айтамын: «Егер тәубе қылмасаңдар, сендердің бәрің де солай құрмасыңдар» (Лұқ. 13,2-3). Екінші сөзбен айтқанда, адамдар не біреудің қолынан, не өзі, не кездейсоқ өлсін, егер олар Құдайға тәубеге келмесе, бәрінің тағдыры бірдей болатындығын Мәсіх білдірді. Тәубешілік жоқ жерде, сенім де болуы мүмкін емес. Бұл — Құдай мейірімділігі тежелді деген сөз емес, тәубеге келу Құдайдың рухын молайтады деген нышан.

Құтқарылу Құдайдың берекесіне негізделетінін біз білеміз. Құрбандық шалу, дәстүрді ұстану немесе игілікті істер ешкімді құтқара алмайтынын көріп жүрміз. Құдай алдында бірде-бір адам заң арқылы ақталмағаны Киелі кітапта айтылған. Киелі кітап былай дейді: «Әділ адам сенім арқылы өмір сүреді» (Рум. 1,17). Құтқарылу, кешіру мен ақталу Иса Мәсіхтің өтелу құрбандығына негізделген. Алайда Мәсіхтің айқыш ағашта жан беруі әр адамның құтқарылуына себеп

болу үшін, олардың бәрі өз күнәсін мойындап, Мәсікке шын илануы керек.

Жүніс пайғамбар тәубеге келу жайлы Ниневидада жүріп уағыз айтқан еді, Ниневия шынымен-ақ тәубеге келді.

Иезекиль пайғамбар тәубеге келуді уағыздай жүріп былай деді: «Сондықтан да, мен сіздерді, Израиль жұрағаты, әрқайсының жүректеріңе қарай жоримын» — деді Құдай Тәңір. Сіздерге ұждансыздық кедергі болмас үшін, тәубеге келіп, қылмысты жолдан қайтыңдар» (Қесек. 18,30).

Жақия Шоқындырушының ұлы тапсырмасы тәубеге келуді уағыздауға негізделіп былай деді: «Теріс жолдарыңнан қайтіп, Құдайдың жолына түсіңдер! Енді Аспан Патшалығы жақындады!» (Мат. 3,2).

Тәубеге келу жаңа Өсиетте жетпіс мәрте айтылады. Иса Мәсіх былай деді: «Егер тәубе қылмасаңдар, сендердің бәрің де солай құрисиыңдар» (Лұқ. 13,3). Үштік (Троица) күні Петірдің уағыздауында былай делінген: «Тәубеге келіңдер, күнәларыңды кешу үшін әрқайсың Иса Мәсіхті тәу етіңдер» (Елшіл. 2,38). Елші Пауыл да: «Иудейлер мен Еллиндерге Құдай алдында тәубеге келуді және біздің Тәңіріміз Иса Мәсіхқа илануды жариялап» (Елшіл. 20,21) уағыздайды. Құдай тәубеге келуді үйретеді, дейді Киелі кітап: «Құдай қазір адамдарға жаппай тәубеге келуді әмір етеді» (Елшіл. 17,30). Бұл-жарлық. Бұл үзілді-кесілді бұйрық. «Тәубеге келіңдер, — әйтпесе өлесіңдер!» — дейді Құдай. Ал, сіз тәубеге келдіңіз бе? Ол ісіңізге сенімдісіз бе?

Мәсіх «тәубеге келу» деген сөзді не деп жобалайды? Киелі кітапта ол сөз неліктен көп айтылады? Егер сіз бүгінгі күннің сөздігіне қарасаңыз, тәубеге келу «бір нәрсеге өкіну сезімі немесе өзін бір нәрсе туралы

кінәлау» деген сөздерді оқисыз. Бірақ грек және еврей тілдері түпнұсқасында Мәсіхтің ол сөзі үлкен мағынаны мегзейді. Ол сөздер күнәға өкінуден де тереңрек айтылады. Тәубеге келу еврей тілінде: «өзгеру», «бұрылу» деген мағына береді. Бұл сөздер күш пен әрекет белгісі. Ол сөз адамда болатын зор төңкерісті білдіреді. Киелі кітап бізді тәубеге келуге шақырғанда, күнәдан түгелдей бас тартудың және де санамызда толық бұрылыс жасап, күнәға қарама-қарсы жаққа бет алуымызды талап етеді.

Иса Мәсіх адасқан ұл туралы нақыл әңгіме айтқанда «тәубеге келу» деген сөзді қалай түсінетіндігін білдіргісі келген болатын. Адасқан ұл тәубеге келгенде ол өзінің күнәсіне опық жеп, бір орнында отырып қалған жоқ. Ол дәрменсіздікке салынбады. Ол үйреншікті орнында, шошқалардың ортасында қалмады. Ол орнынан тұрды да, адымдай жөнелді! Ол бағытын өзгертіп, басқа жаққа беттеді. Ол өз әкесін тауып, оның алдында құлдық ұрып, тиісті мадағын алды.

Бүгінгі Мәсіх жолын қуушылар тәубеге келуді сөз еткенде Киелі кітап нұсқаған көп нәрсені назарларынан тыс қалдырады. Олар күнәларын істеп болып, «апыр-ай, мұным дұрыс болмады-ау!» — деп бастарын шайқап, ұялған болып, сонан соң бұрынғы әндеріне қайта басады да тәубеге келдік, -деп қуанады.

Тәубеге келу дегеніміз, «бір нәрседен бұрылып, жаңа жолмен жүргізетін өзгеріс». Опық жеу — ол әлі тәубеге келу емес. Иуда өзін кінәлап өкінгенмен, тәубеге келген жоқ. Іштей жаңару да жеткіліксіз. Құдіретті Құдайды қанағаттандыратындай сізді шықпыртатын тән азабы, сізді тұқыртатын үкім жоқ. Біздің күнәміз Иса Мәсіх айқыш ағашта шегеленген кезде өтелген болатын. Ол біздің күнәміз үшін айқыш ағаш-

та жаза тартты. Біз жазасын тартып өзіміз тәубеге келетін ешқандай азап жоқ.

Мен тәубеге келуді сөз еткенде баяғы замандағы бас алатын жендеттің алаңын айтып отырған жоқпын. Тәубеге келу үшін ең алдымен қара жамылып, қанды жасты төгу керек, сонда ғана адам құтқарылуға дайын болады деген сөз бар. Бір адам маған Мәсіхті мойындаған күнгі діни жиналысқа қалай барғандығын айтты. Ол мезбақ алдында тізе бүгіп отырған кезде оның қасына бір әйел келіп, иығына қолын салып: «Берік бол, бауырым! Егер сен Құдай алдына барғын келсе, дұға оқып күрес! — деді. Соның артынан шіркеу қызметшісі келіп: «Бостандық ал, бауырым!» — деді. Сонан соң тағы бір әйел келіп, ол да: «Мен жүгінген түні көз алдымнан бір от жарқ етті де, етбетімнен түсірді», — деді. Әлгі кісі сол аспан отын тапқысы келіп, эп-сәтте күрескісі де, азаттық алғысы да келді, бірақ одан ештеңе шықпады.

Бір мәдениетті Мәсіх жолын қуушы қайраткерінің де мына бір әңгімесі есімде. Жүгіну үстінде оған пастор келіп, ең алдымен сезімнің оянуы қажеттігін айтты. Мұндай талап әлгі кісінің Құдай алдына баруына кәдімгідей қырсығын тигізді.

Кейбір жиналыстарда жалған құштарлықтың белең алуы салдарынан Құдай жолын шын іздеушілер көптеген кедергі тасқа жолығады. Менің сөзіме тиек болған тәубеге келу — бұл Киелі кітапта айтылған нағыз тәубе. Ақылыңды да, сезіміңді де, ырқыңды да билеп алатын тәубе.

Ең алдымен, күнәні сезіп-білу керек. Киелі кітап былай дейді: «Өйткені барлығы да күнәға батқан, Құдайдың даңқынан айрылған» (Рум. 3,23). Ишая пайғамбар өз күнәсін мойындай келіп, былай деді: «Мені

қарғыс атты! Мен құрыдым! Өйткені, менің ұртым арам!» (Ишая 6,5). Әйүп та өзінің күнәкар екенін сезген кезде былай деген: «Мен сондықтан да опық жеймін, тәубеге келемін» (Әйүп. 42,6). Күнәкарлығын мойындаған Петір да былай деді: «Мен күнәлі кісімін» (Лұқ. 5,8). Ал, Пауыл өз күнәсін мойындаған кезде ол күнәкарлардың ішіндегі ең алғашқысы екенін айтқан болатын (1 Тим. 1,15).

Бұл сенімге Қасиетті Рух жеткізді. Шынында, Қасиетті Рух жүрегің мен санаңа от жаққан сәтке дейін, сенің тәубеге келуің мүмкін емес. Қасиетті Рух анаңның дұғасы, пастордың дұғасы арқылы радиодан берілген Мәсіх жолын қуушылардың хабары арқылы, немесе шіркеудің қоңырауын көргенде, әлде жақын адамың өлгенде бізге даруы мүмкін, — осылардың бәрі бізді қажетті сенімге жеткізеді. Біздің кейбір жиналыстарда өз күнәсін сезінген адамдардың дір-дір еткенін талай көрдім, бірақ олар сөйте тұра, тәубеге келген жоқ. Өз күнәңа көзің жете тұрып, күнәкар екендігіңді мойындап тұрып, тіпті, соған көз жасыңды бұлап тұрып тәубеге келуден тайқып кететін кез де болады.

Екіншіден, тәубеге келудегі сізді баурайтын сезім, қапалану, қайғыру кезінде болатын сезіммен сабақтас. Елші Пауыл «Құдай үшін қайғыру тәубеге келтіреді, құтқарылуға алып барады» деген болатын (2 Қор. 7,10). Қөп адамдар сезімге берілгендікті жақтырмайды, ал кейбір сыншылар сезім толқуы арқылы келетін кез келген жүгінуге күдіктене қарайды. Басқа жұртқа жалған сезімтал болудың түбінде үлкен қатер бар. Әйтсе де, жалған екен деп күдіктене қарағанымызбен әрі терең, әрі ерен шын сезім бар екенін де ұмытпауымыз керек.

Британдық белгілі методист, доктор В.И. Зенгстер



өз кітабында былай дейді: «Сіздерге кеңес беруге рахым етіңіздер: футбол ойынын көріп, делебесі қозып, айқайлап отырған адам, айқыш ағаштың түбінде жылап отырғандарды көріп, сезімге берілудің қатерлігі жайлы күңкілдесе, ондай кісіні шын жүректен құрметтеуіміз неғайбыл.

Бір уағыздаушы бір күні Құдайдың ізгілікті қызметшісі Джон Веслейді оның уағыздауында сезімталдық көптігін айтып кінәлады.

Үшіншіден, тәубешілікке адамның ырқы да кіреді.

Өз ырқымызды бағындыру арқылы біздер тәубешілік етуіміздің тереңдігін түсінеміз. Күнәдан тиыламын деген батылдық керек, өз-өзіңе, Құдай мен күнәға деген көзқарасты түбегейлі өзгертетін жүректілік керек, өз сезіміңді, ойыңды, өміріңнің мағынасын өзгертуің керек.

Біздерге тәубеге келтіруге шын қажетті батылдықты тек Құдай Рухы ғана бере алады. Бұл, сөз жоқ, бір кішкентай қыздың Құдайға былай деп құлдық еткенінен жоғарырақ болуы керек: «Уа, Тәңір, мені жақсы ете гөр, бірақ шын жақсы емес, мені ұрмайтындай етіп, жақсы ет!»

Біздің Америкада шіркеу кітабында жүздеген адамдардың аттары жазылған. Олар шіркеуге өздеріне қолайлы кезде ғана барады. Олар шіркеуге ақшалай көмек беріп, оның тіршілігін қолдап отырады. Дұға оқудан кейін олар пастордың қолын алып, оның уағызына ризашылық та білдіреді. Олар Мәсіх жолын қуушылар тілінде сөйлейді, Қасиетті Жазудың тарауларынан үзінділер оқи да алады. Бірақ, олар шын тәубешіліктің әсерін ешқашан сезінген емес. Олар Мәсіх жолын қуушылардың дініне дүбәра көзбен қарайды. Олар бастарына іс түскен кезде ғана Құдайды еске алып,

Оған табынады, ал басқа кездері Құдайды ойламайды. Адам Иса Мәсіхке тәу еткенде оның барлық істегеніне әсер ететін өзгеріс болады, — дейді Киелі кітап.

Қасиетті Жазуда сіздің Мәсіх жолын қуушы болып, өз қалауыңызбен өмір сүре алатыныңызды айтпаған бірде-бір өлең жоқ. Иса Мәсіх адам жүрегіне енген кезде Ол оған Тәңір және Ұстаз болатындығын бірден білдіреді. Олардың өзіне түгел берілуін талап етеді. Ол сіздің ақыл-ойыңызға да әмірін жүргізгісі келеді. Ол сіздің денеңіздің де, Оған түгел бағынуын талап етеді. Ол сіздің дарыныңыз бен қабілетіңізді де қажет қылады. Ол сіздің бар ісіңіз Оның атын шығаруға арналуын тілейді.

Бүгінгі Мәсіх жолын қуушылардың көпшілігі шіркеуге барудан гөрі жаңа мұздатқыш алғанды тәуірірек көреді. Егер оларға жаңа автомобиль сатып аласың ба, әлде сол ақшанды жаңа жексенбілік мектеп салуға қиясың ба, -десе, оның таңдайтыны өз-өзінен түсінікті. Тек Мәсіх жолын қуушы деген аты бар мыңдаған адамдар Мәсіх ілімінен гөрі ақша мен байлықты әлдеқайда артық көреді. Біздер кино көруге де, футболға баруға да уақыт тапқанымызбен, Құдайдың үрмәті үшін қолымыз босамай-ақ қояды. Біздер жаңа үй салу үшін немесе теледидар сатып алу үшін тырбаңдап ақша жинауға бармыз да, шіркеудің мүшелік жарнасын төлеуге келгенде тартыншақтай береміз. Мұның атын пұтқа табынушылық дейді. Бізге үлкен өзгеріс керек! Біздер баяғы заманның пұтқа табынушылары мен отқа табынушыларына саусақ шошайтып, келемеж қыламыз, ал шынын айтқанда, біздегі жалғыз айырмашылық, біздер табынатын пұт алюмений мен болаттан жасалған да, оларға термостат пен салқындатқыш құралдар түгел қойылған.

Иса Мәсіх мұндай нәрселердің үстінен үстемдік жүргізуді талап етеді. Ол сіздің қоғамдық, үй ішіндік және өндірістік істеріңізге байланысты мәселелердің бәрін Оған жүктеуді тілейді. Сіздер не ойласаңыздар да, не істесеңіздер де, соның бәрінің маңдай алды болып, Мәсіх жүруге тиісті, өйткені сіз тәубеге келсеңіз, өмірдің өзекті мәселелері бойынша Құдайды табасыз.

Біздер бұл өмірдегі барлық күнәмізден түгел жиреніп, бәрінен бас тартып, неге де болса дайын тұрмайынша, Мәсіх бізді Өзінің Аспан Патшалығына жі бермейтіндігі жайлы ескерту жасаған болатын. Бұл айтылғандарды жартылай істеймін,-деп әуре болмаңыз. Сіздер: «Кейбір күнәдан тыылып, басқасын бірақ істермін, өмірімнің бір бөлігін Мәсіхке арнап, қалған бөлігін өз қалауымша өткізермін,» — дей көрмеңіздер. Иса Мәсіх өзіне түгел бұрылғанды талап етеді, солай еткендерге олардың қалағандарын үйіп-төгіп беретіндігін білдіреді. Егер сіз жартылай істегенімнің қайырымын жартылай аламын деп дәмеленсеңіз, онда қатты қателесесіз! Құдай Өз кереметін жартылай істемейді. Ол сіздерден түгелдей өзгеруді, Өзіне түгелдей бұрылуды талап етеді. Егер сіз күнәкарлықтан бас тартып, оны жексұрын көріп, Мәсіхке тәу етсеңіз, бұл сіздің Құдаймен тәубеге келуге тағы бір қадам басқаныңыз.

## ОНЫНШЫ ТАРАУ

### СЕНІМ

«Өйткені сендер қайырымдылық тиіп, сенім арқылы құтқарылдыңдар және ол сендерден емес, Құдайдың сыйы: істерден де емес, ешкім мақтанбауы үшін»

Ефес. 2,8-9

Құдаймен тәубеге келу үшін біз енді тағы бір қадам жасасақ та болады. Сіз енді бұрынғы өміріңіз мен бұрынғы күнәларыңыздан бас тартуға дайынсыз. Өз өміріңізде мұндай өзгеріс болуы тиіс деген байламға келдіңіз. Сіз бұдан былай Құдайдан алыстамайсыз, қайта Оның сүйіспеншілігіне, мейіріміне, қамқорлығына жақындай түсесіз. Сіз осындай шешімге келдіңіз. Мейлі, ол соқпақ ауыр болсын, бірақ сіз дұрыс жолға түстіңіз. Сіз осыдан үш жарым мың жыл бұрын Мұса таңдаған жолға түстіңіз. Мұса бұл жолға түспестен бұрын Мысыр тағынан бас тартып, оның орнына Құдайдың мархабатын таңдап алған болатын.

Мұса осындай ұлағатты шешімге келіп, қиыншылықпен ұласқан сенім мен шындық, Құдайдың ықыласымен келмеген дәулет пен дәрежеден артық екенін ұққанда қырық жаста еді. Тарихта мұндай қиын шешімге келген адамдар азғана.

Мұса білімді және мәдениетті адам болатын. Ол

қадірлі де білікті еді. Ол перғауынның қызынан туғандықтан жас кезінен-ақ молшылық пен сый-сияпаттың ортасында өсті. Ол қол созса болды, кезінде құдіретті де арманды ел болған Мысырдың тағы оның уысында еді.

Бұл жөнінде Киелі кітап былай дейді: «Балиғатқа толған Мұса сенімге иланып, перғауын қызынан туған бала атанудан бас тартты. Сөйтіп, күнәкарлық ләззатқа уақытша батқанша, Құдайдың халқымен бірге азап тартқанды артық көрді. Мысыр қазынасынан гөрі Мәсіх сияқты қорлық көргенді, — байлықтың үлкені деп санады. Өйткені, ол өз ісіне сай құрмет күтті. Ол патшаның қаһарынан да қорықпастан Мысырды сеніммен тастап кетті. Себебі, ол Көрінбейтінді көрген секілденіп, бекем еді» (Евр. 11,24-27).

«Бас тартты» және «тастап кетті» деген сөздерге зер салыңдаршы — шын тәубеге келу дегеніміз осы. Сонымен қатар, Киелі кітапта ол мұны «сеніммен» істеді деген сөздер де бар. Біздің келесі қадам деп отырғанымызда осы сенім! Мұса өзінің бұл шешімін бір сәт қанаттанған кезінде қабылдаған жоқ. Кейбір психологтар мұндай сәт діни әсерлену үшін қажет деп санайды. Оның сезімінің оянуы — түңілудің салдары емес. Ол бақытсыз да, дәрменсіз адам емес-еді. Мұса бұл Құдай жолын өмірде жоғалтқан табысының орнын толтырайын деп таңдаған жоқ. Оны діни өмірге іші пысқандық пен енжарлық та апарған жоқ. Ол оған сауық-сайран немесе пайда қуалап та бармады.

Басқаларды Құдай жолын іздететін бұл себептердің Мұсаға еш қатысы жоқ. Оны өз өміріндегі артықшылықтардан бас тартуға ешкім зорлаған жоқ. Ол оны өз еркімен істеді. Мұса кем-ақыл да, жасқаншақ та, үйретшікті тәртіпке қатып қалған бала да емес-еді. Ол

біліктілік пен құрмет іздеген даңғой да емес. Ол алдымен дінді келемеждеп, ал құтқарылу қажеттігін сонан соң сезінетін адамдардың қатарына жатпайды. Басқалар арман еткен нәрсенің бәрі Мұсада бұрыннан-ақ бар болатын. Сөйте тұра, ол толысқан шағында байлықтан, дәрежеден, құрметтен бас тартып, оның орнына Құдайға деген сенімді таңдап алды. Мен әрдайым бар үміттері үзілген, дәрменсіз адамдар немесе аурулар діннің жұбанышына ділгер дегенді естігенде, Мұса есіме түседі.

Жүздеген, мыңдаған әйел-еркектермен олардың рухани халдері туралы сөйлесу менің үлесіме тиді. Әйелдер мен еркектер өздерінің ақыл-естері бүтін бола тұра, Иса Мәсіхті өздерінің Тәңірі деуден бас тартқан кезде, олар мұны Мәсіх жолын қуушылар ілімін қолайсыз дегендіктен емес, оларға Мәсіх жолын қуушылардың өмірін жүктейтін жауапкершілік пен міндеттерден қашып істейтіндіктеріне көзім жетті. Мәсіхпен екі ортаға олардың асқақ ақылы емес, әлсіз жүрегі түседі. Олар Мәсіхке бағынғылары да және өздерін Оның қарамағына бергілері де келмеді.

Мұса сенім жолының талаптары мен тапсырмаларын егжей-тегжей зерттеді. Егер ол Құдайды шын сүйгісі келсе, адамдарға қымбат боп көрінетін нәрсенің бәрін құрбандыққа беруі керектігіне көзі жетті... Ол қорытынды шығаруға асықпады. Ол кенеттен лап еткен қызулықтан немесе жан толғаныстан туған жартылай түйінге келген жоқ. Ол өзінің бұл бел байлауының өте жауапты екендігін түсініп, бұл шешімге өзінің зерделі парасатымен жүз ойланып, мың толғанып барып келді. Оның бұл байламы уақытша тәжірибе аламын деуден туған жоқ. Сенім ол үшін — сыналатын тапсырма емес. Бұл оның өзгермейтін талабы бар

толысқан пікірі, тағдыр талқысына түссе де немесе жоқшылықтың азабын тартса да еш айнымайтын сенімі еді. Ол оған беттен қайтпас үш қайтар жолын кесіп, көпірлерді өртеді. Сөйтіп, Мұса қырық жасқа келген шағында өзінің бар өмірін еш бұлталақ, бұралаңсыз, еш толқытарлық жағдайсыз Құдайдың қолына берді, Оның әміртне бағындырды.

Мұсаның бұл шешімі мен белгілі географ Г. Бредфордтың шешімі арасында қандай айырма барын географтың өлер шағында айтқан мына сөзінен байқаңыз: «Мен жаңа Өсиетті күдік пен елеңдеудің әм үрейдің дауылын тұрғызып алам ба деп және өмірде жалған жолға түсіп, Құдайға және Оның ақықтай таза жолына сатқындық жасадым ғой деп қауіпсініп оқымаймын.»

Мұсада мұндай қорқыныш болмады. Егер сіздер Мәсіхті шын жүреппен мәңгілік мойындайтын болсаңыздар, сіздер де ештеңеден қорықпаңыздар. Оған жүтінгенде былай дей көрмеңіздер: «Мен Мәсіх жолын қуушылардың өмірін біразға дейін сынап көрейін. Егер менің ойлағаным болса, одан әрі қаламын да, ал егер басқаша болса, мен онда өмірімді басқаша құрамын.» Егер сіз Мәсіхке келетін болсаңыз, арттағы көпірді өртеңіз, кейін қарай бұрыламын деген ойды ұмытыңыз.

Осыдан жүздеген жылдар бұрын румнің тәкаппар бүркітінің қанаты-бар әлемге көлеңке түсіріп тұрған шақта, Цезарьдің ержүрек жауынгерлері Британияны жаулап алуға аттанды. Көкжиектен жау кемелері көрінген кезде мыңдаған ағылшын-саксондар өз отанын қорғамақ болып, жағада қырат басына қаһарлана жиналған екен. Румдіктер бұл тұрғандарды естен тандыра аң-таң қылып, жағаға түсе сала, ең алдымен, өздері мініп келген кемелерді өрттеді. Лапылдаған жалын эп-

сәтте кемелерді күлге айналдырып, басқыншылар жерге жата қалып ойбайлағандарымен, елге қайтар жол кесілді. Осындай аламан рухы бар румдіктер қалай жеңбесін! Сондықтан да Темзаның жағасында тұрған кішкентай деревня осылайша бүкіл әлемнің әмірші орталығына айналды.

Мәсіх та дәл осылай толық берілу мен бағынуды талап етеді. «Соқаға өзінің қолын сала тұрып, артына бұрылып қарайлайтындар Тәңірі Патшалығына қорған бола алмайды» (Лұқ. 9,62).

Мұса өзінің жан түршіктірген таңдауын өз өмірінің жол айырығында тұрып жасады. Оның пайымдағыш ақылы ол шешімі кезіктіретін шытырман жағдайларды да ойластырып қойды. Ол әр жолын алдын ала білді де, оның өн бойын күні бұрын өлшеп қойды. Ол өз ісінің дұрыс-бұрыстығын алдын ала өлшеді де, сонсын барып, Құдайға сенім білдіріп, қол берді.

Ол алдымен өзінің өткен шағына, әкімдік пен сән-салтанат, шарап пен қызықшылыққа толы молшылық жолына қайта бұрылып қарады. Бұл соқпақты ол жақсы білетін. Бұл жолмен ол қырық жыл жүрді және оның күйреуге апаратынын да, оның ақыры тозақ болатынын да білді.

Сонан соң ол бастапқы жолынан әлдеқайда тар әрі ауыр екінші жолға қарады. Ол одан азапты, қуғыншылықты, қорлық пен түңілуді көрді. Ол сонымен қатар, барлық қиындық пен сынды, күйініш пен уайымды көрді, бірақ сенім арқылы мәңгілік өмірдің жеңісін де, жемісін де көрді. Мұсаға қарағанда жеңілдіктер әрі тәжірибесі аз адам қызықшылықтан көзі тұнып, алғашқы жолды таңдап алар еді. Мысыр сол тұста әлемдегі күшті мемлекет болатын. Оның қарамағында әлемдегі ең құнарлы Ніл алқабы бар-болатын. Оның армиясы



жеңілу дегенді білмейтін, оның мектептері ұзақ жылдар бойы нағыз көрнекі оқу орны болған еді.

Құдайға Мұса сияқты көп беруді бізден ешкім талап ете алмас. Еліктірудің мынадай сан алуан ғажап түрін біздің көбімізге ешкім ұсына да қоймас, біз оған қарсы тұра да алмаспыз. Біздің көбіміз мұндай рахат пен ғанибетті көрген емеспіз, тіпті, Қасиетті Жазудың өзі күнәні бір мезеттік рахат деп атайды. Бірақ, рахат өткінші, оның арты өкініш.

Мұса-Құдайға қол беремін,-деп көп нәрсені жоғалтты. Бірақ, соның қайырымына көп сыйлық алды. Мұсаның заманында мыңғырған байлық ілуде біреуде ғана болатын. Сондықтан да, ондай байлыққа ілуде біреудің ғана қолы жететін. Сондай мүмкіншілік Мұсада бар еді.

Қазіргі заманда көп адамдар байып кете аларлықтай мүмкіндіктер бар. 1923 жылы әлемдегі іскер адамдардың бір тобы Чикагодағы бір қонақ үйге жиналыпты. Тіпті, сол бір таңғажайып жиырмасыншы жылдардың өзінде бұл жиын-билік пен байлықтың бұрынсоңды болмаған қыр көрсетуі еді. Бір дастарқанның басына жер жүзіндегі ең күшті болат компаниясының президенті, астық саудасы жөніндегі ең үлкен трестің төрағасы, Нью-Йорк биржасының төрағасы, Құрама Штаттар президенті кабинетінің мүшесі, Халықаралық банктің президенті, әлемдегі құдіретті монополияның тағы екі басшысы жиналыпты. Бұл отырған сегіз адамның байлығын бірге қосқанда Құрама Штаттардың бүкіл қазынасынан асып түседі екен! Олардың табысының сыры балаларға дейін белгілі болды. Оларға еліктеушілер де көп болды. Сайып келгенде, бұл отырғандар Американың финанс және өндіріс жөніндегі корольдері екен.

1923 жылы бұлардың өмірін сипаттаған жазбалар жұрттың бәрін таң қалдырып, еліктіріп әкететін, бәрінің ойына қызғаныш сезімін егетін, оларға шабыт беріп, жетектеп кететін. 1923 жылы олардың өмір тарихы әлде де жартылай жазылған болса, қалған жағын толықтыру болашақтың мойнында-еді.

Сол сегіз адам Чикагода бір дастарқанның басында отырған кезде, олар да бір кездегі Мұса секілді, өз өмірлерінің жол айрығында тұрған-еді. Олардың алдында екі жаққа бет алған жол жатты. Олар бұл жолды көрмеген де, елемеген де болуы мүмкін. Бірақ, олар бұл жолға түскілері келген жоқ. Сондықтан, олардың өмір тарихтарының келесі тараулары мүлдем басқаша жазылды. Біз қазір Мұса түскен жол әлгі сегіздің беттегілері келмеген жолды салыстыра отырып, Мұсаның өмірін көз алдымызға елестетеміз де, қай жолдың даналық жол болғандығын айтып, бере аламыз.

Болат қорытатын компанияның президенті Чарльз Шваб өмірінің соңғы жылдары қарызға белшесінен батып, қайыршы ретінде өлді. Астықпен сауда жасаушы ең ірі саудагер Артур Каттен бар байлығын желге ұшырып, (банкрот болып) шет елде өлді. Нью-Йорк биржасының президенті Ричард Витней Синг-Синг түрмеге отырып шықты. Кабинет мүшесі Альберт Пауль да абақтыға қамалып, үйінде өлсін деген оймен кешірім алды. Уолл-Стриттің «арыстаны» атанған Джесси Ливермур, Халықаралық банктің президенті Леон Фразер, әлемдегі ең ірі монополияның басшысы Ивар Крейгар — өздерін-өздері өлтірді.

Бұл адамдарда ақша да, билік те, дүние-мүлік те, құрмет те молынан бар-болатын, олар мәдениетті де білімді кісілер-еді. Бірақ, олардың ешқайсысында өмірдің шын мағынасы мен мақсатын білдіретін қасиет жоқ

болды. Оларда Мәсіх жолын қуушылардың ілімі мен құлқы болмады. Жүгінуге мүмкіндік ашатын қасиеттері жоқтықтан, олар адамның жаңаруын да сезіне алмады. Оларға сенім болмады!

Бұл кісілерде сенім болмады, ал ол бола қалған күнде де оның талабын орындамас еді. Егер олардың байлық қазыналарының ішінде Мәсіхке деген сенім болғанда, олардың өмірінің соңғы тараулары мүлдем басқаша жазылар еді.

Естеріңде болсын, Мұса сенімнің себебімен Мысыр байлығынан бас тартты. Оның жер үстіндегі өмірі жоқшылық пен қорлықта өтсе де, ақыр түбі — мәңгілік өмір алатынын оған сенім білдірді.

Каттен мен Шваб секілді адамдар Мұсаны ессіз деп санаған болуы керек. Олар: «семіз болғанша сегіз болсын» деп күн кешті. Мұсаға олар былай дер еді: «Мысырда не нәрсенің барына анықтап қарашы. Сенікіндей ақылы, байлығы, билігі бар адам не істей алатындығын білесің бе? Ал тізгінді қолыңа, Мысыр сонсын бар әлемге әмірін жүргізеді. Сен шағын елдерді өзіңе бағындырып, оларды санаттан шығарып тастайсың. Өзіңмен тайталасатындарды да жоқ етіп, ойыңа не келсе, соны істейтін боласың». Олар Мұсаға осылай дер еді, өйткені олардың ойы да, істейтін ісі де осылай болатын. Олар осындай тірлікпен байлық жинады. Және олар, Құдайға немесе Иса Мәсіхке сенемін деген адамды көрсе, ішек-сілесі қата күлер еді. «Сенім дегеніңіз түкке тұрмайтын нәрсе», — дер еді олар.

Құдайға апаратын ең қолайлы жалғыз жол — сенім, — дейді Киелі кітап. «Сеніміңіз болмаса, Құдайдың көңілін табу қиын, өйткені Оған келушілер Оның бар екендігіне сенуі керек, сонда Ол іздеушіні лайықты түрде бағалайды» (Евр. 11,6). Басқасынан гөрі, Құ-

дайға ұнамды — сенім, -дейді Киелі кітап. «Ал сеніміңіз болмайынша, Құдайға жағуыңыз мүмкін емес».

Бар әлемдегі адамдар-Құдайдың көзіне шалынамыз, — деп оғаш киім киеді, денелерін адам қарағысыз етіп бұзады, өмірге керектіден өздерін айырады, көп уақыттарын дұға оқумен және ерлікпен өткізеді. Мұның бәрі де мүмкін, дұрыс шығар, әйтсе де Құдайға жағу үшін істейтін нәрсенің ең үлкені — сенім, Құдайға сенім.

Мен досыма неше түрлі жақсы сөздер айтамын да, сонан соң саған сенбеймін десем, әлгі айтқан сөздерімнің бәрі босқа кетеді. Мен оны биікке көтеріп-көтеріп, сонан соң сылқ еткізіп тастап жібергендей боламын.

Құдайға жағудың ең дұрыс жолы — Оның Сөзіне сену. Иса Мәсіх Өзіне сенуді өтінгендей болып, былай деді: «Маған сеніңдер, өйткені Мен — Әкемдемін, Әкем — Менде. Ал, егер олай болмаса, Менің істеген істерім арқылы маған сеніңдер» (Жох. 14,11).

Сенімнің өте қажеттігін Киелі кітап атап айтты. «Жарайды, — дейсіз сіздер, — егер сенім шын қажет болса, онда сенім дегеннің өзі не? Сенім деп сіз нені жобалап тұрсыз? Сенім деген ұғымды қалай айырамын? Менің сенімім дұрыс екенін қалай анықтаймын? Менде неше сенім болғаны жөн?»

Тұра тұрыңыз! Сұрақты бұлай төпелей беруге болмайды! Мен оларға кезекпен жауап беруге тырысайын.

Киелі кітап біз құтқарылуды тек сенім арқылы алатынымызды қайта-қайта айтады.

«Олар былай деді: Иса Мәсіх Тәңірге сен, сонда өзің де, үй-ішің де құтқарылады» (Елшіл. 13,39).

«Оны мойындағандарға, Оның атын айтып сенушілерге, Құдайдың бала-шағасы болуға билік берілді» (Жох. 1,12).

«Мұсаның заңы арқылы ақтала алмағанның бәрінен, Оған сенетіндер ақталып шығады» (Елшіл. 13,39).

«Ал ештеңе істемейтін, бірақ Оған сенетін таза емес жанды Кім ақтап алады, оның сенімі әділеттікке саналады.» (Рум. 4,5).

«Сонымен, сенім арқылы ақталып, өзіміздің Тәңіріміз Иса Мәсіх арқылы да Құдаймен тәубеге келеміз» (Рум. 5,1).

«Біздер өлім іздеген жалтақтар емеспіз, бірақ жанымызды құтқару үшін сенімге арқа сүйейміз» (Евр. 10,39).

«Өйткені сендер қайырымдылық тиіп, сенім арқылы құтқарылдыңдар және ол сендерден емес, Құдайдың сыйы» (Ефес. 2,8).

Біздер шынымен-ақ сенім арқылы құтқарылдық па? Жоқ, олай емес, біз сенім арқылы рақымдылықпен құтқарыламыз. Сенім дегеніміз, Құдайдың рақымы ағып тұратын арық. Сенім дегеніміз, Оның сүйіспеншілігінің сыйын бізге алып беретін қол. Еврейлерге арнау хатта (11,1) былай делінген: «Сенім дегеніміз күткеннің ке асуы мен көрінбегендікке сену». Веймут бұл сөздерді бұдан гөрі түсініктірек етіп аударды: «Сенім дегеніміз, үміттенген нәрсемізге зердемізбен сену, көзіміз көрмеген нәрсенің бар екеніне нану». Сенім — нақпа-нақ айтқанда: «берілу», «өзін беру», «бағыну», — деген сөздер. Сенім — нанудың ең жоғарғы белгісі.

Мен ешқашан Солтүстік полюсте болған емеспін, бірақ оның бар екеніне сенемін. Сенетінімді қайдан білемін? Білемін, өйткені ол туралы талай әңгіме естідім. Мен полюс жайлы оқулықтардан оқыдым, географиялық атластағы картадан көрдім, оның үстіне бұл кітаптарды жазған адамдарға сенемін. Және оларды сеніммен қабылдаймын.

Киелі кітап былай дейді: «Сонымен, сенім бір нәрсені естіген соң келеді, ал есту Құдай сөзімен келеді» (Рум. 10,17). Біздер құтқарылу жайлы Құдай сөзіне сенеміз. Біз оған сұрастырмай-ақ иланамыз. «Мұса көзге Көрінбейтінді көрген секілденіп, күшті болды» (Евр. 11,27).

Бұл өзі сонша ерекше емес, құпия қасиет, біз оған сонда да талпынуымыз керек. Иса Мәсіх бізге: кішкентай бала болыңдар, және ата-аналарына шексіз сенетін бала секілді сендер де Құдайға ақтарыла сенуге тиістісіңдер, — деді.

Мәселен, мен жолмен сағатына елу шақырым жылдамдықпен құйғыта келіп, бір қыраттың етегіне жеттім, — делік, Мен келген жолдың одан әрі жалғаса беруіне көзімді жеткізу үшін машинадан түсіп, қырат басына шығуым шарт па? Жоқ, мен бұлай етпеймін. Мен осы елдің жол қатынасы басшыларына сенемін. Алдағы жолды көрмесем де, машинаға мініп алып, сапарымды жалғастыра беремін. Мәсіхке тәу етіп, құтқарылуға сену де дәл осылай!

Тәубеге келгендегі секілді, сенімде де негізгі үш ұғым бар. Біріншіден: Құдайдың айтқандарын жете түсіну керек. Сондықтан да Киелі кітапты оқу өте қажет. Өйткені жанның құтқарылуы жайлы Киелі кітап үйреткен ілімді білу басты шарт. Тіпті болмаса, өзіңіздің күнәкар екеніңізді және Иса Мәсіх сіз үшін өлгенін бес саусағыңыздай білуіңіз керек. Жохан жазған Інжілде (3,16) бұл туралы былай делінген: «Өйткені, Құдай дүниені сүйгендігі сонша, әрбір Оған сенуші өлмесін, мәңгілік өмір сүрсін, — деп, оларға Өзінің Жалғыз туған ұлын берді». Құдайды мойындағандардың көпшілігі Ол туралы аз білетін. Сіздер үшін Құдайтағаланы жете білу өте қажет болғандықтан,

құтқарылу жайлы нақты мағлұмат беретін Киелі кітапты берік ұстануларыңыз керек.

Біраз адамдар: «Мен Киелі кітаптың көп жерін түсіне бермеймін. Сондықтан да оны оқуға құлқым жоқ», — дейді. Бұл дұрыс емес. Киелі кітапта түсініксіз жер өте көп. Мысалы менің шамалы ақылым шексіздік, түпсіздік жайлы ұғымды ешқашан толық ұқпайды. Мен теледидардан көргендерімнің де көпшілігін ұға бермеймін. Сөйте тұра, аппаратты өшірмеймін, хабарды тыңдаймын. Әрі оған сенемін.

Құдай бізден қолдан келмейтінді талап етпейді. Өзін білу үшін ол бізден белгісіздікке, жұмбақ жаққа ырғуды да талап етпейді. Мәсіхке сенудің бұл әлемдегі ең мықты куәлігі — Киелі кітапқа негізделген. Сіз оны жете түсіне бермесеңіз де, оның құндылығын ұғасыз, өйткені ол-Құдай сөзі. Шайтанның ең бірінші мақсаты — адамдарды Құдай Сөзіне күмәндандыру. Егер сіз Құдай Сөзіне күмән келтіріп, оның беттеріне сұрақ белгісін қоя бастасаңыз, сіздің жағдайыңыз қиынға айналады. Сізден күнәкармын деген ой ешқашан кетпеуі керек. Иса Мәсіх сіздің күнәңіз үшін жан беріп, сонан соң сізді ақтау үшін қайта тірілгенін ұмытпауыңыз керек. Иса Мәсіхтің өлімі, жерленуі және қайта тірілуі — Інжілдің негізі. Жүгінгісі келген адамға қойылатын талап, Інжілге сену.

Екіншіден, сенімге сезімталдық та кіреді. Киелі кітап былай дейді: «Данышпандықтың басы — Құдайдан қорқу» (Мақалд. 1,7). Елші Пауыл былай деген: «Өйткені, Мәсіхтің сүйіспеншілігі бәріңді құшағына алады» (2 Қор. 5,14). Тілек, сүйіспеншілік, қорқыныш — мұның бәрі сезім. Сезімсіз өмір болуы мүмкін емес. Есі бүтін ешбір адам: «сезімталдықты қояйық», — деген сөзді айтпайды. Сонан соң, сезімнің тереңдігі мен

жеке басымыздағы әсерленуді бөле-жара қарауға болмайды. Сезім тербеменген өмір болады деу қиын. Бір үйдегі адамдар өз міндеттеріне салқын сезіммен қараса не болар еді? Немесе мен өз әйеліме оған деген еш сезімім жоқ дегенді айтып болып, «маған күйеуге ти», — десем не болар еді?

Доктор Зенгстер былай деген: «Дінге де осы негізді енгізіңіздер. Егер діни уағыздаушыдан Құдайдың кешірімі мен батасын жеткізуін өтіне тұра, ол шапағатты жеткізу мен қабылдау кезінде ешқандай сезімталдық болмауын талап етсеңіздер, сіздердің бұл талаптарыңыз еш қисынға келмейтін нәрсе».

Діни әсерлену кезінде сезім әр түрлі бола беруі ықтимал. Біреулерде сабырлылық басым да, екінші біреулер лап ете қалады. Сөйте тұра, екеуі де сезімнің құлы.

Черчилль соғыс кезінде ағылшын халқына арнап жігер бере сөйлеген кезде, ол өз тыңдаушыларының қисыны мен сезіміне әсер етуге тырысты. Менің оның сөзін Глазговадағы Айбрукс паркінде тыңдағаным әлі есімде. Оның әр сөзі менің жанымға дәл тиіп, жүрегіме от жаққаны соншалық, мен жалауды желкілдетіп, уралап айқайлауға дайын едім! Сіздер Иса Мәсіхті шын сүйген кездеріңізде, осындай сезім сіздерде де болады.

Үшіншіден, бұл енді ең негізгісі, — сезімге ырқыңыз бағынады. Сөйтіп, осы үш үш ұғымнан үш адам пайда болады. Оның біреуінің аты — «парасат», екіншісі — «сезім», үшіншісі — «ырық». Парасатымыз Інжілді қисынды дейді. Сезім ырыққа әсер етіп, «Мен Иса Мәсіхті сүйемін» немесе «Мен соттан қорқамын», — дейді. Сол кезде ырқыңыз араға түсіп, төрешілік етеді. Ол қолымен жағын таянады да, бұл мәселенің дұрыс шешімін тапқысы келіп, ойға батады. Сөйтіп, соңғы



сөзді, яғни үзілді-кесілді шешімді ырық айтады. Адамда ойлы сенім де, сезім де бола тұра, ол Мәсіхті мойындамауы мүмкін. «Іске аспаған сенім — өлім» (Жох. 2,20).

Осыдан бірнеше жыл бұрын бір адамның Ниагар құлама суы үстімен тартылған арқанмен, қол арба сүйреп өткендігін естідім. Оны құламаның ар жағында тұрғандар қол соғып, уралап қарсы алды. Ол арбаға топырақ салынған екі центнерлік қапты да салып, әрлі-берлі алып өтті. Сонда әлгі адам оларға: «Мен мына арбама енді адам отырғызып, оны кейін қарай алып өтетініме сенесіздер ме?» - деді.

Бұл сөзге жұрттың бәрі «сенеміз» деп шу ете қалыпты. Әсіресе, жақындау тұрған біреуі елден бұрын тамағын жырта айқайлады. Сонда әлгі кісі оған: «Отырыңыз, мен сізді алып өтейін!» — дейді. Мұндайды күтпеген әлгі айқайшының сол кездегі сасқанын көрсеңіз! Бұл қорқақ бастапқыда шынында сенген болуы керек. Бірақ, мәселе нақпа-наққа келгенде ондай нәрсеге сенбейтіндігі оп-оңай ашылып, бұрынғы айқайшының бәрі құр бос сөз екендігін білдіріп қойды.

Иса Мәсіх жөнінде де дәл осылай. Оған сенеміз, Оған ереміз деушілер қисапсыз. Бірақ, солардың біреуі де Мәсіхтің қол арбасына отыруға келгенде мұз үстінде тұрғандай тайғанақтап, қалбалақтай бастайды. Өйткені, олар Иса Мәсіхке жүз процент берілген де, бағынған да емес. «Жарайды, бағынайық. Бірақ, ол үшін қанша сенім керек?» — дейтіндер бар. Иса Мәсіх оларға: «титімдей-ақ, бір дәннің жартысындай ғана болса, жетеді», — деген болатын.

Тағы біреулер: «Сенімнің қандай түрі қажет?» — деп сұрайды. Сенімнің бірінен-бірі озатын алуан түрі жоқ. Сенім деген біреу-ақ. Ол жалғыз. Мәселе, бірақ,

кімге, неге сенетініңде. Бұл жерде, сөз — Иса Мәсіх туралы. Соған сену туралы. Салтанатты құлшылық та, мольнан берген құрбандық та, саналы ілім де, немесе өз ойыңызға сену де, олардың ешқайсысы әлде де болса толық сенім емес. Мәселен, басқа еш нәрсеге емес, тек Иса Мәсіхке, Оның жалғыз өзіне беріле сенуде.

Киелі кітап: сенім үш түрлі болып байқалады, — деп оқытады. Ол іліміңізден, қалай сенетініңізден сезіліп тұрады. Ол сіздің мойынсұнуыңыздан — Құдайға табынып, шіркеуге баруыңыздан байқалады. Ол сіздің ғибаратыңыздан, өмір сүруіңізден, мінез-құлқыңыздан көрініп тұрады, бұл туралы басқа тарауларда айтылады.

Киелі кітап, сонымен қатар, сенім бір ғана Иса Мәсіхке иланып, сол арқылы өтелдім, — деумен ғана шектелмейтінін айтады. Сенім әрі қарай дамиды. Ол өсе түседі. Бастапқыда әлсіз боп көрінген ол, сіз Киелі кітапты оқып, шіркеуге барып, өзіңіздің Мәсіх жолымен өміріңізге Құдайдың қатысы барын сезінген сайын күшейе береді. Сіз өз күнәңізді мойындап, тәубеге келіп, Оған шын сенгеннен кейін, Ол сізді рухтандырып, әрдайым демеп, әрі қарай бастайтынына нануыңыз керек. Сіз осылайша Иса Мәсіхті білген үстіне біле түсесіз, жоқшылықта да, баршылықта да, сын сағаттарда да Оған арқа сүйейтін боласыз. Сонан соң сіз елші Пауылға қосылып, былай дейсіз: «Бұл өмір сүруші — мен емес, мендегі өмір сүруші — Мәсіх. Ал, тәнімде өмір сүруім, мені шын сүйген, мен үшін Өзін де қиған Құдай Ұлы үшін сеніммен өмір сүруім» (Гал. 2,20).

Сіз Иса Мәсіхтің құтқаратындығына иланатын қуанышты сенім тапсаңыз — Ол сіздің Құдайға тәубешілікке қарай тағы бір аттағаныңыз.

## ОН БІРІНШІ ТАРАУ

### ҚАЙТА ТУЫЛУ

Егер кімде-кім жоғарыдан туылмаса,  
Құдай Патшалығын көре алмайды.

Жох. 3,3

Егер менің сізге келе алатындай жағдайым болып, екеуміз оңаша отырып сөйлесек, сіз маған былай дер едіңіз: «Мен бір түрлі қолайсыз жағдайда қалдым. Мен Құдай заңын аяққа бастым, Оның қағидаларынан қиғаштап кеттім. Мен өз ережелерімді ойластырғым келіп еді, ол ниетімнен түк шықпады. Мен тартқан азап пен қасірет мен үшін естен кетпестей ащы сабақ болды. Бұрынғы өміріме қайта оралып, бәрін де қайтадан бастау үшін ештеңемді аямас едім! Жарық дүниеге қайтадан туылу үшін не сұраса да берер едім! Кешегі күнге қайта оралып, жаңа жолды мүлдем басқаша бастау үшін не төлем болса да беріп, мен онда мүлдем басқаша жолға түсер едім.

Егер бұл сөздердің жаңғырығы сіздің жүрегіңізге жетсе, егер бұл сөздердің мағынасы сіздің ақылыңызға қонса, онда қуана беріңіз, мен сізге қуанышты хабар айтайын: Иса Мәсіх, сіз қайта туыла аласыз! — деді. Сіз өзіңіз арман еткен жаңа да жақсы өмірді кеше аласыз. Сіз өзіңізді талай күнәкарлыққа ұрындырған әрі әбден жалықтырған менмендіктен арыласыз. Сол

арқылы бар күнәсі жуылған, тап-таза сүйкімді адам болып шығасыз.

Сіздің кешегі өміріңіз-өкінішті, ертеңіңіз- екіүшті, болашағыңыз үмітсіз болып көрінгенімен — қыйыншылықтан шығар жол бар. Ол әрі сенімді, әрі қауіпсіз, әрі түпкілікті жол. Бірақ, жалғыз жол. Сізге тек таңдай білу керек. Сіз бүгінге дейін жүріп келген бағыт-бағдарсыз, мағынасыз жолыңыздан мүлдем өзгеше, басқа жолға түсуіңіз керек.

Сіз бәз-баяғы бейшара, мүсәпір, жалтақ, өзіңізден-өзіңіз жиренетіндей қалпыңызда қалам десеңіз де, дәл қазір қайтадан туыламын десеңіз де өз еркіңіз. Сіз бұрынғы күнәкарлы өміріңізден қол үзіп, мүлдем өзгеше өмір бастаймын десеңіз де ықтиярыңыз. Сіз сонда Иса Мәсіхтің жаңадан жасап шығарамын деп уағда еткен адамы бола аласыз.

Осыған орай, сіз маған қисынды сұрақ бере аласыз: «Мен қалайша жаңадан туыла аламын? Қала берді, қалайша қайта туылам? Жаңа өмірді қалай бастаймын?»

Никодим бұл сұрақты Иса Мәсіхке осыдан екі мың жыл бұрын Палестина аспаны астында берген болатын. Жаңару дегеніміз, өмірді қайта бастау, оның жаңа бетін ашу немесе түзелу деген ұғымнан әлде қайта биік тұр. Киелі кітап, сіз алдымен физикалық әлемде тудыңыз, бірақ сіз рухани табиғатыңыз күнәлі болып тудыңыз, — дейді. Киелі кітап тағы да: «Сіздерді өздеріңіздің қылмыстарыңыз бен күнәларыңыз өлік етті» — дейді. (Ефес. 2,1).

Киелі кітап сонан соң сіздің күнәлі де өлі табиғатыңызда өмірге түрткі боларлық ештеңе жоқ екендігін айтады. Сіз күнәға боялып тұрғандықтан, берекелі өмір сүруге жарамайсыз. Көп адамдар рухани жаңармастан-

ақ игілікті, қасиетті және берекелі өмір сүруге талпынғандарымен, ол ояларынан түк шықпады. Өлі дене өмір жасай алмайды. Киелі кітап: «Күнәдан өлім туады» — дейді. (Жақып. 1,15). Біз, бәріміз-рухани өлікпіз.

Сіздің қартайған болмысыңыз Құдайға қызмет ете алмайды. Киелі кітап былай дейді: «Ақкөңіл адам Құдай Рухынан шыққанды қабылдамайды... және оны түсінбейді, өйткені оны рухани жоруы керек» (1 Қор. 2,14). Біз кәдуілі жағдайда Құдаймен араздасып жүрміз. Біз Құдай заңына бағынбаймыз және Румдіктерге жазылған арнау хаттың (8,7) айтуы бойынша бағына да алмайсыз.

Біздің бұрынғы болмысымыз арғы, бергі жағына дейін түп-түгел бұзылған, — дейді бізге Киелі кітап. «Оның табанынан бастап, төбесіне дейін бір түйір сау жері жоқ. Зәйтүн майымен жұмсартылмаған, тазаланбаған, оранбаған ылғи бір ойық жара, теңбіл таңба, іріңді жара» (Ишая 1,6). «Бәрінен бұрын адамның жүрегі қуланған және де нағыз бұзылған» (Ерем. 17,9). Бұл бұзылғандық тәннің күйітшілдігінен басталады.

Біздің көне жаратылысымыз — менмендік жаратылыс, — дейді Киелі кітап. Біздің ол болмысымыз ешқашан жаңара алмайды. Біздер жоғарыдан туылғанда, өз бойымыздағы ескі Адам-атаны жөнге салу орнына ішімізден алып тастаймыз, — дейді Киелі кітап. Біздің тәніміздегі «көне адам» дамуға тиісті емес, ол айқыш ағашқа шегеленуі керек. Иса Мәсіх былай деді: «Сендер аяқ-табақтарыңның сыртын тазартасыңдар, бірақ олардың іші ұрлық пен әділетсіздікке толған» (Мат. 23,25).

Біз өзіміздің жаңадан туғанымызды сезінбейінше, Аспан Патшалығына кіре алмаймыз, — дейді Киелі кітап. Иса Мәсіх бұдан да айқын айтты: «Сіздер жо-

фарыдан туылуға тиістісіздер» (Жох. 3,7). Мұнда ешқандай екі ұштылық пен болжаушылық жоқ. Кімдекім Аспан Патшалығына барғысы келсе, ол жоғарыдан туылуы керек.

Құтқарылу дегеніміз, ол бастапқы менмендікті жөндеу емес, ол-Құдайдың рахымы мен киелілігі жасаған жаңа менмендік. Жаңару — біздің болмысымыздың немесе жүрегіміздің өзгеруі емес. Жоғарыдан туылу-жаңару да емес, ол-шын мәнісінде қайта туылу, өзімізге мүлдем өзгеше мән алу. Бұл — біздің екінші рет туылуымыз. «Сіздер жоғарыдан туылуға тиістісіздер».

Адамның ертеректегі болмысында Құдайға қолайлы ешнәрсе болмаған. Оның сау-тамтық жері жоқ. Адамның көне болмысы Мәсіхке еруге жарамаған. «Сондықтан да сендер істеймін дегендеріңді істеген жоқсыңдар» (Гал. 5,17). Тәнімен өмір сүргендер Құдайға жағына алмайды. «Қайнардың бір көзінен тәтті су мен ащы су бір мезгілде аға ала ма? Інжір ағашы зәйтүннің жемісін немесе жүзімнің бұтағы інжірдің жемісін бере алмайды, туғандар. Сол секілді, бір қайнардан да ащы су мен тәтті су қатар аға алмайды. (Жоқ. 3,11-12).

Румдіктерге арнау хатта ертедегі адамдар былай суреттеледі: «Олардың көмейі — беті жабылмаған табыт. Тілдері нағыз алдамшы. Еріндерінде сұр жыланның уы. Ауыздарыңда өсек пен қарғыс. Қан төгіске жүгіргенде аяқтары жерге тимейді. Олар жүрген жолдарында бәрін қирата, бүлдіре жүреді. Бейбіт жолды білмейді олар. Олардың көз алдарында Құдайдан қорқу деген жоқ. (Рум. 3,13-18).

Мұндай көмейлер, тілдер, ауыздар, аяқтар, көздерді өзгертуге, жаңартуға бола ма? Ол мүмкін емес қой, Иса Мәсіх мұны білген және былай деген: «Сіздер жоғарыдан туылуға тиістісіздер». Киелі кітап тағы бір жерде

былай дейді: Эфиоп (негр) — өз терісін, барыс — өз теңбілін өзгерте ала ма? (Ерем. 13,23). Румдіктерге арнау хатта (7,18) былай делінген: «Өйткені, менің бойымда ол тұрмайтынын, яғни, тәнімде жақсылық тұрмайтынын білемін». Енді Киелі кітапты тыңдаңыз: «Бәрімен тату-тәтті, қасиетті болуға тырысыңдар. Олай етпесеңдер, Тәңірді ешкім көре алмайды» (Евр. 12,14).

Жаңадан туылудан берілген өмір, адам табиғи дамып, жаратылыс берген өмірдей бола алмайды. Адам болмысында Құдайға Аспан Патшалығы үшін қажетті қасиеттілік жоқ. Тек жаңадан туылу арқылы ондай өмірдің басталуын табуға болады. Құдай өміріндей күн кешу үшін бізде де Құдай табиғаты болуы қажет.

Жаңа өмірді тиынның сұлбесімен теңдестірейікші. Тиынның екі жағы бар: бірінші беті және екінші беті. Тауып алған жаңа өмірде де екі жақ бар: Құдай беті, адам беті. Біз адам мәселесін жүгіну туралы тарауда айтқанбыз, яғни біз не істеуіміз керектігін анықтағанбыз. Енді Құдай не істеуі керек, соған келейік.

Жаңарту, бұл түп-түгел Қасиетті Рухтың ісі. Жаңадан туылу үшін сіз өзіңіз ештеңе істей алмайсыз. Киелі кітап былай дейді: «Оны қабыл алғандарға, Оған түгелдей сенушілерге, Құдайдың бала-шағасы болуға билік берілді. Олар қаннан емес, тәннен емес, еркектің тілінен емес, бірақ Құдайдан туылды». (Жох. 1,12-13). Екінші сөзбен айтқанда, сіз тән мен қаннан қайтадан туыла алмайсыз. Бұл — жаңадан туылуды мұралыққа ала алмайсыз деген сөз.

Сіз Мәсіх жолын қуушылардың өмірі сияқты өмірді де мұралыққа ала алмайсыз. Сіздің ата-анаңыз Мәсіх жолын қуушылар болулары ықтимал. Бірақ, бұдан сіз де міндетті түрде Мәсіх жолын қуушы боласыз деген ұғым тумайды.

Сіз тәнге қажеттіліктен туыла алмайсыз, - делінген Қасиетті Жазуда. Басқаша айтқанда, сіздің қолыңыздан келетін ешнәрсе жоқ. Сіз өліксіз. Өлікте өмір жоқ, сондықтан да ол ештеңе істей алмайды.

Сіз адам тілегімен де қайта туыла алмайсыз. Қайта туылу — адамның мүмкіндігі мен тілегінен болатын нәрсе емес. Кейбіреулер егер біз белгілі бір шіркеуге үнемі барып тұрсақ немесе діни ғұрыптардың бірін қалтқысыз орындасақ, не болмаса жаңа жылда толық түзелеміз, — деп уәде берсек, біз онда ешкімнің көмегінсіз-ақ өзіміз астам туамыз деп ойлайды. Мұның бәрі әрине, дұрыс. Бірақ, одан жаңадан туыла алмайсыз.

Иса Мәсіх бізге: «Сіздер астам (жоғарыдан) тууға тиістісіздер», — деген болатын. «Тиістісіздер» деген сөз — бұл әлі енжарлық жағдай. Біздер үшін, әйтеуір бір нәрсе істелуі керек, — деген ұғым бұл. Адам өздігінен туыла алмайды. Жаңадан туылу — біздің еркімізден тыс нәрсе. Екінші сөзбен айтқанда — бұл Құдайдың ісі — бізді Құдай туғызды.

Біз жоғарыда айтқан Никодим: екінші рет қалайша туылам, деп аң-таң болып түсінбей-ақ кетті. Ол абдыраған күйі: «қалайша» деп екі рет қайталады.

Жаңадан туылу құпия секілді болып көрінгенімен, оның растығын ешкім жоққа шығара алмайды. Бізге жарық беретін, теледидар көрсететін, радио сөйлететін-электр тогінің не құдіреті, не құпиясы барын біздер түсіне алмауымыз да мүмкін. Қойларда неліктен — жүн, сиырлардың терісінде неліктен тікенек секілді қысқа қыл, ал құстарда — неліктен қауырсын өсетінін біздер біле алмаймыз. Бірақ, біздің білетініміз — оларда жүн де, қыл да, қауырсын да өсуі керектігі. Біз көптеген құпия сырды түсінбейміз. Бірақ, біздер барлық күнәмізден өтеліп, Иса Мәсіхті мойындаған сәтте



астам (жоғарыдан) туатынымыздың шын екендігіне сенеміз.

Бұл — құдайшыл өмірдің адам жанымен қосылғандығының белгісі. Адам жанына Құдай табиғатының ұласуы біздерді Құдайтағаланың бала-шағасы етеді. Құдай бізге Өз демін үрледі. Қасиетті Рух арқылы Иса Мәсіх біздің жүрегімізге орныққаннан бастап, біздер Құдаймен мәңгілік бірге боламыз. Егер сіз астам (жоғарыдан) тусаңыз, аспанда Құдай, жерде сіз бар боласыз, өйткені сіз бұдан соң Оның өмірімен сабақтассыз.

Сіз астам туған кезде неше түрлі оқиғалар болады. Біріншіден, бұл туылу сіздің көру мен ұғыну қабілетіңізді жоғарылатады. Құдай Сөзінде былай делінген: «Өйткені, Құдайтағала түн-түнектен жарық сәуленің жарқ етуіне жарлық берді де, біздің жүрегімізге түскен жарық Иса Мәсіх арқылы Құдай даңқын ұғынарлықтай дәрежеге жеткізді» (2 Қор. 4,6). Тағы бір жерде былай делінген: «Сіздер біліп-түсіну үшін сіздердің жүректеріңіздің көзін ашты» (Ефес. 1,18). Сіз бұрын ессіздік пен күлетін нәрселеріңізге қазір шындықпен қарайсыз. Сіздің рухани қатынасыңыз түбірімен өзгерді. Құдайтағала сіздің дүние тануыңыздың түп қазығы болды, Ол сіз үшін орталыққа айналды. Сіздің менмендігіңіз орнынан түсті.

Екіншіден, сіздің жүрегіңізде төңкеріс болды. Киелі кітап былай дейді: «Сіздерге жаңа жүрек пен жаңа рух беремін. Тәніңізден тас жүректі аламын да, сонсын сізге шымыр жүрек беремін мен» (Қесек. 36,26). Құдайтағала былай дейді: «Өз заңымды олардың ішкі сарайларына енгіземін де, оны олардың жүрегіне жазамын» (Ерем. 31,33).

Сіздің Құдаймен байланыстарыңыз біраз оңтайлы

өзгереді. Сіздің жаңа табиғатыңыз Құдайдың Өзін де, Оған байланысты нәрсенің бәрін де шексіз сүйетін болады, өмірдегі асқақтық пен ғажаптыққа құштарлығыңыз артады. Опасыздық пен оңбағандықты қабыл алмайсыз. Өз төңірегіңіздегі өмірдің қоғамдық мәселелерін бірден басқаша бағалай бастайсыз. Мұқтаж болған адамды көрсеңіз, жүрегіңіз бірден жүдеп, аяшылық сезіміне оранасыз.

Үшіншіден, сіздің еркіңізде де зор өзгеріс болады. Сіздегі шешім де өзгереді, өйткені оған әкелген себепті сіздің ұғымыңыз басқаша қабылдайды. Киелі кітап былай дейді: «Әлем Құдайы... игілікті істеріңізде Оның дегенін орындау үшін сізді жетілдіре түссін, Иса Мәсіх арқылы Оның қажет нәрсесі сізде орындалсын» (Евр. 13,20-21).

Сіздің Құдайдан алған бұл жаңа болмысыңыз Оның ырқына толық бағынышты. Сіз Оның тілегін түгел орындауға тырысасыз. Сіз Оған ақырына дейін мейлінше адал боласыз. Бұл сізге жаңа талғам, жаңа әуестік, жаңа пейіл береді, өзіңізді-өзіңіз еркін билейтін боласыз. Құдайды дәріптеген үстіне дәріптей түскіңіз келеді. Шіркеуге келген басқа діндарлармен де ортақ тіл табуға тырысасыз. Киелі кітапқа да құрметіңіз артады. Құдайға оңаша отырып құлшылық етуді де ұната түсесіз. Рухыңыз көтеріліп, көңіл күйіңіз жақсарды. Бұрын сіздің өміріңіз сенімсіздікпен толы тұптура күнәкарлыққа жетектеп, Құдайға деген күдік ұялатса, енді керісінше, Оған деген сеніміңіз соншалықты артады. Құдай мен Оның сөзіне бұрынғыдан да күшті нана түсесіз.

Бұрын сіздің өміріңізді тәкаппарлық билеген кездері де болған шығар. Сіздің атаққұмарлық ой торлап, қолыңыздағы билік пен тілегіңізді жалау етіп ұстаған

да боларсыз, алайда, енді бұл тілек өзгереді. Бірақ, өміріңіз өшпенділікке толған кездері болған шығар. Сіздің пиғалыңызда күншілдік өрбіп, басқаларға көңіліңіз толмай, ашу-ызаңыз да қозған болар. Бірақ, қазір олар да өзгерді.

Сіздің өтірікті оп-оңай айтатын кездеріңіз де болды. Сіздің ойыңыз бен сөзіңізде, істеген ісіңізде жалғандық пен екіжүзділік көп болды. Қазір бұлардың бәрі де жоғалды. Сіздің непісқұмарлыққа салынған кездеріңіз де болды. Қазір ол да жоқ. Сіз қазір астам (жоғарыдан) туылдыңыз. Болашақта сіз, мүмкін, шайтан салған қармаққа да түсерсіз. Бірақ сіз ол ісіңізге бірден опық жейсіз, өз күнәңізге өкінесіз, кешірім сұрайсыз. Өйткені, сіз қайта туылдыңыз. Сіздің бар болмысыңыз өзгерді.

Шошқа мен қозы туралы ескіден келе жатқан әңгіме бар. Бір шаруа үйіне шошқа әкеліпті. Ол оны әбден шомылдырып, тұяқтарына дейін тазалап, үстіне әтір құйып, мойнына лента орап, сонан соң майпаздап, қонақ жайға жайғастырыпты. Шошқаның түрі бірден өзгерді. Шаруа мен оның достарының ортасында отырғанда да оның кескіні келісті көрінді. Мұнтаздай тап-таза, шаң қонбаған жып-жылтыр болса керек. Шошқа осылайша бірнеше минут қонақтардың еркесіне айналды. Бірақ, сол сәтте есік ашылып кетеді де, төрде отырған шошекең далаға атыла шығып, есік алдындағы балшыққа түсіп кетеді. Ойлаңдаршы, ол неге олай етті? Себебі, шошқа өз жүрегінде шошқа күйінде қалды. Оның табиғаты өзгерген жоқ. Оның сырты құлпырса да, ішкі күйі бұлдіргі.

Ал, енді қозыға келейік. Оны да біраз қонақ жайға отырғызып, сонан соң далаға жіберіңіз. Қозы шалшық пен балшыққа маңайламайды да. Неліктен? Өйткені, ол жаратылысынан қозы.

Адамдар да солай. Олардың біреуін дұрыстап киіндіріп, шіркеуге ертіп келіп, алдыңғы қатарға отырғызып қойыңызшы, оның түрі әулиеден еш кем болмайды. Ол өзінің түрімен де, сыпайылығымен де жұрттың бәрін таң қалдырады. Бірақ, оны ертеңіне жұмысына жіберіңізші немесе келесі сенбіде клубқа барсыншы. Сонан соң оның істегеніне қараңыз да тұрыңыз. Олжаратылысында қандай болса, дәл сондай қылық көрсетеді. Ойлаңызшы, ол неліктен бұлай болды? Өйткені оның табиғаты Өзгерген жоқ. Ол қайта туылған жоқ.

Сіз астам (жоғарыдан) туылған әрі Құдай сыйлаған жаңа мәніс алған сәтте, Тәңір алдында толығымен ақталасыз. Ақтау — Құдай ісі. Тәңір ұждансыз адамды ақтай тұрып, ол әлі күнәдан арылмаған болса да, оны жетілген деп жариялайды. Құдайтағала сізді ешқашан күнә істемеген секілді, алдыңа тұтады. Елші Пауыл былай дейді: «Құдайдың қалаулыларын кім айыптай алады? Оларды Құдай ақтайды» (Рум. 8,33). «Сіздің күнәларыңыз кешірілді. Құдай сіздің күнәларыңыздың бәрін теңіз түбіне лақтырды» (Міқ. 7,19). «менің күнәмнің бәрін Өз арқаңнан әрі қарай лақтырып жібердің» (Ишая 38,17). Осылайша, барлық күнә өшірілді. Сіз Құдай алдында қарыздар боп тұрсыз, бірақ сіз кешірім алып, Құдаймен келісімге келдіңіз. Бұған дейін сіз Онымен араз едіңіз. Киелі кітап былай дейді: «Бұл да әлі жеткіліксіз, бірақ бізге араша түсіп, татулық әперген біздің Тәңіріміз — Иса Мәсіх арқылы Құдайды мақтаньш етеміз» (Рум. 5,11). Бірақ, одан да әрі өтіп айтсақ: сіздер Құдай семьясына қабылдандыңыздар, енді Оның баласы болдыңыздар. «Өз ырқының мархабаты бойынша Ол біздерді Иса Мәсіх арқылы баласы етуді алдын-ала ойластырған» (Ефес. 1,5). Сіз енді Аспан семьясына мүше болдыңыз. Біздің

тамырымызда патша қаны бар. Сіз Патшалардың Патшасының Ұлысыз. Сіздің көзіңізде жаңа ұшқын жалтырайды, қадамыңызға қанат бітті, кескініңізде шаттық күлкі. Сіздің өміріңізде болған бұл өзгерісті, тіпті, достарыңыз да байқап қалды. Сіз астам (жоғарыдан) туылдыңыз.

Сіз астам туылысымен, біраз өзгерістер болады. Біріншіден, сіздің күнәға деген көзқарасыңыз өзгереді. Құдайтағала күнәні жек көргені секілді, сіз де оны жек көруді үйренесіз. Бұдан былай сіз оған жирене де, өшіге қарайсыз.

Техастағы Хоустон қаласында өткен біздің жиналыста бір адам астам (жоғарыдан) туылу алды. Оның шарап сататын дүкені бар болатын. Қелесі күні дүкеннің есігінде «жабық» деген құлақтандыру ілінді.

Осыдан біраз бұрын Інжілді оқу үстінде бір адамның астам туғанын білемін. Ол бүкіл қалаға белгілі маскүнем болатын. Оған ілінген «Шал Джон» деген мазақ аты да бар болатын. Туылудың ертеңіне ол көшемен келе жатса, біреу оған: «Қайырлы таң, Шал Джон!»

Сіз кіммен сөйлесіп тұрсыз?» — дейді анау. «Мен бұдан былай Шал Джон емеспін. Мен жаңа Джонмын.

Оның өмірі осылайша асты-үстіне келді.

Екіншіден, сізде Құдайтағалаға бағынғыңыз келген тілек болғандықтан, қайта туылдыңыз.» Біз Оны мойындағанымызды Оның өсиеттерін қалай орындағанымыздан білесіз» (1 Жох. 2,3).

Үшіншіден, сіз әлемнен бөлек кетесіз. Киелі кітап былай дейді: «Әлемді де, әлемде барды да сүймеңіз. Қім әлемді сүйетін болса, онда оның әкесіне деген сүйіспеншілігі болмағаны» (1 Жох. 2,15).

Төртіншіден, сіздің жүрегіңізде жақындарыңызға

деген жаңа сүйіспеншілік пайда болады. Киелі кітап былай дейді: «Біздер өлімнен өтіп, өмірге жеткенімізді білеміз, өйткені ағайындарымызды сүйеміз. Ағайындарына деген сүйіспеншілігі жоқтардың баратын жері өлім болмақ» (1 Жох. 3,14).

Бесіншіден, біз күнәға бармайтын боламыз. Киелі кітап былай дейді: «Кімде-кім Құдайдан туылған болса, ол күнәға батпайды» (1 Жох. 5,18). Біз бұдан соң күнәкарлық қылықтан аулақ жүреміз.

Техаста күнде таңертең атын кабактың есігінің алдына байлауға әдеттенген адам болыпты. Бір күні кабактың қожайыны көшеге қараса, әлгі кісінің аты методикалық шіркеудің алдында байлаулы тұрса керек. Сонда ол көшемен келе жатқан әлгі кісіге: «Әй, айтшы, бүгін сенің атың неғып шіркеудің алдында тұр?», — депті.

Сонда анау бұрылып қарап: «Мен кеше кешке дұға оқитын жиналысқа жүгінуге келдім. Сондықтан да менің атыма қоныс аударуға тура келді», — депті.

Қайта туылу дегеніміз-осы. Жүгіну дегеніміз-осы. Бұл — сіздің орныңыздың өзгергенінің белгісі.

## ОН ЕҚІНШІ ТАРАУ

### ҚҰТҚАРЫЛУҒА ДЕГЕН СЕНІМДІЛІК

«Құдай Ұлына сенушілерге, сіздерге мұны жазып отырған себебім, сіздер Құдай Ұлына сенгендіктен мәңгілік өмір алатындарыңызды білулерің керек»

1 Жох. 5,13

Мен Мәсіх жолын қуушылардың өміріне күдіктенушілер мен сенбеушілерден апта сайын көптеген хат аламын. Біраз хаттар дінге шын сенетіндерден келеді. Бірақ, олар Мәсіхке сенудің шын қуанышын таптаған болулары керек. Сондықтан да оларда сенімділік жоқ, өйткені, олар Мәсіх жолын қуушылардың тәжірибесінің негізгі шындығына бойлай алмаған.

Сондықтан да бұл тарауды өзімізбен болған жағдайларды қортындылауға арнайық. Біз тәубеге келудің, сенімді болудың, астам (жоғарыдан) туылудың не екенін түсіндік. Осыған байланысты мынадай сұрақ туады: осының бәрін өз басымнан кешкеніме қалай сенімді бола аламын? Мен сұхбаттасқан адамдардың көпшілігі тәубеге келгендер мен астам туылғандар. Бірақ, оларға өздерінің жүгінулеріндегі сенімдері жетіспейді. Сондықтан да өзіміз үйренген нәрселерге қайта оралайық. Ең алдымен, Мәсіх жолын қуушы немесе дінге сенуші болу үшін адам өз өміріндегі шү-

ғыл да, батыл бұрылыстың қасіретін тартуы керек, немесе ұзақ дайындықтан кейін ондай ойға қалай келгеніңізді өзіңіз де аңғармай қалатын айқын шешім керек.

Түсінбегендіктен аулақ жүру үшін алдын ала айтарым: Мәсіх жолын қуушы болу үшін арнаулы білімнің қажеті жоқ. Осыдан бірнеше жыл бұрын бір белгілі діни уағыздаушы былай деді: «Біздің жастар бір кездері дінге сенбегендіктеріне күмәндары қалмас үшін, біздер оларды Мәсіх жолын қуушылар рухында тәрбиелеп жетекшілік етуіміз керек». Діни тәрбие фәлсафасының біраз бөлігі осы шартқа негізделген, сондықтан да олар Мәсіх жолын қуушылардың өмірінің әсерін осы діни оқудың себебінен ұқпай қалған болулары керек.

Біздің ғасырымыздың бас кезінде аса көрнекті, ойшыл, профессор Стербак Тәңірге қызмет етушілер, негізінен, жүгіну кезінде қатты әсерленген адамдардан шыққанын айтқан болатын. Ол сонымен қабат, жүгіну жөнінде айқын ұғымы бар адамдар жас кездерінде Мәсіх жолын қуушылардың тәрбиесін алмағандар, немесе оған тиіп-қашып жанасқандар екенін де пайымдаған.

Бұл сөздерді оқуды сынағандық емес, бірақ ол оқуды жалған және теріс бағытта жүргізгендікті мінеу деп есептесе де болады. Өйткені, мұндай оқу жеке адамның қайта туылу кезіндегі әсерін өзінен алғандай етіп көрсетіп отыр.

Иса Мәсіх Өз заманындағы бір діндәр адамға былай деді: «Егер адам астам (жоғарыдан) туылмаса, Құдай Патшалығын көре алмайды» (Жох. 3,3). Никодим өзінің дін жөніндегі терең білімімен де рухани қайта туылуды алмастыра алмады. Бұл жөнінде біздің ұрпағымыз да айтарлықтай табысқа жете алмады.



Жібек құртының сұмпайы личинкасы өз ұясында ұзақ уақыт жатып алады. Оның өсіп, қалай жетіліп келе жатқанын ешкім көре алмайды. Бірақ, бір күні мерзімі жеткенде әлгі бұғып жатқан құрт әдемі көбелек болып ұясын бұзып шығады. Көбелектің үнсіз бұғып жатқан кездері, әрине, өте маңызды. Бірақ, оларды құрттың көбелек болып шыққан, жаңа тіршілікке қанат қаққан кезіндегі әсерімен салыстыруға болмайды.

Мыңдаған діндерлар өздерінің Мәсіхке қай күні, қай сағатта мойындағандарын анық білмейтіндері ақиқат. Бірақ, олардың сенімі мен өмірі Мәсіхті біліп болсын, білмей болсын, әйтеуір мойындағандарын дәлелдеп тұр. Олардың есінде бар ма, жоқ па, ол жағы белгісіз, бірақ әйтеуір олардың өмір жолында, өмір мен өлімді бөліп тұрған сызықты аттаған күні болғаны рас.

Өзінің діни әсерленуі жөнінде күдігі мен сенімсіздігі барлар да табылуы ықтимал. Құдайдың Өз қолынан Оның өсиеттері жазылған тақтаны алмақ болып, Мұса Синай тауына шыққан кезде, оны таудың етегінде абыржумен күтіп тұрған еврейлер Мұсаны бір сәт көз алдарынан жоғалтып алады. Шыдамдары таусылып, күдіктері көбейген олар бір-біріне: «Бізді Мысыр жерінен алып шыққан бұл Мұсаға не болғанын біле алмадық» — деседі. (Мыс.қөшу. 32,1). Олардың Құдай жолынан жаңылушылары күдік пен сенімсіздіктің салдары болды.

Талай адамды тығырыққа тіреген осы сенімсіздік нағыз діни әсерленудің не екенін жете білмеуден туады. Біреулер бұл әсерленудің түп негізін түсінбей шатасса, екінші біреулер ол жөнінде теріс ұғынып, Қасиетті Жазудың негізінде айтылған нәрсенің орнына мүлдем басқаны іздеп шатасады.

Жаңа Өсиетте «сенім» деген сөз адамдардың құт-

қарылуына байланысты үш жүз рет қайталанады. Еврейлерге арнау хатта былай делінген: «Құдайға мойынсұнушылар Оның бар екендігіне сенсе, Ол да лайықты бағасын береді». Сол өлеңде тағы да былай делінген: «Сеніміңіз болмаса, Құдайға жағу мүмкін емес» (Евр. 11,6).

Бұл күндері Мәсіх жолын қуушы дінін ұстанатындардың арасында рухани әсерлену қиындап кеткен және оған нанбаушылық та бар. Өйткені, сенім мен сезім деген ұғымды біраз шатастырамыз.

Сенім — нақты нәрсеге қолданылады, яғни егер біз сенетін болсақ, онда біз бір нәрсеге міндетті түрде сенуіміз керек. Ал, бір нәрсе деп отырғаным — «факт». Осыған байланысты мен үш сөз айтамын да, сіздер оның тізбекте тұрған кезегін шатастырып, орнын ауыстырмаңыздар. Сонымен, сіздерді күдіктен сенімге алып шығатын жолды нұсқайтын үш сөзді айтуға рұхсат етсеңіздер. Сол үш сөз мынау: факт, сенім және сезім. Бұл сөздер дәл осы бір ізде тұруға тиісті және бұлай етудің маңызы зор. Егер сіз осы бір ізгілікті ауыстырып, біреуін тастап, екіншісін қосақтайтын болсаңыз, ақыр түбі торығуға апарады да, сіз қуанышы мен сенімі жоқ күңгірт жермен ілбіп жүріп, «Мен кімге сенім артқанымды білемін» (2 Тим. 1,2) деген сөзді батыл айта алмай қаласыз.

Егер сіз күнә атаулыдан түгел құтқарылған болсаңыз, Қасиетті Жазуда айтылғандай, бұл — онда Иса Мәсіхтің Інжіліне берік сенгендіктің нәтижесі. Бастапқыда бұл сізге дәлелденбеген қысаң нәрсе болып көрінгенімен, басқа жолдың жоқ екендігі-факт. Киелі кітап былай дейді: «Мен сіздерге әу бастан-ақ өзім қабылдаған нәрселерді айттым, яғни, Қасиетті Жазудың айтуы бойынша, Мәсіх біздің күнәларымыз үшін

өлді және жерленді және Жазу айтқандай, үшінші күні қайта тірілді» (1 Қор. 15,3-4). Егер бұл фактіге сенетін болсақ, біздер құтқарылдық, — дейді Киелі кітап. Мәсіхтің істегені — факт, Оның айқышқа керілгені — факт, Оның табыты — факт, Оның қайта тірілгені — бұл да факт.

Әйтеуір бір жоқ нәрсеге сенуге болмайды. Адамдар оған сенгендіктен Інжіл жасалған жоқ. Табыт сол алғашқы пасха (құтқарылу мейрамы) күні таңертең, бірнеше діндар адам сенгендіктен бос болған жоқ. Сену үшін де факт керек. Ондай фактіңіз болмаса, оған сенудің еш қисыны жоқ.

Киелі кітап бізге ақылға сымайтын нәрсеге сеніңдер демейді. Ол бізді тарихи оқиғалардан да үстем келетін тарихи фактіге сенуге шақырады. Күнә мен күнәкарлар үшін Мәсіхтің істеген бұл ісі Оған мойынсұнамын және еремін деушілерге үлкен әсер ететінін айтып, Киелі кітап бізді оған сенуге шақырады. Мәңгілік құтқарылу үшін Мәсіхке сену — бұл фактіге сену деген сөз.

Жоғарыда тізбектелген сөздердің ішінде «сенім» екінші болып аталады. Сенетін нәрсе жоқ жерде сенім деген сөздің де қажеті жоқ екендігі бесенеден белгілі. Сену үшін сізді сендіретіндей бір нәрсе болуы керек. Мәсіх жолын қуушылардың дініндегі ол «нәрсе» — Иса Мәсіх. Сенім дегеніміз Иса Мәсіхтің талаптарына саналы түрде келісуден де жоғары тұр. Сенім деген ұғымға жігер де кіреді. Ол тілекке де тәуелді, оған әрекет керек. Егер біздің сеніміміз мықты болса, біздер онда міндетті түрде өмір сүреміз. Егер сенімде әрекет болмаса, ондай сенім- өлік. Сенім дегеніміз- Иса Мәсіхтің талаптарына шын мәнісінде бағыну. Сенім дегеніміз күнәні мойындап, Мәсіхке тәу ету. Біз өзіміздегі бес сезіммен Мәсіхті тани алмаймыз. Біз оны

Құдайтағала әр адамға берген алтыншы сезім — сеніммен мойындаймыз.

Сезім — жоғарыда тізілген үш сөздің соңында тұр. Бұл сөз сондықтан да сіздің ойыңыздың ең соңында болуы керек. Құтқарылуды шын ниеттерімен іздеген адамдарға қобалжу мен күдік болатынын білемін. Олар жүгінуден бұрын ерекше абыржу халінде болулары керек.

Қасиетті Жазуда көрсетілгендей, құтқарылуды іздеген адамдар, Киелі кітапта айтылған әсерлену дегеннің не екенін білгісі келеді. Ізгі хабар сізге жетті делік. Сіз Өтелушіні іздеген күнәкарсыз. Сіздің өміріңіз рухани ойранға ұшырағанын көріп тұрсыз. Сіз өзіңізді-өзіңіз жөндеп, қайта түзелудің бар амалын істесеңіз де, одан түк шықпады. Осылайша жігеріңіз құм болып, жерге қарап түңіліп отырған шақта құтқарылуды тілеп Мәсіхке қол жаясыз. Сіз Оның құтқара алатынына да және құтқаратындығына да сенесіз. Сіз Оның күнәкарларға былай дегенін талай мәрте оқыдыңыз: «Әй, тырысып шаршап-шалдыққандар, ауыртпалық басқандар, бәрің де Маған келіңдер! Мен сендерді тыныштандырамын» (Мат. 11,28). Сіздер Оның: «Маған келгендерді Өзімнен сыртқа қумаймын», — деген уағдасын да (Жох. 6,37) оқыдыңыздар. «Қім шөлдесе, Маған келсін де су ішсін» (Жох. 7,37), — деген болатын тағы да.

Бізді қандай әсерлену күтіп тұрғанын білгім келіп, Жаңа Өсиетті зер сала оқыған едім, сондағы тапқаным жалғыз-ақ нәрсе болды. Сіздер күтетін бір ғана әсерлену бар және бір-ақ сезім бар, ол — сенімнен әсерлену. Бір нәрсеге сенушілік — күнделікті болып тұратын әсер. Бірақ, жұрт одан басқаны күтеді, ерекше бір шаттыққа бөленеміз бе, — деп дәмеленеді. Киелі кітап,

адам сезіммен емес, «сеніммен ақталады», — деп үйретеді. Иса Мәсіхтің айқыш ағашқа шегеленуіне сенудің өзінен адамдар құтқарылуды алды. Діни ұғымды қоздырудан немесе әсерлене желігуден — құтқарылу ешқашан келген емес.

Бірақ, сіз маған: «Сонда сезім қайда қалады? Құтқарылу жөніндегі сенімде оған орын болмағаны ма?» — дейтін боларсыз. Әрине, құтқарылу жөніндегі сенімде сезімге де орын бар, әйтпесе де бізді құтқаратын ол емес. Сіздерде қандай бір сезім өршімесін, ол-құтқарылудан кейін болатын нәрсе. Бірақ, ондай сезім сіздің құтқарылуыңызға негіз бола алмайды.

Мен әрдайым Мәсіхтің мендей күнәкарға аз да болса сүйіспеншілігін аңғара қалсам, менің де Оған деген сүйіспеншілігім өрши түседі, — демек, сүйіспеншілік әрдайым сезіммен тығыз байланысты. Бірақ, Мәсікке деген сүйіспеншілік — адамның махаббат сезімінен де биік тұратын сүйіспеншілік. Бұл — сүйіспеншілік адамның менмендік сезіміне де бағынбайды. Киелі кітап былай дейді: «Махаббатта қорқыныш жоқ, бірақ жетілген махаббат қорқынышты қуып шығады» (1 Жох. 4,18). Мәсіхті сүйетіндерде Оған деген зор сенім бар. Сол сенім оларды қорқыныш сезіміне үстемдік еткізеді.

Иса Мәсіх Өзінің өлімімен өлім атаулыны үзілді-кесілді жеңгенін түсінгенімде, мен қорқыныш сезімін түп-түгел жоғалтамын. Киелі кітап былай дейді: «Балалар сияқты ет пен қаннан (ұрықтан) жаралғандай, өлімнің иесі шайтанның күшін Өзінің өлімі арқылы жойып, өлімнен қорқып өмір бойы соның (хауыптың) құлдығында жүргендерді құтқару үшін, Құдай солардың (балалардың) кейпін киді (адам бейнесіне енді)» (Евр. 2,14-15). Әрине, бұл да сезім. Қорқыныш —

сезімнің бір түрі. Ажал аузында тұрып, жүректілік пен мойынсұнушылық арқылы қорқынышты жеңу, ол да сезім мен көпті көргендіктен болатын іс. Бірақ, мен бізді құтқаратын-жүректілік сезім мен мойынсұнушылық емес, — деп тағы да қайталап айтамын. Бізді құтқаратын — біздің сеніміміз, ал жүректілік пен мойынсұнушылық — біздің Мәсіхке сенуіміздің нәтижесі.

Өз күнәмізді ұяла отырып сезіну — ол да терең әсерленуден оянатын нәрсе. Психологтар мұндай әсерленуді — ұятсыздықтың салдары, — деп дәлелдеуге тырысып, басқа пікірлерді айтуы мүмкін. Бірақ, ондай ұялу сезімі Құдай заңын бұзудан пайда болғандықтан, ешқандай ұғындыру ұяттың қажырлы дауысын өшіре алмайды. Көптеген қылмыскерлер заң қолына өздері беріледі, өйткені ұяттың кірі — оларға түрменің ызғарынан да ауыр тиеді.

Киелі кітап: Иса Мәсіх біздің ұятымызды да тазартады деп үйретеді. Онда былай делінген: «Егер текелер мен бұзаулардың қаны мен күлі таза еместердің денелерін тазалап, қасиетті еткен болса, онда Қасиетті Рухымен Өзін Құдайға құрбандыққа берген Мәсіхтің Қаны біздер әрі тірі, әрі шын Құдайға қызмет етсін деп, біздің ұятымызды жансыз істерден тазартады!» (Евр. 9,13-14).

Ұжданның алдында үнемі азап шегуден құтылып, ұяттыңды тазарту — ол да әсерленудің бір түрі. Құтқарылу, бірақ ұятты тазарту арқылы емес, Мәсіхке сену арқылы келеді. Ал, ұяттың тазарылуы — Құдаймен қарым-қатынастың дұрысталуының нәтижесі.

Қуаныш та — сезім. Рухани дүние де-сезім. Махаббат та — сезім. Өлгендерді аяушылық — ол да сезім.

Ең соңында біреулер: «Мен Інжілдегі тарихи фактілерге сенемін, бірақ онымен әлі құтқарылған жоқпын

рой!» — деуі мүмкін. Ол да ықтимал, өйткені құтқаратын сенімнің өзіндік бір ерекшелігі бар: ол сізді бойсұнуға шақырады. Ол сізге жаңа өмір әкеледі. Кейбіреулер мұндай өмірге кәдімгідей еліктейді. Ал, Мәсіхтің құтқарылу әкелгеніне шын сенетіндер және Оған тәу ететіндер өздерінің сыртқы өмірлеріне, сенімге деген ішкі әсерленушілігін енгізгілері келеді. Бұл ниет оларды берекелі өмірге әкеліп, Құдайдың әміріне — алаңсыз бағындырады.

Егер сіздерде ақыл-ой мен тарихқа сенушілік бар болса, оларды қоя тұрыңыз да, Мәсіхке толық бойсұнып, Оның құтқарылуын қабылдауға шын ниетіңізбен талпыныңыз. Сіз сонда, Құдай Сөзі айтқандай, Құдай баласы боласыз. «Оны қабыл алғандарға, Оған түгелдей сенушілерге, Құдайдың бала-шағасы болуға билік берілді» (Жох. 4,12).

ҮШІНШІ БӨЛІМ

САЛДАР





## ОН ҮШІНШІ ТАРАУ

# МӘСІХТІҢ ЖОЛЫН ҚУУШЫЛАРДЫҢ ДҮШПАНДАРЫ

«Біздің айтыс-тартысымыз қанымыз бен тәнімізге емес, үстемдік етушілерге, фасыр түнегін түнерте түсушілерге қарсы бағытталған.

Ефес. 6,12

Сіздер енді бір үлкен байламға келіп, астам (жоғарыдан) туылып, Құдайды мойындап, және де толық ақталып, Құдайтағаланың бір үмбеті болдыңыз делік. Ал, одан әрі не істейміз? Осымен бәрі бітті дейміз бе? Сізден тек бір сәттік шешімнің ғана қажет болғаны ма? «Маған жүктелетін бұдан басқа міндет жоқ па?» — деп сұрайсыз ғой сіз?

Оныңыз рас. Сіз Мәсіх жолын қуушылардың өмірін енді ғана бастадыңыз. Сіз жаңа дүниеге жаңа ғана келдіңіз, ол — рухани дүние. Сіздің төңірегіңіздегінің бәрі де өзгеше, жаңаша. Рухани жағынан сізді бала десе де болады. Сізге нәзіктік, сүйіспеншілік, қамқорлық, жаңа тіршілік үшін ауқат керек. Сізді бағып-қағу керек. Иса Мәсіхтің шіркеу ашуының негізгі себептерінің бірі — осы. Сіз жұрттан оқшау болсаңыз, Мәсіх жолын қуушылар сияқты өмір сүре алмас едіңіз. Сіз көмекке және қауыммен тығыз қатынасқа мұқтажсыз.

Сізде дұшпандар көп екенін өзіңіз-ақ көріп жүрсіз. Сіздің ол азулы да, қауіпті жауларыңыз Мәсіх жолымен жүрген өміріңізде сізді жеңу үшін, бәленің бәрін істейді. Сіз осы үлкен байламға келген сәтте-ақ, сол дұшпандарыңыз сізге қарсы-қаракетке кіріскенін аңғарған боларсыз: олар сізді бір күнәкарлық іске елік-тірген де болар. Немесе түңілгендік, езілгендік сезім бір сәтке баураған да болар. Әрине, Мәсіхке тәу етемін деген шешімге келгеннен кейін бәрі де сізге қызғылықты әсерлі болып көрінеді. Сонымен қатар, сізге күдік те келуі мүмкін. Сіздің алдыңызда неше түрлі келелі мәселелер тұрады, арбауға да түсесіз, торығасыз, тіпті, түйыққа да тірелесіз.

Киелі кітап біздің өмірімізде бізбен бетпе-бет жолығатын үш дұшпанымыз барын айтады. Олар көзіміз тіріде бізбен алысып өтеді. Сіздер ол айқасқа әрдайым дайын болуларыңыз керек, қапы қалмауыңыз керек.

Сізге жолығатын сол үш дұшпандарыңыз жайлы, енді әңгіме қозғайық. Олар жамылған бет пердені жұлып тастап, олардың кім екенін, қандай айлаға баратынын көрейік.

Олардың біріншісі — шайтан. Біз оның Құдайға қарсы шығып, Құдай ұлдарын жолдан тайдыратын құдіретті күш екенін көргенбіз. Біз оның, айқыш ағашта Мәсіхтің өлімі арқылы жеңілгенімен, адамдарды жауыздыққа итеретін дәрмені әлі де болса бар екендігін де көргенбіз. Киелі кітап оны «албасты» (Мат. 13,19), «жаман рухты жын соққан» (Лұқ. 4,33), «қанішер», «өтірікші және өтіріктің әкесі» (Жох. 8,44), «сені жұтып қоюға дайын тұрған дұшпаның» (1 Петір. 5,8), «біздің ағайындардың өсекшісі», «кәрі жылан» (Аян. 12,9-10) деп айтады.

Сіз Мәсіхті тәу етемін деген шешімге келген сәтте

жауыздықтың рухы үлкен жеңіліске ұшырады. Ол әбден ашынды. Сол сәттен бастап, ол сізді арбап, күнәға апаруға тырысып бағады. Бірақ, одан сескенбеңіз. Ол сіздің құтқарылғандығыңызды ұрлап әкете алмайды және де сіздің табандылығыңыз бен жеңісіңізді тартып ала алмайды. Ол сіз келген байламның дұрыс-бұрыстығына күдік келтіруге тырысып, қолынан келгеннің бәрін істеп бағады. Сіз онымен айтысқаныңызбен жеңе алмайсыз, өйткені оның барып тұрған даукес екені бұрыннан белгілі.

Сіз үшін сын сағаты бірінші арбалудан басталады. Бірақ, сіз өз сезіміңізді қорған етемін деген үміттен аулақ болуды ешқашан ұмытпаңыз. Өйткені ол күшті жел тұрғандағы желбаққыш секілді құбыла береді. Шайтанның келесі қадамынан кейін сізде менмендік пен астамшылық пайда болады. Ол сізге өз күшіңізді асқақ етіп көрсетуге тырысып, атақ құмарлық ниетіңіз бен әр нәрсеге деген ынтаңызды қоздырып жібереді. Ал, тағы бір оңтайы келгенде ол сіздің жүрегіңізге өшпенділік отын жағады. Сізді басқаларды жамандауға дағдыландырады, қызғаныштың, кекшілдіктің ұрығын егеді. Ол Сізді өтірікке де үйретеді. Содан барып, өзіңіздің қалай екіжүзді болғаныңызды да байқамай қаласыз. Барлық күнәлардың ішіндегі ең ауыры — өтірік. Бұл күнә сөзбен де, іспен де, арам пиғылмен де іске асады. Егер сіз басқа біреуді алдағыңыз келсе, мұның аты — өтірік. Шайтан сізді өтірікші ету үшін ешнәрседен аянбайды. Ол сізді өзіне қызмет еткізу үшін әр түрлі жолға салып отырады, діндар достарыңызды сіз арқылы жолдан тайдырады. Егер сіз өз-өзіңізге абай болмасаңыз, күндердің күнінде шайтанға қызмет еткеніңізді байқамай қаласыз. Ол өте күшті, ақылды, айлакер, оралымды. Оған «осы ғасырдың тәңірі» (2 Қор.

4,4), « осы әлемнің князі» (Жох. 12,31), «ауада билігін жүргізген князь» (Ефес. 2,2) деген атақтар берілген.

Сіз: «Мен оны қалай жеңемін? Мен не істесем болады? Қай жолға түскенім дұрыс?» — дейтін боларсыз.

«Сізге басқа еш нәрсе емес, тек адамға тән арбау келгені анық. Және сізді шектен тыс арбауға түсірмейтін Құдай бар, егер арбауға түсе қалсаңыз, оған шыдайтын жеңілдігін де береді» (1 Қор. 10,13).

Құдайтағала бұл өлеңінде тығырыққа шығаратын жол сілтейтінін айтады. Және мынаны ұмытпаңыз: шайтанның арбауы — сіздің Құдай деген өміріңіздің бұрыстығының белгісі емес. Қайта оның дұрыстығының айғағы. Арбалу — ол әлі күнә емес. Және де Құдай Өз балаларын ешқашан еліктірмейтінін естен шығармаңыз. Құдай оларды екі ойлы да қалдырмайды. Күдік пен еліктірудің бәрі — шайтанның ісі. Шайтан сізді азғырғанымен арбауына ешқашан көндіре алмайды. Бұл жерде Иса Мәсіх шайтанды жеңгенін есте ұстауыңыз керек. Құдайына түгелдей мойынсұнып, Соның қалауымен күн кешкен адамға шайтанның билігі ешқашан келмейді.

Киелі кітап бізге шайтанға қарсыласу керектігін айтады, сонда ол «сізден қашып кетеді» (Жақ. 4,7), — делінген. «Құдайға бағыныңыз...» — делінген тағы да. Егер сіз Құдайға толық бағынып, Мәсіхке жүз процент берілсеңіз, онда сіз «шайтанға қарсы тұра аласыз». Және ол сізден қашып кетеді, — дейді Киелі кітап. Сіз дұға оқи бастағанда, шайтанның зәресі ұшады. Егер сіз оған Қасиетті Жазудың сөздерімен тойтарыс берсеңіз, ол ақиқат жеңіледі.

Сіздің екінші дұшпаныңыз — әлем. Әлем дегеніміз бар дүние, біздің әлемдік жүйеміз. Әлем бізді көп нәрселер арқылы, атап айтқанда: бұзылған жолдастар,

ләззат, сәнқойлық, сөзге еру, шектен тыс мақсат арқылы күнәға батырғысы келеді.

Сіз қайта жаңарғаннан кейін бұрынғы жұбаныштарыңызға жарқын көзбен жаңаша қарайтын боласыз. Дінге сенбейтін көп адамдар Мәсіх жолын қуушылардың өмірінде көптеген қатал тиылымдар, ережелер мен әр қилы талаптар барын айтып, бетке басады. Бұл да болса шайтанның өтірігі. Мәсіх жолын қуушылардың өмірі — әр түрлі тиылымдар емес, қайта, еңбекке шақыру. Мәсіхтің ісін беріле ақтарып, одан зор қанағат алатыныңыз соншалық, көңіл көтеру дегенге уақытыңыз қалмайды.

Мысалы, сіз тоя тамақтанып болғанан кейін біреу келіп: тағы да көже іш десе, оған не деуге болады? Әрине, «Рахмет, мен тоқпын» — дейсіз.

Көп Мәсіх жолын қуушылар күйбең тіршілік дегенді дұрыс ұқпайды. Сондықтан оған аздап түсінік бере кетейік. Бұл әсіресе, тәжірибесі кем жас діндарлардың өмірінде кездесіп тұратын айтарлықтай қиындықтар.

Доктор Г. Томас былай дейді: «Күнделікті тұрмыста көбінесе күнә болып көрінбейтін, бірақ оны теріс пайдаланса, күнәға ұрындыратын белгілі бір бейімділік бар. Осы «теріс пайдалану» деген сөздің өзі түп-тура күнәға апаратын көп жағдайды нұсқап тұр. Көңіл көтеру дегеніміз бір бөлек, ал оны теріс пайдалану мүлдем басқа нәрсе. Біздің мінезімізде атаққұмарлыққа деген бейім бар. Бірақ, оны белгілі бір мақсатқа бағдарлап, тым еркін кетпей, ірке тартып отыруымыз керек. Біздің кітап оқуымыз, сәнді киінуіміз, дос іздеуіміз дұрыс та заңды нәрсе. Бірақ, олар көп жағдайда кеселді заңсыз нәрсеге оп-оңай айналып кетеді. Өмірге қажеттілікті ойластыру, өте орынды. Бірақ, ол береке-ні көтеретін шаруаға оп-оңай айналып кетуі мүмкін.

Сондықтан да Иса Мәсіх Өзінің бір нақыл әңгімесінде күнелту қамы біздің жүрегіміздегі рухани ұрықты тұншықтырып тастайтынын айтады. Ақша табу — күнделікті өмірімізге қажет нәрсе. Бірақ, ақшаға қызықсаң, жатсаң-тұрсаң ойлайтының сол болып кетеді де, рухани өмірімізге кеселін тигізеді. Сондықтан күйбең тіршілік өміріміздің белгілі бір саласымен шектелмейді, немесе ол адамдардың айрықша тобына қатысты болып қалмайды. Осыдан барып, біз оларды — әлемдік не әлемдік емес, не рухани не рухани емес деп айта аламыз. Әлемдік дегеніміз — ол адам өмірі мен қоғамның өн бойындағы рух, ауа, әсер. Біздер — оған үздіксіз әрі қатал қарауымыз керек.

Киелі кітап: «Әлемнің өзін де, әлемдегі барды да сүймеңіз» (Жох. 2,15) дейді. Сонан соң Киелі кітап: «Әлем де, құймырлық та өткінші, ал Құдайдың қалауын орындаушылар — мәңгілік», — деп үйретеді (1 Жох. 2,17).

Алайда, бұл біздің бүгінгі өміріміздің келелі мәселелерінің алдында, кейбір белгілі жағдайларда, біздерді дағдарысқа ұшыратуы мүмкін. Көптеген жастар маған келіп: «Осы істегенім дұрыс па, бұрыс па?» немесе «күнә ма, күнә емес пе?» — деп сұрайды. Осы секілді жүз сұрақтың тоқсанындағы мәселені: «Менің бұл істегеніме Мәсіх не дер еді?» — деген сұрақ арқылы шешер едім. Немесе, «Дәл осы істі атқаруға Мәсіхтің батасын ала алам ба?» «Менің көңіл көтеруім, кітап оқуым, достарым немесе мен тамашалаған, мына теледидар хабары туралы Мәсіх не дер еді?» — деген сұрақтар қояр едім. Бұл мәселелерді біз саудаға да сала алмаймыз және ол жөнінде ымыраға да келе алмаймыз. Біздер тек Мәсіхке қолайлы позицияны ұстануымыз керек.

Біздер жұртшылық алдында өзінің артықшылығын

сезінген әулие адамдарша сөйлемейіміз керек. Егер олай етсек, рухани тәкаппарлыққа ұшыраймыз. Бірақ, бұл күндері Мәсіх жолын қуушылар қауымы қалың тобырмен қоян-қолтық араласып бара жатқанын көргенде олардың қайсысы діндар, қайсысы күнәкар екенін ажырату өте қиын.

Мәсіх жолын қуушы қараңғы фонда алмас секілді жалтылдап көрінуі керек. Ол басқалардан гөрі әлдеқайда қуатты болуға тиісті. Ол күнделікті өмірде байсалды, сыпайы, мәдениетті, жылы шырайлы болуымен қатар, өз ісіне мықты болғаны да ләзім. Оған күлу де, шаттану да жарасады, бірақ тым азып кетіп, әлем деңгейіне бармауы керек.

Киелі кітап «дінге сиыспайтынның бәрі күнә» (Рум. 14,23) дейді. Күдіктенген адам, сол күдіктенгенін орындаса да кінәлі, — дейді Киелі кітап тағы да. Екінші сөзбен айтқанда, егер сіз бір нәрсеге толық сенімді болмасаңыз, оны ешқашан орындамауыңыз керек. Өзіңізді алаңдатқан түсініксіз істі де қолға алмағаныңыз жөн.

Үшінші дұшпаныңыз — тәніңіздің құймырлығы. Тән дегеніміз — сіздің ішкі дүниеңіздегі күнәға деген бейімділік. Сіз жүгінгеннің өзінде де бұрынғы ынтаңыз бен құмарлығыңыз қайтадан күш алып кетуі ықтимал. Мұндай нәрсе қайдан келді, — деп таң қаласыз сіз. Киелі кітап сіздің бойыңыздағы кемістікке толы байырғы табиғат әлі тірі екендігін, мұндай харам ниет содан шығатындығын айтады. Мұны дәлірек айтқанда, «сіздің бойыңызда опасыздықтың күші тірі». Сізді құлатарлықтай күші бар күнәкарлық бұрыннан-ақ баршылық. Бірақ, сіз күреске шығуға бел байлағаныңызды ұмытпаңыз! Енді сіздің бойыңызда екі табиғат күші бар. Олар бірін-бірі жеңуге тырысады.

Киелі кітап былай дейді: «Тәннің тілегі — рухты



жек көру, ал рухқа керегі — тәнді жек көру» (Гал. 5,17). Бұл — сендегі менмендіктің Мәсіхтің өмірімен тайталасы. Біздің көне табиғатымыздың Құдайға қажеті жоқ. Біз оны түзете де, өзгерте де алмаймыз. Мәсіхтің біз үшін және бізбен бірге өлгеніне Құдайымызға тәубе қылайық. «Егер сіз өзіңізді күнәкарлық үшін — өлімін, ал, біздің Тәңіріміз — Иса Мәсіхтегі Құдай үшін — тірімін» (Рум. 6,11) — дейтін болсаңыз, сіздің көне табиғатыңыз қимыл — әрекет қояды. Ал, бұған тек сенім арқылы жете аласыз.

Алайда, сіз дұрыс пайдалану мен теріс пайдаланудың, яғни заңдылық пен заңсыздықтың арасын мұқият ажырата білуіңіз керек. Құмарланудың арты тәннің құймырлығына айналуына да, ал кейде, керсінше, ондайдың болмауы да мүмкін.

Доктор Томас былай дейді: «Сұқтанушылық» деген сөздің түп тамыры «қатты құмарлану» деген ұғым береді. Демек, бұл — күнәкарлық ниеттің белгісі. Өйткені біздің табиғатымызда шөлдеу мен ашығу секілді белгілі тілектер бар. Біз оларды жануарлармен бірдей сезінеміз. Және олар табиғи қажеттілік болғандықтан, еш күнәлігі жоқ. Бар пәленің басы — біздің оларды теріс пайдалануымызда. Ашығу — табиғи құмарлық. Мешкейлік — «күнәкарлық сұқтану». Шөлдеу — табиғи құмарлық. Суды қотара ішу — күнәкарлық сұқтану. Жалқаулық та- күнәкарлық шабыт. Үйлену — Құдайдың қалауымен болады да, ол өзі — табиғи, рухани мәжбүрлік. Зинақорлық — (ерлі-зайыптылардың бір-бірінің көзіне шоқ салуы) Құдай үшін де, денесі, есі, жүрегі тазалар үшін де жиренішті күнә. Бірақ мәні жағынан сезімдік болатын басқа да тән тілектері бар. Мысалы, біздің жек көрінішіміз бен кек қайтару сезімімізді қандай күшпен болсын қанағаттандыру тілегі

осыған жатады. Сондықтан да біздер күнә болып табылатын қатты құмарлану мен табиғи сұқтануды ажырата білуіміз керек. Бұл күнәлардың ішінен тән күнәсі кей кезде бәрінен де қорқынышты болып көрінеді. Өйткені ол жауыздық істеуге итермелеп тұрады. Шайтан да, басқалар да, тіпті, ақауы бар жүрегіміз де бізге күнәкарлық істете алмайды. Біз күнәға өз ықтиярымызбен барамыз. Біздің күнәкарлық табиғатымыздағы жауыздық істеуге деген күш пен мүмкіншілік сол кезде үстем болып кетеді».

Елші Пауыл өз тәніне өзі сенбейтінін айтқан болатын. Тағы бірде ол: «Тәнге деген қамқорлықты құймырлыққа айналдырмаңдар» (Рум. 13,14) деген-еді. Сонан соң оның: «Бірақ, денеме тиым салып, еркіме бағындырамын» (1 Қор. 9,27) деген де сөзі бар. Сондықтан да біздер Тәңірдің еркіне түгелдей беріліп, біздің көнерген табиғатымыз күнәкарлық істеуден қалды деуге мүмкіндік алайық.

Сонымен, біздің үш дұшпанымыз мыналар: шайтан, әлем және тән. Мәсіх жолын қуушы ретінде біз олардан бір сөзбен айтқанда безуіміз керек. Бұл мәселеде саудаласу, көну, айну дегенге орын жоқ. Олардан толық бас тартқан Мәсіх жолын қуушы ғана жеңіске жете алады. Ал, шайтанмен біз тек Құдайға мойынсұну арқылы тайталаса аламыз. Ал, әлем жөнінде Киелі кітап былай дейді: «Әлемді жеңген бұл жеңіс — біздің сеніміміз» (1 Жох. 5,4). Тән жөнінде Киелі кітап былай дейді: «Рухыңызға сәйкес іс істесеңіз, сонда сіз тәніңіздің сұқтануын орындамайсыз» (Гал. 5,16).

Мұндай тайталас пен еліктіруге бой бермегендерге айтылатын ізгі хабар — осы. Әзәзілдікпен жалғыз күресу сіздер үшін шарт емес. Румдіктерге (8,13) арнау хатта Киелі кітап: тәннің ісін рухыңызбен өлтіресіз, —

деген болатын. Иса Мәсіхтің сіздерді ешқашан жалғыз қалдырмаймын және тастап кетпеймін деген сөзін естеріңізге түсіріңіздерші. Және де Иса Мәсіх жер үстінен кеткен соң Өз орнына Троицаның Үшіншісі — Жұбатушы деп аталатын Қасиетті Рухты жіберуге уағда еткені есіңізде болар. Жұбатушы: «Әр уақытта көмек етеді» — «мәңгі-бақи сіздермен бірге болады» (Жох. 14,16). Ал, Иса Мәсіх: «Сіздерді жетім қалдырмаймын, сіздерге қайтып келемін» (Жох. 14,18) деген болатын.

Қасиетті Рух — біздің әлеміміздегі ең құдіретті күш, Қөне Өсиеттің заманы — Әке Құдайдың заманы болатын. Иса Мәсіхтің жер үстінде болған кезі — Құдай Ұлының заманы. Енді, Елуліктерге (Пятидесятниці), Қасиетті Рухтың Келу заманынан бастап, біздер Құдай — Қасиетті Рух заманында өмір сүріп отырмыз.

Сіздер Иса Мәсіхті өздеріңнің құтқарушыларың ретінде қабылдаған сәттен бастап, сіздердің жүректеріңізге Қасиетті Рух орнықты, — дейді Киелі кітап. Осыдан бастап, сіздің денеңіз «сізге орныққан, — Қасиетті Рухтың храмы» болды (1 Қор. 6,19). Бойында Мәсіхтің Рухы жоқ адам, ол Мәсіхтікі емес, — деп ескертеді елші Пауыл.

Сіздер маған, мүмкін, былай дерсіздер: «Мен өз жүрегімде ештеңені сезбеймін. Мен өз бойымда Қасиетті Рухтың барын да аңғармаймын».

Сіз сезімге көңіл аудармаңыз. Сіз ол арқылы құтқарылған жоқсыз. Сондықтан Қасиетті Рухты сезу-сезбеу шарт емес. Оның бар екендігіне факт ретінде сеніңіз. Ол сіздің жан дүниеңізде Мәсіхті дәріптеу, мадақтау және айқындау үшін өмір сүреді. Сіз бұдан соң, Мәсіхті мадақтайтын жеңімпаз, бақытты, жарқын өмір кешудемін — деп айта аласыз.

Киелі кітап: «Рухпен қалыптасыңдар!» — дейді (Ефес. 5,18). Егер сіз адам ретінде Рухпен қалыптасасыз, сол Рухтың: «сүйіспеншілік, қуаныш, тыныштық, шыдамдылық, берекелік, қайырымдылық, сенім, момындық секілді жемісін әкелесіз (Гал. 5,22-23). Қасиетті Рух арқылы қалыптасуды сіз өз қалауыңызбен таңдап ала алмайсыз. Бұл — мүлтіксіз бағынуға тиісті бұйрық, сөзсіз орындалуға тиісті парыз.

Өзіңіздің Қасиетті Рух арқылы қалыптасқаныңызды қалай біле аласыз? Және қалайша қалыптасасыз? Бұл әлде жүрек терберлік сезіну ме? Жоқ, олай емес. Сіз барлық күнәларыңыздан тазарып, Иса Мәсіхке толық берілген кезде өзіңізді Қасиетті Рух арқылы қалыптастым деп сенуіңізге болады. Бұл — Мәсіх сізді толық қабылдағандығының белгісі. Сіздің жүрегіңізде Мәсіхтен басқа ешкім жоқ. Өзіңізді Оған арнауыңыз — ол сіздің Мәсіхке түгелдей, айнымастай, үзілді-кесілді берілгендігіңіз: «Сонымен, ағайындар, Құдай ізгілігіне парасатпен қызмет ету үшін өздеріңнің қасиетті, тірі денелеріңді құрбандық етулеріңізді Құдай пейілі атынан жалбарына өтінемін» (Рум. 12,1).

Тек Рухпен қалыптасқан және өзін Тәңірге түгел арнаған Мәсіх жолын қуушы ғана шайтанды, тәнді, әлемді жеңе алады. Қасиетті Рух сіз үшін күреседі. «Өйткені біздің айтыс-тартысымыз қанымыз бен тәнімізге емес, бастықтарға, үстемдік етушілерге, ғасыр түнегін түнерте түсушілерге қарсы бағытталған» (Ефес. 6,12). Бұл-рухани шайқас. Сіз ол үш дұшпаныңызбен қарапайым қарумен-ақ күресе алмайсыз. Біз өз бойымыздағы Қасиетті Рухқа біздер үшін күруге еркіндік бергенде, жеңіс біздікі болатыны ақиқат. Иса Мәсіхтен ештеңе жасырмаңыз. Оны өз өміріңіздің Тәңірі мен Мұғалімі етіңіз. Ол былай деген-еді:

«Сіздер Мені Мұғалім және Тәңір дейсіздер. Оларыңыз дұрыс. Өйткені, Мен сол айтқандарыңның дәл Өзімін» (Жох. 13,13).

Бір бала гүл салатын өте қымбат сауытпен әде-қалай ойнап отырып, оның ішіне қолын салады да, қайтып шығара алмай қалады. Әкесі оған жәрдем еткісі келгенімен, одан да түк шықпады. Енді сауытты сындырудан басқа амал қалмады. Сонда әкесі: «балам сен жұдырық түйген секілденіп, саусақтарыңды жұмып алдың. Саусақтарыңды жазшы. Сонда қолың сауыттың мойнынан оп-оңай шығып кетеді», — деді. Сонда бала әке-шешесін аң-таң қалдырып, былай деді: «Саусақтарымды жаза алмаймын. Олай етсем, қолыма жұмған ақшам түсіп кетеді».

Сіздер бұған күлулеріңіз де мүмкін. Бірақ, ойлап көрсеңіздерші. Біз күйбең тіршіліктегі сәл ғана ақшаға бола, азаттық алдындағы үлкен күреске араласа алмай қаламыз. Айналайын, ағайын, жалынғаным болсын, жүректеріңнің түбіндегі майда-шүйде, тиын-тебенді лақтырып тастаңдаршы! Құдайға бағыныңдаршы! Сіздердің өмірлеріңе басшылық етуге мүмкіндік беріңдерші!

Сіз Мәсіхке толық беріліп, өз болмысыңызды Оған арнағаннан кейін, Құдай сіз әкелгенді толық қабылдайтыны есіңізде болсын. Бұл жерде тағы да сенім керек. «Маған келгендерді қуып шықпаймын» (Жохан. 6,37). Сіз Оған келдіңіз, Ол сізді қабылдады. Осылайша өзіңізді Оған түгел арнаудың, бағынудың, өмір Рухымен өтелудің нәтижесінде, сізге бұрын-соңды болмаған ерлік пен батылдық дариды.

Қасиетті Рух арқылы қалыптасқан адам қорқыныш дегеннің не екенін білмейді, ол тек Құдайдан ғана қорқады. Ондай адамға өзінің Мәсіхке деген адалды-

ғын қорғай алатын ғажайып күш пайда болады. Егер сіз Елшілердің істері дейтін кітапты оқысаңыз, елшілерге байланысты айтылған «батылдану, өжеттену» деген сөздерді көп кездестіресіз.

Бірақ, сізге тек батылдық дарымайды, сіз Рухтың жемісін де татасыз. Рухтың жемісі тек Рухтан шығатынын ұмытпаңыз. Оларды сіз өзіңіз өндіре алмайсыз. Ол табиғаттан тыс жеміс, өйткені ол табиғаттан тыс жерде пайда болды және оны күнделікті өміріңізде үнемі байқап жүресіз. Сіздің өміріңізде сүйіспеншілік пайда болады. Бізге Иса Мәсіх айтқан ұлы өсиетте былай делінген: «Менің сіздерге айтатын өсиетім: «Мен сіздерді қалай сүйсем, сіздер де бір-біріңізді солай сүйіңдер» (Жох. 15,12). Сіздер өз жақындарыңызды табиғи емес, Мәсіхтің сүйіспеншілігімен сүйетін боласыздар. Махаббат нәсілге бөлу дегенді білмейді, алған тәрбиенізге, саяси көзқарасыңызға қарамайды. Құйыніш, ұрыс-керіс, қызғаныш деген тоқталады. Бәріңізді ағайындық сүйіспеншілік билейтін болады.

Сонан соң қуаныш келеді. Дінге сенушілердің басты ерекшелігі — олардағы ішкі қуаныш. Не жағдай болмасын, жүрегіңізде — шаттық күлкі ойнайды. Қөптеген Мәсіх жолын қуушылар қабақтарын түйіп, томсырайып жүреді. Мұндай мінез Құдайды мадақтаумен еш үйлеспейді. Мәсіх жолын қуушыны бір көргеннен-ақ оның рухын, күшін, Құдайға бағыныштылығын бірден байқауға болады. Шын Мәсіх жолын қуушы салмақты және жарқын болуға тиісті. Ол қасындағыларға қайғымен емес, құрметпен келуі керек. Киелі кітап былай дейді: «Тәңір алдындағы қуаныш — өзіңіз үшін сүйеніш» (Нехем. 8,10).

Біздің өмірімізге тыныштық орнайды. Елші Пауыл былай дейді: «Біз жан- жақтан қысымшылық көрсек те

сығылысқан жоқпыз. Біз қиын-қыстау жағдайдамыз, бірақ, үмітіміз үзілмейді. Біздің көргеніміз қуғын, бірақ біздер жолда қалған жоқпыз. Бізді құлатты, бірақ құлаған жоқпыз» (2 Қор. 4,8-9). Рухтың: шыдамдылық, қайырымдылық, сенім, момындық, сабырлылық секілді қасиеттері Мәсікке берілгендердің өмірінде жарқын жол ашады.

Жеңіс сонда сіздікі. Соған талаптаныңыз! Бұл сіздің астам (жоғарыдан) туылғандағы хұқыңыз. Сіз ешқандай жеңіліс көруге тиісті емессіз. Сіз шалқыған, ғажап өмір сүре аласыз. Ең жақсы нәрселер — сіздікі. Өмір сіз үшін жарқын да үлкен әсерлену болады. Сіз әр минут сайын өмір сүргіңіз келеді де, ұйқыда жоғалтқан сағаттарыңызға өкінетін боласыз. Сіз әр таңға сәлем беріп, Мәсіх үшін өмір сүретін күн келгеніне қуанасыз. Өйткені, сіздің әр күніңіз қызмет етуге мүмкіндігі мол, ғажап та, қызғылықты болмақ, Иса Мәсіхтің қасында мәңгілік қауіпсіз екеніңізді сезініп, Құдаймен қуана қауышасыз.

## ОН ТӨРТІНШІ ТАРАУ

**МӘСИХ ЖОЛЫН ҚУУШЫЛАРДЫҢ  
ӨМІР ЕРЕЖЕЛЕРІ**

«Адамдар сендерге қандай іс істесін десеңдер, сендер де оларға солай іс істеңдер».

Лұқ. 6,31

Сіз ойын ойнап отырсаңыз да, машина айдап келе жатсаңыз да, нан пісіріп жүрсеңіз де, сол ісіңіз ойдағыдай орындалсын десеңіз, белгілі ережелерді толық сақтайсыз.

Киелі кітап: Мәсіх жолын қуушылардың өмірі үздіксіз дамуда, — деп үйретеді. Сіздің астам (жоғарыдан) туылғаныңыз, ол-рухани дүниеге келгеніңіз. Және үлкен семьяның кіші баласы болғаныңыз. Құдайдың мақсаты — сіздің толық ержетіп кемелденген шағыңызда Мәсіхке тәу етуіңіз. Сіз өмір бойы бала күйіңізде қалсаңыз, бұл Құдайдың да, табиғаттың да заңына қайшы келіп, сіз рухани ергежейліге айналасыз. Петірдің екінші арнау хатында (3,18) сізге өсу керектігі айтылған. Бұл — біртіндеп даму, тұрақты жетілу, дүниетанымды кеңейту және даналықты жоғарыдан іздеу, — деген сөз.

Ал, дұрыстап өсу үшін рухани денсаулықты сақтаудың ережелерін бұлжытпай орындауға тиістісіз. Сізге,



ең алдымен, Киелі кітапті күнделікті оқып тұруыңыз керек. Сіздің рухани өміріңіз де ауқат тілейді. Бірақ, ол қандай ауқат? Рухани ауқатты қайдан табуға болады? Оны тек Киелі кітап, Құдай Сөзінен табасыз. Сіздің жүдеген жаныңызға — нан, шөлдеген жүрегіңізге — сусын беретін Мәсіхті ашушы — Киелі кітап. Егер сіз өзіңізді рухани азықпен күнделікті әлдендіріп тұрмасаңыз, ашығып қалу және рухани өмірге икемділікті жоғалтып алу қаупі туады. Киелі ктап былай дейді: «Жаңа туған сәбилер секілді сүттей таза сөзді сүйіңдер, өйткені, сол арқылы өсіп, құтқарылуға барасыздар» (1 Пет. 2,2). Киелі кітапты оқыңыздар, зерттеңіздер, оқығандарыңыз жайлы ой тербеңіздер, еске сақтаңыздар. Мәсіх жолын қуушы ретінде басыңызға түскен ауыртпалықтың тоқсан бес проценті Киелі кітапты жеткілікті оқып, зерттемеуіңізден болып отыр.

Өз арыңызды тыншыту үшін бірер тарауға ғана көз жүгіртіп қоймаңыз. Құдай Сөзін жүрегіңізде сақтаңыз. Асығыс көп оқығанан гөрі, ойланып оқығаныңыз, аз болса да, саз болады. Оқығаныңыздың бәрін бірдей ұқпай қалсаңыз да түңілмеңіз. Киелі кітаптың ең алдымен қарапайым жерлерін оқыңыз. Өйткені, сәбилерге туа салысымен ет бермейсіз, сүт бересіз.

Мен сізге Жохан жазған Інжілді оқудан бастауыңызға кеңес берер едім. Сіз оны оқып отырғанда Қасиетті Рух сол оқығандарыңыздың мағынасын аша түседі. Ол сізге қиын сөздердің маңызын ұғындырады, жұмбақ жерлерді айқындауға көмектеседі. Егер сіз оқыған жерлеріңізді есте сақтай алмай немесе түсінбей қалсаңыз да бәрібір оқи беріңіз. Сол оқығандарыңыз сіздің зердеңіз бен жүрегіңізді тазартуға кәдімгідей әсер етеді. Сіздің күнделікті оқуыңызға ешкім бөгет жасамасын.

Екіншіден, дұғаның сырын ұғынуды үйреніңіз. Енді

сiзде Аспандағы Әке бар. Оқыған дұғаңызды Сол естiп, Сол жауап бередi. Иса Мәсiх былай дейдi: «Тiлек тiлегенде, сенiммен дұға оқып, не тiлесендер де аласыңдар» (Мат. 21,22). Ол тағы былай деген-едi: «Егер мен үшiн не тiлесендер де, соны орындаймын» (Жох. 14,14). Шiркеу мен Аспан Патшалығына қажетi бар әрбiр адам — ол дұға қылатын адам. Сiз шаруа басты болып кетiп, дұға оқуды ұмытпаңыз. Дұға жасамайтын Мәсiх жолын қуушы — дәрменсiз адам. Иса Мәсiх көп уақытын дұға оқумен өткiзген. Ол кейде тау басында Әке Құдаймен жеке қалып, небiр түндердi өткiзген. Егер Иса Мәсiхке дұға бiр рет қажет болса, бiзге ол сан рет қажет.

Бастапқы кездерде сiздiң дұғаңыз аздап ақсаңқырайды. Сiз оны бiртүрлi ыңғайсызданып, тiлiңiз күрмелiп оқисыз. Бiрақ, сiздiң бойыңыздағы Қасиеттi Рух бұл ыңғайсыздықты жөндеп жiбередi. Сiз оқыған әрбiр дұғаға жауап қайтатыны ақиқат. Кейде «жоқ», ал тағы бiрде «күтiңiз» деген жауап келгенiмен, әйтеуiр жауап болатынына сене берiңiз.

Сiздiң өтiнiштерiңiзде мынандай сөздер болуы шарт: «Сенiң қалауың болсын!» «Тәңiрдi жұбаньш ет, Ол сонан соң сенiң жүрек қалауыңды орындайды!» (Жырл. 36,4). Бiрақ, сiз Тәңiрдi тiлегiңiз орындалмастан бұрын жұбаньш қылыңыз. Құдай өз балаларына не қолайлы болса, соны орындайды.

Сiз әрдайым және қалаған жерде дұға оқи алатыныңыз есiңiзде болсын. Сiз ыдыс-аяқ жуып, арық қазып, кеңседе жұмыс iстеп немесе спорт алаңында болсаңыз да, — бар жерде дұға оқи аласыз және ол Құдайтағаланың құлағына жетедi!

Дұға жасаудың жүйесiн жасап алыңыз. Киелi кiтап-тi оқи отырып, дұға жасау Мәсiхтiк жарқын өмiрiңiздiң

жақсара түсуіне әсерін тигізеді. Киелі кітап былай дейді: «үздіксіз дұға жасаңыз» (1 Тесс. 5,17). Егер сіз әр күннің белгілі бір уақытын дұға оқуға арнасаңыз, қалған уақытыңызда жадыңызда дұға жүреді. Таңертең тұрған соң, тізеңізді бүгіп, дұғаның бірнеше сөзін айту аздық етеді. Белгілі бір мезетте Құдаймен оңаша қалып, мінежатты сонан соң істеу керек.

Шайтан сіздің әр қадамыңызды аңдып жүреді. Бірде бала жылайды, тағы бірде телефон шылдырлайды немесе біреулер келіп есік қағады — әйтеуір, біраз нәрсе сізді алаң қылады. Сөйте тұра, дұғаңыздан жаңылмаңыз! Еңсеңіз де түспесін: сіздің бұл сәттеріңіз өз өміріңіздегі ең қымбат мезеттер болғандығына көп ұзамай көзіңіз жетеді. Дұға қылатын сәтті сіз ерекше және асыға күтесіз. Дұғаны күн сайын оқып тұрмасаңыз, өміріңіз біртүрлі жеміссіз, жағдайыңыз қысылшаң болып көрінеді. Дұғаны үзбей оқу арқылы ғана Құдаймен тәубеге келесіз.

Үшіншіден, Қасиетті Рухқа әрдайым сеніңіз. Мәсіх сізге Қасиетті Рух арқылы орнығатынын ұмытпаңыз. Сіздің денеңіз енді Қасиетті Үштіктің біреуі, Қасиетті Рухтың тұрағына айналады. Сіз оған өтініш айтсаңыз, өз қызметкеріңізге айтқандай етіп айтпаңыз. Ол келіп, бәрін орындап беруін сұраныңыз. Сіздің бар өміріңізді де Өз қолына алуын өтініңіз. Өзіңіздің әлсіз дәрменсіз әрі қапалы екеніңізді айтыңыз. Сонан соң сіздің өміріңіз жайлы шешімге келуін күтіңіз.

Ол сізге Мәсіх жолын қуушылардың қиын жолында демеу болады. Сіз өзіңіз арпалысып және қарсыласып жүргенде, сізге тоқтау салу Оған оңай емес. Құдайдың әміріне беріліңіз де, тыныс алыңыз. Өзіңіздің ішкі шиеленісіңіз бен өзіңізді-өзіңіз қамшылауды қоя тұрыңыз. Бүтіндей Оған сеніңіз. Не шешімге

келеріңізді білмей бас қатырып, қорқа бермеңіз — оларды сіздің орыныңызда Ол шешсін. Ертеңгі күніңіз жөнінде де қам жемеңіз — Ол ертеңгі күннің де Құдайы. Ол бір істі бастамай жатып, оның немен бітетінін күні бұрын біледі. Тұрмысыңызға қажет нәрселер жөнінде де қиналмаңыз, — Ол сізді түгел қамтамасыз етеді. Шын жеңімпаз Мәсіх жолын қуушы уайымнан, зорланушылықтан аулақ болуы керек. Қасиетт Рухқа осылайша түгелдей сеніп, нанғаннан кейін сіздегі дене сырқаты мен жан кеселінің айығып кеткенін көресіз.

Төртіншіден, шіркеуге үзбей барып тұрыңыз. Джон Веслей былай деген-еді: «Киелі кітап жалғыздықтағы дін жайлы ештеңе айтпайды». Мәсіх жолын қуушылар діні — адамдардың өзара қатынас діні. Мәсіхтің артынан еру дегеніміз, ол- сүйіспеншілік, берекелік, еңбек сіңіру. Бұлардың бәрін адам ортасында ғана атқаруға болады. Ол ортаны шіркеуде табасыз.

Шіркеу — Мәсіхтің жер үстінде салған құрылысы. Ол — біздің Құдайға құлшылық ететін, Оның Сөзін үйренетін және діндарлармен жолығып тұратын мекеніміз. Киелі кітап шіркеуді: «Құдайдың үйі», «Құдайдың халқы», «Қасиетті халық», «Құдайдың үй құрылысы», «Мәсіхтің денесі» деп атайды (1 Пет. 2,9-10, Ефес. 2,21-22 және басқалар). Осы суреткерлік сөздер, символдар мен бейнелеулер шіркеудің шындық екенін нұсқайтын нәрселер.

Шіркеуге барып тұруды ешнәрсемен айырбастауға болмайды. Егер сіз Мәсіхтің жолын шын қуушы болсаңыз, күн суық, дала ыстық, қар жауды, жауын құйып тұр, — деген сияқты бос сылтауды айтпайсыз. Мұның бәрі лайықты емес сөздер. Кейбіреулер, — жексенбі күні үйімізде-ақ дұға қыламыз, — дейді. Алайда, өзін осылайша шектеген адам Құдайға лайықты түрде

табынуды түгел атқармайды, өйткені біздің денемізді де, зәрдемізді де, жанымызды да Жаратушы — бір Құдай, сондықтан да денеміз бен ақылымыз Құдайға лайықты табынуға қатысуға міндетті.

Өсиетті — үйде отырып, радиомен тыңдасақ, ол біз үшін Құдайға мінәжат қылудың орнына жүреді, — дейтіндер де бар. Ол азық етеді. Сіз шіркеуге тек өсиет тыңдау үшін бармайсыз. Сіз онда Құдайға тәжім етіп басқа діндарлармен бірге Оған қызмет көрсету үшін барасыз. Сіз шіркеуге адал болмасаңыз, бақытты да, жолы болғыш Мәсіх жолымен жүргендердей бола алмайсыз. Сіз шіркеуде өзіңіздің қызмет орныңызды табасыз. Біз қызмет көрсету үшін құтқарылғанбыз. Ынталы адам — нағыз бақытты, Мәсіх жолын қуушы адам.

Бесінші, Мәсіх жолын қуушы сияқты куәгер болыңыз. Егер сіз алдыңғы төрт ережені адал орындасаңыз, бесіншісі өз-өзінен орындалады, — өйткені ыдысқа суды үздіксіз құйса, ол ернеуінен асып, төгіліп жатады ғой.

Сіз енді Патшалардың Патшасының белгілеген өкілі және елшісіне айналдыңыз. Сіз енді өз елшілігіңіздің үйінің үстіне өз мемлекетіңіздің жалауын жоғары көтеруге тиістісіз. Айталық, біздің елшіміз, — бөтен елдің халқы жақтырмайды дегенді желеу етіп, американдық жалауды елшіліктің үйінің үстінен алдырып тастайды делік. Мұндай жағдайда әлгі елшіні ол елден дереу кері шақыртып алады. Ол, өйткені, Америка Құрама Штаттарының өкілі болуға лайықты емес.

Егер сіздің жалауыңыз үйіңіздің, мекемеңіздің, дүкеніңіздің, жатақханаңыздың үстінде желбіреп тұрғанына риза болмасаңыз, онда Мәсіхтің елшісі болуға лайықты емессіз! Сіз өз күзет орныңызда тұруға тиістісіз, ал төңірегіңіздегілер сізді Мәсіх жолын қуушы

деп білетін болсын. Сіз Мәсіхтің жолын қуушының бар екендігіне куәгер болуға тиістісіз.

Біздер екі нәрсемен — өміріміз және сөзімізбен куәгерлік етеміз. Бұлардың біреуі жоқ болса, ондай куәгерлік іске аспайды. Құдай Өзінің құтқарарлық қайырымдылық және Құдіреттілігі жөнінде сізді куәгер болуға міндеттеп отыр. Сіз Мәсіх туы астында тұрып, Оның қару көтерушісі боласыз.

Иса Мәсіх былай дейді: «Сонымен, кім Мені жұрт алдында уағыздаса, Мен де оны Аспандағы Әкем алдында уағыздаймын» (Мат. 10,32). Елшілердің істері кітабында (28,23) мынандай оқиға баяндалады. Елші Пауыл түрмеде отырғанда өзіне қаптап келетін адамдарды Мәсіхке тәу етуге шақырады және азаннан кешке дейін оларға Құдай Патшалығы туралы ілімді үйретуден танбады. Біздің әрқайсымыз туралы да күн сайын: «Міне, бір егінші тұқым себуге шықты» (Мат. 13,3), — десе жарасар еді.

Үлкен мекеменің хат тасушысына ойына келгенін істеуге рұқсат берілмейді. Оның міндеті — бір мекемеден екінші мекемеге хат апарып беру. Ол хаттың ішінде қолайсыз нәрселер де, қайғылы хабарлар да жазылуы мүмкін. Бірақ хат тасушы жолшыбай оны ашып оқып, оның ішіндегіні алып тастауға немесе басқа қағазбен алмастыруға қақысы жоқ. Оның міндеті — хатты жеткізу.

Біздерде, Мәсіх жолын қуушыларда, Құдай Сөзі бар. Біздің ұлы Тәңіріміз былай деген-еді: «Барыңдар, өлуге айналған әлемге бұл хабарды жеткізіңдер!» Кейбіреулер, бұл сөзге көңіл аудармайды. Ал, тағы біреулер Құдай хабарын бөлшектеп жыртып, оның орнына өзінің жазғандарын қояды. Енді біреулер сөздердің біразын өшіріп тастайды. Тәңір Өз айтқанын Өзі жо-

балай алмайды, — деушілер де бар. Кейбіреулер мұны жазған Тәңірдің Өзі емес, Қасиетті Сөздің мағынасын дұрыс түсінбеген басқа біреулер, — дейді.

Елші Пауыл бұдан жүздеген жылдар бұрын Мәсіх жолын қуушыларға тек Құдай Сөзін оқыту керектігін айтқанын еске түсірейікші. Біз тұқым себуге тиісті екенімізді ұмытпаңдар. Ол тұқымдардың біразы тасты жерге, біразы тікенек арасына түсуі мүмкін. Бірақ, біз тұқым шашуды бәрібір жалғастыруымыз керек. Елгістік жерді құнарсыз екен деп тоқталғанымыз жөн емес.

Біздің қолымызда шырақ-шам тұр. Біз оның жарық шашуына мүмкіндік беруіміз керек. Мына түнерген түнек ортасында, мейлі ол сығырайған от болып көрінсін. Мейлі, мейлі! Біздің міндет — оны жарқырата беру. Біз — керней тартушылармыз. Мына тарсыл-гүрсіл қан майданның ішінде керней дауысы естілмей қалуы мүмкін. Мейлі! Бірақ, біздер қауіп жақындап қалғанын білдіріп, кернейді тарта беруіміз керек. Осы бір өшпенділік пен менмендікке толы азынаған әлемде біздің кішкентай отымыз мейлі болмашы болып көріне берсін. Бірақ, біздер от тұтатуды тоқтатпай, оны маздата беруге тиіспіз.

Біз — балғашымыз. Балға соғудан қолымыз қажуы да мүмкін. Бірақ, біздер бәрібір тоқтамауымыз керек.

Біз қолымызға қылыш алайық. Біз оны бір-екі рет айдалаға сілтеуіміз мүмкін. Жауларға еш зақым келтірмеуі де мүмкін. Бірақ, біз қылышымызды қайрай түсуіміз керек. Өйткені ол — «Рухтың қылышы».

Ашыққан әлемге беретін нанымыз да бар. Бірақ, жұрт басқа нәрселерді ауқат қылып, біздің нанымызды алмай қоюы мүмкін. Сөйте тұра, біздер өмір нанын ұсынудан тоқталмауымыз керек.

Бізде шөлдеген адамдарға беретін сусын да бар.

«Шөлдегендер, бізге келіңдер, сусындарыңды қандырыңдар! — деп жар салуымыз мүмкін.

Біз ешбір тоқталмастан, еш мұңаймастан Құдай сөзін тарата беруіміз керек!

Иса Мәсіх сіздер сепкен тұқым құнарлы жерге түсіп, өсіп-өніп шығады, жеміс береді, деген-болатын. Сіздердің жүректеріңіз бен сөздеріңізден — қасиеттене лаулап жанған от сөнуге айналған талай жанды Мәсіхке әкеледі. Сіздің балғаңыз тас болып қатқан талай жүректің талқанын шығарып, Мәсіхке еріксіз бағындырады. Қылышыңыз күнәнің сауытын бұзып, талай тәкаппардың құтын қашырып, әр жүректе Құдай Рухы орнығатын орын дайындайды. Әлдекімдер өмір Нанын жеп қанағат табады, жаны сусаған тағы біреулер сіздің сусыныңызды ішіп, шөлін қандырады.

Адам жанын аулаушы болыңдар! Адам үшін ең қуанышты нәрсе — басқаларды Мәсіхке әкелу. Менің өзім де мыңдаған кісіні Мәсіх беретін құтқарылуды мойындаттым. «Мәсіхті қабылдаймын!» — деп қолын жайғандарды көрсем, менің ішкі дүнием дүрілдеп кеткендей болады. Бұл-бар әлемдегі байлықтың ең асылы. Егер сен Мәсіхті қабылдайтын адамдар тапсаң, одан өтерлік бақыт, қиялды қиянға тартатын оқиға жоқ. Адам жанын аулаушы болыңдар! Мәсіхтің куәгері болыңдар!

Киелі кітап былай дейді: «Данышпанға жұрттың бәрі үйір» (Мақ. 11,30). «Зерделілер көпшілікті шындыққа бұрып, тылсым аспандағы шырақ секілді жарқырайды, ғасырларға, мәңгілікке жұлдыз болып, шындыққа жол нұсқайды» (Дан. 12,3).

«Сіздер — жер тұзысыңдар» (Мат. 5,13). Тұз адамды шөлдетеді. Сіздің өміріңіз басқаларды шөлдете ме? Су іздете ме?



Алтыншы, сүйіспеншілік — сіздің өміріңізді басқарушы түпкі негізі болсын. Мәсіх Өз шәкірттеріне былай деген: «Егер сендерде өзара сүйіспеншілік болса, Маған ізбасар екендеріңді содан көруге болады». Біз мұндай ойды Киелі кітаптағы елші Жоханның мына сөзінен табамыз: «Сүйіктілерім! Біз бір-бірімізді сүйейік, өйткені сүйіспеншілік Құдай ісі және де сүйіспеншілігі барлар Құдайдан жаратылған, және олар Құдайды мойындайды. Қімде-кім сүймеген болса, ондай адам Құдайды түсінбейді, өйткені Құдай дегеніміз — сүйіспеншілік. Құдай бізді өмірді сол арқылы алсын деп Өзінің Жалғыз туған Ұлын жіберді. Бізге деген Құдай сүйіспеншілігін содан танимыз. Біз Құдайды емес, Құдай бізді сүйіп, біздің күнәмізді мейірлендіру үшін Өзінің Ұлын жіберуі — нағыз сүйіспеншілік» (1 Жох. 4,7-10).

Құдайдың Өз балаларына берген сыйларының ішіндегі ең асылы — сүйіспеншілік. Қасиетті Рухтың жемістері ішіндегі ең негізгісі де — сүйіспеншілік.

Өз Ұлын біздер үшін айқыш ағашта өлуге жіберген Құдайдың сүйгені секілді, Мәсіхке ергендер де бірін-бірі солай сүйелері керек, — дейді Киелі кітап. Біздер Мәсіхке мойындаған сәтте Ол бізге ғажайып махаббат береді де, ол махаббатты біздің жүрегімізге Қасиетті Рух құяды. Біздің Мәсіхке тәу еткендігіміздің зор айғағы, — ол біздің бір-бірімізді сүйеіміз. Егер сіз Құдайдың бұл құпиясын Мәсіх жолын қуушылардың әсерленуімен ұқсаңыз, сіз онда Мәсіхпен бірге өмір сүретін, кемеліне толған жолдың біразын өткеніңіз.

Жетіншіден, тіл алғыш болыңыз. Бұл өмірде не шешімге келсеңіз де оны таңдау еркін Мәсіхке беріңіз. Ол сіздің Тәңіріңіз және Мұғаліміңіз болсын. Сіздің қайғыңызды Ол басқарсын.

Сегізіншіден, еліктіруге қарсы тұруды үйреніңіз. Еліктіру дегеніміз — табиғи нәрсе. Ол күнә емес. Бірақ, тым елігіп кету, арбауға түсу — күнә. Құдай сізді ешқашан еліктірмейді. Бірақ, Ол сізді сынау үшін еліктіруге жол беруі мүмкін. Арбау — шайтаның ісі. Осыны ұмытпа. Арбаудан құтылудың ең төте жолы — арбаушыға Інжілдің бір өлеңін оқып беру. Сонда ол алдын-артына қарамай безіп, кетеді, өйткені Құдай Сөзіне қарсы келе алмайды.

Иса Мәсіх бір күндері шөл кезіп келе жатып, арбауға түскен кезде, Оны жеңгізген Құдай Сөзі болатын. Ол сонда: «Өйткені солай жазылған», — дегенді үш рет қайталады.

Егер сіз шайтанға: «Тәңір осылай деген», — дейтін болсаңыз, ол бірден ғайып болады. Дегенмен, Мәсіхке өз бойыңыздағы Қасиетті Рух арқылы айқасуға мүмкіндік беріңіз. Бір кішкентай қыздың «Шайтан келіп есікті тықырлатқан кезде, есікті ашуға Иса Мәсіхті жіберемін», — деген әңгімесі бар. Еліктіруге талайлар жолығады. Бірақ, біраз адам елігуге қызығатын секілденіп, оның ықпалынан шыға алмай қалады. Үйдің ішінен тышқан шықса, сіз оны сыпырғышпен қуасыз ғой. Сол кезде тышқан сіздің қолыңыздағы сыпырғышқа емес, қашып тығылатын тесікке қарайды. Мәсіх жаққа қараңыз.

Мен бір офицерден: шайқас үстінде ерлік керек пе, әлде бағынғандық керек пе? — деп сұрағанымда, ол еш ойланбастан: бағынғандық керек деді.

Құдайға басқалардан гөрі ең қажеттісі — сіздің бағынғаныңыз. Бағыну үшін — Оның не беретінін білуіңіз керек. Киелі кітап оқып, білудің қажеттігінің бір себебі, сонда. Киелі кітап сізге компас пен басшы болады. Құдайдың айтқанын екі етпеңіз.

Тоғызыншы, шынайы Мәсіх жолын қуушы болыңыз.

«Кейбір Мәсіх жолын қуушылардың көңілі көкте қалқитыны соншалық, олар жер үстінде өмір сүруге тым жарамсыз» — деп, біреулер жақсы айтқан.

Рас, Киелі кітап бізді күнәдан қалай аулақ болуды үйретеді, бірақ теріс, өзгеше болыңдар деп ешқайда ештеңе айтпайды. Сіздер нұр шашуларыңыз керек! Сіздер елгезек, әдепті, жайдары, байсалды болуға тиістісіздер. Нақұрыс әзілден, жалған сыпайылық, өтірік-өсектен, екі ұшты әңгімеден және күдікті көңіл көтеруден аулақ кетулеріңіз керек. Сіздің сыртқы пішініңіз тартымды әрі мұнтаздай, талғамыңыз нәзік болсын. Қай жағдайда болмасын, қатты кетісуден қашып жүріңіз. Сіз еркек болсаңыз да, әйел болсаңыз да, жүріс-тұрысыңыздан көргенділік білініп, өміріңіз сыртқы келбетіңіз секілді Інжілге сәйкес болғаны абзал. Доктор Бернхаус былай дейді: «Адамдар әдемі түптелген Інжілді оқымауы да мүмкін. Бірақ, оларға қарапайым сырты бар Інжіл керек-ақ».

Оныншы, сіз өмірдің Тәңір сыйлаған жағдайына риза болыңыз. Құдай сізді дәл қазір қандай болсаңыз, басында солай етіп жаратқан. Сіз қазір қайда болсаңыз, сонда тұруыңызды да ұйғарған. Сондықтан сіз өзіңіз қандай болсаңыз және қол жеткен дәрежеңізбен Оған тамаша қызмет етіп мадақтауыңызға болады. Біреулер дуалдың сыртында тұрып, оның ар жағында өскен көк майса, өздеріндікіндей емес, өзгеше, сұлу деп қызығады. Ол, басқалардан өзгеше боламын, — деп әлекке түседі, ойға алғаны неліктен дәл орындалмайды, — деп өз жандарын өздері қинайды, өздерінің ғажап болашақтары дәл сол тұрған жерлерінен бастатынын аңғармайды.

Елші Пауыл «Мен еш нәрсеге зер салмаймын және

өмір үшін қалтырамаймын», — (Елшіл. 20,24) деген болатын. Сіздер де солай болыңыздар. Елші Пауыл өмірдің баршылығына да, жоқшылығына да үйренгендігін айтты. Тіпті, ол абақтыда отырып та нағыз Мәсіх жолын қуушы бола білді. Тұрмыс сізді езіп тастамасын. Жағдайыңызды дұрыс жолмен жақсартуға үйреніңіз.

Бұл ұсыныстар мен ережелер сізге тым қарапайым көрінуі мүмкін. Бірақ, оларды дұрыс ұстансаңыз — берер көмегі көп. Мен оны көптеген адамдардың өмір тәжірибесінен тексеріп көрдім. Өз өмірімді де сынадым. Егер оларды тұрақты және қатал орындасаңыз, олар сіздің жаныңызды жайландырады, бақыт пен қуаныш әкеледі.

## ОН БЕСІНШІ ТАРАУ

**МӘСИХ ЖОЛЫН ҚУУШЫ  
ЖӘНЕ ШІРКЕУ**

Рухыңызбен сіз де барып орналасатын  
Құдайдың тұрағы — ол.

Ефес. 2,22

Адамдар қауымшылықты сүйеді, олардың табиғаты да қауым болып өмір сүруге бейімделген. Олар өздерінің мүддесі мен көзқарасын қуаттайтын қоғаммен біріккенде ғана қанағаттанғандық және қауіпсіздік сезімге ие болады. Адамзат тарихында болған рулық қоғамдар мен басқа да біріккен ұйымдардың еш қайсысы Мәсіхтің шіркеуіндегі Құдіретті және әр салалы болған емес.

Ерте замандағы адамдар бірін-бірі қорғау үшін біріксе, кейінгі дәуірде олар бірігіп пайда тауып, қауым болып көңіл көтеру үшін ұйымдасуды үйренді. Өркеніет дамыған кезде, өз мүшелерін басқалардан ерекшелейтін «өзгешеліктері» бар жасырын қоғамдар пайда болды. Бұл қоғамдарда орын алған ерекше ант, салт және заң оларға терең мағына берді.

Нәсілдік және ұлттық ұйымдар құрылды. Оларға шыққан тегі, отаны бірлер ғана қабылданды. Клубтар, студенттер жиыны, ложалар (ұйымның бөлімі), әдеби қоғамдар, саяси партиялар, әскери мекемелер — осы

текстес «қасиетті жиындардан» бастап, жеке «шайқаларға» дейінгілердің бәрі өздерін қолдайтын басқалардың қоғамында, адам қажетін өтейтін жұбаныш пен сүйеніш табу үшін қызмет етуге тырысты.

Алайда, адамдар шын қолдау, жұбаныш пен сүйенішті тек Мәсіхтің шіркеуінен тапты, өйткені басқа топтар өздері секілді адамдардың жеке ниетінен пайда болған-еді. Ондай топтар жасанды шекара жасап, жалған қорғаныс ұйымдастырды. Ал, шіркеу, керісінше, сырттағы біреулерге тәуелді болудың орнына бар күшті өз ішінен алатын жасампаз, құдіретті жаратылыс.

Шіркеу — гректердің «эккелезия» деген сөзінің аудармасы. Ал, ол сөз «шақырылғандар» немесе адамдардың жиыны деген мағына береді. Шіркеу деген сөз қазір Мәсіх жолын қуушыларда ғана қолданылып жүргенімен, ол өз бастауын Мәсіх жолын қуушылардың шіркеу деген сөзінен бұрын болған. Гректер қауымы шіркеу деген сөзбен азат, қала-мемлекет азаматтарының тұрақты өткізетін жиналысын айтқан. Ол жиналысқа адамдарды жаршылар жинап, онда қоғамдық істер талқыланған, шешімдер қабылданған. «Шіркеу» деген сөз Көне Өсиетте де қолданылды және Израиль халқының «қоғамы» деп аударылды. Бұл қоғамның мүшелері Құдай халқының сайланғандары деп аталған. Бұл сөз Елшілердің істері кітабындағы Стефанның Мұса туралы айтқан: «Ол шөлдегі жиналыста болды», — (Елшіл. 8,38) деген жерінде кездеседі. Бірінші ғасырдағы гректерге бұл сөз өзін-өзі басқаратын демократиялық қоғам деген ұғым берген. Ал, еврейлер оны діни қоғам деп ұғынған. Бұл қоғамға Құдай халқы мүше болған.

«Шіркеу» деген сөзді Мәсіх жолын қуушылар

қоғамына пайымдап, Иса Мәсіхтің Өзі бірінші болып пайдаланды. Ол елші Петірге былай деді: «Мен мына тастың үстінде Өз Шіркеуімді саламын, оны тозақтың қақпалары да жеңе алмайды» (Мат. 16,18).

Сонымен, шіркеудің негізін салушы — Иса Мәсіхтің Өзі. Мәсіх жолын қуушылардың әсерленуінің басты арқауы да, шіркеудің басты тірегі де Өзі. «Тиісті іргетастан басқаны ешкім қалай алмайды, ал ол іргетас — Иса Мәсіхтің Өзі» (1 Қор. 3,11). Мәсіх Өзін шіркеудің негізін салушымын, құрлысшысымын, сондықтан да шіркеу тек Өзіне тән, — деп жариялады. Ол шіркеуге мүше болғандардың бәрімен бірге тұрамын және солардың өзінде боламын деген уағда берді. Шіркеу тек ұйым емес, ол-бұған дейін әлемге белгілі болған нәрселердің ешқайсысына ұқсамайтын жаратылыс. Оның қарапайым мүшелерімен Құдайдың Өзі бірге тұрады да, ал Мәсіх олардың өзінде болады.

Жаңа Өсиет шіркеу біртұтас ұйым болғандықтан оның құрамына қалаған мөлшерде жергілікті шіркеулер мен ұйымдар біріге алады деп үйретеді. Жергілікті шіркеулер әр бағыттағы дінді ұстаған діни қауымдар мен бөлімдерге айналып кетті. Бұл әр қилы шіркеулерді олардың мүшелерінің ұлттық және діни ұғымдарына, немесе рухани өмірлерінің өзгешеліктеріне сәйкес жіктеуге болады. Жаңа Өсиет, сонымен қатар Мәсіх Шіркеуінің ұлы тұлғасында бөлініп кету де, жіктелу де кездесіп тұруы мүмкін екендігін айтады. Әйтпеседе, бәріміздің жалғыз-ақ Тәңіріміз бар. Бір ұран-әнде: «Шіркеудің тірегі — Мәсіх, ол Соған арқа сүйейді», — делінген.

Иса Мәсіх бүкіләлемдік ұлы шіркеудің басшысы болып табылады. Шіркеудің барлық тынысы мен ілімі Содан басталуы керек. Өйткені, Ол — барлық Мәсіх

жолын қуушылардың рухани әсерленулерінің қайнар бұлағы.

Қазіргі электрлендіру дәуірінде шіркеуді орталық станциясы бар, ауқымды телефон жүйесімен салыстыруға болады. Барлық сымдар сол орталыққа қарай тартылады да, жан-жаққа содан тарайды. Теміржол жүйесі де солай: поездардың жүруі бір орталықтан басқарылады. Армияда да бұйрық беретін бас қолбасшы генерал бар. Оның бұйрығы төменгі жақтағы орындаушыға аздап өзгеріп жеткенімен, түпкі негізі бәрібір орындалады.

Иса Мәсіх шіркеу үшін көсем болып табылады. Шіркеу Оның бұйрығы бойынша пайда болды, оған күш те Сол арқылы дариды, сондықтан да әрбір шіркеулік топтар Оның бұйрығын орындауы керек. Өзі берген бұйрықтың нақты орындалуын күткен генерал секілді Иса Мәсіх те әрбір шіркеу Оның Ілімінің ықпалында болуын күтеді.

Шіркеу әр түрлі ішкі қайшылықтар мен тартыстар, тосын көзге бірлігі жоқ болып көрінетін кемшіліктері үшін көп сыналды. Бұл, бірақ, үстірт жағдай. Жалпы бұйрықты әркімдердің өзінше түсінуінен туындаған айтыс-тартыс, көсемнің данышпандығы мен Оның жарлық беретін биік хұқына еш көлеңке түсірмесе керек.

Сіз әр түрлі діни оқуларды байқап көрсеңіз, олардың негізі әрі тарихы бірімен-бірі үндес екенін аңғарасыз. Діни жоралар жөнінде олардың арасында айтарлықтай айырмашылықтар болуы мүмкін. Діни ілім мәселесінде де олар бірімен-бірі таласқа түсуі мүмкін. Бірақ, олардың барлығы да Иса Мәсіхтің Құдайдың нақ өзі екендігін және Ол айқыш ағашта өліп, адамдарды құтқару үшін қайта тірілгендігін түгел



мойындады — ал мұның өзі бүкіл адамзат үшін өте маңызды факт. Сіз Мәсіхті өзіңіздің Құтқарушыңыз ретінде қабылдап, Оған бар сеніміңіз бен үмітіңізді артқаннан кейін сіз бүкіләлемдік ұлы шіркеудің мүшесі боласыз. Сіз — діни семьяның бір мүшесісіз. Сіз — Мәсіхтің денесінің бір бөлігісіз. Сіз енді Мәсіхтің үмбетінде боласыз да, Оның жолын қуып, Құдайға табынатындардың қатарына қосыласыз. «Кейбіреулердің әдетіне айналғандай, жиналысымызды тастап кетпейік» (Евр. 10,25).

Біреу былай депті: «Мәсіхтің денесінде болушылық дегеніміз, Оның денесін жергілікті жерде айқындайтын шіркеулердің біріне мүше болуымыз керек деген сөз».

Бұл жерде біз бүкіләлемдік шіркеуді емес, сіз өзіңіз күнделікті барып жүріп, талай кемшілігін көрген жергілікті шіркеуді айтып отырмыз. Осыған байланысты мына жағдай есіңізде болсын: адам кемшіліксіз болуы мүмкін емес. Сол сияқты, Құдайдың үрметі үшін құрылған ұйымдар да кемшіліктен құр алақан емес. Жер бетінде бұрын-соңды өмір сүргендердің ішінен толығымен жетілген жалғыз адам — Иса Мәсіх болатын. Ал, қалғандарымыз — ең азы, тәубеге келген кешегі күнәкарлармыз. Сондықтан да шіркеу біздерден де, өзінен де мінсіздік пен қалтқысыздықты талап еткенде, өзінің істегендеріне де көз жұма қарайды.

Иса Мәсіх шіркеу ашқан кезде Өзіне ергендер оған түгел жұмылып және оған адал болып қалуларын қалаған-еді. Біздің елдің, (АҚШ-тың) халқының қырық бір проценті шіркеуге ресми мүше емес. Осындай елді қаптаған шіркеулер мен діни қоғамдарды көргенде өзіңізден-өзіңіз ұяласыз. Құдайға апаратын жолды іздегенде сіз, әрине, бала кезіңізде барып тұрған немесе есейген шағыңызда рухани тоқталған шіркеуді таңдай-

сыз. Шіркеуге мүше болу, бұл ұшқалақтық іс емес. Өйткені, шіркеу сізге үлкен қызмет көрсетеді. Және басқаларға қызмет етуіңізге жағдай жасайды. Сондықтан да сіз дұға қыла отырып, Құдайға шын пейіліңізбен, арыла құлшылық ететін шіркеуге мүше боласыз.

Егер біреулер бәрінің құлшылық қылатыны бір-ақ Құдай болса, әр түрлі шіркеулер неге көп деп сұраса, мен оған: жер бетіндегі адамдардың шыққан тегі біреу-ақ, сөйте тұра олар түсімен де, ісімен де, ақыл-есімен де, талап-тілегімен де әр қилы, сондықтан да оларға біркелкілікпен қызмет етуге болмайды дер едім.

Кейбіреулерге ғажайып ғимаратта белгілі бір ғұрыпты орындай отырып, Құдайға тақалу жеңілдірек. Ал, тағы біреулер қарапайым жағдайдың өзінде-ақ Құдайды табамыз деп ойлайды. Біреулерге құлшылық етудің бір түрі ұнаса, тағы біреулер басқа жағдайды қалайды. Мағна біздің ісімізде емес, оны қандай мақсатпен, қандай тереңдік, қандай адалдықпен атқаруымызда. Сондықтан біздің әрқайсымыз өзімізге қолайлы шіркеуді тауып, соған мүше болуымыз керек.

Сіз басқа бір үйге тұрақты көшкіңіз келсе, алдымен ол үйдің жай-жапсарын біліп аласыз. Көптеген Мәсіх жолын қуушылар сыры беймәлім, әрі өзін қанағаттандырмайтын әр шіркеуге бір барып, сырғып жүреді де, ешқайсысында тұрақты қалмайды. Мұндай жеңілтектік Құдай даңқына да, өзіне де жараспайды.

Әр шіркеудің өзіндік тарихы, әр түрлі дәстүрі, салты, әр қилы түйткілі бар. Әр Мәсіх жолын қуушы — шіркеуді өзінің нанымына сәйкес таңдауы керек. Ондай шіркеуде ол өзінің рухани өсуіне қолайлы жағдай табады, өзінің адамдық қажеттілігін мольнан қанағаттандыра алады және де өзін қоршаған ортаға көбірек пайда береді.

Діни қоғамның орнына жеке уағыздаушыны мойындаймын деп қателік істемеңіз. Уағыздаушылар мен пасторлар өзгеріп тұрады, бірақ сіздің шіркеумен байланысыңыз сол күйінде қалады. Сондықтан да сіздің қуштарлығыңыз бен адалдығыңыз, ең алдымен шіркеуге және ондағы Мәсіхке арналуы керек. Мәсіхті шын сүйеміз және Оған адал ереміз дегендер ғана орнықты да, салауатты шіркеу ұйымдастыра алады.

Нағыз Мәсіх жолын қуушы шіркеуге бір міндеттен құтылайын, жұрт алдында беделді болайын немесе өзінің діншілдігі туралы пікір туғызайын деп бармайды. Шіркеуге барған адамның жаны жай тауып, көңіліне тыныштық орнаса да, нағыз Мәсіх жолын қуушының оған бару себебі басқа. Ол онда Тәңірді мадақтаған өз дұғасын басқалардың дұғасына, өз даусын басқалардың дауысына қосу үшін барады. Ол онда Құдайдан бата сұраған тілегін күшейту үшін және біздің Тәңіріміз Иса Мәсіх арқылы құтқарылуға өз дұғасын қосу үшін барады. Ол онда басқаларға қосылып, Құдайға табыну үшін, Оның шексіз сүйіспеншілігі мен қайырымдылығын қастерлеп бас ию үшін барады. «Шіркеу» немесе «діни қауым» деп аталатын осы Мәсіх жолын қуушылар қоғамының басты мақсаттары мынау: Бірінші, Оның алдында бас ию арқылы Құдайды дәріптеу. Біз шіркеуге тек уағыз тыңдау үшін бармаймыз. Біз онда Құдайға табыну үшін барамыз. Біз Оған бар жанымызбен ақтарыла сиынуымыз керек. Ғұрыптар, ән айту, дұға жасау Құдайды дәріптеуге бағытталады және де адамдардың басты мақсаты болып табылады. Біздің табынуымыз, басқа тәсілдерден гөрі Құдайды көбірек мадақтайды. Мәсіх жолын қуушылардың қызметі, ықылас табуы, Киелі кітапты оқуы, шіркеулік мыңдаған қайырымды-

лық, басқа істері Құдайға сиынуды алмастыра алмайды. Егер біз Мәсіх жолын қуушылар сияқты бақытты өмір сүргіміз келсе, Құдайды құрметтеу — парызымыз. Құдай біздің бас июіміз бен мадағымызды басқа құрметтерден гөрі көбірек тілейді.

Екінші, шіркеу қарым-қатынаста болу үшін қызмет етеді. Діндарлардың жер үстінде жүріп бір-бірімен жақсы қарым-қатынаста болуы оларды болашақта жұмаққа баруға дәмелендіреді. Егер сіз нағыз Мәсіх жолын қуушы болсаңыз, өзіңіз сияқты діндарлармен келесі кездескенше асығып тұрасыз. Бұрынғы кездері қоғамдық өмірдің біразы осы шіркеу маңында өтетін. Шіркеу қызметі Иса Мәсіхтің басшылығымен жүргізіліп, Құдайды дәріптеуге арналса да, біздер Мәсіх жолын қуушылар ретінде бір-бірімізге қажетпіз. Біз бірлесіп, дұға жасауға, бір-бірімізге көмекке зәруміз. Және де бір-біріміз үшін жауаптымыз.

Елші Пауыл шіркеуді денемен салыстырады. Біздің қолымыз ауызға бармай тұрмайды, көзіміз құлақты елеңдетеді, аяқтарымыз қолмен үндесіп адымдайды. Дененің әр мүшесінің өз қызметі болса да, ол мүшелерге жалпы бірлестік керек.

Мәсіх жолын қуушылар діні — қарым-қатынастық дін. Мәсіхке еру дегеніміз — сүйіспеншілік, әділдік және еңбек ету. Бұлардың бәрін адамдардың қарым-қатынасынан көруге болады. Ал, ұйымшылдықтың озық үлгісін шіркеуде кездестіреміз. Біздің ұйымшылдығымыз бір-бірімізге күш береді. Иса Мәсіх былай дейді: «Өйткені, екі немесе үш кісі Менің атымнан қайда жиналса, Мен олардың ортасындамын» (Мат. 18,20). Иса Мәсіх бізден Құдайға бірлесіп табынып, дұға жасауымызды талап етеді.

Үшіншіден, шіркеу дінді нығайту үшін қызмет ете-

ді. Бірлесіп дұға жасау, куәгер болу, уағыз бен өсиет дінімізді күшейтеді. Шіркеу сіздің қасиетті нанымыңызды нығайтады. Бұл жөнінде «Мәсіх жолын қуушылардың өмірі» деген тарауда көп айтылады.

Төртіншіден, шіркеу — Құдайға қызмет көрсетуге делдалдық етеді. Біздер Құдайға қызмет ету үшін құтқарылдық. Мәсіх жолын қуушының алдында мыңдаған міндеттер тұр. Ол жұмыс жергілікті шіркеу арқылы орындалғаны жөн. Мәсіх жолын қуушылардың өміршең болуы шіркеуге байланысты. Шіркеу — Мәсіхтің жер үстіндегі мекемесі. Онда да әр түрлі дау-дамай, айтыстартыс бар. Сөйте тұра, шіркеу шіркеу болып қала береді. Оның орнын басқа еш мекеме баса алмайды.

Бесіншіден, шіркеу Мәсіх жолын қуушылардың жұмыстарына сіздің де үлесіңіздің қосылуына делдал болуы керек. Киелі кітап ондық беру жайлы үйретеді. Ондық дегеніміз — сіздің таза табысыңыздың оныншы бөлігі, яғни сіздің табысыңыздың оныншы бөлігі-Құдайдың сыбағасы деген сөз. Құдай сіздің еңбегіңізді қалай жарылқауына қарай, қосымша төлем берсеңіз де өз ықтиярыңыз. Құрбандық беру — бұл Мәсіх жолын қуушылардың қасиеті. Ол біздің күнделікті өміріміздің әр саласына еніп, біздің болмысымыздың ажыратылмайтын бөлігі болуға тиісті. Біздің әр ісімізде кеңпейілділік болғаны жөн.

Мәсіх былай деді: «Алғаннан гөрі, берген рахат» (Елші. 20,35). Садақа беру — жүрекке жылылық егіп, көңіліңді жай таптыратынын Ол білген. Мәсіх Өзінің ерекше батасын сіздің осы ісіңізге арнаған. Менмендік қорқыныштан туады, ал Мәсіх жолын қуушыларда қорқыныш болуға тиіс емес. Иса Мәсіхтің алақаны әрдайым жаюлы болған, Оны менмендік пен сараңдық билеп, алақанын ешқашан жұмған емес.

Садақа беру сіздің жомарттық жасаған ақшаңыздың мөлшеріне немесе киімнің ескісін бергеніңізге қарамайды. Кей кездері сыйлықтың үлкені-достық, қарым-қатынас пен тату көршілік. Бір ауыз жақсы сөз, жылы сәлем, жалғыздық қинаған адаммен өткізген кеш Аспан Патшалығы үшін көп түсім жинайды. Сіздер алдымен өздеріңіз құрбан болуға дайын болмай тұрып, Мәсіх үшін адам жанын аулаушы бола алмайсыздар. Мәсіхке қызмет етуге тек ақшаңызды емес, талантыңызды (дарыныңызды), алтынға пара-пар уақытыңызды қиюға тиістісіз.

Оныншы бөлікке үстеме беру ешқандай ережемен шектелмеуі керек. Оны беру-бермеуді жүрек әміріңіз басқаруы керек. Оны, мүмкін, сізге күнделікті газетті жүгіріп барып әкеліп тұрған балаға немесе көршіңізге, не болмаса, алыстағы Африкадағы бір мүсәпірге берерсіз. Оны өзіңіз біліңіз. Біздің берген садақамыз Құдайға деген сүйіспеншілігімізді білдіреді. Біз Оның біздерге деген ұлы махаббаты үшін аз болсын, көп болсын, шамамызға қарай қарым қайырымыз. Сөйтіп, Оның сүйіспеншілігін әрі қарай жалғастырамыз.

Бере білу де — өнер. Адамның өмірін бір тамшы су беріп те байытуға болады. Ықлассыз берген миллион соммен оның өмірін кедейлендіруге де болады. Әр адамды оның не бергенімен және неліктен бергенімен де сынауға болады. Өзгені өзіне тәуелді ету үшін берілген нәрседен сүйіспеншілік емес, зұлымдық білініп тұрады. Өзінің әкімдігін немесе артықтығын көрсетіп берген садақада еш қайыр жоқ. Ықылассыз берілген немесе басқаларға көз ғып берілген садақаға да бата жүрмейді.

Біз қайырды басқаларды қуантайық және қолдайық деген зиялы ықыласпен беруіміз керек. Ол бергенімізден пайда түсіру жағын ойластырсақ, оған да бата

жүрмейді. Біз не берсек те, жақсы ниетпен беруіміз керек. Әйтпесе, біздің ол бергеніміз батаға емес, залалға айналып кетуі мүмкін. Біреуді сыйлай білуде де үлкен қуаныш бар. Ондай қуанту менмендер мен сараңдардың ойына да кірмейді, дөрекі және тар пейілділердің миына да қонбайды. Бұл-қайырымдылықтан келетін нағыз қуаныш. Мұндай қуанышты аяушылықтан жасалған мейірбандық бере алмайды.

Біздің берген садақамыз шіркеудің жинағына түсе ме, әлде бізді Құтқаратын Армияға кете ме, немесе бір литр қан болып Қызыл Крест қоғамына беріле ме, бәрібір, әйтеуір ол Иса Мәсіхтің атымен істелсе болды. Сізден садақа алушылар да мұны білгендері ләзім. Соңғы кездері әлеуметтік негізде жедел жәрдем жинау ісі жиілеп кетті. Мәсіх жолын қуушылардың қайыры ерекше қайыр болуға тиісті. Қоғамдық немесе қайырымдылық мекемелері жіберген жәрдемде: «Мұны сіздерге Тәңіріміз — Иса Мәсіхтің атынан беріп отырмыз» деген хат жазылуы керек. Бұл сіздің қорды жинаушыларға берген айғағыңыз болады. Сонда сіз бір оқпен екі қоянды атып аласыз: әрі ақшалай үлес қосасыз, әрі ізгі хабар жеткізесіз.

Құдайдан ұрлау үшін күнәға батудан сақ болыңыз. «Барлық ондықтарыңызды, Менің үйімде азық болу үшін, сақтайтын үйге әкеліңіздер және Мені сол арқылы сынайтын болсаңыздар, — дейді Тәңір Саваоф, сендерге аспан есігін ашпаспын ба, сондай-ақ, әбден жарылқап тастамаспын ба?» (Малаки 3, 10).

Доктор Эванс былай дейді: Інжіл тегін беріледі, бірақ құтқарылудың суын тарататын ыдыс жасау үшін ақша керек.

Садақа берудің өзі Құдайды дәріптеу мен дұға қылу секілді Құдайға құлшылық ету болып есептеледі.

Егер Мәсіх жолын қуушылар садақаны үстемелеп, мольнан берсе, Інжілдік хабарды бар әлем естіген болар еді. Садақа беруге жомарт болыңыз! Ол бергеніңізді үйіп-төгіп қайырамын деген Құдай уағдасы бар. Сіздің салған ақшаға жүз процент өсім төлеген банкті көргеніңіз бар ма? Құдай былай дейді: маған не істегендеріңді дәлелдеңдер, сонан соң менің істейтініме қараңдар да тұрыңдар! Садақаны шамаңыз келгенше көбірек беріңіздер, Құдай оны түгел қайыратынын өзіңіз-ақ көресіз.

Алтыншы: Шіркеу Інжілді насихаттау үшін қызмет етеді. Шіркеу: «Бар әлемге барыңыздар, Інжілді уағыздаңдар. Нанымға келгендерді шоқындырыңдар», — деген әмірге бағынады. Шіркеудің басты міндеті — Мәсіхті өлген жандарға ізгі хабарлау. Бүгінгі әлемде бақытсыздыққа ұшырағандар апат хабарын жіберіп, шіркеуді көмекке шақырады. Қазір әлеуметтік және экономикалық келелі мәселелер бүкіл әлемде белең алып тұр. Қылмыс пен масқаралықтың қара дауылы талайларды тұңғыыққа батырды, ана дүниеге әкетті. Жаны құлазуға айналған адамдарға Мәсіх керек. Шіркеудің міндеті — суға кетуге айналғандарға қол ұшын созу.

Иса Мәсіх былай дейді: «Сендерге Қасиетті Рух дарып, енгенде, Қүдірет аласыңдар, Менің бұл ісіме куәгер болыңдар» (Елші. іст. 1,8). Қасиетті Рухтың арқасында біз басқа Мәсіх жолын қуушылармен бірлесе отырып, адамдарды Мәсіхке жақындата аламыз. Жер шарындағы халықтардың әлі де болса алпыс бес проценті Иса Мәсіх Інжілінің хабарын естуге тиісті. Біздің ұрпақ мұқтаж болған әлемге Інжілді тарату парызын дұрыстап өтей алады. Інжіл аударылмаған әлі де болса мыңдаған тілдер бар.



Тұңғыш Мәсіх жолын қуушыларда, семинария да, кітап шығаратын станок та болған жоқ. Олардың мектебі де, радиосы, теледидары, самолеті, машинасы да болмады. Сөйте тұра, олар бар әлемдегі өз замандастарына Інжілді тұтас таратты. Інжілді насихаттаудың құпиясы Қасиетті Рухтың құдіретінде болды.

Хабарласу мен байланысу мүмкіндіктері молайған біздің заманымызда Қасиетті Рухтың сол күші кем пайдаланылып отыр. Біз бәрін өзіміз істегіміз келеді де, көп нәрсеге әліміз жетпей отырып қаламыз. Миллиондаған американдықтар — мәжуси мен пұтқа табынушылар. Олардың көпшілігі еркін ойлылықты қолдайды, күнәкарлар ісіне бір табан жақын жүреді. Ал, шіркеуде Иса Мәсіхтің: «әрекет қылыңдар!» — деген дауысы үнемі естіліп тұр. Уақыт өтіп барады! Бар әлем күйреуге жақын. Есінен айырылған әлем үшін жалғыз үміт — Иса Мәсіхтің Інжілі.

Сіздің аяқтарыңыз Мәсіхтің Інжілін тарату үшін қажет. Оның Сөздерін сіздің тіліңіз жеткізеді. Мәсіх Өзінің қасиетті істерін сіздің қолыңызбен істегісі келеді. Адамдарды Мәсіхке жақындату үшін өзіңіздің талантыңызды, мүмкіндігіңізді, басқа да тәсілдерді толық пайдаланыңыз. Шіркеудің ұлы міндеті, осы! Біздің тәсілдеріміз әр қилы болуы мүмкін. Біз Інжілді адамдарға, мекемелерге, өндіріс орындарына, тіпті, түрмелерге өзіміз барып уағыздап та, радио, теледидарды пайдаланып та, қала берді, кино арқылы да тарата аламыз. Мәсіхті уағыздау үшін не істесеңіз де жарасады.

Бірақ, адамдарды Мәсіхке шақыру — әлі де болса жеткіліксіз. Біз оларды шіркеуге тартуымыз керек. Олар сонда ғана берекелі өмірге және біздің Тәңіріміз-Иса Мәсіхті мойындауға түгел жақындайды. Бұл —

шіркеуді Інжілдің іліміне сәйкес інжілдендіру және оны шын мағнасында беріле атқару, әр адамды шіркеу қызметінің әр саласына енгізу деген сөз.

Жетінші, шіркеудің делдалдығы арқасында біздің қайырымдылығымыз әр қырынан көріне алады. Біздер өз ағайындарымыздың шын мәніндегі күзетшісі бола бастадық. Сіз Мәсіх жолын қуушылар емес елге бара қалсаңыз, Мәсіхтің ілімін қостаушылар мен оны білмейтіндердің арасындағы айырмашылықты бірден аңғарар едіңіз.

Иса Мәсіхтің қайырымды самаряндық туралы нақыл әңгімесі, сүйіспеншілік пен қайырымдылық жайлы Оның өсиеті, біздің жадымызға мәңгілік сақталып қалсын деген оймен айтылған болатын. Бірде-бір Мәсіх жолын қуушы өз жағдайы жақсы болғандықтан, басқалардың мұңына қалай болса солай қарамауы керек, бұл атына сай емес. Кейбір шығыс елдерінде адам тартқан азапқа, жоқшылыққа, әділетсіздікке көңіл аудармау-үйреншікті нәрсе. Жас балалар көшенің ортасында, жұрттың көз алдында өліп жатады. Бірақ, оның бар-жоғына ешкім жауапты болмағандықтан, көшеде адам өліп жатыр ма, ит өліп жатыр ма, онда ешкімнің шаруасы жоқ. Адам мұқтаждығына деген мұндай немқұрайлылық Мәсіх жолын қуушылар үшін төзгісіз нәрсе.

Аштарға, жалаңаштарға, ауруларға, тұтқындарға және құлдыққа түскендерге жәрдем ете отырып, біздер Иса Мәсіхтің өсиетін ұмытпауымыз керек. Адам азабын естуге — керең, адам қайыршылығын көруге-соқыр болсаңдар, онда Менің Өзім жөнінде де керең болғандарың, — деген болатын Ол. «Сендерге шын айтып тұрмын: сендер мына ең кішілердің біреуіне істемегендеріңді, Маған да істемедіңдер» (Мат. 25,45).

Біздер шіркеу ұйымдастырған ауруханалар, жетімханалар, кәрілер үйлерінің жағдайын бағдарласақ, қайырымдылық ісінің Мәсіх жолын қуушылардың өмірінде қандай орын алатынын аңғарамыз. Біздер ауру адамдарды күтуді, әлеуметтік пана болу ісін өзіміздің ең қасиетті борышымыз деп санаймыз. Ал, Мәсіх ілімі әлі жете алмаған елдерде ауру адамды күтуді ең лас іс деп санайды, оны жолдан шыққан сілімтіктерге жүктейді.

Шіркеу мүшелері өз ағайындарына төнген еш қатер болмаса да, денсаулық сақтау ісіндегі кемшіліктерге өрескел нәрсе деп қарауы керек. Шіркеулердің бірлесе отырып, әрекет жасауы жергілікті өкіметтің қиянатына тойтарыс беріп, адамдардың тұрмыс жағдайын жақсартуға айтарлықтай ықпал етеді. Олардың бұл әрекеті мейлі әділетті заң шығаруға бағытталсын, мейлі көшедегі қоқыр-соқырды тазалауға арналсын, бәрібір, оның барлығы — адам игілігіне қызмет етеді. Ал, берекелі қызмет — шіркеудің де, оның мүшелерінің де басты міндеті. Иса Мәсіх әңгіме қылған самаряндықтың өз ісіне ақы төлемей-ақ басқаларға шын жүрегімен қызмет етуі- әрбір Мәсіх жолын қуушы үшін өмірлік өлшем болуға тиісті.

Адамдар табиғатынан қауымшыл болып жаратылғанын біз жоғарғы тарауларда айтқанбыз. Адам еңбегі басқалармен біріккенде жанады, олар батырлықты қасында серіктері барда жасайды, басқалардың көзінше әдепті болуға да тырысады. Бір кезде гимнастикалық жаттығулар жолымен шыққан адам жалғыз орындағанға қарағанда, ол жаттығуларды тұтас топта қаншалық мұқият орындағанын біледі.

Адамдар әрі толық жетілмеген. Сондықтан да олар көп жағдайда айдалада адасып қалған балаға ұқсайды.

Біздер дұрыс жолдан таймас үшін бір-біріміздің көмегімізге мұқтажбыз. Қасыңызда серік болса — жол қысқарады. Басқалардың жүгі де сіздікіндей болса, сіздің арқаңыздағы жүк жеңіл секілденеді. Ондай бірлестікті шіркеуден табасыз. Дінге сенетін адам шіркеуден өзіне рухани үй табады. Біздің өмір сүруіміз үшін қаншама еңбек етуіміз керектігін, өзімізге тынығу мен қолдау табу үшін, басқалармен бірлесу керектігін Иса Мәсіх білген. Иса Мәсіх әрқайсымыздың барып тұруымызға ұсынған сол шіркеу — біздің бірлесу орнымыз.

## ОН АЛТЫНШЫ ТАРАУ

## МӘСІХ ЖОЛЫН ҚУУШЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ

«Адамдар сендерге қандай іс істесін десеңдер, сендер де оларға солай істеңдер»  
Лұқ. 6,31

Сіз Мәсіхпен бірге болып, Киелі кітапты оқуға кіріскеннен бастап, сіз әр түрлі міндеттерді және келелі мәселелерді кездестіре бастайсыз. Сіз Құдаймен де тәубеге келіп, Оған деген дұшпандығыңызды ұмытасыз. Сіздің күнәларыңыз да кешірілді. Сіздің өміріңізге жаңа жол, жаңа болашақ ашылды. Бар әлем өзгерді. Сіз енді бәріне де Иса Мәсіхтің көзімен қарайсыз. Бұрынғы ойларыңыз бен мұраттарыңызға өзгеріс енді. Сізді жетелеген соқыр сезім де жоғала бастады. Бұрын көп жағдайда көзге ұратын менмендігіңіз де қазір жоқ.

Бұрын Мәсіх жолын қуушылардың өмірін дұрыс жағынан емес, бұрыс жағынан сипаттайтын болғандықтан, көп адамдар оны мойындаудан қашатын. Олар — Мәсіх жолын қуушылардың өмір салты тиімді және жағымды нәрселерге қарсы бағытталған, — дейтін.

Мәсіх жолын қуушылар бұл пікірге қарама-қарсы келіп, өмірдің шын қуанышынан бас тартуды ойларына да алмайды. Олар Құдайдан бұрын өз қамын ойлаған нәпсіқұмарлықтан және шығынды көп тілейтін басқа

да қызықшылықтан қашады. Мәсіхті толық қабылдап, Құдайдың қалауын басшылыққа алсаңыз, сіз шын шаттықтың қайнар көзі — Мәсіхке жақындай түсесіз. Астам (жоғарыдан) тумағандар мұны қанағат тұтпаулары да мүмкін. Бірақ, Мәсіхпен күнделікті қатынаста болғандар үшін бұдан артық рахат сезім жоқ.

Псалма жыр жазушы былай деген: «Олар үйіңнің тыңайтқышынан тояды, өзіңнің тәттілік селіңмен суарасың оларды» (Жырл. 35,9). Сонымен бірге Құдай былай деген: «Ол күнәсіз күн кешкендерді игіліктен айырған емес» (Жырл. 83,12). «Бізге бәрін рахат үшін беретін тірі Құдайға сенейік» (1 Тим. 6,17), — деген болатын Елші Пауыл. Мәсіхке үзбей тәу ету — біздерді ақиқат өмір сүргізеді. Мәсіх жолын қуушылардың өмір салты адамдардың заңды ниеті мен ынтасынан бас тартуды талап етпейді. Қасиетті Жазу: Мәсіх келіп, сіздің бар мұқтажыңызды өтегенге дейін күнделікті тіршілік қамын атқара беріңіз, — дейді.

Мысалы, Нух пайғамбардың тұсында да адамдар ішті, жеді, үйленді- бірақ олардың бұл істері күнәларының нысапсыздығына айналды. Лот пайғамбардың тұсында да адамдар сатты, сатып алды, үй салды, — бірақ, оның барлығын күнәкарлық жолмен істеді. Нух пен Лот пайғамбарлардың заманында болған жаман нәрсе адамдардың өздеріне істеген барлық істері өмірлерінің негізгі тілегі болды. Олар өздерінің жеке бас-тары, ғанибеттері, үй-мүліктері мен пайда табудан басқаны ойлаған жоқ. Күнделік тұрмыстағы осы әбігерлілік оларды жетелеп әкеткені соншалық, олардың Құдайды ойлауға да уақыттары болмады. Олардың бұл қылықтары Құдайға жақпады да, Ол жолдан тайғандардың сазайын берді.

Киелі кітап адамдардың жер үстіндегі істерге деген

ынтасын мадақтау үшін жазылмағанын білеміз. Оларда ондай ынта бастарынан асып жатқаны белгілі. Киелі кітап адамдардың қауым игілігіне көбірек назар аударып, рухани дүниелерін дұрыс бағалауларына түрткі болуға қызмет етеді.

Киелі кітап өзіміздің күнделікті міндеттерімізді дұрыс атқарып, оларды орындауды өзімізге абырой санауға үйретеді. Біздер жер үстіне жіберілгендіктен, біз мұнда белгілі бір жұмыстарды атқаруға тиістіміз. Ал, діндарлар сол жұмысты айрықша ілтипатпен мінсіз атқарып, олардың жұмысы ең үздік болуы үшін бар күшін жұмсауы тиіс.

Киелі кітап темірдің, тастың және ағаштың шебер ұстасы ретінде, Веселиильді мақтайды (Мыс. қашу. 35,30). Жақып пен оның балалары ыждағатты бақташы болды. Жүсіп Премьер-министр, ал Даниял мемлекет қайраткері болды. Жүсіп (Назареттік) пен Исаның Өзі ағаш ұсталары еді де, олардың шәкірттерінің біразы балық аулауды кәсіп етті. Біздерге қазынашы болған эфиоптық этек, сатушы болған Лидия, шатыр жасайтын Пауыл, Прискилл және Акил, Дәрігер болған Әкім Лұқпан туралы да деректер жетті.

Мәсіх жолын қуушылардың мұраты — адамдар өз өмірінің қызығы мен істерінен бас тартулары емес. Мәсіх жолын қуушы өзінің күнделікті жұмысын Құдайдың басшылығымен қабілетіне сәйкес атқарып, өзінің осы ісі мен бар ынтасын Тәңірге бағындыруға тиісті. Біз бұдан Иса Мәсіхтің біздің жер үстіндегі тіршілігімізге Өзінің көмек еткісі келетінін аңғарамыз. Иса Мәсіх еңбекте де, қол боста да біздің қасымызда.

Ол біздің қоғамдық ісімізге де көмек етеді. Бірақ бұл көмектің бізді қысылшаң күйге салатын жағы да бар. Өйткені, біз не істесек те, соның бәрін өзімізді

қоршаған әлемнің көзінше атқарамыз. Ал, әлем біздің бар өміріміз Мәсіхке тәу етуге байланысты екенін көруге тиісті.

Доктор Нельсон Белл бір Мәсіх жолын қуушылардың журналында былай деп жазады: «Егер сіз жексенбі күні шіркеуге барсаңыз, онда көргендер сізді Мәсіх жолын қуушы екен, — деп шамалайды. Ал, сізді аптаның басқа күндері көшеде, жұмыста, дүкенде және де басқа қоғамдық жерлерде көргендер сіздің кім екеніңізді қайдан біледі? Қасиетті Жазуда тәубеліктің тиісті орында атқарылуы керектігі айтылған. Уақытында шіркеуге барып тұру, діни жиналыстарға қатысу, шіркеудің бұдан басқа да істеріне араласу — нағыз Мәсіх жолын қуушылардың өміріндегі басты міндеттері. Ақша табу үшін қызмет істеу, үй ішіндік шаруалар, күнделікті күйкі тіршілік — мұның барлығы да біздің нанымымыздың шындығын және Мәсіхпен өміріміздің растығын сынайтын жәйіттер. Сізбен күнделікті ұшырасып қалатын адамдар осы жолығудан нені байқады? Олар сізді күн сайын көріп жүріп, сізді Мәсіх жолын қуушы деп айта ала ма? Немесе біздің кездейсоқ таныстарымыз Мәсіхті білмейтіндерге қарағанда біздің болмысымызда өзгешелік барын аңғара ма екен? Біздің күнделікті өміріміз — кімнің Мәсіх жолын қуушы екендігін дәлелдейтін үлкен сын.

Біздің куәгерлеріміздің ақиқаттығы әр жағдайда көрінеді. Ол біздің не айтқанымыз бен нені айтпай қалғанымыздан, не істеп, неден іркіліп қалғанымыздан байқалып тұрады. Мәсіх жолын қуушылар екендігіміз біздің сыртқы тұрпатымыздан көрініп тұрмаса да, ол әр сөзімізден, әдетімізден, бос уақытты қалай өткізетіндігімізден, күнделікті өмірімізге әсер ететін талабымыздан сезіліп тұруға тиісті. Біздің әңгімеміз Мәсіхке



аброй жасай ала ма? Біздің дағдыларымызды Ол қолдар ма екен? Біз бос уақытымызды оған Мәсіх қатыса алатындай етіп өткізе аламыз ба? Біздер үйде емес, қоғамдық орында тамақтансақ та, ішкен асымыз үшін Құдайға тәжім етеміз бе? Біздің материалдық заттарға қандай маңыз беретінімізге қарап, біздің «көрік туралы ойлайтынымыз» немесе ең алдымен, жерге құштарлығымыз жөнінде адамдар біздерге баға бере ала ма? Қоғамда Мәсіх жолын қуушылардың салтына сай келмейтін дәрежеге ұмытылатынымызды басқаларға сездіріп аламыз ба? Біздер өзімізге осы секілді сұрақтарды көптеп қоюымыз керек. Өйткені, біздің нағыз Мәсіх жолын қуушы екендігімізді солар көрсетеді.

Нәсіл мәселесіне біздер қалай қараймыз? Жыныс жөнінде де қандай көзқарастамыз? Жұмысқа жалдаушылар мен жалданушылардың арасындағы қарым-қатынасқа қалай қараймыз? Басқаша ойлаушыларға деген біздің пікіріміз бен құрметіміз қандай? Осы секілді өмірлік маңызы бар сұрақтарға жұрт бізден жауап күтеді. Біз олармен осыған беретін жауабымызға сәйкес олармен өмір сүруіміз керек.

Біздің қауымның және өзді-өзімізбен қатынасымыздың ережесі мынау болуға тиісті: «Адамдардан өздеріңе қандай іс-қылық тілесеңдер, өздерің де олармен солай істеңдер». (Лұқ. 6,31).

Көп адамдар «Әлеуметтік Інжіл» дегенді кінәлайды. Бірақ, Иса Мәсіх бізді бір қолымызбен рухани жаңаруды ұстанып, екінші қолымызбен жуықтағыларға салқын су ұсынуымыз керектігін үйретеді. Мәсіх жолын қуушылар бірінші болып әлеуметтік мәселелер мен әлеуметтік әділетсіздікке шыдамсыз болуы керек. Шіркеу адамдардың тұрмыстық халін жақсарту ісіне барлық ғасырлар бойы араласып келеді. Бала еңбегіне заң

бойынша тиым салынды. Құлдық жойылды. Әйелдердің жағдайы да тарихта болмаған дәрежеге көтерілді. Иса Мәсіхтің ілімінің ықпалына сәйкес басқа да реформалар жасалды. Қоғамда Мәсіх жолын қуушының өзіне сай орны болуға тиісті. Ол өзі әділетті және дұрыс деп санайтын нәрселерді батыл қолдаудан айбынбауы керек.

Бірінші: Мәсіх жолын қуушы жақсы азамат болуға тиісті. Киелі кітап Мәсіх жолын қуушыларға заңға құлақ салуды үйретеді. Және ол өз еліне адал болуды да талап етеді. Бірақ, біздің жеке топқа бағытталған кейбір әділетсіз заңдарға қарсы шығуымыз, отанды сүймегендік, оған адал болмағанымыз емес. Киелі кітап Құдай ешкімнің бет-жүзіне қарамайтындығын айтады. Барлығымыздың мүмкіндігіміз бірдей болуға тиісті. Біздер үшін Құдай тәртібі үлгі болуы керек.

Киелі кітап өкіметпен бірлесе отырып қызмет атқаруымыз керектігін айтады. Иса Мәсіхтен: «Сен мынаған қалай қарайсың: патшаға салық төлеу дұрыс па, жоқ па?» — деп сұраған (Мат. 22,17). Иса Мәсіх салық төлеуді мәңгілікке бекітті. Заң мен тәртіп сақтауды қатаң бақылау үшін ақша керек. Салық төлеуден қашқан адам азаматтық өміріндегі қан сорғыш болып есептеледі, ал шындығына келгенде одан асатын ұры жоқ. Нағыз Мәсіх жолын қуушының ешқайсысы салық төлеуден қашпайды. Иса Мәсіх былай деді: Патшанікін патшаға, Құдайдікін Құдайға беріңдер (Мар. 12,17). Біз қатардағы салық төлеушілерден жоғары болуымыз керек. Заңды сақтаудың өзі де жеткіліксіз. Біздер өз еліміздің игілігі үшін еңбек етудің жолдарын іздестіре беруіміз керек. Бізді өз отанымыз үшін жан беруге де шақыруы мүмкін. Біз оны Құдай ырқымен қуана-қуана орындауымыз керек. Біздер ізгі азамат ретінде зерделі де болуға тиістіміз.

Бізде адамсүйгіштік те қасиет болуы керек. Сонымен қатар, азаматтық жағдайын жақсарту үшін қызмет етіп жүрген қайырымдылық мекемелеріне сыйлықтар беріп тұрғанымыз абзал. Біз өзіміздің шіркеуге қызмет еткендей, Қызыл Крест қоғамына, Құтқару Армиясына және адамдарға жәрдем ететін басқа да жақсы, жасампаз мекемелердің жұмысына белсене араласуымыз керек. Жетімхана, аурухана, кәрілер үйі, түрмелер мен басқа да әлеуметтік мекемелер Мәсіх жолын қуушылардың көз қырынан кетпегені жөн. Иса Мәсіх былай деді: «Сен өзіңді қалай жақсы көрсең, жақыныңды да солай жақсы көр» (Мат. 22,39). Ешқандай қайырымдылық мекемелері жоқ мемлекетті көз алдыңызға келтіріңізші! Ондай елде ешкімнің де өмір сүргісі келмес еді. Біз өз жақындарымызға деген махаббаты бар жерде тұрғымыз келеді. Әркім өзін қоршаған ортада, тиісті орнын алуы керек. Жауапты міндет атқарып жүргендер құрметке, басқаларды қолдауға қақысы бар.» Барлық адам жоғары өкіметке бағынышты болуға тиісті. Өйткені, Құдай қоймаған өкімет жоқ, ал бар өкімет — Құдайдікі» (Рум. 13,1).

Екіншіден: Мәсіх жолын қуушыларда «оғаштық махаббат» болуы керек (1 Тим. 3,2). Киелі кітап біздің үйі, - бар адамға ашық болуы керек, — деп үйретеді. Ол үйге кіріп, шыққан адам оның ішінде Мәсіхтің барын сезуі керек. Құдай бізге не берсе, басқалармен соны бөлісуіміз керек. Құдай сонда бізге және біздің үйімізге батасын береді.

Үшіншіден: Біздер жыныс мәселесіне Мәсіх жолын қуушылардай қарауымыз керек. Кейбіреулер мұны күнәкарлыққа санағылары келгенімен, еркек пен әйелдің жыныстық қатынасы Киелі кітаптың еш жерінде күнә деп айтылмаған. Киелі кітап жыныс мәселесіне дұрыс

қарамауды ғана күнә деп санайды. Жер үстіндегі өмір жыныстық қатынас арқылы ғана пайда болды. Сондықтан да ол қатынас адамның ләззатқа деген құмарлығының ішіндегі ең бір ғажабы, ең бір қанағаттандыра аларлықтай әсерлісі болуы керек.

Алайда адам табиғатындағы кейбір өзін-өзі бүлдіретін ұятсыздық-махаббаттың арқасында, екі адамның арасындағы ең зор және сондай жетілген махаббаттың рахат ісін, барып тұрған жаман көргенсіздікке айналдырып, төмендетіп жібереді. Бірін-бірі қуантпайтын, біріне-бірі ынтығуы, сүйіспеншілігі жоқ жыныстық қатынас малдар ғана істейтін хайуандық нәрсеге айналады. Киелі кітап бізді міне осыдан өте-мөте сақтандырады.

Киелі кітап — жыныстық мәселе жөнінде онша қымсынбай едәуір ашық жазатын кітап. Онда «жасырушылық», әйел мен еркектің қатынасын дұрыс жағынан да, бұрыс жағынан да күлкі еткісі келетін мақсат жоқ. Жақындасу жөнінде өтірік, қулық, жасырушылық, ұялушылық- бәрі адамдардың өзінен шығады.

Қазіргі кезде өтірік қымсынғанды, ұят-аятты жиыстырып қойып, еркек пен әйелдің еліктіретін жерін көрсету арқылы денені қоздыру етек жайып барады. Адам махаббатының ең биік рухани мағынасы осылайша арзандауға айналды.

Ерлі-зайыптылардың ажырасып кетуі олардың арасында рухани байлықтың түп қазығы жоқ екендігін көрсетеді. Әйел мен еркектің тұрмыс құруы — біздің өміріміздің ең қажетті бөлігі. Біз оны қойдырамыз десек те қойдыра алмас едік, өйткені ол-өмірді жалғастырудың ең басты негізі. Неке мәселесіне дұрыс қарау әр үйге береке әкеледі. Оған атүсті қарағандар өз өмірлерін тозаққа айналдырады. Жыныстық мәселеге парасаттылықпен қараңыз. Сонда ол сіздің тамаша

көмекшіңізге айналады. Бірақ сіз оған шектен тыс салынсаңыз, ол сіздің қатал әміршіңіз болады.

Жыныстық мәселе жөнінде газеттерде, жарнамаларда айғайлап тұрған материалдар берілсе, құны төмен кинолар көрсетілсе — діндар адамның сезіміне атылған оқтай тиеді. Құдай сыйлаған өмірде жасалған әдепсіздік, ақылсыздық, ұятсыздықтың бәрі рухани мешеуліктен, өзін-өзі сыйламаудан шығады. Діндарлар солар үшін қызарады, намыстанады.

Төртіншіден: бұдан, жыныстық мәселесіне Мәсіх жолын қуушылардай қарағандар, некеге де солайша қарайды деген қорытынды шығады. Сіз некелескеннен бұрын некені жерде де, көкте де байланыстыратын рухани байланыстар жайлы ойланыңыз. Біз біртіндеп бой жетеміз, алдымен ата-анамызды, сонан соң достарымызды, сонан соң өз өмірін тек сізге арнайтын жалғыз адамды сюдi үйренеміз. Мұның бәрі өте қиын процесс. Өйткені, бұзылып бітпеген күнәкар адам махаббаттан гөрі өшпенділікке дайын тұрады.

Көптеген жастар, өз бақытсыздығына орай, өзіне өмірлік серік болушыны, тұрмыс тұсауы, тән мен шайтанның шынжырында жүрген кездерінде іздейді. Осыдан барып, рухани жетілмеген адамдар сүйіспеншілігі мен мейірбандығы жетіспейтін семья құрады, ал оның ақыры ажырасып кетумен тынады да, мыңдаған балаларды жетімдікке душар қылады.

Неке дегеніміз — қасиетті одақ. Екі адам бірлесіп, тұрмыс құру арқылы бірін-бірі түсінеді. Некені Құдай да қолдайды, өйткені Ол еркекке-көмекші, әйелге-жетекші керектігін біледі. Некенің негізгі мақсаты да осы екендігін күйеулер мен жұбайлардың ұмытпауын Құдайтағала қатты қадағалайды. Әйелдің парызы — ерін сүю, оған беріле қызмет ету. Ал, еркектің борышы

— әйелін және одан туған балаларын сүю, оларға жақсы тұрмыс орнату, әйелімен түсінісу арқылы Құдай қолайлаған от басының бірлігін бұзбау.

Құдай заңы мен Құдай мақсатын айқын білген некеде тұрғандарда ажырасу деген болмайды. Биік мақсатсыз және де айқын негізсіз үйленген жастар шын бақытты таба алмайды. Құдай олардан ерлі-зайыпты ретінде нені талап ететінін түсінген соң ғана Онан көмек пен басшылықты өтіне алады.

Бесіншіден: еңбек мәселесіне де біздер Мәсіх жолын қуушылардың пайымымен қарауымыз керек. Киелі кітап былай дейді: «Сіздер не істесеңіздер де, оны адамдарға емес, Тәңірге істегендей етіп атқарыңыздар. Тәңірден қылығыңызға сай мұра алатындарыңызды біліңдер. Кімде-кім бұрыс жүрсе, бұрыстығын алады. Өйткені Онда екіжүзділік жоқ. Мырзалар, құлдарыңа тиістісін және әділін беріңдер, аспанда өздеріңнің де Тәңірлеріңнің барын ұмытпаңдар» (Қол. 3,23-25 және 4,1).

Егер жұмысшы жалдаушылар мен жалданушылардың барлық қарым-қатынасының арасында Мәсіх жүрсе, ешқандай бүліншілік болмас еді. Бірін-бірі жеңе алмайтын, көндіре алмайтын кикілжің, айтыс-тартыс та жоғалар еді. Егер жұмыс берушілер жұмысшыға қайырымдылықпен қараса, анау да алған ақысын адал еңбегімен қайырар еді, тек ақы үшін емес, Құдай үшін еңбектенер еді.

Киелі кітап адал еңбектің қадірін — мойындайды, сондықтан да Мәсіх жолын қуушы өз ісіне шын берілген бейнетқор болуға тиісті. Ол фабрикада немесе дүкенде жұмыс істесе де, шындық пен әділдік үшін айқаса білуі керек. Бірақ, ол бас пайдасын ойлап, ешкімнің аяғына жығылмауы керек.

Сол секілді жұмысшы жалдаушы Мәсіх жолын қуушылар да өз қызметкерлерін құрметтеп, оларға жомарттық істеулері керек. Бұл басқаларға үлгі болар еді. Олардың жұмыс басындағы қауіпсіздігін, өнімді еңбек етулерінің жағдайларын да ойластырғаны жөн. Ал, ең бастысы — олар жұмысшыларға «жұмыс қолы» деп емес, адам деп қарағандары ләзім.

Жұмысшы жалдаушылар сияқты қызметкерлер де қазір өздері пайдаланып жүрген жақсы жағдай мен үлкен түсінушілік ұлы рухани ояну нәтижесі екенін ескеруі тиіс. Жұмысшылардың кәсіподақтары өз бастауын шіркеуден алған. Және ол-он сегізінші ғасырдағы жаңару құдіретінің нәтижесі. Жұмысшы табының әлеуметтік бостандығы Англияның мемлекеттік, Мәсіх жолын қуушылардың қайраткері Лорд Шефтесберидің тұсынан басталады. Ол өз семьясының наразылығына қарамастан, өмір бойы жұмысшылардың жағдайын жақсарту, жұмыс күнін қысқарту, еңбек ақыны көбейту, жұмысшыларға жақсы қарау жолында аянбай күресті. Он сегізінші ғасырдағы осы рухани ояну болмағанда, еңбекшілердің қазіргі пайдаланып жүрген жеңілдіктерінің болу-болмауы белгісіз еді де, ал бола қалғанның өзінде көп кейін келетін еді. Еңбекшілердің кейбір басшылары дінді, Құдайды, шіркеу мен Киелі кітапты мойындағылары келмейді. Олар өздерінің қазіргі қолда барларына Иса Мәсіхтің Інжілінің арқасында жеткендіктерін естеріне алса құба-құп болар еді.

Еңбекшілердің басшыларының біразы тәкаппар, өр көкірек, мыңғырған бай, билік құмар адамдар. Өнеркәсіп қожалары да солай. Олардың бәрі Құдайдың алдында жуасулары керек. Және де адамдар бір-біріне тәуелді екенін, бір-бірінің мұқтаждарына қарайла-

сулары керектігін алтын заң ретінде ұстанғандары абзал болар еді.

Алтыншыдан: Мәсіх жолын қуушылар нәсіл мәселесіне де Мәсіхтің көзімен қарайды және бұл адамгершіліктің келелі мәселесін шіркеудің шеше алмағанын мойындайды. Біздер спортқа, көңіл көтерушілікке, саясатқа, армияға, ағарту істері мен өнеркәсіпке тым беріліп кеттік. Өмірге жетекшілікті шіркеу атқарғаны жөн еді. Әр істе өктемдік пен зорлыққа жол беріп отырған қазіргі құрама соттардың міндетін шіркеу өз еркімен атқаруға тиісті. Бұл сияқты нәрселерді талдай келгенде, олардың шешімін-бәріміздің барар жеріміз — айқыш ағаштың (крестің) етегінде табамыз. Нәсілі бөлек халықтар Мәсіх пен Оның айқыш ағашына жақындаған сайын, олар да бір-бірімен жақын табысар еді.

Киелі кітап: Мәсіхті тәу етушілер — адамдарды Эллин немесе иудей, еркек не әйел, мәдениетті немесе тұрпайы, бай және кедей деп бөліп жатпайтындықтарын айтады. Біз бәріміз Мәсіх үшін біреу-ақпыз, — дейді Киелі кітап. Айқыш ағаштың етегіне барғанда — бәріміз теңбіз. Иса Мәсіх біздің рухани көзімізді ашқанда біздер терінің түсіне, тапқа, дәрежеге көңіл аудармаймыз, біздер өзіміздегі сияқты ынтасы, қорқынышы, мұқтажы мен үміті бар пендені көреміз. Біз адамдарға сонда Тәңірдің көзімен қараймыз.

Жетіншіден: экономика мәселелерінде де Мәсіх жолын қуушылардың қатысы басым болу керек. Иса Мәсіх адамның өмірі байлыққа байланысты еместігін айтқан. Ақша дегеніміз — жақсы құл да, жаман басшы. Мүліктің орыны қалтада немесе банкте, бірақ жүректе емес. Байлықтың бұл өмірде өзіндік орыны, өз күші бар, бірақ оны таққа отырғызып, қол астына мемлекет беруге болмайды. Ашыққаннан құныққан жаман. Бай-



лық — адамның көзін тұндырып, оған білгенін істетеді. Ол жүректі ызғарландырып, игі ниетті өлтіреді, адам өмірінің құнын кемітеді.

Құнығушылықтың қай түрінен болмасын, сақ болыңдар! Біз одан мықты тәртіп, дұға және қырағылық арқылы қорғануымыз керек. Өмір доллар және тиынмен, үй және именимен, табыскерлік және қаржымен өлшенбеу керек. Дүниеқорлық ешкімді құлдыққа апармағаны абзал.

Мұраға таласқан ағайынды екі жігітке билік айтыңыз — деп Иса Мәсіхке жүгінгенде, Ол аспаннан берілетін аяндарында, оларды жер бетіндегі өмірлерінде қолдану керектігін айтып жүретін өзінің тамаша, нақыл әңгімесін айтты. Дәулеті шалқып, байлығы тасыған бір жер иесі болса керек. Оның бар ойлағаны байлығына байлық қосып, жұрттың бәрін ел аузына қарату болды. Ол өзі бейнетқор да, адал да, әр ісін ойлап істейтін сақ та, ұқыпты да, өнегелі де болса керек. Бірақ ол басқалар сияқты өзінің атаққұмар, менмендігінің құрбаны болды.

Оның өміріндегі өлшемі егіні жайқалған дала, мүлікке толы қойма екен де, жанына жағымдысы — даңғойлық болды. Осылайша байлық пен дәрежені қатар қуған ол өмірдің өзі шүбәлі екенін де, аспанда Құдайдың барын да есіне алмады.

Бірақ, соңғы сөзді Құдай айтты да, болашаққа жасаған жоспарының айдалада қалып, ол кенеттен қайтыс болып кетті. Тірнектеп жинаған дүниесі ұстағанның — қолында, тістегеннің — аузында кетіп, ол ана дүниеге, Құдайдың алдына құр алақан, жалаңаш барды.

Бәріміз де бұл өмірге құр алақан келіп, о дүниеге құр алақан кететінімізді ұмытпауымыз керек. Шын-

дығына келгенде дүние — мүлік те, тіпті, өз жанымыз да өзіміздікі емес. Ол — Құдайдікі. Жер үстіне келген шолақ өмірімізде біздер тек Құдай байлығының қорышысымыз. Біз көзбен көріп, қолмен ұстап жүргеннің бәрін Құдайдан аламыз. Біз соны естен шығарамыз да, сараңдық пен ашкөздікке салынамыз.

Біз бірнәрсені көрсек болды «бұл менікі» деп үйімізге қарай ала қашамыз. Басқалардың қолындағысына да қызғана қарап, «қалай соны қолға түсіріп алсам екен» деп әлекке түсеміз. Сондай кездерде, өстіп жинаған дүниені өзімізбен бірге ақыретке алып кете алмайтынымыз естен шығады.

Бірақ, бұдан жер үстіндегі байлық күнә екен, — деген ой тумасын. Мұны Киелі кітап та айтпайды. Бізге Құдай берген дарын мен дәрежені ең жақсы және ең қажетті істерге жұмсауымызды Құдай бізден күтеді, — дейді Киелі кітап. Жыныстық мәселедегі секілді, биік мансап пен ақша табудың дұрыс та жолы бар, күнәкарлыққа апаратын бұрыс та жолы бар. Мұны өздерінше түсінген көптеген Мәсіх жолын қуушылар «Құдайдың қалағаны болсын», — дегенді желеу етіп, жасанды тәкаппарлыққа барды, тіршілікке белсенді түрде талпынбай, қасақана жоқшылық күн кешті, бала-шағаларына да таршылықтың тауқыметін тартқызды.

Иса Мәсіхтің бір бай туралы тамаша нақыл әңгімесі бар. Сол адам белгілі бір ақшаны қызметшілеріне үлестіріп береді де, «мен жоқта жарата беріңдер» деп, бір жаққа кетіп қалады. Бір күні ол қайтып оралып әлгі ақшасын сұрастырса, біраз қызметшілері оны пайдалы нәрсеге жұмсап, ақшаларына ақша қосып алыпты. Сонда ол, оларды дұрыс шешімдерінің арқасында байығанын айтып мақтады. Ал, парасатсыз біреуінің бар ойлап тапқаны — қожасы берген ақшаны

бір әжетіне жарату орнына, жасырып тығып қойыпты. Сөйтіп, ол қожасынан сөгіс естіді.

Ақшаны Құдай заңына сәйкес қолдан келгенше мол табыңдар. Сонан соң оны Құдайдың әмірі бойынша жұмсаңдар. Тәңірге тиісті ондықты да бір тиынына тимей беріңдер, өйткені ол істеріңнің дұрыс екендігі Киелі кітапта айтылған. Құнды нәрселер жөнінде бір нәрседен күдіктенетін болсаңыз, қолыңызға Киелі кітап алып, Иса Мәсіхтің ақша табу, оны жұмсау, байлықты бөлу жөнінде не айтқанын оқыңыз. Сонан соң өзіңізге: «Бұл жағдайда Иса Мәсіх не істер еді?» — деген сұрақ қойып, тек соны басшылыққа алыңыз.

Сегізіншіден: Мәсіх жолын қуушылар өз маңындағы адамдардың қайғы-қасіреті жөнінде де уайымдауы керек. Сіздің еліңіздегі қалалардың лас түкпірлері көп болса, ол сіз үшін де кемшілік. Мыңдаған адамдардың сіздің көз алдыңызда қайыршылық және кемтарлық күн кешуі сізді де ойлантпай қоймайды. Жоқшылық басқан жұрттың ауыртпалығын жеңілдеткіңіз келіп, сіз де қоғамдар мен мекемелердің жұмысына араласасыз. Көптеген адамдар бір бастаған ісін аяқтаудың әрекетімен жүріп, дәл қасында күнелткен бейшараларға қол ұшын созуды да ұмытып кетеді.

Қарапайым халық Мәсіхті беріле тыңдады, — дейді Киелі кітап. Ол қайда жүрсе де ауруларды сауықтырды, күйініш басқандарға жұбату берді. Мәсіх жолын қуушылар да жетімхана, аурухана, кәрілер үйінің халін жақсартуға дәл өз үйіндікіндей белсене араласып тұруы керек. Олар өз отанының байлығынан әлемдегі басқа елдердегі мұқтаждық шегушілерге де ағайынгершілікпен қарасқаны абзал. Мәсіх жолын қуушылар кемтарларға көмек беретін ұлттық немесе халықаралық қоғамдарға мүше болуы керек.

Қауымнан аулақ бол деген сөз Киелі кітаптың еш жерінде айтылмайды. Қайта, ол жұртпен тіл табыса білуді құптайды. Біздер бақытсыздарға көмек көрсетіп жүрген басқа жұртпен тізе қосуымыз керек. Құдайға әлеуметтік қызметтегілер, дәрігерлер, мейірбандық қоғамда істеушілер, адам қасіретін өздерінің игілікті істерін өндірте жүргізгендер керек.

Америкада құрылған ізгілік және әлеуметтік ұйымдардың кейбіреуінің ұрандары мынау: «Қызметіміз басқалар үшін», «Азаттық пен білім- біздің ұлтымыздың қауіпсіздігі», «Біздер құрылыс саламыз», «Өзіңнің жақындағыңды сүй». Бұл ойлар Мәсіх жолын қуушылардың өмірінде дүниеге келді. Пұтқа табынушылардың ешқайсысында мұндай ұйымдар жоқ. Олардың барлығы — Мәсіх жолын қуушылардың дінінің қосымша жемісі. Мәсіхтің Рухы әлеуметтік көмекті жебеп жүр. Мысалы, ежелгі заманда аурухана сияқты мекемелер болған емес.

Чан-Кай-Шидің әйелі былай деді: «Қонфуцидің діні ата-бабаны Құдай тұтуға шақырғанымен, қазіргі қарткәрілерге арнап, бірде бір үй салған емес». Сондықтан әрбір Мәсіх жолын қуушы осы ұрандармен байланысты өмір сүруі керек еді. Онда біздің әлем құлпырып кетер еді. Иса Мәсіхтің ұраны: «Сүйіспеншілік және қызмет көрсету» — болатын. Яғни Мәсіхке деген сүйіспеншілік, Мәсіхке арналған қызмет. Жақындарымызға деген сүйіспеншілік, жақындарымызға арналған қызмет. Мәсіх былай деді: «Мені сүйетіндерің рас болса, Менің өсиеттерімді сақтаңдар» (Жох. 14,15). Мұны екінші сөзбен айтқанда: «Егер мені сүйсеңдер, Маған бағыныңдар!» — деген. Мәсіх бізді Оған не қызмет көрсеткенімізбен сынап алады. Өйткені, біреуді сүймейтін болсаң, оған қызмет ете алмайсың.

Тоғызыншыдан: Мәсіх жолын қуушылар өзінің Мәсіх жолын қуушы бауырларына деген ерекше ықыласы бар. Біздің Мәсіх жолын қуушы бауырларымыз жөнінде сөз бөлек. Біз оларды өзгеше сезіммен, рухани махаббатымызбен сүюіміз керек. «Біздер өлімнен өмірге көшкенімізді білеміз, өйткені бауырларымызды сүйеміз. Бауырын сүймеген, өлімде қалады» (1 Жох. 3,14).

Біз дұшпандарымызды да сүюіміз керек. Біз, тіпті, өзімізге күн көрсетпегендерді де, бізді «өсекке жыққандарды» да сүюіміз керек.

Бірақ, біздің адамдарға деген ғаламат сүйіспеншілігіміз, басқа Мәсіх жолын қуушыларға арнаған ықыласымыздан байқалады. Иса Мәсіх былай деді: «Менің сіздерге айтар уағызым мынау: Мен сіздерді қалай сүйсем, бір-біріңді сіздер де солай сүйіңдер» (Жох. 15,12).

Біздер діндарлар ретінде өзіміздің ара қатынасымызда бір-бірімізге үлгі болуымыз керек, — дейді Киелі кітап. Елші Пауыл былай дейді: «Сөзіңізбен де, өміріңізбен де, махаббатыңызбен де, рухыңызбен де, сеніміңізбен де, тазалығыңызбен де өзіңізге адал ниеттілерге үлгі болыңыздар» (1 Тим. 4,12).

Бұл — тілек емес, бұйрық! Бұл — кеңес емес, сізге жүктелген міндет. Біздер үлгілі Мәсіх жолын қуушылар болуға тиістіміз.

Киелі кітап бізді кешірімді болуға да шақырады. «Бір-біріңе қайырымды болыңдар, қайғыларыңа ортақтаса біліңдер. Құдай сіздерді Мәсіх үшін кешіргені секілді, сіздер де бір-біріңе кешірімді болыңдар» (Ефес. 4,32). Мәсіх былай деді: «Ал, сендер кісілердің жасаған күнәларын кешірмесеңдер, Аспандағы Әкелерің сендердің де күнәларыңды кешірмес» (Мат.

6,15). Ол тағы былай деді: «Ал сендер дұға етіп тұрғандарыңда біреуге өкпелерің болса, оны кешіріңдер, сонда аспандағы Әкелерің де сендердің күнәларыңды кешіреді» (Мар. 11,25).

Біздер, Мәсіх жолын қуушылар, бір-бірімізді жамандап, ағайын арасына кедергі тас қоймауымыз керек.

Киелі кітап біздің бір-бірімізге бағынуымызға, бойсұнуымызға, әрқайсымызды өзімізден жоғары көтеруге тиіс екенімізді айтады. Бірінші орынға басқаларды, соңғыға өзімізді қоюымыз керек.

Мәсіх жолын қуушылар ретінде басқалардың да ауыртпалығын арқалауға тиістіміз. Сонымен бірге, тек өзіміз көтеруге тиісті ауыртпалықтар да бар. Оған басқалар еш көмек ете алмайды. Мысалы, Құдай Сөзіне құлақ аса отырып, адал өмір сүруді, балаларды Құдайды тануға тәрбиелеуді, әйелімізге не ерімізге бақыт берудің өзіндік қиындығы сияқтылар. Олардың ауыртпалығын әр адам өзі арқалауы керек. Біздерде, мысалы, қайғыру, бақытсыздық, сын, жалғыздық, тұрмыс күйбеңі, рухани жұтау, немесе қоғам алдындағы жауапкершілік секілді, достарымыз көмектесе алатындай қиыншылықтар да бар. Бірақ, біздер ол ауыртпалықтардан тайсалмауымыз керек. Біз олардың бәрін Тәңірдің мойнына жүктеп, одан арылатын күш беруін өтінуіміз керек. Сөйте тұра, жақындарымыз қиналған шақта оларға қол ұшын беру — біздің борышымыз.

Дінге сенетіндер бір-біріне жомарт болуы керек, — дейді Киелі кітап. Жетімдер мен жесірлерге, дінге сенушілердің ішіндегі Мәсіх жолын қуушыларға қамқор болу сіздің борышыңыз, — дейді Құдай. Киелі кітап былай дейді: Әулиелердің мұқтажына садақа беріңдер... қонақжай болыңдар... Құдайдың жолаушыларын күтіп алыңдар... әулиелердің аяғын жуыңдар...

қайғы-қасірет басқандарды еске алыңдар, келгендерді ұмытпаңдар. Осы аздарға істегенімізді біз Ол үшін істейміз, «қабылдағаннан гөрі, берген игілікті», — деген болатын Мәсіх... «Шын ықыласымен бергендерді Құдай сүйеді» (2 Қор. 9,7). Мұның бәрі де біздердің Мәсіх жолын қуушылар ретіндегі бір-бірімізге деген қоғамдық міндетіміз.

Ең соңынан айтарымыз, Мәсіх жолын қуушы қайырымды болуы керек. Мейірім мен сүйіспеншілік-Мәсіх жолын қуушылардың қиын ерліктерінің бірі. Тек өзімізді ақтап, басқаларды қаралау — біздерге тән нәрсе. Мұның бәрі Қасиетті Жазудағы «мынаны істем», — деген уағызға негізделсе ғана дұрыс. Ал, біз көбінесе білгенімізді істеп кетеміз. Шіркеуде кей кездері өзді-өзі айтысып қалатын әр қилы топтардың болуы, адамдардың жік-жікке бөлінуге бір табан жақын жүретіндігінің белгісі. Ол топтар терең нанымды ұстағандарымен, кей кездері майда-шүйде мәселеге барып, тек өздерінікін ғана дұрыс деп айтысып, айдалаға лағады.

Қайтыс болып кеткен доктор Гарри Айронсайд былай деген-еді: «сіздің нанымыңызды пікір деп қабылдағаннан қорқыңыз».

Біздер, әрине, ақаулықты, зұлымдықты, әділетсіздікті батыл әшкерлеуіміз керек, бірақ біздің зұлымдыққа деген айтарлықтай төзімсіздігіміз көп жағдайда күнәкарларға деген кешірілмейтін төзімсіздікке айналып барады.

Мен өзінің діни танымы бойынша белгілі бір адамның теледидарға: «Сіз күдікті адамдардың ортасында немесе ұғымдары мен көзқарастары Мәсіхтің түсінігіне қайшы келетіндердің арасында жүрген Мәсіхті көре алмас едіңіз», — деген сөзін естіп, аң-таң болдым.

Бұл адам Иса Мәсіхтің кіммен болса да аянбай кездесіп, еркін сөйлескенін білгені жөн болар еді! Фарисейлер мен кітапшылардың Оған таққан басты айыптарының бірі- Мәсіх кез-келген адаммен, ол салық жинаушы ма, әлде ұры ма, зиялы ма, әлде жезөкше ме, бай ма, әлде кедей ме, бәрібір, олармен тіл табысуға дайын тұратындығы. Мәсіх әңгімелесіп тұрған кейбіреулерден, тіпті, Оның шәкірттері де сөйлесуден қашатын. Бірақ, Мәсіх өмір үшін алысқан аш-жалаңаш, кемтарларға жаны ашып, олармен бірге болуға ниет білдіретін.

Мәсіхте, тіпті әлемде сирек кездесетін бәрін қамтығыш ақыл бар болатын. Оның ішкі нанымның мықтылығы соншалық, адамдар қай ұғымда болмасын, Мәсіх олармен кездесіп айтқандарынан еш уақытта қорықпайтын. Өзіміздің ұғымымызға көлеңке түсірер деп қорқып, біздер басқа біреулердің пікірлерін жақтырмай тыңдаймыз. Иса Мәсіхте ондай қорқыныш жоқ-болатын. Оның пікірлерінде ұсақтық деген болмайтын. Оған Өзінің қауіпсіздігі үшін қоршалыну да қажет емес-еді. Ол қайырымдылық пен ымыраға келудің арасын жақсы ажырататын. Мұндай өнерді біздің де үйренгеніміз артық болмас еді. Ол бізге мейірбандыққа ұласқан шындықтың ғажап үлгісін көрсетті. Соған соң, Ол Өз шәкірттерімен қоштаса тұрып: «Барыңдар да, Менің істегендерімді істеңдер!» — деген еді.

Бұл айтылғандар — Мәсіх жолын қуушылардың қоғамдық міндеттеріне жататындардың тек аз бөлігі ғана. Олар дүниеден безген секілденіп, адамдардан тайқып, бөлек өмір сүрмеуі керек. Мәсіх жолын қуушы — қоғам мүшесі. Сондықтан да Мәсіхтің ілімі жақындарымызға деген көңіліміз жөнінде нұсқауға толы.



Киелі кітапті зерттеңдер, оқыңдар, — соған сәйкес өмір сүріңдер. Сіздер сонда ғана біздің бойымызға тынышсыз әлемді өзгертетін Мәсіх дарытқан күшті көрсете аласыңдар.

## ОН ЖЕТІНШІ ТАРАУ

# МӘСІХТІҢ ЖОЛЫН ҚУУШЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ

«Мен сіздерге орын әзірлеуге бара жатырмын. Әзірлеп болған соң қайтып келіп, сіздерді ертіп кетемін де, Мен қайда болсам, сіздер де сонда боласыздар».

Жох. 14,2-3

Біз қазір зор дағдарысқа ұшырап отырғанымызды бүкіл әлем біледі. Апаттың бұдан былай да ұлғая беретіндігін талайлар алдын ала болжап отыр. Жер бетінен жоғалуға халықтардың өзі ұмтылады дейтіндер де бар. Жалпы, біздің өркениетіміздің күні батуға таяу,- дейді көп адамдар.

Халыққа көп тарайтын кітаптардың біразы болашақты болжауға арналған. Газеттер мен журналдардың бас мақалаларында «Армагеддон» — ақыр заман мен өркениеттің жойылуы жайлы сөздер бар. Бір президент өз сөзінде: «Ғылым бізге өзімізді-өзіміз қиратуға мүмкіндік берді», — деді. Виллиям Фогт «Тірі қалуға апаратын жол» деген кітабында былай деп жазды: «Бес құрлықтың қабырғасындағы жазулар біздің ақыр заман алдында тұрғанымызды білдіреді». Доктор Қ. Ульман былай деп жазды: «Біздер жақсылық пен

жамандықтың, шындық пен өтіріктің, өлім мен өмірдің арасында тұрмыз, не оны, не мұны таңдауға тиістіміз. Егер дұрыс таңдай алмасақ, онда біздер адамзаттың соңғы ұрпағы боламыз».

Профессор Сорокин былай деп жазды: «Біздер адамзат тарихындағы алапат дағдарыстың тұсында өмір сүріп отырмыз. Бар әлемді тек соғыс, аштық, оба және революциялар емес, басқа да апаттар сілкіндіруі мүмкін. Құнды деп жүргеніміздің бәрі өз маңызын жойды, тәртіп бұзылды. Қазіргі адамзат өзінің бір кездегі мейірбанды кескінінен айырылып қалды. Дағдарыс қанат жайып барады, ол мәдениет пен қоғамға да ауыз салды. Өнер мен ғылым да, Фәлсафа, дін де, өнеге мен заң да дағдарыс алдында тұр. Ол әлеуметтік, экономикалық және саяси құрылымдар мен жалпы өмір келбеті және ойлану қабілетінен байқалады. Бұл апаттың жойқын күші барлық қаһарын бізге төндірді. Ал, қазіргі апатты дәуірімізде ол қаһар одан сайын күшейеді деген қауіп бар».

Атом мен сутегі бомбалары туғызған кітаптар мен мақалалар, бір жағынан, Невада мен Бикинидегі сынауларды сипаттаса, екінші жағынан, адамзат алдында тұрған дағдарысты баяндауға талпынады. Біз бұдан нақысты сөздің Киелі кітаптағыдай тәсілін байқап, ғылымның оны өте шебер меңгергеніне таң қаламыз. Доктор Вильбур Смит былай дейді: «Платон, Сенека, Аристотель және де басқа ұлы фәлсафашылар барлығы болашақты болжауға талпынған жоқ». Киелі кітап- эсхотологиялық бағыттағы жалғыз кітап. Болмыс кітабынан бастап, Жоханның Ашып Беруіне (Аянына) дейінгілерде адамзат тарихындағы қиын-қыстау күнді күткен оқиғалар баяндалған. Шіркеу қайраткерлері соңғы жылдары болашақ оқиғаларды кейбіреулер бірбеткейлікпен (фанатизммен)

талқылағандарына талай мәрте қауіптену білдірді. Бірақ, олар соңғы кездері Қасиетті Жазудағы сол оқиғалар айтылғандарға жаңаша қарай бастады.

Шіркеулердің Бүкіләлемдік Кеңесі, 1954 жылы Ивенстонда өткізілген жиналыста өздерінің әңгімесіне арқау етіп, «Мәсіх — әлемнің үміті» деген тақырыпты алды. Бүкіләлемдік Кеңес — Киелі кітапты зерттейтін комитеттер тағайындады. Шіркеу олардан болашақты Құдай ашып беруінің толық сипатын алуға тиіс болды.

Біздің бұл аумалы-төкпелі заманымызда — Киелі кітапшен бейтаныс еркектер мен әйелдер жалған пайғамбарлар, балгерлер, «көріпкелі барлар» және басқа ырымдар арқылы алданып қалуы мүмкін. Үрейлі адамдар өз болашағын білгілері келіп, күн сайын мыңдаған долларларын жұмсайды. Ал, оны білу үшін басқа еш нәрсенің қажеті жоқ — жақын маңдағы кітап дүкенінен арзан бағаға Киелі кітапты сатып алса, оның беттерінен болашақтың барлық құпиясын табады.

Мэри Беккердің Америкада көп тараған «Ғылым мен денсаулық» деген кітабында болашақты білдіретіндей ешнәрсе айтылмаған. Сіз Құранды басынан бастап аяғына дейін оқып шықсаңыз, адамзаттың болашағы жөнінде бір ауыз сөз таппайсыз. Тек Киелі кітап қана болашақтың құпиясын көмкерген түн-түнекке жарық түсіреді.

Сол сырды қымтап тұрған перде ысырылып, болашақ ашылады. Біз көріп жүрген бүгінгі әлем күндердің күнінде шегіне жетіп, ақыр заман болатынын, әлемнің ақыры Иса Мәсіхтің жер бетіне қайтып келуінен басталатынын болжайды Киелі кітап. Міне, сонда, Иса Мәсіх ғасырлар мен ғасырлар тарихында тұңғыш рет патшалардың Патшасы, тәңірлердің Тәңірі ретінде таққа отырады дейді Киелі кітап.

Бұл тақырып даулы екенін, әрі оны бірден түсініп кету қиын екенін мен білемін. Бірбеткейлер (фанатиктер) мұнан бұрын да Мәсіхтің Келетін күнін жобалап айтып, жұртты талай мәрте шатастырған.

«Өмірдегі дін» журналында «Мәсіх жолын қуушылардың үміті және оның бүгінгі күнгі маңызы» деген мақала жарияланды. «Болашақ» деген тақырыпқа арналған бұл мақаланы талқылауға ағылшынның атақты тарихшысы доктор Арнольд Тойнби, белгілі діни ғылым, Чикаго университетінің оқытушысы доктор Амос Н. Вальдер, ағылшынның атақты ғалымы, Оксфорд университетінің профессоры Қ. С. Люис қатысты.

Тойнби технологиялық өзгерістердің нәтижесінде әлем бірімен-бірі қатар өмір сүретін екі лагерьге бөлінгенін, Бірақ оларға біріне-бірі деген шыдамдылық, сүйіспеншілік, түсініскендікті бұйыртпағанын айтады. Тойнбидің пікірі бойынша, Мәсіх жолын қуушылардың үміті адамдардың өзіне табынуы, материализм және коллективизммен күресуі керек.

Ал, доктор Вальдер адамдар Мәсіх жолын қуушылардың үмітін тарихтың өзінен таба алар ма екен, — деп күдіктенеді. Өтелудің қайнар көзі адамда емес, діни ұғымда, — дейді ол. Құдай мақсатын әлемде іске асыру үшін, тіпті, тазартатын от пен жан түршігерлік оқиға да қажет екендігін адамдар түсінуі керек. Адамдар жер үстінде Құдай Патшалығын күндердің күнінде өз даналығының арқасында орнатады.

Доктор Люис біздер дүниені тану үшін Киелі кітаптағы негізге сүйенгенімізді айтады. Ол Құдай Сөзін шындық деп біледі. Ол былай деп ашығын айтады: «Мәсіхтің Құдайлығына және бұл Мәсіх жолын қуушылардың дінімен ашылғандығына саналы түрде сене тұрып, Иса Мәсіх жер бетіне қатерлі түрде және

үміттендіре қайтып келуін жоққа шығару, немесе маңызын төмендету мүмкін нәрсе емес».

Доктор Люис Иса Мәсіхтің жер бетіне қайтып келетіндігіне сенбеуінің үш себебін айтады. Біріншіден, шіркеудің болжамы бойынша, Иса Мәсіх жер бетіне Мәсіх жолын қуушылардың өмірінің алғашқы ғасырында қайтып келмегендіктен, көптеген Мәсіх жолын қуушылар бұл ілімді өтірік деп біледі. Алғашқы Мәсіх жолын қуушылардың Иса Мәсіх сол тұста қайтып келеді деп күтінгендері рас. Бірақ, Киелі кітап айтқан көптеген пайғамбарлық болжамды сөздер Иса Мәсіх қайтып келгенге дейін орындалуға тиісті еді. Екіншіден, дейді доктор Люис, көптеген адамдардың Мәсіхтің қайтып келетіндігі жайлы ілімге сенуіне эволюция теориясы кедергі болып тұр. Егер адамдар дамыған сайын үдей түседі деп есептесек, Иса Мәсіхтің қайтып келіп, күнә мен өлімді жоямын деген уағдасын қабылдай алмаймыз. Үшіншіден, дейді доктор Люис, Мәсіхтің қайтып келуі жайлы ілім миллиондаған адамдардың жоспары мен армандарына кедергі жасайды. Олар тамақ ішкісі келеді, күліп-ойнап, көңіл көтергісі келеді. Олардың бұл өзіндік ішкі жұмыстарына ешкімнің араласпауын тілейді.

Нұх пайғамбардың тұсында да топан су болатынына осы себептермен адамдар сенбеген еді. Олар да өздерінің болашақ жайлы жоспарларының бұзылуын қаламады. Киелі кітап былай болжап айтады: кейінгі заманның адамдары құмарлыққа беріліп, «Ол қайтып келеді деп ант еткендерің қайда? Өйткені әкелеріміз о дүниеге кете бастағаннан бері, тіпті, өзіміз жаратылғаннан бері бәрі де сол қалпында тұр», (2 Пет. 3,4) — деп келекелейді.

Егер Мәсіх жер үстінен кетіп бара жатып, Өзінің қайтып келетін мерзімін дәл айтқанда, онда Құдайдың

ескертпелері мен уағдаларының бәрі жоққа шығар еді. Біз Оның қашан қайтып келетінін білмегендіктен, өзіміздің рухани мекенімізді дұрыс ұстауымыз керек.

Белгілі уағыздаушы Д.Л.Муди былай деді: «Мен өзімнің келесі уағызымды бастамастан бұрын біздің Тәңіріміз дәл қазір келіп қалмас па екен,- деп ойланып аламын».

Англияда англикан шіркеуінің белгілі қайраткері доктор Кемпбелл Морган былай деді: «Ол келіп менің жұмысымды үзіп, Өз жұмысын бастап кетпес пе екен деп ойлап алмастан бұрын, өзімнің таңертеңгі жұмысымды бастамаймын. Мен өлімді күтпеймін. Мен оны үнемі күтемін».

Әрбір Мәсіх жолын қуушы Мәсіхтің қайтып келуін үздіксіз күтіп, осылайша өмір сүрулері керек! Егер біздер де әр күнімізді, ол Ақырет сотының қарсаныңдағы ақырғы күніміз сияқты өткізсек, жер бетіндегінің бәрі қалай өзгерер еді. Бірақ, біздің болашаққа тәптіштеп жасаған жоспарларымыз бір күнде үзіледі-ау деп ойлаудан қорқамыз. Біз күйбең тіршілікке барынша беріліп, болмашыға белшемізден батқанмыз соншалық, солардың бәрі бір сәтте артымызда қалады-ау деген ойға мән бере алмаймыз. Талай адамдар өздерін былай деп жұбатады: «Ақыр заман жағамыздан алып тұрған жоқ қой, оны ойлап несіне бас қатырамыз? Мүмкін ол мың жылдан кейін келер, кім біледі... Оған дейін кім бар, кім жоқ...»

Бұл рас та шығар! Бірақ, ойлап қарасақ, керісінше болуы да мүмкін. Мен ақыр заман қай күні болатынын кесіп айтқым келмейді. Біраз кісілер бұл жөнінде сәуегейлік етемін деп Мәсіхтің ісіне кеселін тигізді. Қөптеген бірбеткейлер (фанатиктер) мен діни делқұлылар өздерінің өтірік болжамдарын, Тәңіріміздің

екінші рет қайтып келуі туралы шындықты және бүкіл Мәсіх жолын қуушылар дінін күлдіргі-мазаққа айналдырды.

Жұрттың жалпы ұстамалы кесел — қояншыққа айналуына, жалған пайғамбарлар талай рет себепкер болғандарын дін тарихын зерттеушілер жақсы біледі. 1843 жылы Вильям Миллер деген біреу ақыр заман 21 наурыз түнінде болады деп жар салды. Дәл түн ортасында кернейлердің дауысы естіліп, жер мен көк мата секілді жиырылады, сонан соң Иса Мәсіх келеді, — деді ол. Киелі кітапқа емес, оған сеніп, алаңға жиналған жұрт, таңды итшілеп атқызып, таңертең бір-біріне қарауға да ұялған бойлары үйді-үйлеріне тарады.

Егер ол Иса Мәсіхтің мына бір ескертпе сөздерін естеріне түсіргенде, мұндай ұятқа қалмас еді. «Сүйтіп, сергек болыңдар; ұйткені үй иесінің қашан келетінін білмейсіңдер, — кешке ме, әлде түн ортасында ма, әлде әтеш шақырған мезгілде, әлде таң сәріде ме; кенеттен келіп, сендерді ұйқыда таппасын. Ал, сендерге айтқанымды бәріңе де айтып тұрмын: сергек болыңдар!» (Мар. 13,35-37).

Табиғаттан тыс күш ешкімнің болжамынсыз-ақ, немесе адамдардың араласуынсыз-ақ жерді кенет жоқ қылуы мүмкін ғой. Сондықтан да Мәсіх жер үстіне екінші рет қайтып келеді, — деген әңгіме талайларды күлкіге кенелтті.

«Прогресс» (үдеу) туралы жалған ілім де талайларды «қауіпсіз екенбіз» деп шатастырады. Бұл ілім адам тек өз ақылы, өз күшімен біртіндеп дамып, сонан соң үдеп кетеді дегенді уағыздайды. Бұған сенетіндер, Мәсіх екінші рет қайтып келеді дегенге мүлдем иланбайды, бірақ олар Мәсіх шынымен-ақ келе қалса, адамдар онда айнадай тазарып, дәрежесі көтерілер



еді, — деп есептейді. Тап сол күні адамдар соғыс атаулының сойқан екенін де, сараңдық пен өзімшілдіктің теріс қылық екенін де, жоққа сену мен шыдамсыздық жарға жығатынын да айқын түсініп, өз бауырларының өміріне қорған болуды алтын ережеге айналдырар еді.

Бірақ, мұның бәрі — ертегі. Адамдар өмір шындығына бойсұну орнына, болмайтын нәрсеге дәмеленіп, жалған елестің жетегінде жүреді. Қазіргі медицина дамыды, біздің өміріміз ұзарды, — деп қуанады олар. Медицина қанша дамығанымен, сенің өмірің қанша ұзарғанымен, барар жерің бәрібір — мола. Мәңгілік өмір болмаған соң, төрт-бес жылға ұзарған өмірден не үміт, не қайыр?

Қатынас пен байланыс жүйесінің едәуір жақсарғанын айтады олар. Әуе флотының жақсарғанынан не пайда, егер ол басқа елге Інжіл мен Мәсіх жолын қушылардың дінін жеткізудің орнына қырғын мен күйреу бомба тасыса?

Олар бізде мектептер мен жоғарғы оқу орындарының көбейгенін мақтан етеді. Бірақ, сол оқу орындары — жастарды Құдайға жақындату орнына, қайта Онан бездіретінін неге білмегенсініп үндемейді?

Бұл адамдар атом құпиясын ашқан данышпандықты бастарына көтереді. Бірақ, сол атом бомбасы әкелетін жан түршігерлік сұмдық көз алдымызға келгенде, біз ғылымның мұндай ғаламат жаңалықтары болашақта тағы неге апарып ұрындырар екен деп қалшылдаймыз.

Адамдардың «прогрессі», міне осындай шыңдарға жеткізді. Кейбіреулерді келешекте тыныш, жақсы өмір сүреміз, — деп дәмелендірген жетістіктерде осылар! Олар «прогресс» тек ілгері апарарды, жақсылыққа жеткізеді деп ойлайды. Ілгері апаратын «прогресс» кейін де шегіндіруі мүмкін екендігін неге ойламайды олар?

Олар бұлай ойласа, біздер қалай ойлауымыз керек? Иса Мәсіх жерге қайтып келетініне, оны күнбе-күн күтуіміз керектігіне қалай сендіреміз?

Біз Киелі кітапқа арқаланамыз. Қасиетті Жазуда Иса Мәсіхтің екінші рет қайтып келетіні ерекше айтылған. Киелі кітапті зерттеушілер бұл, ойдың әр отыз өлеңнен кейін қайталанып тұратынын дәлелдеді. Мәсіхтің бірінші келуі туралы айтылатын әрбір өлеңге, оның екінші келуі сегіз рет қайталанады. Мәсіхтің қайтып келетіндігі осылайша үш жүз он сегіз рет нұсқалған. Көне Өсиеттегі пайғамбарлардың жазбаларында бұл тақырып бар. Ал, Жаңа Өсиетте Оған тұтастай арнау хаттар (1 және 2 Тесс.), бүкіл (Мат. 24; Мар. 13; Лұқ. 21) тараулары арналған.

Киелі кітаптың барлық жерінде Иса Мәсіхтің қайтып келетіндігі жайлы көп айтылады. Мысалы, Ишая пайғамбардың кітабында былай деп айтылған (66,15): «Міне, Тәңірі оттай алаулап келеді, Оның қос доңғалақты арбасы Өз қаһарын өршелене және Өз қызуын отты жалынға құю үшін құйындата түседі».

Еремия пайғамбардың кітабында Тәңір қайтып келген соң, Иерусалимге Тәңірдің тағы болып, барлық халық Тәңірдің атына бола, Иерусалимге жиналатыны айтылады. Қазіргі Париж, Вашингтон, Лондонда өткізілген конференцияларға қарағанда, ең үлкен қарусыздандыру жөніндегі Бүкіләлемдік конференция да осы Иерусалимде өтетін болады.

Кесекиел пайғамбар қайтадан қалпына келтірілетін Иерусалим, қайта соғылатын ғибадатхана, қайта гүлдеп, даңқы алысқа кететін ел туралы айтады.

Даниял пайғамбар өзінің қиял көрінісінде жерге келген Исаны Сот және Патша ретінде көріпті.

Ошия пайғамбар Тәңір жерге келген соң Израиль

халқы Оны өздерінің Тәңірі және Патшасы деп таныттындығын айтады.

Иоиль пайғамбар ақыр заман алдында жер қайысқан қалың қол аспан әскерлеріне қарсы шығатынын суреттейді.

Амос пайғамбар Иерусалимде қайтадан орнатылатын Дәуіттің тағын сипаттайды.

Абадия пайғамбар Тәңір патшалығының қайта орнауына байланысты ескертпелер айтады.

Миқа пайғамбар семсерден соқа соққан соң соғыс атаулы жойылатынын болжайды.

Нақұм пайғамбар былай дейді: «Оның алдында таулар қалшылдап, жер селкілдейді. Ол келгенде от шашылса, кім оның жалынына шыдар екен?»

Аббақұқ пайғамбар Тәңірді өзінің жаңа Патшалығын Өз өлшемімен өлшейтінін, ал таулар Оның алдында діріл қағатынын айтады.

Софония пайғамбар жаңа әнінде: «Шаттаныңдар, Сионның қыздары! Мерекелі, Израиль! Шын жүректен қуаныңдар, Иерусалим қыздары! Дұшпаның аласталды! Израильдың патшасы Тәңірің ортаңда!»

Хаққай пайғамбар жұртқа келген күйзеліске Құдайға сенгендер ғана төтеп беретінін айтады.

Закерия пайғамбар Тәңірдің аяғы Елеон тауларына қайтадан жеткенде, таудың өзі екіге бөлініп, «өте үлкен аймаққа айналатынын» суреттейді.

Малахия пайғамбар Көне Өсиет кітабын Тәңірдің қайтып келуін баяндаумен қортындылап, Мәсіх туралы былай дейді: «Ол бәрін балқытатын от секілді, бәрін тазартатын сілті секілді, нұр сәулесі жерді жарқыратқан күн сияқты Ол». Көне Өсиетте Иса Мәсіхтің екінші рет қайтып келетіні туралы болжамдар көп-ақ.

Ал, Жаңа Өсиетте Оның қайтып келетіндігі туралы болжам одан да жанды суреттелген, айқын айтылған. Біз енді Інжілді жазған төрт інжілші туралы бірер сөз айтайық. Олардың біріншісі Матай — Иса Мәсіхті қалыңдығына келген күйеуге теңейді.

Екіншісі Марқа — қызметшілеріне Өзі қайтып оралғанша тап-тұйнақтай етіп орындап қоятын тапсырма беріп, ұзақ саяхатқа кеткен үй иесі ретінде баяндайды.

Лұқаның Інжілінде Оны бір шаруалармен алыс жаққа аттанған атақты адаммен салыстырады. Үйде қалған қызметшілері Ол қайтып оралғанша мұндағы істерге мықты болып, шаруа жайды әрі қарай өрбітулері үшін қалдырылған еді.

Төртінші інжілші Жохан — Иса Мәсіхтің мына сөзін қайталап айтады: «Мен сіздерге орын әзірлеуге бара жатырмын. Сонан соң сіздерге екінші рет қайтып келіп, ертіп кетемін».

Румдіктерге арнау хатта Ол қайтып келген соң бәрін Өзіне бағындыратыны айтылған.

Елші Пауылдың Қорынтықтарға жазған бірінші арнау хатында Тәңір өлгендерді қайта тірілту үшін оралады делінген. Қорынтықтарға арналған екінші хатында біздің жердегі үйіміз қираған соң, біздер баратын жаңа үй сипатталады.

Қолостықтарға арнау хатта (3,4) былай делінген: «Сіздердің өмірлерің іспеттес Иса Мәсіх қайтып келгенде, сіздер де Оның даңқын арттыру үшін бірге келесіздер».

Тессалониктерге бірінші арнау хатта (5,23) Құдай Ұлын аспаннан күту жайлы Елші Пауылдың өсиеті жазылған. Ал Тессалониктерге екінші арнау хатта (1,7) Тәңірдің әулиелерімен бірге келетіндігі айтылады.

Тимотеге арнау хатта Тәңір Өзінің келгеніне қуанғандарға шындықтың тәжін әзірлегенін айтады.

Титке арнау хатта «масайраған үміт» туралы айтылады.

Еврейлерге арнау хатта Оның екінші рет келуі — күнәдан тазарту үшін келгендігі емес делінген.

Жақып елші Тәңірдің келуін шыдамдылықпен күту керектігін айтады. Елші Петір Тәңірдің түнде келетіндей күні жайында айтады.

Елші Жохан дінге сенушілерге былай деп ұлы ант береді: «Біз енді Құдай ұлымыз. Бірақ, біздің не болатынымыз ашылған жоқ. Ол ашылса, Оған ұқсайтынымыз ақиқат, өйткені Оның қандай екенін өз көзімізбен көреміз» (1 Жох. 3,2).

Елші Иуда: «Тәңір Өзінің қаптаған әулиелерімен бірге келе жатыр», — дейді.

Жоханның Аян кітабы түгелдей Иса Мәсіхтің қайтып келуіне арналған.

Иса Мәсіхтің екінші рет қайтып келетініне тек Қөне Өсиет емес, Жаңа жазбаларын ақтарсақ, діни ілімнің негізін қалаушылардың өздері де бұл ізгі хабарға сенгенін көреміз.

Иса Мәсіхтің екінші рет келетіндігі бар әлемдегі ең қызықты, ең қуанышты шындық. Айналамыз түнтүнекке, үмітсіздікке шырмалып тұрғанда, ол шындықта болашаққа деген берік сенім бар. «Күніміз не болады, біз қайда барып тыныштық табамыз?» — деп күңіренген адамдарға Киелі кітап айқын да, нақты жауап бере алады. Барлығы Иса Мәсіхтің қайтып келуі және Құдай қалағандарына көрсететін құрметтерімен аяқталады, - делінген.

Бұл ғажап оқиғаның дәл қашан болатынын күні бұрын айта алмаймын. Бұл жерде өз шәкірттеріне Ел-

шілердің істері кітабынан 1,6-7-өлеңді оқып берген ұстаз есіме түседі. Сонда шәкірттер Одан: «Израиль патшалығын біздің заманымызда орнатқалы тұрсың ба?» — деп сұрақ қойыпты. Ұстаз оларға: «Әкеміздің бір Өзінің билігіндегі мерзімді білу сендердің шаруаларың емес, — деді.

Оның дәл қашан келетінін білу біз үшін шарт емес. Бірақ, Ол келіп қалады-ау деген сәтке әрдайым дайын тұруымыз керек. Өзінің қашан келетінін аспандағы періштелер де білмейді, - деген болатын Иса Мәсіх. Кернейлер қашан кернейлетіп, аспан көзі қашан сөгіліп, Иса Мәсіх аспан әскерлерін бастап, адамзат алдына ойқастап қашан шығатынын тек бір Құдай біледі.

Бірақ Иса Мәсіх Өзінің екінші рет келетінін күні бұрын сездіретін нышандар болады деген-еді. «Нышандар біліне бастағанда бастарыңызды жоғары көтеріңіздер. Өйткені, бұл сендердің құтылуларыңның жақындағаны. Иса оларға мұны бір тәсілмен де айтты: інжір ағашына және бүкіл ағаштарға қараңдаршы. Олар көктей бастағанда, оны көріп, жаздың жақын екенін білесіңдер. Сендер де солай, ол құбылыстардың болғанын көргенде Тәңірі Патшалығы жақын екендігін де біліңдер» (Лұқ. 21, 28-31).

Бақылаңдар, -деп Иса Мәсіхтің Өзі тапсырған ол не белгі? «Күнде, айда, жұлдыздарда ғажайып белгілер пайда болады, жер үстінде теңіз шулап долданады, халықтар үрейленіп, не істерін білмейді. Адамдар қорқып, әлемге төнетін апаттарды күтіп зәселері ұшады, өйткені аспан денелері орнынан қозғалады» (Лұқ. 21,25-26).

Мәңгілікті шолатын періштелердің уақыт өлшемі мен біздің жер үстінде пайдаланатын календарларымыздың арасында көп айырмашылық бар. Бұл өмірде-

гі тұрмыс жағдайына қарап, жетпіс жыл, әрі кетсе сексен жыл өмірді қанағат қылып жүрген біздерге екі жүз жыл, бес жүз жыл өмір мәңгілік секілді болып көрінер еді. Бірақ, жүздеген жылдарыңыз Құдай үшін бір-ақ күн болуы мүмкін.

Қасиетті Жазуды бүгінгі күннің оқиғаларымен қабыстыра оқыған көптеген ғалымдар ақыр заман тақалып қалғанын, осыдан мыңдаған жылдар бұрын Едем бақшасында басталған ұлы қайғылы уақиғаның соңғы актісі аяқталуға жақындағанын мойындап отыр.

Таяу Шығыс тәртіптен ада болды. Мұнайдың арқасында ежелгі Персия қайтадан бас көтерді. Израильдің дербес ұлт ретінде қайта құрылуы, валютасы, армиясы бар мемлекет ретінде танылуы — тарих дөңгелегінің толық бір айналымын аяқтатты. Біздің өркениетіміз Таяу Шығыстың дәл осы бай да құнарлы өлкесінде басталған болатын. Бүкіл жер шарына ол осы жерден тарады. Анда-санда аздап тыныс алып, күш жинағысы келіп тоқталғаны болмаса, үздіксіз дамыды. Ол талай мәрте адамдардың жауыздығына, дөрекілігіне, құдайсыздығына жолықты. Ал бүгін ол өзінің әу баста шыққан шектеріне қайта орала бастады.

Ғалымдар сонымен қабат қазіргі ойран-топырға қарай отырып, Иса Мәсіх суреттеген аса бір айқын көріністі көргендей болады. Ол былай деген-еді: «Нұх пайғамбардың заманында қалай болған болса, Адам Ұлының келуі де солай болады. Өйткені топан судың алдындағы күндерде, Нух кемеге мінген күнге дейін адамдар жеп-ішті, әйел алды, күйеуге тиді. Топан су басып, бәрін қырып жойғанға дейін аңғармады. Адам Ұлының келуі де солай болады. Сол уақытта екі кісі егістік жерде болса, біреуі алынады да, екіншісі қалдырылады. Екі әйел диірмен тартып отырса, біреуі

алынады да, екіншісі қалдырылады. Солай болғандықтан, сендер қалғымаңдар! Өйткені Тәңіріңіздің қай сәтте келетінін білмейсіңдер ғой» (Мат. 24, 37-42).

Ғалымдар Даниял пайғамбардың кітабына (12,4) сілтеме жасап, онда ақырғы күндері «хабардар болуды көбейту» жайлы айтады. Бұл да болса, ақыр заман жақындағандығының дәлелі. Пайғамбардың: «жаулар қаптап келеді де, ештеңеге қарамай таптап өтеді», - деген сөздері біздің хабардарлығымыздың ерекше өскендігі мен соңғы елу жылда ерсілі-қарсылы жүру мүмкіндігіміздің артқандығын көрсетеді. Өткен шаққа көз жүгіртсең, оқиғалар ешқашан дәл бүгінгідей шапшаңдықпен орындалған емес, адамдар жасаған кереметтер дәл бүгінгідей бірінен соң бірі жедел жасалған емес.

Дәрігерлер мен психиатрлар адам денесінің мұндай зорлануға сәйкестеніп жаратылмағанын, өзіміз душар еткен мұндай шапшаңдықпен мұндай қысымды көтере алмайтынын соңғы жиырма бес жыл бойы тынымсыз айтып келеді. Бірақ сонда да болса, тоқтаусыз зымырап келеміз. Өздерінің еңбектерімен бұл шапшаңдықты мүмкін еткен көптеген ғалымдардың өздері өз столдарының басында өліп, өздері жасаған сол құбыжықтың құрбаны болды.

Көптеген білімді адамдар осыдан бірнеше жыл бұрын елші Петір жазған екінші арнау хатқа (3,10-12) күлетін. Бірақ, сутегі бомбасы мен сұмдықтығы одан да зор кобальт бомбасының жарылуы оларды күлкіден, Киелі кітаптың бұл болжамына таңырқауға жеткізді.

«Түнде келетін түнек секілді, Тәңірдің де сол күні келер әлі. Аспан сонда сұрапыл апат әкеліп, оттай тұтанып, қақ айырылады, жер де, оның үстіндегінің бәрі де отқа өрттенеді. Егер дүние осылай қираса,



Құдай күнін күткен және тілеген сендердің аспан тұтанып, өзі күйреп, сұрапылда дымы өшкен сол күні әулиелік өмірлерің мен тауыпқытарың не болмақ? (2 Пет. 3,10-12).

Мен, әрине, тым діндар Вильям Миллер мен басқалардың қателіктерін қайталап, Мәсіх келетін күнді шамалап айтудан аулақпын. Бірақ, қазіргі күндеріміз бұрынғыға қарағанда көп өзгергенін сенімді түрде айтамын. Қарқын күшейді, оқиғалар қаптады. Солардың бәрі бұрынғы кездері ондаған жылдарда бір-ақ рет болатын таңқаларлық нәрселер еді. Ал қазір оқиғадан соң оқиғаның өршігені соншалық, тіпті, ес жиюға мұрша жоқ. Салт-сананың іріп-шіруі кеңінен етек алып, оны жасыруға да мүмкіндік болмай қалды. Парақорлық пен сатып алушылық билеуші топтарда бір кездесетін оқиға емес, күнделікті әдетке айналды.

Мұнын үстіне Мәсіх жолын қуушылардың барып тұрған қас жауы — дінсіздік те ұлғайды. Румдіктердің пұтқа табыну заманынан кейін бұл у шіркеуге де жеткен алапат болды. Пайғамбарлар айтып кеткен антихрист та күннен-күнге күш алып, нығайып барады. Әбден қаруланып алған олар өзінің арсыздық табиғаты мен басты мақсатын жасыру үшін неден де болса тайынбайды.

Дүниенің әр бөлігін соғыс пен аштық, ауру мен өлім жайлады. Аспан денелерінің уақыт өлшемі бойынша бізде, мүмкін, әлі де болса, он, жүз жыл ғұмыр бар шығар. Жер басып жүруімізге, мүмкін, бір-ақ күн, бір-ақ апта, бір-ақ ай қалған шығар, кім біледі. «Мұның бәрі болғанша осы ұрпақ жойылып кетпейді», — деген сөздер (Мат. 24,34) біздің заман туралы да айтылуы ықтимал.

Сол ұлы күн келгенге дейін Мәсіх жолын қуушы-

лардың еңсесі төмендемей, күтініп өмір сүруі керек. Иса Мәсіх: «Солай болғандықтан Сендер қалғымаңдар! Өйткені, Тәңірлеріңнің қай сәтте келетінін білмейсіңдер ғой» (Мат. 24,42) — деген-еді. Осы бір игілікті үміт Мәсіх жолын қуушылардың Тәңірге қызмет етуін күшейтуі керек. Иса Мәсіх: «Мен қайтып келгенше сауда жасап тұрыңдар» (Лұқ. 19,13), — деген-еді. Мәсіх жолын қуушылар үшін бұл айтылған мерзім күтіну мен дайындалу мерзімі болуға тиіс. Иса Мәсіх: «Сендер де дайын болыңдар. Өйткені, Адам Ұлы сендер ойламаған сәтте келеді» (Лұқ. 12,40) — деген.

Біздің тарих — барлық дұшпан Оның аяғына жығылып, Иса Мәсіхтің Патша болуымен аяқталуына жақын. Киелі кітап былай дейді: «Ол Дәуіттің тағына отырып, Өз үстемдігі мен әлемін шексіз молайта алады және оны сот пен әділдік арқылы сан ғасырларға нығайта алады» (Ишая 9,7).

Міне, сол ұлыстың ұлы күнінде соғыс та, бөліс те тынады. Қүнәкарлық та, қайыршылық та болмайды. Ауру да, уайым да алаңсыз жойылады. Сол күні пұтқа табынушылар да жүгінуге келіп, еш адам Құдай туралы дүбәра болып қала алмайды. Сол күні табиғат та жадырап, Едем бақшасындағыдай әдемілік, көркемдік кейпіне енеді. Сол күні жабайы аңдар да жауласуын қойып, бітімге келеді. Жер үсті Құдай сүйіспеншілігіне бөленеді. Сол күні: «Сенің Патшалығың келе берсін! — деген біздің жалынды дұғамыз іске асады. Қүннің көзі жер үстін Жадыратқаны секілді Құдай Патшалығы мәңгілік Бар әлемді нұрға бөлсін. Мәсіх жолын қуушының бар үміті — осы! (Өлеңнің мағынасы берілген).

## ОН СЕГІЗІНШІ ТАРАУ

## ТЫНЫШТЫҚ

«Рухы беріктіні Сен жетілген әлемде сақтайсың, өйткені ол саған сенеді».

Ишая 26,3

Құдаймен тәубеге келудің не екенін сіздер енді білесіздер. Мәсіх жолын қуушы болудың да не екенін білесіздер. Татулық пен бақыт үшін қанша құн төлеуі керек екенін де білесіздер. Жүректеріне жұбаныш, көңілдеріне тыныштық алу үшін миллион долларды да суырып беруге дайын адамдардың талайын көрдім. Миллиондаған адамдардың да бар ойлағаны — осы. Бірақ, не пайда, сіздер Мәсіхті тәу еткеннен тапқан тыныштыққа олар да жете бергенде, аяқ астынан шайтан арбап, аңсаған нәрселері алыстағы мұнар арасында қалады. Игі талаптары осылайша рәсуа болады. Бірақ сіздер енді татулыққа ие болдыңыздар. Құдай қаласа, өмірлерің жайлы өтеді.

Әйтсе де, сіздер түсіне бермейтін әлі де көп нәрселер бар. Сіздерді талай мәселе тығырыққа тірейді. Сөйте тұра, солардың тасасында сізді ақыр түбі сенімге толы өмірге әкелетін ішкі тыныштығыңыз бен татулық тұр. Мәсіх жолын қуушылардың өмір мұраты көптеген фәлсафалық ой-түйіннен, қай жағынан болса да биік тұрғанын өзіңіз-ақ байқайсыз. Иса Мәсіх

ұсынатын нәрселерді ешқандай материализм, атеизм және де басқа фәлсафалық ұғымдар бере алмайды.

Доктор Тиссен өзінің «Мәсіх жолын қуушылардың этикасы» деген еңбегінде сол артықшылықтарды талдай келіп, мынадай негіздерге тоқталды. Біріншіден, сіз Құдай ұлысыз. Сіз Иса Мәсіхті өзіңіздің Құтқарушыңыз ретінде мойындаған сәтте сіз Құдай семьясына қабылданған болатынсыз. Сіз енді Оның да баласысыз. Сізде патшалық етушілерге тән артықшылықтар мен міндеттер бар. Сіздің тамырларыңызда белгілі бір патша қаны ағады, өйткені сіз патшалардың Патшасы және қожалардың Қожасының семьясына бала болдыңыз.

Екіншіден, сіз — мұрагерсіз. Сіз Мәсіхті қабылдап астам (жоғарыдан) туылғаннан кейін бұл жағдай сізді Мәсіхке қосалқы мұрагер етеді, -дейді Киелі кітап. Сіз енді — бәрі-бәрінің мұрагерісіз.

Үшіншіден, татулық. Сіз Құдайдан кешірім алып және Онымен тәубеге келіп, ішкі дүниеніңізбен және жақындарыңызбен түсініскен жағдайда ғана татулықты сынауға болады. «Әділетсіздерге татулық бермеймін, — дейді менің Құдайым» (Ишая 57,21). Бірақ, Иса Мәсіх айқыш ағашта төгілген Өз қанымен біздің атымыздан Құдаймен татулыққа келді. Біз Оны — жан-тәнімізбен сене отырып, қабылдасақ, Құдай бізді кешеді. Басқа ешқандай тәсілмен ала алмайтын ішкі тыныштыққа біз сонда ғана жетеміз. Иса Мәсіх біздің жүрегімізге кіргенде, өзімізді өкшелеген күнәкарлық сезімнен құтыламыз. Біздер осы ақаулық пен дәрменсіздікті сезінуден арылған соң жақындарымыздың көзіне батыл қарайтын боламыз. «Тәңірге — адам жолы ұнамды болса, оны дұшпандарымен де татуластырады» (Мақ. 16,7). Ал, ең бастысы: біз өлер шағы-

мызда Құдай алдына тыныштық сезіммен ештеңеден айбынбай бара аламыз. Бізге мұнын бәрін ешқандай партия, ешқандай фалсафа бере алмайды.

Төртінші, рухани өмір. Ол Мәсіхті тануда үлкен артықшылық береді. Өзінің табиғи қалпында тұрып, еш адам өткен өмірінің бұрыстығы жайлы өз-өзіне толық есеп бере алмайды. Бірақ, ол өзінің жанының өлі екенін сезеді. Діни әлпетті білмейтін адамдар өзінің ішкі сезімін сөзбен айтып жеткізе алмауы да мүмкін. Сөйте тұра, ол оны сезімталдықпен сезеді. Қарапайым адамдар жақсылық пен жамандыққа селқос екендігіне кей кездері таң қалып, көзді ұрған әділетсіздікпен оңай келісімге келетініне, оң істен гөрі тиімді істі көбірек іздейтініне ұялады. Түзелмес бұзық күнәкарлардың өзі кей кездері түзу жолға түскісі келеді. Барып тұрған қылмыскерлер мен арсыз жезөкшелердің жан дүниелерінде де бұдан гөрі сәл-пәл тәуірірек болғылары келген тілек бұқтырулы жататынын бәрі біледі. Жүгінбеген еркектер немесе әйелдер болсын, түзу өмір сүргілері келгенімен, ондай күнге жету үшін алдарында әлі талай асулар тұрғанын түсінеді. Олардың негізгі қайғылы жағдайы — өздерінің күнә мен қылмыстың қыспағында әлдеқашан өлгендерін, ал рухани қағида бойынша өмір сүру үшін Мәсіхке тәу етіп қайта тірілулері керектігін ұқпауларында.

Иса Мәсіх былай деді: «Мен сендерде өмір болсын, — деп, тіпті, ол артығымен болсын деп келдім» (Жох. 10,10). Елші Пауыл былай деді: «Сонымен, Мәсіхті тәу еткендер — жаңа тірі жандар. Бұрынғысы кетті де, қазіргісінің бәрі жаңа» (2 Қор. 5,17).

Мәсіхті тәу етіп қайта туылу дегеніміз, ол — жаңа арман үшін, жаңа мүдде, жаңа үміт үшін, сол жаңа мақсатқа жеткізетін жаңа қабілет үшін туылу деген

сөз. Мәсіх сіздердің Тәңірлерің және Жетекшілерің ретінде жаңа өмір сыйлайды. Сіздер астам (жоғарыдан) туылдыңыздар.

Біріншіден, Сіз Мәсіх жолын қуушы болғаннан кейін рухани қатынастың қуанышын сезесіз. Жалғыздық — жан түршіктіретін сұмдық іс. Адам баласы үшін одан өтерлік қасірет жоқ. Көп адамдар жалғыздықты қалтарыста қалған елеусіз жолмен келе жатып емес, қаптаған халқы бар қалың тобырлы қалада тұрып-ақ сезінген. Біздер көп жағдайда кім болса ол болсын, өзімізді түсінетін, әйтеуір біреуді іздейміз. Ол адаммен ақтарыла сырласуды аңсаймыз. Ол адамның өмірдегі талабы өзіміздікімен сәйкес болып шығуын тілейміз.

Бізде қазір: «өз ана тілімізде сөйлейтін адамдарды іздейміз», — деушілер көбейіп кетті. Бұл ой бұдан көп ғасырлар бұрын жырларда айтылған: «Оң жағыма қараймын да мені мойындайтын ешкімді таппаймын: баспана болатын жер қалмады, жанға тиек болар ешкім жоқ» (Жырл. 141,4).

Иса Мәсіх сіздің ойыңызды түсінетін жалғыз Дос екеніне көзіңіз жеткен болар. Сіз Онымен тығыз байланыссаңыз, ешқашан жалғыздық көрмейсіз. Иса Мәсіх сіздің жүрегіңізге мықтап орныққан кезде, Құдайдан алшақтығыңыз да білінбей кетеді. Сіз қайтадан Құдайдың қасындасыз. Онымен қатынасу — айтуға тіл жетпейтін шексіз қуаныш. Адамдардың ешқандай фелсафасы Ол беретін батаны бере алмайды.

Алтыншыдан, Иса Мәсіхке ерсеңіз, сізге жаңа күш дариды, Адам алдына қойған мақсатына өздігімен жете алмайды. Ал, одан да биік, одан да қатал Құдай талабын өз күшімен орындай алмайды. Мұса заңында Құдайға қолайлы ең төмен талаптар қойылған. Бірақ, сонын өзін орындау сіз үшін күшке түседі. Адамдар өз

тарихында осыларды орындаймын-ау деп талай шешімдер қабылдаған. Бірақ, не шешім қабылдаса да, оның еш нәрсені түпкілікті өзгерте алмайтынын, тек уақытша түзейтінін білген. Адамдар өзінің бұл әлсіздігін «жаңа жылдағы шешімдерде» әзілдеп айтуынан-ақ, оның өз Өмірін Құдайдың көмегінсіз өзгерте алмайтынын көреміз. Тек Мәсіхпен жаңару арқылы ғана адам жаңа тұлғаға айналады, өмірін жаңаша бастайды.

Савлдың Дамаскіге бара жатқан кезінде Иса Мәсіх оның жүрегіне орнығып, жау Савлды дос Савлға айналдарғанын біз жақсы білеміз. Адамдарды бұлайша өзгерту қазірде де болып тұрады. Оның бәрі Савлды Пауыл еткен әсерлі әдіс күшімен — нақтылап айтқанда, Иса Мәссіх арқылы жаңару күшімен орындалады.

Адамдардың ешбір фәлсафасы мұндай күрт өзгерісті жасай алмайды немесе ондай құдіретті бере де алмайды. Ондай күш өзіңізде де бар. Оған тек қол созып, шақыра білу керек. Құдай былай деген: «Қорықпа, өйткені мен қасыңдамын, абыржыма, өйткені Мен Құдайыңмын. Мен сені нығайтамын, көмектесемін және сені оң қолымның әділеттігімен сүйемелдеймін» (Ишая 41,10).

Қандай бір жағдай, қандай бір пайымдылық, қандай бір борыш, қандай бір күн немесе құрбандық болмасын — қысылған шағыңызда Оның күші сіздің күш болады.

Жетінші: Мәсіх жолын қуушылардың өмірі мен жүріс-тұрысы, белгілі дәрежеде елеулі алғыс батаға әкеледі. Күнә және ішкі күнсыздықты сезіну тән мен рухани көңіл күйге ауыртпалық әкеледі. Өз құлқыңыз бен денеңіздің тазалығын сезіну, жақындарыңыздың кейбіреуіне өш болу, өзіңіз талпынған биік мақсатқа жеткізетін күшіңіздің жоғын сезіну — сізді жүйке

ауруына ұшырататын себептер. Тіршіліктегі кінәң мен күнәңді сезіну, өз міндетіңді атқаруға кеселін тигізеді, жаның мен тәніңді науқас қылады. Иса Мәсіхтің жер үстінде жүргенде Өз уағызы мен ілімін елшілік пен қатар жүргізуі тегін емес. Рухтың өмірі мен дененің денсаулығы және парасат арасында тығыз байланыс бары ақиқат.

Құдайға тәубешілік және адам жүрегіндегі Құдай дүниесі мен Иса Мәсіхпен қатынаста болу қуанышы ақыл-парасат пен денеге нұр төгеді, адамның күшін сақтап, оны әрі қарай дамытады. Сайып келгенде, Иса Мәсіх адамдардың тән күші мен жан құдіретін өршіте түседі. Рухани өмірдің дамуы, Мәсіхпен қатынаста болудың қуанышы және тың күш алуы — адамдардың жаңаруының нәтижесі.

Тек нағыз Мәсіх жолын қуушылар ғана пайдалана алатын артықшылықтар да бар. Құдайдың берген даналығы мен Құдайдың нұсқауымен үнемі жүріп-тұру соған мысал бола алады. «Егер сіздердің біреулеріңізге даналық жетіспесе, — оны не берсе де зілсіз, оп-оңай беретін Құдайдан сұраңыздар, — аласыздар оны» (Жақ. 1,5).

Болашаққа үмітпен қарайтын Мәсіх жолын қуушылар Құдайдың қалауымен барлығы да ақыр соңы алғыс бата алуға келтірілетінін біледі.

Мәсіх жолын қуушыларда әлемдік ой-өріс те бар. Жұрттың бәрі білуге ынталанған Құдай ниеті мен түпкі мақсат сол ой-өрісте ашылады. Осыдан барып, адамдардың алыс-жұлысы мен табиғаттың бізді қыспаққа алған қиратқыштық күшіне қарамастан, Құдай-тағала бар әлемге әмірін жүргізуде деген сенімдеміз. Құдайдың құдіреті шайтанды ірке ұстайды. Ол өзінің зұлымдық ісін Құдай жол бергенде ғана және Ол



рұқсат еткен мерзімде ғана істей алады. Тарихтың әр кезеңіне, әр халыққа, тіпті, әр адамға арналған Құдай жоспары бар екендігі Қасиетті Жазуда айтылған. Қасиетті Жазуда Иса Мәсіхтің келетіндігі де, Патшалық құратындығы да нұсқалған. Сайып келгенде, Мәсіх жолын қуушылардың өмірі жоспар бойынша жүріп келеді. Және олар Құдай ақыр соңы жалғандықты жеңеді деген берік сенімде.

Мәсіх жолын қуушылардың өмірін басқа өмірлермен салыстырғандағы артықшылықтарын айта келіп, ол артықшылықтар ғасырдан ғасырға ұласатынына да тоқталғмыз келеді. Әйуп былай дейді: «Адам өлгеннен кейін, қайтадан өмір сүрер ме екен?» (Әйуп 14,14). Бұл сұраққа оның өзі былай деп жауап берді. «Менің Өтелушім тірі екенін білемін. Және Ол сүйегімнен ыдыраған терімді соңғы сәтте қайтадан қалпына келтіреді» (Әйуп 19,25).

Неткен сәулетті көрініс! Неткен үміт! Неткен өмір! Мен жер үстіндегі ең бай, ең беделді адаммен де орын ауыстырмас едім. Мен патшалардың Патшасының ұлы, Мәсіхтің қосалқы мұрагері, аспандағы Патша семьясының бір мүшесі болып қала беруді жөн көремін.

Мен қайдан келгенімді де, неліктен мұнда келгенімді де, қайда баратынымды да білемін, — сондықтан да көңілім хош. Жүрегіме құйылған тыныштық тұла бойымды кернеп барады.

Дауыл құтырынды. Теңіз жартасты соққылап, тау толқындар аспанға шапшыды. Найзағай жарқылдады, күн күркіреді, жел ұйтқыды. Бірақ, биік жартастың бір жықпылында, басын қанатының астына тығып, құс баласы ұйқыда жатты. Ұйқысы қатты әрі тыныш. Тыныштық дегеніміз — осы: дауыл соқса да ұйқың бұзылмайды.

Болмысымызда Иса Мәсіх барда — біз тынышпыз. Бұл өмірдегі толқудың, үрейдің, күдіктің ортасында тынышпыз. Дауыл құтырына берсін, бірақ біздің жүрек — бейбіт.

Сайып келгенде, тыныштық — жаппай тыныштық!

Сіздің бұл кітап туралы ой-пікіріңізді, әлде сұрақтарыңыз болса, бізге мына адрес бойынша жазыңыз:

480114 Алматы - 114,  
а/я 68  
«Шығыс сәулесі» баспасы.

Д-р Билли Грэм

# ҚҰДАЙҒА ТӘУБЕШІЛІК



ШЫҒЫС  
СӨУЛЕСІ

Грэм Билли

Құдайға тәубешілік

қазақ тілінде бірінші басылуы

© 1993 ж. «ШЫҒЫС Сәулесі» баспасы. Алматы

ҚҰДАЙҒА ТӘУБЕШІЛІК

05.078